

Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы
Мемлекеттік басқару академиясы

ӘОЖ – 327 (510)

Қолжазба құқығында

ДАЛЕЛХАН АЙБОЛАТ

Қытай дипломатиясының Қазақстанға қатысты стратегиялық тұғыры

6D020200-Халықаралық қатынастар

Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Отандық ғылыми кеңесші:
Тарих ғылымдарының докторы,
профессор Мажиденова Д.М.
Шетелдік ғылыми кеңесші:
Тарих ғылымдарының докторы,
профессор Кадырбаев А.Ш.
(Ресей Федерациясы)

Қазақстан Республикасы,
Астана, 2018

МАЗМҰНЫ

ҚЫСҚАРТУЛАР ТІЗБЕСІ	3
КІРІСПЕ	4
1 ҚЫТАЙ ХАЛЫҚ РЕСПУБЛИКАСЫ СЫРТҚЫ САЯСАТЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	20
1.1 ҚХР сыртқы саясатының теориялық концептуалды негіздерінің стратегемдік ерекшеліктері.....	20
1.2 Әлемдік тәртіп өзгерген тұстағы Қытай дипломатиясы	31
1.3 «Үйлесімді әлем» идеясы шеңберіндегі қытайлық сыртқы саясат	44
1.4 «Қытай арманы» даму стратегиясы негізіндегі Си Циньпиннің сыртқы саясаты.....	54
2 ҚЫТАЙДЫҢ ҚАЗАҚСТАНҒА ҚАТЫСТЫ ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ СТРАТЕГИЯСЫНЫҢ ДАМУЫ.....	67
2.1 ҚХР сыртқы саяси концепциясының өңірлік сипаты	67
2.2 Қазақстан-Қытай екіжақты қарым-қатынастарының саяси-құқықтық негіздері	73
2.3 Экономикалық ынтымақтастықтан стратегиялық әріптестікке дейін	80
3 ЖАҢА ТАЛАПТАР МЕН ЖАҢА БАСТАМАЛАР АЯСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ-ҚЫТАЙ ҚАТЫНАСТАРЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ ЖӘНЕ БОЛАШАҒЫ	90
3.1 ҚР мен ОАА елдері үшін «Бір белдеу – Бір жол» бастамасының мүмкіндіктері мен мәселелері	90
3.2 Қытайлық жұмсақ күш саясатының екіжақты қарым-қатынастардың болашағына әсері	105
3.3 Қазақ-қытай қатынастарындағы түйткілді мәселелер	110
ҚОРЫТЫНДЫ	127
ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....	133

ҚЫСҚАРТУЛАР ТІЗБЕСІ

АДБ	– Азия Даму Банкі
АИИБ	– Азия Инфрақұрылымдық Инвестициялар Банкі
АҚШ	– Америка Құрама Штаттары
АӨСШК	– Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім білдіру шаралары
АСЕАН	– Оңтүстік Шығыс Азия елдерінің қауымдастығы
АТА	– Азия Тынық мұхит аймағы
АТЭС	– Азия Тынық мұхит мемлекеттерінің экономикалық бірлестігі
БСҰ	– Бүкіләлемдік сауда ұйымы
БҰҰ	– Біріккен Ұлттар Ұйымы
БҰҰ БА	– Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясы
БҰҰ ҚК	– Біріккен Ұлттар Ұйымы Қауіпсіздік Кеңесі
ЕО	– Еуропалық Одақ
ЕурАзЭО	– Еуразия Экономикалық Одағы
ЖЖЭБ	– Жібек Жолының экономикалық белдеуі жөніндегі кеңес
ЖІӨ	– Жалпы ішкі өнім
КСРО	– Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы
КХДР	– Корей Халық Демократиялық Республикасы
ҚазКСР	– Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы
ҚКП ОК	– Қытай коммунистік партиясы орталық комитеті
ҚР	– Қазақстан Республикасы
ҚР ИМ	– Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі
ҚХР	– Қытай Халық Республикасы
МХР	– Монгол Халық Республикасы
НАТО	– Солтүстік Атлантика әскери блогі
ОАА	– Орталық Азия аймағы
ТАРІ	– Түркіменстан-Ауғанстан-Пәкістан-Үндістан газ құбыры
ТМД	– Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы
ТМІ ЖІӨ	– Тұтыну мүмкіндігі паритеті бойынша Жалпы ішкі өнім
ТРР	– Транс Тынық мұхит әріптестігі
ШҰАА	– Шыңжан Ұйғыр автономиялық аймағы
ШЫҰ	– Шаңхай Ынтымақтастық Ұйымы

КІРІСПЕ

Диссертациялық зерттеудің жалпы сипатамасы. Диссертацияда Қытай Халық Республикасының Қазақстан Республикасына қатысты дипломатиялық стратегиясының негізіне терең зерттеу жасалады. Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алған жылдардан бергі екі мемлекет арасындағы татукөршілік достастықтан стратегиялық әріптестікке дейін жүріп өткен жолға сараптама жасала келіп, екі мемлекет арасындағы өзекті мәселелер зерделенген. Сондай-ақ екіжақты қарым-қатынастарды одан әрі жетілдіруге қатысты нақты ұсыныстар жасалған.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы ежелден іргесі түйіс жатқан көршілес мемлекеттер. Екі мемлекетке ортақ шекарасының ұзындығы 1700 шақырым. ҚХР еліміздің тәуелсіздігін алғашқылардың қатарында мойындап, дипломатиялық қатынастар орнатқан мемлекеттердің бірегейі. Елбасы Н.А.Назарбаев өзінің Қазақстан халқына жолдауында: «1992 жылы 3 қаңтарда ресми орнаған дипломатиялық қатынастар екі ел арасындағы саяси-дипломатиялық, сауда-экономикалық, мәдени-ғылыми байланыстардың қарқынды дамуына жол ашып, бүгінде стратегиялық әріптестікке ұласып отыр» - деп баса атап көрсеткен болатын [1]. Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алған жылдардан өзінің сыртқы саясатында ҚХР-на ерекше орын беріп, екі мемлекет арасындағы ынтымақтастықты әрқашан жетілдіре түсуге айрықша мән беріп келеді. ҚР 2014-2020 жылдарға арналған сыртқы саяси тұжырымдамасында Қытай мемлекеті еліміз үшін алдыңғы қатарда тұратын елдер қатарында көрсетілген. Сол себептен де еліміз үшін ҚХР-ның әр буын басшыларының сыртқы саяси стратегиясы мен дипломатиялық ұстанымдарын ерекше назарда ұстау ғылыми-теориялық тұрғыдан да, тәжірибелік қолдану тұрғысынан да аса маңызды болып табылады.

Қытай Халық Республикасы қазірде тек бес мың жылдық тарихы мен өзіндік өркениеті бар көне мемлекет ғана емес, соңғы қырық жыл көлемінде қарқынды дамып, біртіндеп әлемдік тәртіпті өз ыңғайына қарай бейімдерлік ықпалы бар алып державаға айналып келеді. Сонымен қатар, әлемдегі ықпалы зор бірден-бір әмбебап құрылым Біріккен Ұлттар Ұйымы Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты мүшесі болып табылады.

Соңғы жылдары батыс әлеміндегі «ортақ рухтың» әлсіреу сипаттары байқалған тұста ҚХР үшін өзінің орасан зор экономикалық әлеуетімен халықаралық қатынастарда жетекші ойыншыға айналуына қолайлы жағдай туындап отырғаны анық. Қытай билігінің алғашқы буындары ұстанған «көшбасшылықты қолға алмай, оңтайлы сәтті күту» стратегиясы бүгінгі Қытайдың ұстанымына сай келмесі анық. Нақтырақ айтқанда, уақыт талабына сай алдыңғы буындар межелеген 2050 жылдар емес, Қытайға көшбасшылық міндетті ертерек атқаруға тура келетін жағдайы бар. Дэн Сяопиннің «оңтайлы сәтінің орайы» бүгіндері келіп отыр. Си Цзиньпин жетекшілік еткен Қытай билігінің бесінші буыны осы қалыптасып отырған жағдайды жете түсініп, ҚХР-

ның жеке мүддесін әлем мемлекеттерінің мүдделерімен ұштастыра отырып, жаңаша әлемдік ойын тәртібін қалыптастыруды қолға алуда. Си Цзиньпин төрағаның бастамасымен ұсынылып отырған «Бір белдеу-Бір жол» жобасы тек осы жобаға қатысушы жетпістен астам мемлекеттің ғана емес, әлемнің барлық елдерін өздерінің ішкі-сыртқы саясатын қайта қарауына ықпал етіп отырғаны жасырын емес.

ҚР да аталмыш қытайлық мега-жобаға белсенді ат салысып келеді. Қытай билігі «Белдеу және жол» жобасын жүзеге асыруда Қазақстанды сенімді стратегиялық әріптес ретінде әрқашан өзгелерге үлгі етіп отырады. Бұл Қытайдың қазақ халқы алдында ұпай жинау үшін жасап отырған шарасы емес, бұл қазақстандық биліктің стратегиялық көреген саясатының нәтижесі екенін атау керек. Си Цзиньпин өз жобасын Астанада 2013 жылы жария етпестен бірнеше жыл бұрын Қазақстан Елбасының тапсырмасы бойынша қазақстандық ірі инфрақұрылымдық жоба «Нұрлы жол» бағдарламасын жүзеге асыруды бастап кеткен болатын. Құны \$9 млрд. құрайтын «Нұрлы жол» бағдарламасы елдің ішкі жол қатынастарын жетілдіре отырып, Қазақстанның транзиттік мүмкіндігін арттыруға бағытталған еді. Бір-бірімен үндесіп қабыса кеткен Си Цзиньпиннің Жібек жолы мен Нұрсұлтан Назарбаевтың «Нұрлы жолы» бүгінде қытай-қазақ стратегиялық әріптестігінің символына айналып отыр.

«Бір белдеу-бір жол» бойындағы ҚХР мен ҚР арасындағы кең көлемді саяси-дипломатиялық, сауда-экономикалық қатынастардың одан әрі дами түсетіні анық. 2030 жылға қарай Қытай ЖІӨ бойынша АҚШ-ты басып озатындығын қазірде көптеген экономистер болжауда [2]. Демек қазақ-қытай қарым-қатынастарының одан әрі даму әлеуеті әлі де сарқылмаған, керісінше екінші тынысы ашылар уақыты келіп отыр.

Сол себептен де, ширек ғасыр асып бара жатқан ҚР мен ҚХР арасындағы байланыстырдың болашақ даму әлеуетін нақты болжау үшін, Қытай билігінің соңғы үш буынының сыртқы саясатын терең зерделей отырып, Қазақстанға қатысты Қытайдың ұстанған дипломатиялық стратегиясының өзегіне үңілу таңдап алынған зерттеу тақырыбының өзектілігі болып табылады.

Диссертацияның деректік негіздері. Зерттеліп отырған тақырыпқа қатысты дерек көздері бірнеше топқа бөлінді.

Дерек көздерінің *бірінші тобына* екі мемлекет арасында жасалған дипломатиялық құжаттар енгізілді. ҚХР мен ҚР арасында қол қойылған дипломатиялық, сауда-экономикалық және мәдени мәселелерге арналған ресми құжаттар жинағы мен мемлекет және үкімет басшылары және де мемлекеттік мекемелер басшыларының екі тарапты қол қойған ресми келісім-шарттары, декларациялар, меморандумдар мен бірлескен мәлімдемелері зерттеу жұмысында кеңінен пайдаланылды. Аталмыш құжаттар ҚХР мен ҚР арасындағы көп салалы қарым-қатынастарға нақты баға беруге, жан-жақты терең сараптама жасауға мүмкіндік беретін деректік құндылығы аса жоғары мәліметтер болып табылады. Нақтырақ атар болсақ, «Қытай Халық Республикасы мен Қазақстан Республикасы арасындағы Достық өзара қатынастар негіздері туралы бірлескен декларация» [3], «2003-2008 жж.

аралығындағы Қазақстан-Қытай ынтымақтастығы туралы бағдарлама» [4], 2005 жылғы 4 шілдеде қол қойылған «Стратегиялық әріптестікті орнату және дамыту туралы бірлескен декларация» [5], «Тату көршілік, достық пен ынтымақтастық туралы шарт» және «21-ші ғасырдағы Стратегиялық ынтымақтастық және экономикалық ынтымақтастық даму тұжырымдамасы» [6], «Қытай Халық Республикасы мен Қазақстан Республикасы арасындағы кешенді стратегиялық әріптестіктің жаңа кезеңі туралы бірлескен декларация» [7], «Қытай Халық Республикасы мен Қазақстан Республикасының бірлескен мәлімдемесі» [8] тәрізді ресми құжаттар зерттеу жұмысын жазу барысында аса құнды материалдар ретінде пайдаланылды. Сондай-ақ, ҚХР-сының Орталық Азияға қатысты өңірлік саясаты мен стратегиясын сипаттап, оны бағалауда құнды құжаттар болып табылатын «Шанхай Ынтымақтастық Ұйымын құру туралы декларация» [9], «Шанхай Ынтымақтастық Ұйымының Хартиясы» [10], «Терроризм, сепаратизм және экстремизммен күрес туралы Шанхай конвенциясы» [11], «Шанхай Ынтымақтастық Ұйымының онжылдығына қатысты Астана декларацияларын» [12] атап өтуге болады.

Дерек көздерінің *екінші тобын* Қытайдың сыртқы саяси ұстанымдары мен дипломатиялық стратегиясын нақтылайтын халықаралық және аймақтық ұйымдар мен жаһандық құрылымдардың ресми құжаттары құрайды. Нақтырақ айтқанда жаһандық әмбебап ұйым БҰҰ-ның арнайы мамандандырылған мекемелерінің, Еуропалық Одақтың, ШЫҰ, ЕурАзЭО, АӨСШК, АСЕАН, АТЭС, сондай-ақ БСҰ, Бүкіләлемдік банк, АИИБ, АДБ, Жібек Жолы қоры сияқты саяси-экономикалық, интеграциялық және қаржы құрылымдарының зерттеу тақырыбына қатысты ресми құжаттары, жылдық есептері мен әр сала бойынша статистикалық мәліметтері топтастырылған құжаттар жиынтығы. Сонымен қатар, ҚР мен ҚХР-ның сыртқы саяси ведомстволары мен дипломатиялық мекемелерінің есептері мен статистикалық мәліметтері зерттеу жұмысын жазу барысында кеңінен қолданылды. Атап айтқанда, ҚХР Сыртқы істер министрлігі Еуропа және Азия департаментінің Қазақстан мен Қытай арасында дипломатиялық қарым-қатынастар орнаған кезеңнен бастап 2012 жылға дейін екіжақты жасасқан маңызды құжаттар жиынтығы [13], Қытай Халық Республикасы халықаралық қатынастар зерттеу институтының ШЫҰ ғылыми-зерттеу орталығы жинақтаған екі жақты қарым-қатынастардың негізін айқындайтын басты құжаттар топтамасы [14], Қазақстан Республикасының Қытай Халық Республикасында орналасқан Елшілігінің мұрындық болуымен топтастырылған 2001-2011 жылдары аралығында ҚХР мен ҚР арасында екіжақты қол қойылған құжаттар жинағы [15]. Сондай-ақ, танымал қытайтанушы К.Л.Сыроежкиннің жетекшілігімен Қазақстан стратегиялық зерттеулер институтында жарық көрген «Қазақстан-Қытай. Шекара бойы ынтымақтастығынан стратегиялық әріптестікке дейін» деп аталатын 3 томдық құжаттар жинағын [16] бөліп көрсетуге болады.

Дерек көздерінің *үшінші тобына* екі мемлекет басшыларының, үкімет жетекшілерінің, сыртқы істер министрлері мен өзге де мемлекеттік мекемелер жетекшілерінің жасаған баяндамалары, сөйлеген сөздері мен ғылыми

жарияланымдары, БАҚ-нда басылған сұхбаттары топтастырылды. Атап айтқанда, ҚР Президенті Н.Назарбаевтың елдің ішкі-сыртқы саясатына жан-жақты баға беретін әр жылдары жарыққа шыққан кітаптары [17-21] мен қазақстандық дипломатияның сардары Қ.К.Тоқаевтың [22-25] еңбектері зерттеу жұмысын жазу барысында кеңінен пайдаланылды. Сондай-ақ, еліміздің даму жолын айқындап отырған «Қазақстан-2050», Ұлт жоспары – бес индустриалдық реформаны жүзеге асыру жөніндегі «100 нақты қадам» мемлекеттік бағдарламалары еліміздің сыртқы саяси ұстанымдарын нақтылауда қолданылды. Сонымен қатар, ҚХР билігінің соңғы үш буыны жетекшілері Цзян Цзямин [26], Ху Цзиньтао [27] және Си Цзиньпін төрағалардың [28] съездерде жасаған ресми баяндамалары мен сөйлеген сөздері, ҚХР мен ҚР басшыларының біріккен мәлімдемелері [29-30], ҚХР Төрағасы Си Цзиньпіннің ресми баяндамалары, сөйлеген сөздері, жасаған мәлімдемелері мен баспасөз беттерінде жарияланған сұхбаттары топтастырылған «Ел басқару жөнінде» атты еңбегі [31].

Деректердің *төртінші* топтамасын қазақ, қытай, ағылшын және орыс тілдерінде мерзімді басылымдарда жарияланған мәліметтер құрайды. Атап айтқанда, Қазақстанда жарық көретін «Дипломатия жаршысы», «Саясат», «Қоғам және дәуір», «Қазақстан-Спектр», «Центральная Азия» журналдары және «Ulys» сандық-журналы; ресейлік «Проблемы Дальнего Востока», «Мировая экономика и международные отношения», «Азия Африка сегодня» сияқты журналдар; батыстық «Foreign Affairs», «The Economist», «Diplomat», «The Guardian», «NY Times», «China Daily», «China Economic Journal», «Business Insider», «The Wall Street Journal», сондай-ақ, қытайлық «人民日报» (Renmin ribao), «中国日报» (Zhongguo ribao), «北京日报» (Beijing ribao) газеттері мен «中亚研究» (Zhongya yanjiu), «俄罗斯中亚东欧市场» (Eluosi Zhongya Dongou Shichang), «俄罗斯中亚东欧研究» (Eluosi Zhongya Dongou Yanjiu) «中国外交» (Zhongguo waijiao), «现代国际关系» (Xiandai guoji guanxi), «财新» (Caixin) және «Шелковый путь-ревю» журналдары.

Дерек көздерінің *бесінші тобына* ғаламтор материалдары жатқызылды. Ғаламтор желілерінде жарияланған ақпараттық сипаттағы мәліметтер, сұхбаттар, талдау мақалалары мен журналистік зерттеулер, сонымен қатар келісімдер, шарттар, заңдардың электронды дерекқорлары дерек көздерінің бесінші тобына топтастырылды. Солардың қатарында, зерттеу жұмысын жазу барысында құнды мәліметтер берген «Web of Science», «Jstor», «Science Direct», «Taylor Francis», «Reconnecting Asia», «Springer Link», «EBSCO», «中国一带一路网» (Zhongguo Yidai Yilu wang), «中国社会科学院» (Zhongguo Shehui Kexueyuan), zakon.kz порталының «Заңгер» деректер қоры, «Әділет», «Талдау» электронды деректік қорларын атап өтуге болады.

Тақырыптың зерттелу деңгейі. Зерттеу жұмысына таңдалып алынған тақырып тарихнамалық ауқымдылығымен ерекшеленеді. Тақырыптың маңыздылығы мен сан қырлылығын терең түсіндіру үшін негізгі басымдық ҚХР мен ҚР екіжақты қарым-қатынастары мен ҚХР Қазақстанға қатысты

ұстанған сыртқы саяси және экономикалық стратегиясын жан-жақты талдау мен ғылыми сараптамаға берілді. Сол себепті зерттеу тақырыбына қатысты келесідей әдебиеттер сұрыптамасын ұсынамыз.

Зерттеушілердің бірінші тобына отандық ғалымдар жатқызылды. Елімізде ҚХР-дың сан ғасырға созылған тарихы мен бүгінгі күнгі Қытай дипломатиясы мен ішкі-сыртқы саясатына, экономикалық әлеуеті мен жаһандық саясаттағы орны жайлы, сондай-ақ ҚР-мен көпсалалы қарым-қатынастары отандық ғалымдар жұмыстарында жалпылай қарастырылғанымен, зерттеліп отырған тақырып қырынан кешенді зерттеген еңбектер аздап кездеседі. Десе де, қазақ-қытай қарым-қатынастарын жан-жақты зерттеп жүрген бірқатар қазақстандық ғалымдардың еңбектерін ерекшелеп атауға болады. 1995-2001 жылдар аралығында ҚР-ның ҚХР Төтенше және Өкілетті Елшісі қызметін атқарған Қуаныш Сұлтанов өз еңбектерінде [32-33] Қытай мен Қазақстанның елдің ішкі саясатында орын алған күрделі өзгерістерден кейін жүргізілген терең экономикалық реформаларға кешенді сараптамалар жасай отырып, екі мемлекеттің сыртқы саясаттағы басымдықтары мен бір-біріне қатысты дипломатиялық стратегиясына геосаяси тұрғыдан баға береді. Сондай-ақ, әлемдік астамдержавалардың мүдделері тоғысқан Орталық Азия аймағының әлемдік саясаттағы маңыздылығына терең тоқтала отырып, «Үлкен орталық азиялық ойын» түсінігін қалыптастырды.

К.Ш.Хафизова [34] өз еңбектерінде қазақ-қытай дипломатиялық қатынастарының даму тарихын терең зерттей отырып, екі мемлекеттің геосаяси мүдделеріне тарих кезеңдері тұрғысынан баға береді. 1997-2000 жылдары ҚР-ның ҚХР-дағы Елшілігінде дипломатиялық қызмет атқарған белгілі қытайтанушы Әуезхан Орман өз еңбегінде [35] Қытай Халық Республикасының сыртқы саяси концепциясына заманауи талаптар тұрғысынан кешенді баға береді. Сондай-ақ, ҚХР-дың ішкі-сыртқы саясатын, қазақ-қытай қатынастарын ерте кезеңнен бүгінгі күнге дейін зерттеп жүрген қытайтанушы ғалым, профессор Н.Мұқаметханұлының еңбектерін [36-37] де ерекше атап өту керек. Ғалым өз еңбектерінде қазақ-қытай қатынастарының даму эволюциясын, Қытайдың қазіргі заманғы саяси-экономикалық ахуалын жан-жықты қарыстырады. Н.Мұқаметханұлының 2001-2007 жылдары аралығында ҚР-ның ҚХР-да Төтенше және Өкілетті Елшісі болған Ж.Кәріпжановпен бірлесе жазған «Қытайдың сыртқы саясаты және Қазақстанмен қатынасы (2000-2010 жылдар)» [38] атты еңбегінде Қытай билігінің төртінші буын басшыларының қызметіне кешенді талдау жасалынады.

Белгілі қытайтанушы К.Сыроежкин өз еңбектерінде [39-41] қазақ-қытай қатынастарының өзекті мәселелеріне кеңінен тоқтала отырып, екі ел арасындағы түйткілді сұрақтарды нақтылауға тырысады. Қытайдың даму жолына келелі сараптама жасай отырып, қарыштап дамыған Қытайдың сыртқы саяси тәбетіне баға береді. Сонымен қатар, қытайтанушы ғалым өз еңбектерінде елімізде қалыптасып отырған синофобияға ғылыми тұрғыда жауап беруге тырысады.

Сонымен қатар, Н.Алдабек [42-43], С.Сатубалдин [44], К.Бурханов, С.Болекбаев [45], Т.Т. Шаймергенов, М.А. Абишева [46] сияқты еліміздің таңдаулы ғалымдарының еңбектері қазақ-қытай қатынастарының даму динамикасын кезеңдік тұрғыдан сипаттауға және әр қыранына ашып қарастыруға септігін тигізді. Қазіргі заманның жаңа талаптары тұсындағы Қазақстан-Қытай қатынастарының барысын нақты бағалауда кейінгі жылдары басылып шыққан қазақстандық ғалымдар мен қытайтанушы зерттеушілердің еңбектері кеңінен пайдаланылды. М.Ж.Абдиров өзінің "Китай в современном глобальном мире" [47] атты монографиясында Қытайдың заманауи саяси стратегиясына көнеқытайлық пәлсафа мен стратегема тұрғысынан терең сараптама бере келе, жаңа әлемдік тәртіптің қалыптасуындағы Қытайдың үлесі мен елдің бейбіт дамуын қамтамасыз етудегі Қытай басшыларының сыртқы саяси концепцияларына жан-жақты баға береді.

Белгілі қытайтанушы ғалым Кожирова С.Б. өз еңбектерінде [48-50] қазақ-қытай қарым-қатынастарының өзекті мәселелерін жан-жақты зерттей отырып, бүгінгі күнгі жағдайына нақты баға береді. Екі мемлекет арасындағы қатынастардың белсенді жүзеге асуындағы ШҰАА орнын айрықша бөліп қарастырып, екі ел арасындағы сауда-экономикалық байланыстардың дамуы мен Қытайлық мегабастама Жібек Жолының экономикалық белдігі концепциясы шеңберінде қазақ-қытай қатынастарының болашағы аясында Шыңжан аймағының ролін нақтылаған. Сонымен қатар, қазақстандық синофобияның басты себебі болып табылатын қытайлық миграция мәселесін нақты сауалнамалық-сұхбаттық негізде терең зерттеп, аталмыш сұраққа нақты жауаптар береді.

Зерттеу тақырыбының теориялық сипатын ашу барысында Д.М.Мажиденова және А.М.Ноғаева еңбектері пайдаланылды. Д.М.Мажиденова «Дипломатическая служба в контексте эволюции мировой политики» атты еңбегінде [51] дипломатия мен дипломатиялық қызметтің даму тарихын кеңінен зерттейді. Мемлекеттердің дипломатиялық стратегиясы мен дипломатиялық қызметтерін жан-жақты сипаттай отырып, әсіресе Шығыс дипломатиясының ерекшеліктерін кеңінен тоқталады. Қытай дипломатиясының алтын қазығы есепті көне қытайлық стратегемаларын терең түсіндіреді.

А.М.Ноғаева өзінің «Стратегиялық баланс: АҚШ, Ресей және Қытай Орталық Азия аймағында» атты монографиясында [52] астам державалардың Орталық Азия аймағындағы саяси стратегиясына «күш балансы», «қауіп-қатер балансы» тәрізді заманауи неореалистік теориялар тұрғысынан бағалай келе, Орталық Азиядағы мүдделер қақтығысын кешенді зерттейді. Сондай-ақ, Қытайдың Орталық Азия аймағындағы «жұмсақ күш» саясатына нақты баға береді.

Сонымен қатар, зерттеу тақырыбына жақын мәселелерді қарастыратын әр жылдары қорғалған кандидаттық және философия ғылымының докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алуға арналған диссертациялар да кеңінен пайдаланылды. Атап айтқанда, М.Омарова [53], А.Акатеваның [54] кандидаттық және

Д.К.Жекеновтың [55] философия докторы PhD ғылыми дәрежесін алуға арналған диссертациялық жұмыстары.

ҚХР-ның сыртқы саясаты мен дипломатиялық стратегиясына арналған және елдің ішкі саяси-экономикалық мәселелеріне арналған шет елдік ғалымдардың еңбектері *зерттеушілердің екінші тобына* жатқызылды. Олардың қатарынан М.Лантейн [56], Джиль Бэйтс [57], Питер Грис [58], Бернардо Мариани [59], Джефрей Н.Вассерстром [60] тәрізді ғалымдардың ғылыми еңбектерін атауға болады. Аталмыш зерттеушілердің жұмыстары Қытай билігінің соңғы үш буынының ішкі-сыртқы саясаты мен Қытайдың қазіргі экономикалық жағдайына және қытайлық дипломатияға арналған. ҚХР біртіндеп әлемдік алып державаға айналуы батыстық ғалымдарды қарқын алып күшейіп келе жатқан Қытайға қатысты қандай сыртқы саясат пен дипломатиялық стратегияны ұстану қажет деген сұрақтың ойландыратыны көптеген зерттеулерге арқау болып отыр. Әсіресе, экономикалық көрсеткіштер бойынша көшбасшылыққа таласып келе жатқан американо-қытай қатынастарының болашағы батыс ғалымдарының ерекше назарында.

Халықаралық қатынастар мен заманауи дипломатияның ақсақалы есепті Генри Киссенджердің «Diplomacy» [61], «World order» [62] және «On China» [63] атты еңбектері әлемдік тәртіптің қазіргі жағдайы мен Қытайдың заманауи халықаралық қатынастардағы орнын нақтылауда, сонымен қатар халықаралық қатынастардың болашақ дамуын зерделеуде аса құнды еңбектер болып табылады. Қырғи-қабақ соғысы жылдары жаулас елдер болып келген АҚШ пен Қытайды жақындастыруда шешуші рөл атқарған Киссенджердің қытай-американ қарым-қатынастардың даму эволюциясының заңдылықтарын терең түсіндіруде ешкім тең келмес тұлға екені анық. Ғалымның әр еңбегі мен әлемдік ең беделді басылымдар бетінде жарық көрген саяси сұхбаттары халықаралық қатынастардағы заманауи құбылыстар мен әлемдік тәртіптің одан әрі дамуын айқындауда тірек болар құнды еңбектер екені атаған жөн.

Зерттеу тақырыбының теориялық сипатын ашу барысында, әсіресе, әлемдік тәртіп өзгерген тұстағы ХХ ғасырдың соңғы онжылдығында ҚХР-ның сыртқы саяси концепциясында орын алған өзгерістер мен заман талабына сай қалыптасқан қытайлық сыртқы саяси-экономикалық бастамаларды түсінуде З.Бжезинский [64], С.Хантингтон [65], Ф.Фукуяма [66] тәрізді ХХІ ғасырдағы халықаралық қатынастар ғылымының беталысын айқындаған ғалымдардың еңбектері кеңінен қолданылды.

Халықаралық қатынастарда «жұмсақ күш» идеясының негізін қалаған Джозеф Най өз жазбаларында [67-69] Ху Цзиньтаодың «үйлесімді әлем» идеясына жан-жақты баға береді. Дж.Най еңбектерінде заманауи мәселелерді шешуде дәстүрлі әскери күшті пайдалану тиімсіз екенін алға тарта отырып, «жұмсақ күш» арқылы мемлекеттер өз көздеген межелеріне жете алатындығын алға тартады. Ғалым осы бағытта Ху Цзиньтао ұсынған идеяның өміршендігіне сенім білдіреді. Сондай-ақ, Қытайдың жұмсақ күшін жан-жақты қарастырып, терең зерттеуге Сингапурдағы Қытайды зерттеу орталығының ғылыми қызметкерлерінің ортақ еңбегі «China's power and Asian security» [70] мен сол

орталықтың белді зерттеушісі М.Лидің «Soft power: China's emerging strategy in international politics» [71] ғылыми зерттеулері көмек болды. Аталмыш еңбектерде Қытайдың өңірлік саясатына жан-жақты баға беріле келе, Қытайдың әлемдік ойыншы ретінде Азия аймағының болашақ дамуына тигізер әсері талданады.

Ингрид Хууг [72] өз еңбегінде қытайлық жариялылық дипломатияның ерекшеліктеріне егжей-тегжейлі тоқталады. Ресми Пекиннің дипломатиялық әлеуетіне нақты баға бере отырып, аталмыш мүмкіндіктерді жүзеге асыру шараларына терең сараптама жасайды. Сонымен қатар, Қытай жариялылық дипломатиясы аса белсенді жұмыс жасап отырған Азия мен Африка елдеріне жекелей тоқталып, Қытайдың одан әрі қарқынды дамуы үшін «үйлесімді» сыртқы орта құруда қытайлық жариялық дипломатияның рөлін ашып көрсетеді. Кристофер А.Фордтың АҚШ пен Қытайдың қарым-қатынастарына арналған «China looks at the West: Identity, global ambitions, and the future of Sino-American relations» [73] атты жұмысы жаһандық астам державалардың өзара байланыстарының жаңа әлемдік тәртіптің қалыптасуына әсерін бағалауға, сондай-ақ бүгінгі әлемдік экономика үшін үлкен сынға айналып отырған қытай-американ сауда соғысының болашағын бағамдауға мүмкіндік бермек.

Калифорния университетінің профессоры Давид М.Ламртонның «Following the leader: Ruling China, from Deng Xiaoping to Xi Jinping» [74] атты еңбегінде қытай басшыларының жеке басына саяси қайраткер ретінде баға бере келе, олардың жүргізген ішкі-сыртқы саясатында сараптама жасалады. Британдық ғалым Иэн Моррис өзінің «Why the West Rules – for Now. The patterns of history, and what they reveal about the future» [75] еңбегінде әлем тарихын «Батыс-Шығыс» ұғымдары тарапынан зерттей отырып, жақын болашақта әлемдік тәртіптің «Шығыстың» талаптары бойынша қалыптасатындығын болжайды. Болашақ әлемдік тәртіптің қандай сипатта боларын бағамдау үшін қазіргі таңда жүргізіліп келе жатқан қытайлық сыртқы саяси концепциялар мен ҚХР қолға алған жаһандық жобаларды терең зерттеу қажеттігін алға тартады.

Ұзақ жылдар бойы Сингапурдың БҰҰ-дағы тұрақты өкілі болған, 2001-2002 жылдары БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің президенті қызметін атқанған, қазіргі таңда Ли Куан Ю университетінің профессоры Кишор Махбубани «Has the West Lost It?» [76] еңбегінде жақын болашақта қалыптасар жаңа әлемдік тәртіпте саяси-экономикалық әлеуеті мықты Қытай мен Үндістан сияқты елдердің басымдық алатындығын нақты дәйектермен сипаттайды. Қытайдың бүгінде қолға алып отырған «Белдеу және Жол» бастамасына баға бере келе, Батыс әлемін бүгінде жүргізіп отырған «сылбыр» саясатын белсенді етуге шақырады.

XXI ғасырдың ойын ережесі есептеле бастаған қытайлық жаһандық мега-жоба «Белдеу және Жол» бастамасы соңғы жылдардағы Қытайдың сыртқы саясаты мен дипломатиялық стратегиясына қатысты барлық зерттеулердің басты тақырыбына айналып отыр. Осы тақырыпқа қатысты жүргізілген зерттеулер қатарынан Н.Ролланд [77], Т.Мюллер [78] және Ричард Т. Гриффитс

[79] еңбектерін ерекше атауға болады. Аталмыш зерттеулерде авторлар «Белдеу және Жол» бастамасының экономикалық мүмкіндіктерін ғана зерделеп қоймай, саяси әлеуетіне де жан-жақты баға береді. Және де Си төрағаның «Қытайлық арман» концепциясының мазмұнын терең ашып көрсетеді. Сондай-ақ, қытайлық мега-жобаның сипаты мен әлеуетін терең түсінуде Марлен Ларюэль[80-81], С.Пироуз [82], Александр С. Динер [83], П.Франкопан [84] сынды ғалымдардың еңбектері құнды мәліметтер берді.

Зерттеушілердің *үшінші тобына* Ресей ғалымдарының еңбектері топтастырылды. Ресей ғылым академиясының Шығыстану институты, Қиыр Шығыс зерттеу институты ғалымдарының еңбектері зерттеу жұмысын жазу барысында үлкен көмек болды. Ресей ғылым академиясы Қытайды зерттеуде ежелден алдыңғы қатарда екені белгілі. Қытайтанушылар үшін аса құнды мәліметтерді осы Ресей ғылым академиясының Шығыстану, Қиыр Шығыс зерттеу институттарының кітапханалары мен мұрағаттарынан табуға болады. Бүгінгі таңда да ресейлік ғылыми ортада ҚХР даму мәселесі ерекше назарда.

Қиыр Шығыс зерттеу институтының 5 бірдей арнайы бөлімі қазіргі Қытайдың саяси, экономикалық, әлеуметтік және мәдени даму мәселелерін зерттеуге арналған. Аталмыш институт ғалымдарының зерттеу мақалалары топтастырылған жыл сайын жарық көретін «Әлемдік және аймақтық саясаттағы Қытай» ғылыми мақалалар жинағы [85], «Қытай Халық Республикасы: саясат, экономика, мәдениет» атты ғылыми мақалар жинағы [86] зерттеу жұмысын жазу барысында кеңінен пайдаланылды.

Сонымен қатар, ресейлік қытайтану ғылымының беделді өкілдері М.Л.Титаренко [87-88], А.В.Меликсетов [89], С.Л.Тихвинский [90], М.Ю.Галенович [91-95], О.Н.Глазунов [96], В.Я. Портяков [97] сияқты ғалымдардың ғылыми монографиялары таңдап алынған зерттеу тақырыбын жан-жақты ашуда кеңінен пайдаланылды. Аталмыш ғалымдардың зерттеулері Қытай дипломатиясының тарихи заңдылығын, стратегемдік сипатын айқындауда аса құнды мәліметтер берді. Сондай-ақ, белгілі қытайтанушы ресейлік ғалым Кадырбаев А.Ш. [98-99] өз еңбектерінде қазақ-қытай қарым-қатынастарына тарихи тұрғыдан зерделей келе, екі мемлекеттің шекара бойы байланыстарына баға береді. Заманауи қазақ-қытай қатынастарын әлемдік саясаттың жаңа талаптарына сай зерттей отырып, аймақтық қауіпсіздік мәселесі бойынша екі елге ортақ сұрақтарды бөліп қарастырады.

ҚХР-ның қазіргі заманғы әлемдік саяси сахнадағы орны мен халықаралық қатынастардағы белсенді сыртқы саясатын зерделеуде Ю.В.Тавровский [100], В.Е.Петровский [101], Е.Н.Румянцев [102], Д.В.Кузнецов [103], А.В.Островский [104] сияқты ғалымдардың еңбектері кеңінен пайдаланылды. Аталмыш еңбектерде Қытайдың бүгінгі таңда жүргізіп отырған сыртқы саяси-экономикалық саясатына терең зертеулер жасалып, заманауи қытайлық дипломатияның ерекшеліктеріне тоқталады. Жаңа әлемдік тәртіптің қалыптасуында Қытай билігінің соңғы үш буыны сыртқы саяси ұстанымдарының рөлі бағаланады. Сонымен қатар, Си Цзиньпиннің «Қытай арманына» ресейлік көзқараспен сараптама жасалып, оның посткеңестік

кеңістіктегі өңірлік саяси-экономикалық және қауіпсіздік мәселелеріне әсері зерделенеді.

ҚХР-ның Орталық Азия аймағы елдеріне қатысты сыртқы саясаты да ресейлік зерттеушілердің жіті назарында ұстайтын мәселелердің бірі болып табылады. Д.Бабаян өзінің «Политика Китая в Центральной Азии, на Кавказе и в Северном Прикаспии в конце XX – начале XXI века» [105] атты еңбегінде Қытайдың аталмыш аймақтардағы сыртқы саясатын жан-жақты баға береді. ҚХР-ның Орталық Азиядағы саяси-экономикалық мүдделерін зерттей отырып, Қытайдың аймақ елдеріне қатысты дипломатиялық әлеуетін бағамдайды. Сонымен қатар, ОАА елдері мен ҚХР арасындағы көп салалы қарым-қатынастардың қазіргі жағдайына нақты баға беріп өтеді.

Ресей стратегиялық зерттеулер институты мен Қытайдың қазіргі заманғы халықаралық қатынастар академиясы ғалымдарының бірлескен еңбегі «Центральная Азия: проблемы и перспективы (взгляд из России и Китая)» [106] Орталық Азия аймағы мемлекеттерінің ішкі-сыртқы саяси мәселелеріне тоқтала келе, аймақ елдерінің Ресей және ҚХР-сымен қарым-қатынастарына жан-жақты баға береді. Аталмыш еңбек Орталық Азияға қатысты, соның ішінде Қазақстанға қатысты ресейлік және қытайлық зерттеушілердің пікірлерін нақтылауда маңызды зерттеу жұмысы болып табылады. Е.А.Борисованың Орталық Азия елдерінің бәріне бірдей сұрақ болып табылатын ортақ суларды пайдалану мәселесіне арналған еңбегі [107] зерттеу тақырыбының қазақ-қытай қатынастарындағы трансшекаралық өзендер мәселесін зерделеуде құнды материал болды.

Сонымен қатар, зерттеу жұмысын жазу барысында ресей зерттеушілерінің Орталық Азия мен Қытай Халық Республикасы арасындағы қарым-қатынастарына қатысты әр жылдары қорғалған кандидаттық және докторлық диссертациялары кеңінен пайдаланылды. К.С.Ануфриев [108], Е.В.Журавлева [109], А.М.Кумуковтың [110] кандидаттық диссертациялары мен Е.В.Савковичтің [111] докторлық диссертациясы зерттеу тақырыбын сан қырынан ашып қарауда үлкен көмек болды.

Зерттеушілердің соңғы *төртінші тобына* қытайлық ғалымдардың қытай және ағылшын тілдерін жарық көрген зерттеулерін топтастырдық. Олардың қатарында, 谢益显(Xie Yixian) [112], 蒋丽平(Jiang Liping) [113], 王逸舟(Wang Yizhou)[114], 赵常庆(Zhao Shangqing) [115], Xia Liping [116], 刘华秋 (Liu Huaqiu) [117] атты ғалымдарды ерекше атап өтуге болады. Қытай ғалымдары елдің осы уақытқа дейін даму жолын зерделей келе, болашақ бет алысын айқындауға ерекше назар аударады. Қытайлық зерттеулердің басты ерекшелігі ретінде Қытай дипломатиялық стратегиясының өзегі ретінде «кез келген мүмкіндікті пайдаланып қалу» қағидаты жататындығын атау керек.

Zhang Qingmin өзінің «China's Diplomacy» [118] атты еңбегінде Қытай Халық Республикасының қазіргі заманғы дипломатиясына жан-жақты баға береді. ҚХР билігінің төртінші буыны басшыларының сыртқы саяси концепцияларын терең түсіндіре келе, қалыптасып келе жатқан жаңа әлемдік тәртіпте Қытайдың орны қандай болмақ және Қытайға не істемек керек деген

сұрақтарға жауап іздейді. Қытайдың өзінің сыртқы саясатының өзегіне айналған бес қағиданы жаһандану заманында берік ұстану қажеттігін алға тартады.

赵华胜 (Zhao Huasheng) [119-120], 王桂芳 (Wang Guifang) [121] еңбектерінде Қытайдың Орталық Азия аймағына қатысты дипломатиялық ұстанымдарын зерделей отырып, көпшілік зерттеушілер қауіпсіздік мәселелері бойынша ұйым деп танытын ШЫҰ-ның экономикалық функцияларын арттыруға ерекше назар аударылады.

余建华 (Yu Jianhua) «ШЫҰ: дәстүрлі емес қауіп-қатерлерді зерттеу» [122] атты еңбегінде ШЫҰ-ның аймақтық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі рөлін айқындай келе, Қытай мен Орталық Азия елдерінің қауіпсіздік саласындағы ортақ мәселелерге кешенді тоқталады. Лаңкестікпен күрес және ҚХР үшін аса түйткілді сұрақ болып табылатын сепаратизм мәселелерін реттеуде аймақтық ынтымақтастықтың аса маңызды екенін баса көрсетеді.

Sun Zhuangzhi [123-125] еңбектерінде Орталық Азия мемлекеттері мен Қытай Халық Республикасы арасындағы көп салалы қарым-қатынастар кешенді зерттеледі. Автор ҚХР өңірлік сыртқы саясатында Орталық Азияны бөле жармай, біртұтас аймақ ретінде қарастырып, оған қатысты тең деңгейде стратегиялық әріптестік қатынастар орнатуға мүдделі екендігін пайымдайды.

Зерттеудің нысаны – ҚХР-ның сыртқы саяси ұстанымдары және Қазақстан Республикасы мен Қытай арасындағы көп салалы қарым-қатынастар.

Зерттеу пәні – ауыспалы әлемдік тәртіп талаптары негізіндегі Қытай Халық Республикасының Қазақстан Республикасына қатысты дипломатиялық стратегиясы.

Диссертация тақырыбын зерттеудің мақсаты мен міндеттері. Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алған жылдардан бергі Қытай Халық Республикасының елімізге қатысты жүргізіліп келген дипломатиялық ұстанымдарына жүйелі түрде зерттеу жасау аталмыш жұмыстың мақсаты болып табылады. Осы мақсатқа қол жеткізу жолында алдыға келесідей **міндеттер** қойылды:

- Қытай Халық Республикасы сыртқы саяси ұстанымдарының ерекшеліктері мен елдің сыртқы саясатының теориялық концептуалды негіздеріне терең талдау жасау;
- Қытай билігінің соңғы үш буынының сыртқы саясатын жан-жақты зерттей отырып, ҚХР-ның бүгінгі кезеңдегі сыртқы саяси стратегиясын нақтылау;
- Си Цзиньпиннің “Қытай арманы” даму стратегиясын зерделей отырып, оның Қазақстан мен ОАА елдерінің болашақ дамуына берер мүмкіндіктері мен ықтимал сын-тегеуріндерін айқындау;
- Қазақстан мен Қытай арасындағы екіжақты қарым-қатынастарының саяси-құқықтық негіздерін талдай отырып, ҚХР-ның Қазақстанға қатысты сыртқы саяси ұстанымын анықтау;
- Екі мемлекеттің дипломатиялық қатынастар орнатқаннан бергі экономикалық ынтымақтастықтан стратегиялық әріптестікке дейін

жолын сараптай отырып, қытайлық «Бір белдеу – Бір жол» бастамасының елімізге берер мүмкіндіктері мен мәселелерін талдау;

- Қазақ-қытай қарым-қатынастарының бүгінгі күнгі өзекті мәселелерін талқылай отырып, екіжақты байланыстардың болашақ дамуын нақтылау.

Зерттеу жұмысының теориялық-методологиялық негіздері. Зерттеу жұмысында ҚХР-ның ҚР-на қатысты дипломатиялық стратегиясының негізін жан-жақты ашып көрсетуде халықаралық қатынастар ғылымының бірқатар теориялары пайдаланылды. Мемлекеттік сыртқы саясат пен халықаралық қатынастарда ең алдымен ұлттық мүдделерге басымдық беретін Қытай билігінің ұстанымдары неореализм теориясы аясында зерттелді. Қытай билігінің екінші және үшінші буындар негізінен өзінің сыртқы саясатында ұлттық мүдделерге аса басымдық бергені рас. Алайда халықаралық қатынастарда қалыптасқан жаңа әлемдік тәртіп пен геэкономикалық үдерістердің басымдық алуы Қытай билігінің кейінгі өкілдерін өздерінің сыртқы саяси ұстанымдарына біршама либералды сипат беруге мәжбүрлеген еді. Сол себептен де, Ху Цзиньтао мен Си Цзиньпиннің сыртқы саяси ұстанымдарын жаһандану және интеграциялық теориялық негізінде қарастырылды. Сонымен қатар, Қытай көне өркениет иесі ретінде, сан ғасыр өтсе де өзіндік ерекшелікті саптап келе жатқанын ескеріп, тіптен Қытайдағы социализмнің өзі қытайлық ерекшеліктерге ие екенін басшылыққа ала отырып, өркениеттік ұстанымдарды қолдануға тура келді. Аталмыш теория негізінде «Қытай арманының» ерекшеліктері мен болашағы терең зерделенді.

Сонымен қатар, Қытайдың сыртқы саясатында интеграциялық үдерістердің күшейіп, өңірлік, аймақтық сипаты басымдық алуына байланысты және жаңа әлемдік тәртіптің ережесі болатын «Бір белдеу-бір жол» сынды ірі жаһандық бастамаларды жүзеге асыруды белсене қолға алуына байланысты халықаралық қатынастарда орын алатын жаңа құбылыстар мен өзгерістерді құқықтық тұрғыда реттеу қажет екенін ескере отырып зерттеу жұмысы барысында неолиберализм теориясы кең пайдаланылды.

Сонымен қатар, Ху Цзиньтаодың «Үйлесімді әлем» идеясы мен Си Цзиньпиннің жаһандануды одан әрі дамыта түсуді жақтауына халықаралық қатынастар теориясындағы күш концепциялары да пайдаланылды. Джозеф Найдның «жұмсақ күш» концепциясы қазіргі әлемдік саясат пен дипломатияда басты құрал екені белгілі. Қытай үшін де «жұмсақ күш» саясаты тың түсінік емес. Мысалы Қытайдың көне ойшылы Лао-цзы былай дейді: «Дүниеде судан өткен жұмсақ, нәзік зат жоқ. Алайда ол ең қатты заттың өзін тас-талқан ете алады». Қытайдың көнеден келе жатқан тұрақты сөз тіркестерінде де «қаттының басын жұмсақ алатыны» (以柔克剛 *yǐ róu kè gāng*) көп айтылған. Әскери айла-тәсілдің басты оқулығы іспетті Қытайдың 36 стратагемі де көне қытайлықтардың «жұмсақ күшті» қаншалықты жете түсінгенін дәлелдейді. Сұлу жан стратагемі (美人计 *měi rén jì*) деп аталатын 31-стратагемде әрқашан нәзіктік пен әлсіздіктің баламасы болып есептелетін әдеміліктің қалайша

жеңіске жетелейтіні айтылған. Бүгінгі Қытай билігі осы «жұмсақ күш» теориясын елдің сыртқы саясатында басты қару ретінде ұстануды мықтап қолға алып отыр.

Сондай-ақ, қазіргі заманғы халықаралық қатынастарда орын алып жатқан жаһандық және аймақтық саяси оқиғалар мен құбылыстарды зерттеу барысында сатылы түрде жүйелілік қағиданы басшылыққа алу міндет. Жүйелі талдау әдістемесі ынтымақтастық және әріптестік үрдістерді жете тануға, өзгерістер мен дамуға бақылау жасауға мүмкіндік беретін диалектикалық әдістер синтезі мен зерттеу мәселесін өзара байланысты көптеген элементтерден тұратын күрделі жүйе ретінде құрылымдауға мүмкіндік беретін когнитивті-карталау әдістері жиынтығы қолданылды.

Диссертацияда ҚХР мен ҚР арасындағы саяси-экономикалық қарым-қатынастарын зерттеуде тарихи-сараптамалық әдіс пайдаланылды. Аталмыш әдіс көпсалалы қазақ-қытай қарым-қатынастарының даму эволюциясын терең түсінуге және туындап отырған екіжақты мәселелердің шығу төркінін анықтауға үлкен мүмкіндік берді.

Қазақ-қытай сауда-экономикалық байланыстарының жағдайы мен одан әрі дамуын зерттеуде статистикалық әдіс қолданылды. Бұл әдіс ҚХР мен ҚР-ның экономикалық мүмкіндіктерін саралай отырып, болашақ даму жолында экономикалық әріптестік әлеуетін зерделеуге мүмкіндік берді. Сонымен қатар, зерттеу тақырыбын толыққанды ашу үшін деректер мен ақпараттарды сыни тұрғыдан талдау, жинақтау және сұрыптау әдістері кең қолданылды.

Аталмыш теориялар мен әдістер зерттеу жұмысы барысында жинақталған мәліметтерді жүйелі түрде орынды қолдануға, ақпараттар мен мәліметтерді салыстыра отырып зерттеу тақырыбының шынайылық деңгейін арттыруға көмек болды. Сонымен қатар, БАҚ жарық көрген материалдарды талдауда, авторлардың көзқарастарын бағалауда, баспасөз және әлеуметтік желілерде Қытай жайлы пікірлер мен көңіл-күйді жүйелеуде бақылау әдісі қолданылды. Солармен қатар, мемлекет және үкімет басшыларының, ведомство жетекшілерінің ресми баяндамаларын, қоғам қайраткерлерінің басылымдарға берген сұхбаттарын және екіжақты келісім-шарттарды саралауда контент-анализ пайдаланылды.

Диссертациялық жұмыстың ғылыми жаңалығы. Қытай Халық Республикасының Қазақстан Республикасына қатысты дипломатиялық стратегиялық негізін кешенді зерттеу барысында бірқатар ғылыми жаңалықтарға қол жеткіздік. Атап айтқанда:

- ҚХР билігінің әр буыны сыртқы саясатының теориялық концептуалды негіздеріне терең талдау жасала отырып, отандық қытайтану саласында алғаш рет Қытайдың сыртқы саяси ұстанымдарына стратегаемдік ерекшеліктер тұрғысынан баға берілді;
- Қытай билігінің соңғы буыны Си Цзиньпиннің “Қытай арманы” терең зерделеніп, ҚХР-ның ҚР мен ОАА елдеріне қатысты бүгінгі кезеңдегі сыртқы саяси стратегиясы нақтыланды;

- ҚХР-ның Орталық Азия аймағы мен аймақ елдеріне бағытталған сыртқы саясатына қатысты қытай тіліндегі бірқатар ғылыми еңбектер отандық ғылым саласына алғаш рет ғылыми айналымға енгізілді;
- ҚХР-ның ҚР қатысты сыртқы саяси стратегиясының негізін айқындау барысында қытайлық ғалымдар мен зерттеушілердің еңбектері кеңінен пайдаланыла отырып, қазақ-қытай қатынастарының барысына қытайлық ғылыми орта тарапынан баға берілді;
- Қытайлық жаһандық жоба «Бір белдеу-бір жол» бастамасының құрамдас бөлігі болып табылатын «Ұлы Жібек Жолының экономикалық белдігінің» Қазақстан үшін берер мүмкіндіктері мен ықтимал сын-тегеуріндері нақтыланып, қытайлық жобадан еліміздің барынша пайда көруіне қатысты ұсыныстар жасалды;
- Қазақстан мен Қытай арасындағы екіжақты қарым-қатынастарының түйткілді мәселелері нақтыланып, оның шешу жолдары ұсынылды.

Зерттеу жұмысының қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдары:

1. ҚХР-ның сыртқы саяси тұжырымдамаларында кездейсоқтық және күрделі бетбұрыстар мүлде жоқ. Тіптен «бір тарапқа шығу», «қос қолдап ұру», «бір сызық, бір алқап» деп келетін Маоның сыртқы саяси концепциялары ынтымақтастық тараптарын жиі алмастырғанға ұқсағанымен онда да қатаң қытайлық заңдылық жатыр. Егер Қытай XX ғасыр соңына дейін «бір тарапқа шығу» қағидасын ұстанып қалғанда қазіргі әлемдік тәртіптің қандай боларын елестету қиын. Маоның оңтайлы сәтте ұтымды бетбұрыстар жасай білуі, яғни билігінің соңғы жылдары нақты күрделі шарттарсыз батыспен тіл табыса білуі Дэн Сяопиннің саяси өзгерістерге жүгінбей-ақ экономикалық реформаларды жүзеге асыруға қолайлылық тудырды. Дэн Сяопиннің «Салқынқандылықпен бақылау, байсалдылықпен жауап қату, айтқаныңда нық тұру, өз мүмкіндіктеріңді жасыра отырып оңтайлы сәтті күту, ешқашан көшбасшылықты өзіңе алмау, әрқашан бірдеңе жасауға дайын болу» стратегиясының Қытай билігінің соңғы үш буыны тарапынан қатаң сақталуы, Цзянь Цземиннің көршілес жақын аймақтармен тығыз ынтымақтастық орнатуына, Ху Цзиньтаодың Қытай саясатқы саяси ұстанымының әлемдік тәртіптің басты қағидаларымен үйлесе түсуіне және Си Цзиньпиннің «Қытай арманын» нақты жүзеге асыруына мүмкіндік берді.

2. Си Цзиньпин жетекшілік еткен Қытайдың билігінің бесінші буын өкілдері бүгінгі таңды Қытай үшін туындап отырған оңтайлы сәтті ұтымды пайдалануды мықтап қолға алып отыр. Қытайды сыртқы саясатта бұрыңғыдай халықаралық құбылыстарға тек «жауап қатушы» мемлекет емес, «бастамашыл» ел ретінде танытылуда. Қытай бұдан былайда дәстүрлі бейбіт жолмен даму қағидасын қатаң басшылыққа ала беретін болады. Алайда Қытай өзінің табиғи құқықтарынан ешқашан бас тартпайтындықтарын, мемлекет үшін шешуші болып табылатын мүмделерін ешқашан саудаға салмайтындығын баса айтуда. Қытайдың сыртқы саяси стратегиясы екі ғасырға жуық қытайдың арманы

болып келе жатқан «қытай ұлтының қайта тұруын» қамтамасыз ету үшін жұмыс жасайды. Бұл дегеніміз Қытайдың сыртқы саяси ұстанымдары тікелей ішкі саясат пен ішкі мүддеге тікелей байланысты болмақ. Сондай-ақ, Қытай дипломатиясы нақты жағырафиялық сипаты жоқ дегенімен, негізінен Қазақстан тәрізді стратегиялық маңызы зор іргелес жатқан мемлекеттермен қарым-қатынастарды барынша жетілдіруге бағытталған. Бұл дипломатияның өзегінде тең құқылы, тең деңгейлі қарым-қатынастар қағидасы жатыр. Қытай билігінің бесінші буыны жетекшілері сыртқы саясатының ерекшелігі ретінде Қытай өзгелермен өз жетістіктері және тәжірибелерімен бөлісуге дайын екендігін атауға болады. Және Си Цзиньпин Қытай өзін тек аймақтық держава ғана емес, әлемдік тәртіпті жаңаша қалыптастыруға қауқарлы және үлкен жауапкершілікті мойнына ала алатын жаһандық ойыншы екенін әрқашан баса айтып келеді.

3. ҚХР өзінің Қазақстан Республикасына қатысты дипломатиялық стратегиясында ешқашан келіспеушілік пен шиеленісті жағдайлардың қалыптасуына жол бермеуге тырысады. Қытай өзінің даму стратегиясында ішкі тұрақтылық пен қатар бейбіт қолайлы сыртқы орта деп пайымдауына байланысты ҚХР-мен іргелес жатқан елдермен ынтымақтастықты жетілдіруді дұрыс деп есептейді. Осы бағытта ежелден өзара шиеленісті мәселелері бар елдің оңтүстіктігі мен шығысындағы кейбір мемлекеттермен саяси-экономикалық ынтымақтастығын жақсартып келеді. Ал Қазақстан мен ОА мемлекеттері сияқты халықаралық қатынастардың жаңа ойыншысы болып табылатын елдермен басынан бастап тығыз ынтымақтастықта болуға тырысты. Экономикалық әлеуеті жағынан салыстырмалы түрде кішкентей мемлекет болып табылатын Қазақстанмен 2005 жылдың өзінде стратегиялық әріптестік қарым-қатынастарын орнатудың өзі сондықтан. ҚХР Орталық Азия мемлекеттері қатарынан Қазақстанды өзінің сенімді стратегиялық серіктесі ретінде танып, өзге мемлекеттерге үлгі ретінде көрсетеді.

4. ҚХР ұсынып отырған «Бір белдеу-Бір жол» бастамасы ең алдымен инфрокұрылымдық жоба. Негізінен экспортқа негізделген Қытай нарығы сыртқы қатынас жолдарын жетілдірмесе елдің үздіксіз дамуы тоқырауға ұшырайтынын қытайлық билік жақсы түсінеді. Қазақ даласын басып өтетін қытайлық жол жаһандық жобаның бір парасы ғана. Әркім өз еншісін іздеген «Бір белдеу-Бір жол» жобасынан қалыс қалсақ, ол еліміз үшін кешірілмес үлкен стратегиялық қателік болмақ. Қазақстан қауіпсіздігінің кепілі өзгелерден тығылып оқшаулану немесе бір елдің қолтығына кіріп одақтасу емес, барлық елмен тең дәрежелі тығыз қарым-қатынастарға түсу екенін ескерсек, Қытаймен экономикалық ынтымақтастықты одан әрі жетілдіру еліміздің болашақ дамуы үшін стратегиялық маңызды қадам болып табылады. Елбасының тапсырмасы бойынша қолға алынған ірі инфрақұрылымдық жоба «Нұрлы жол» бағдарламасы елдің ішкі жол қатынастарын жетілдіре отырып, Қазақстанның транзиттік мүмкіндігін арттыруға бағытталған. Бір-бірімен үндесіп қабыса кеткен Си Цзиньпиннің Жібек жолы мен Нұрсұлтан Назарбаевтың «Нұрлы жолы» бүгінде қытай-қазақ стратегиялық әріптестігінің символына айналып отыр.

5. ҚХР мен ҚР арасындағы қарым-қатынастарда әлі де болса толық шешімін таппай келе жатқан екі ел арасындағы трансшекаралық өзендер мәселесі болып отыр. Екі ел суын ортақ пайдаланатын 24 өзеннің тағдыры болашақта толық айқындалатынына сенім басым. Соңғы кездегі екі ел арасындағы «Белдеу және Жол» бастамасы аясындағы терең түсіністік пен ынтымақтастық арқасында трансшекаралық өзендер мәселесін түбегейлі реттеуге қатысты ілгерілеушілік байқалады. 2015 жылдың мамырынан бастап екі мемлекет арасында «Трансшекаралық өзендер суын бөлісу туралы келісімнің» жобасын дайындау бойынша кеңес жұмыстары басталды.

Диссертациялық жұмыстың теориялық және тәжірбиелік құндылықтары. Диссертациялық жұмыстың ғылыми нәтижелерін, қорытындылары мен тұжырымдарын қытайтанушы ғалымдар мен жас зертеушілердің, халықаралық қатынастар, аймақтану, саясаттану мамандығы бойынша білім алып жүрген студенттер мен магистранттар, сондай-ақ осы мамандықтар бойынша ізденіс үстіндегі докторанттардың өз зерттеу жұмыстарында, сондай-ақ ЖОО-ның оқытушылардың өз қызметтері барысында қолдануға болады. Сонымен қатар, халықаралық қатынастар, аймақтану, саясаттану мамандықтары бойынша оқулықтар мен оқу құралдарын жазуға, семинарлар өткізуге, арнайы курстар дайындауда қосымша құрал ретінде пайдалануға жарамды. Және де, зертеу нәтижелерін ҚР мен ҚХР арасындағы қатынастарды жүзеге асыратын мемлекеттік құзырлы органдардың, Сыртқы істер министрлігінің, дипломатиялық қызметкерлердің өз қызметтерінде пайдалануына болады.

Зерттеу жұмысының сыннан өтуі және мақұлданыуы. Диссертация Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы Дипломатия институтында талқылаудан өтті. Зерттеу жұмысының негізгі қағидалары, нәтижелері мен тұжырымдары 4 халықаралық конференция жұмыстарында ұсынылып, конференция материалдарының жинағына енгізілді. Сонымен қатар, ҚР Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған отандық ғылыми журналдарда қазақ және ағылшын тілдерін 5 ғылыми мақала және Скопус базасына енетін шетелдік ғылыми журналда ағылшын тілде 1 ғылыми мақала жарық көрді.

Диссертациялық жұмыстың құрылымы. Диссертация кіріспеден, үш тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Диссертацияның жалпы көлемі – 146 бет.

1 ҚЫТАЙ ХАЛЫҚ РЕСПУБЛИКАСЫ СЫРТҚЫ САЯСАТЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

1.1 ҚХР сыртқы саясатының теориялық концептуалды негіздерінің стратагемдік ерекшеліктері

Қытай Халық Республикасының сыртқы саясатын зерттеуде дәстүрлі зерттеу тәсілдерін ұстанбай, Қытайдың өзіндік ерекшеліктерін ескерген абзал. Көптеген зерттеулерде қытайлық сыртқы саясат негізінен қос кіндікті жүйе ыдыраған жылдардан бастап қарастырылып келгенін байқаймыз. Әлемдік тәртіптің өзгерген тұсынан басталған Қытайдың жаңа сыртқы саясатында Дэн Сяопиннің өсиет есепті қалдырған стратагемдік сыртқы саяси ұстанымдарының ізі басым екендігі жазылғанымен, ҚХР билігінің бірінші буыны сыртқы саяси ұстанымдарының орнына көңіл бөлінбей жатады. Қытай билігіндегі дәстүрлілікті ескере отырып, Қытай сыртқы саясатының теориялық концептуалды негіздерінің ерекшеліктерін зерттеуде Қытай Халық Республикасы құрылған жылдардан бергі сыртқы саясатын қарастырған дұрыс.

Кей зерттеушілер бір мемлекет емес, біртұтас өркениет ретінде қарастыратын бес мың жылдық тарихы бар Қытай елінің сыртқы саяси концепциясы әрқашан өзге мемлекеттердің сыртқы саясатынан өзгеше дамып келгенін байқауға болады. Бізге белгілі тарихтағы барлықдерлік империялар мен қуатты мемлекеттер өзінің сыртқы саясатында негізінен жаугершілік ұстанымдарға басымдық беріп келсе, Қытай әрқашан оқшаулану саясатын ұстануға бейім болды. Адам баласы қолдан жасаған көне ғажайыптардың бірі Ұлы Қытай Қорғаны да қытайлық оқшаулану саясатының нәтижесі екені анық. Ағылшын тарихшысы Иэн Моррис өз зерттеуінде «әйгілі Испан армадасынан 200 жыл бұрын атақты адмирал Чжэн Хэ бастаған, әр түрлі деректер бойынша 300-ге жуық кемелерден, 27 мың адамнан құралған Қытай флоты батысқа жеті рет саяхат жасағанда өзге жерлерді жаулап алуды мақсат етпегенін» жазады [75, 409-417 бб.]. Оқшаулану саясатына басымдық беріп, уақыт талабына мойын ұсынбай, заман көшімен бірге дамуға қарсылық қылған Қытай ХІХ ғасырдың соңын ала жартылай отар елге айналды. Ел аумағында АҚШ, Ұлыбритания сияқты ұлы державалардың әскерлерлері орналасқан, ішкі суларында шетелдік кемелер жергілікті биліктің рұқсатсыз еркін жүзе беретін, шетел азаматтарының сот құқығының болуы, дербес сыртқы саясат жүргізе алмауын есепке ала отырып, кей ғалымдар Қытайды толықтай отар ел болды деп пайымдайды. Қытай өзінің 381 млн. адамдық әлеуеті мен \$228,6 млрд. экономикалық мүмкіндігіне қарамастан [126, 44 б.], ХІХ ғасырдың соңын ала еуропалық державалардың отарына айналды. Бүгінде Қытай билігі 1840 жылы басталған апиын соғысынан бастап 1949 жылы Қытай Халық Республикасы құрылғанға дейінгі аралықты қытай тарихындағы «қорлық ғасыры» деп есептейді [127]. Қытай ұлтының тарихи жадында жатталып қалуы үшін Қытай билігі халқының басынан өткен бұл нәубетті ел конституциясының преамбуласында жазып қалдырды [128]. Қытай билігінің бірінші буыны ел тарихында өшпестей болып қалған қасіретті ізді жою үшін өзінің сыртқы

саясатына халық санасын отаршылдық қалдырған «кұрбандық психологиясынан» арылтып, ҚХР халықаралық қатынастарда дербес, тәуелсіз мемлекет ретінде мойындатуды міндет етіп алды.

Қытай Халық Республикасы екінші дүниежүзілік соғыс аяқталған соң, яғни жеңімпаз елдер арасына сызат түсіп, әлемдік тәртіптің қоскіндікті жүйе сипатына ие болып, қырғи-қабақ соғысы оты тұтанып келе жатқан кезеңде пайда болды. Елді тұралатқан азамат соғысын аяқтап, жапон басқыншылығынан құтылған Қытаймен халықаралық қауымдастықтың барлық мүшелері бірден ынтымақтастыққа түсе қоймады. ҚХР-ның тізгінін қолына алған саяси биліктің таңдаған даму жолын есепке ала отырып, либералды құндылықтарға басымдық беретін батыс әлемі ҚХР-сын ресми танымады. Есесіне құрлықтық Қытайдан қашып шығып, Тайвань аралына барып табан тіреген гоминьдан билігіне қолдау көрсетті. Батыс әлемі 1971 жылға дейін халықаралық қатынастарда қытай халқының атынан өкілдік етуге тек гоминьдан билігі құрған Қытай Республикасының ғана құқығы бар деп танып келді.

ҚХР жаңадан құрылған жылдары қалыптасып отырған халықаралық қатынастардың жаңа тәртібіне сай өзінің сыртқы саяси басымдықтарын айқындау барысында қоскіндікті жүйенің бір тарабын таңдауына тура келді. Қытай жетекшісі Мао өзінің 1949 жылы 30 маусымында жариялаған «Халықтық демократиялық диктатурасы» атты еңбегінде қытайлық дипломатия «бір тарапқа шығу» (一边倒 *yi bian dao*) қағидасын ұстанатындығын жазды. [38, 11 б.] Аталмыш қағида сол кездегі Қытай қоғамы үшін бір-бірімен бағыттас екі жолды нұсқады. Бірі қытайлық жұмысшы табы, қала халқы, ұсақ буржуазия барлығы бірлесе отырып социалистік даму жолына түсу болса, екіншісі КСРО бас болған бүкілдүниежүзілік пролетариаттар көшіне қосылып, империализм және соғыс саясатына қарсы тұру. Яғни социализм жолын берік ұстанатындығын білдірген Қытай Халық Республикасын құрылған күнінің ертеңінде 2-қазан күні КСРО телеграмма жолдап, ҚХР-сын танитындығын білдірді. 3-қазан күні КСРО мен ҚХР арасында ресми түрде дипломатиялық қатынастар орнады. 1950 жылдың қаңтар айының соңына дейін Болгария, Румыния, Венгрия, КХДР, МХР, Польша, Чехословакия, ГДР, Албания, Вьетнам сияқты социалистік лагерь елдері ҚХР үкіметін танитындығын білдіріп, ресми дипломатиялық қарым-қатынастар орнатып үлгерді. Бұл Мао төрағаның «бір тарапқа шығу» ұстанымының нақты нәтижесі екені анық [135].

ҚХР-ның сыртқы саяси ұстанымдары мен басымдықтарын айқындайтын, елдің сыртқы саясатында жасалуға тиіс нақты қадамдарды белгілеген ресми құжат 1949 жылдың 30 қыркүйегінде қабылданды. «Ортақ бағдарлама» (共同纲领 *gong tong gang ling*) деп аталатын құжатта елдің сыртқы саяси ұстанымының басым бағыты ретінде ел тәуелсіздігі мен территориялық тұтастығын қамтамасыз ету, әлемде бейбітшілік пен мемлекеттер арасындағы тату ынтымақтастықты қолдау, сондай-ақ империалистік басқыншылық пен соғыс саясатына қарсы тұруды белгіледі. Аталмыш құжаттың ерекше атап өтетін тұсы Қытайдың жартылай отар болған кездері астам державалармен жасалған тең

құқылы емес келісім-шарттардың қайта қаралатындығы туралы мәлімделуі. Ел сыртқы саясатының басты құжаты «Ортақ бағдарламада»: «Гоминьдан үкіметі мен шет мемлекеттер арасында жасалған барлық келісімдер мен шарттар қайтадан қаралуы керек. Құжат мазмұндарын қайта тану, немесе күшінде қалдыру, өзгертулер мен толықтырулар енгізу немесе тараптармен қайтадан қол қойылатын болады»[112, 2 б.]-деп жазылды.

Жаңадан құрылған ҚХР әлемнің барлық елдерімен жаңаша дипломатиялық қатынастар орнатуға мүдделі екендігін білдірді. ҚХР бұған дейінгі Қытай Республикасымен шет мемлекеттердің жасасқан дипломатиялық қатынастарын өзіне енші етіп қабылдап, қарым-қатынастарды жалғастыра бергенде елдің сыртқы саяси стратегиясында соны жолдың салына қоймасын жақсы түсінді. Сол себептен де Қытайдың дипломатиялық жолы жаңа парақтан басталу керектігін халықаралық қауымдастыққа нақты білдірді. Қытай Халық Республикасының премьері Чжоу Эньлай жаңа Қытайдың әлемнің барлық елімен жаңаша қатынастар орнатуға дайын екенін білдіріп, шетелдерге ресми хат жолдады. Осылайша ҚХР-ның билігі елдің сыртқы саясатында тың жол салып, елдің дипломатиялық стратегиясында жаңаша басымдықтардың болатындығын білдірді.

Гоминьдан үкіметі кезінде елде ашылған елшіліктер мен консулдықтар өз елдерінің ҚХР-мен жаңа дипломатиялық қатынастар орнатпайынша ресми танылмайтындығы, ал шетел дипломаттарына ҚХР-да уақытша тұрушы шетел азаматтары мәртебесі берілетіндігі, әрі соған қарамастан олардың жеке басының қауіпсіздігінің қамтамасыз етілетіндігі мәлімделді [38, 13 б.].

Мао Цзедун сыртқы саясатын түсінуде ресми құжаттардан гөрі көсемнің елдің дипломатиялық ұстанымдарына қатысты пайымдарын зерделеген дұрыс. Жалпы Қытай сыртқы саясатының ерекшелігі елдің сыртқы саяси тұжырымдарын бекіткен нақты ресми құжаттардың өте сирек кездесетіндігінде. Қытай әрқашан өзінің сыртқы саясатында «икемділік» (flexible) сипатын сақтап қалу үшін сыртқы саяси ұстанымдарын нақтылайтын құжаттардың болмауын қалайды. Оны Қытайдың шет мемлекеттермен қарым-қатынастарын жетілдіру барысында келісім-шарттардан гөрі декларация, мәлімдеме тәрізді құжаттардың жасалуына басымдық беретіндігінен де көруге болады. Сол себептен де Қытай жетекшілерінің сыртқы саяси ұстанымдарын айқындауда нақты құжаттардан гөрі ел басшыларының пайымдарына көбірек көңіл бөлген дұрыс. Бұл көнеден келе жатқан дәстүр, яғни Қытай билеушілерінің стратемикалық пайымдау ерекшелігіне байланысты.

ҚХР құрылған алғашқы жылдары Мао Цзедун сыртқы саясатта екі қағидаға басымдық беретіндігін анық көрсетті. «Жеке қазан көтеру» (另起炉灶 *ling qi lu zao*) және «Үйді тазалап алған соң қонақ шақыру» (打扫干净屋子再请客 *da sao gan jing wu zi zai qing ke*) деп аталатын сыртқы саяси қағидалар Қытайды отаршылық қалдықтарынан арылта отырып, елдің сыртқы саяси даму жолын жаңадан бастау дегенді білдіреді. Қытай жартылай отар ел болып тұрған кезде батыс державаларымен жасасқан тең құқылы емес келісімдер мен шарттардың нәтижесінде Қытайдағы шетел азаматтары мен шетелдік заңды

тұлғаларға ерекше құқықтар берілген болатын. «Үйді тазалап алған соң қонақ шақыру» қағидасы елдің сыртқы саясатындағы осы олқылықтарды жоюға бағытталған еді

«Үйді тазалап алған соң қонақ шақыру» қағидасы негізінде Қытай ескі билік тұсында шетелдіктерге берілген басымдықтардың барлығын жойды. «Ортақ бағдарламада» Қытай Халық Республикасы имериалистік мемлекеттердің Қытай еліндегі ерекше құқықтары мен ықпалын рет-ретімен біртіндеп жоятындығын көрсетті. ҚХР 1950 жылы «Кеден салығы және кеден қызметі ережелерін», «Қытай Халық Республикасының уақытша кеден заңын» қабылдай отырып, сонымен қатар, сыртқы сауда-саттықты басқару және импорт-экспорт лицензия жүйелерін енгізу арқылы елдің кедендік құқықтарын толықтай өз қолдарына алды [135].

Цинь империясы және Гоминьдан билігі тұсында шетелдік кемелерге берілген ерекше құқықтардың арқасында өзге мемлекеттердің кемелері Қытайдың ішкі суларында емін-еркін жүзе беретін. Ел дербестігіне нұқсан келтірерлік шетелдіктерге берілген аталмыш басымдықты жою мақсатында ҚХР Қаржы комитеті 1950 жылы «Су жолдары қатынастарын жалпы басқару нұсқаулығын» қабылданған еді. Аталмыш құжатта бұдан былай шетелдік кемелер елдің ішкі суларына Қытай үкіметінің арнайы рұқсатынсыз кіре алмайтындығы көрсетілді. Рұқсатпен кірген жағдайдың өзінде кемелерге ҚХР мемлекеттік туы ілініп, тек белгіленген айлақтарға тоқтап, барлық заң ережелеріне бағынулары қажет.

Қытайлық коммунистік билік тез арада бұрынғы астам державалардың Қытайға қатысты империалистік саясатының ізін жою мақсатында ел ішіндегі қоғамдық көңіл-күйге әсер етуі мүмкін жағдайларды реттеуге кірісті. Гоминьдан үкіметі тұсында капиталистік даму жолына басымдық берілуі себепті елдегі мүліктердің көбісі шетелдіктердің еншісінде болды. Шетелдік ірі капиталистер ірі қалалардағы кәсіпорындар мен жылжымайтын мүліктерді өз меншігінде ұстап келді. ҚХР құрыла салысымен осы олқылықтың орнын жойып, шетелдіктер мен шетелдік заңды тұлғалардың барлық мүліктерін мемлекет меншігіне өткізді. Сонымен қатар, өзге мемлекеттердің, әсіресе бұрынғы отаршыл елдердің Қытай қоғамындағы рухани ықпалын әлсірету мақсатында «АҚШ ақпараттық басқармасы», «Ұлыбритания мәдени комитеті» тәрізді ұйымдардың одан әрі жұмыс жасауына тыйым салынды. Шетелдік діни ұйымдармен қатар шетел азаматтарының қаржысына ашылған мәдени, денсаулық сақтау, білім беру және қайырымдылық қорларының қызметіне тоқтатылды [38, 15 б.].

ҚХР алғаш құрылған жылдары халықаралық қатынастарда бір тарапты таңдағанымен, сыртқы саясатта өзінің көне өркениетке ие, әлемдік тәртіпте өзіндік орнын иеленуге лайықты мемлекет екендігін көрсетуге тырысты. Оның айғағы – ҚХР премьер-министрі Чжоу Энлай ұсынған «Бейбіт қатар өмір сүрудің бес қағидасы». ҚХР құрыла салысымен социалистік лагерге еніп, КСРО-ның діттегенімен жүре алмайтындығын, елдің әлеуеті халықаралық қатынастарда өзіндің ойын ережелерін ұсынуға қауқарлы екендігін көрсетуге

ұмтылды. Яғни 1953 жылы желтоқсанда Үндістан делегациясымен кездесу барысында Қытай премьері «Бейбіт қатар өмір сүрудің бес қағидасы» жариялау отырып, іргелес мемлекетермен тығыз ынтымақтастық орнатуға дайын екендігін танытты. 1954 жылы маусым айында Үндістан мен Бирмаға жасаған ресми сапары барысында ҚХР үкімет басшысы Чжоу Эньлай Үндістан және Бирма премьер-министрлерімен жасасқан бірлескен коммюникеде «Бейбіт қатар өмір сүрудің бес қағидасын» ресми түрде жария ете отырып, елдің сыртқы саяси пайымын нақты дипломатиялық ұстаным ретінде негіздеуге қадам жасады. «Егемендік пен территориялық тұтастықты өзара құрметтеу, басқыншылықтан өзара бас тарту, бір-бірінің ішкі істеріне араласпау, теңдік пен өзара ұтымдылықты қолдау, өзге мемлекеттермен дипломатиялық, экономикалық және мәдени қатынастарды дамыту жолында бейбіт қатар өмір сүру» деп келетін бес қағида 1982 жылы қайта қабылданған ҚХР-ның Конституциясына мемлекеттің сыртқы саяси ұстанымының «темір қазығы» ретінде енгізілді.

Қытай басшысы Мао өзінің сыртқы саяси ұстанымындағы «Бір тарапқа шығу» қағидасының дәлелі ретінде алғашқы шетелдік ресми сапарын ҚХР құрылған жылдың 16-желтоқсанында КСРО-дан бастайды. Мао Цзедунның Кеңес Одағына деген ықыласының оң болғандығын аталмыш сапардың ұзақтығынан көруге болады. Екі айдай уақытқа созылған сапар барысында ҚХР мен Кеңес Одағы бірқатар келісімдерге қол жеткізеді. «Қытай Халық Республикасы мен Кеңес Одағы арасындағы достық одақтастық және өзара көмек туралы» және «КСРО-ның ҚХР-на несие беру туралы» екі ел арасындағы ынтымақтастықтың құқтық негізін қалады. Келісім-шартқа сәйкес Кеңес Одағы 1952 жылдың соңына дейін Чаңчүн теміржолы мен теміржолға қатысты барлық мүліктерді, және Порт-Артурда (旅顺口 *Lü shun kou*) орналасқан кеңестік әскери-теңіз базасынан өз әскерлерін шығара отырып Дальний қаласының (大连市 *da lian shi*) әкімшілік басқаруын Қытай үкіметіне беруді өзіне міндет етіп алады. Сондай-ақ, 5 жыл ішінде Қытайға 1% жылдық өсіммен \$300 млн. заем беретін болып келісілді [114, 37 б.].

Ерекше атай кететін жайт, екі мемлекеттің ынтымақтастығының бастауы болған 30 жылдық мерзімге жасалған «ҚХР мен КСРО арасындағы достық одақтастық және өзара көмек туралы» келісімге мемлекет басшылары емес, КСРО атынан сыртқы істер министрі А.Я.Вышинский мен ҚХР атынан сыртқы істер министрі Чжоу Эньлай қол қойған еді. Екі ірі социалистік ел басшыларының екіжақты қарым-қатынастардың тірегі болар құжатты министірлік деңгейінде жасасуы біраз жағдайды аңғартса керек. Аталмыш тарихи кездесудің куәсі, сол кездесулер мен келіссөздерді ұйымдастырудың басы-қасында болған КСРО-ның сыртқы істер министрі Андрей Громыко өзінің мемуарында Сталин мен Мао бірінші кездескеннен-ақ ашық-жарқын шүйіркелесіп кете алмағанын жазады. КСРО сыртқы істер министрі: «үлкен екіліктің» өзара қарым-қатынастарына шынайылық жетіспегендей көрінді,-деп баға береді [129, 216 б.]. Жалпы Мао Цзедунның орыс халқын жек көретіндігін, американдықтарға ерекше тамсаныспен қарайтындығын ең жақын жандарына

айтқанын кей зерттеушілер жазады [47, 332 б.]. Қос көсемнің арасындағы осынау сырт көзге көрінер-көрінбес ызғарсыз сызат Сталин қайтыс болған соң екі мемлекет арасындағы қарым-қатынастардың сууына алып келгеніне тарих дәлел.

1954 жылы ҚХР құрылуының бес жылдық мерей тойы қарсаңында КСРО-ның жаңа басшысы Н.С.Хрущев Қытайға ресми сапармен келеді. Осы сапар барысында Қытай мен Кеңес Одағы арасындағы қарым-қатынастарының болашағы нақтыланды десе де болады. Қытай Кеңес Одағы тарапынан жасалған бірқатар шараларға солай болуға тиіс заңды жағдай ретінде қатап, кейбір қисынсыз талаптар қойды. Нақтырақ айтқанда, кеңес әскерінің Қытайдың Солтүстік-Шығыс аймағынан келісімде көрсетілген мерзімінен бұрын шығарылғанын, Чаңчүн теміржолы уақытынан бұрын толықтай Қытай билігіне өтетіндігін, Шыңжан өлкесіндегі Қытай мен КСРО-ның бірлесіп іске қосқан компанияларындағы Кеңес Одағының үлесі Қытайға берілетіндігі айтылғанымен, Қытай тарапы солай болуға тиіс жағдай ретінде қабылдайды. Есесіне екіжақты келіссөздер барысында КСРО-дан Монғол Халық Республикасын Қытайға беру мәселесін көтереді [130, 50 б.].

Қытай сыртқы саясатына қатысты зерттеулерде 1956-1966 жылдар аралығындағы ҚХР сыртқы саяси ұстанымдары әр қилы бағаланады. 2009 жылы жарыққа шыққан «Қытай сыртқы саясатының 60 жылы» атты еңбекте бұл кезең «сыртқы саясаттың реттелу кезеңі» деп сипатталған [114, 22 б.]. Аталмыш еңбекте «Бір тарапқа шығу» қағидасы 1950 жылдардың ортасына қарай өз міндетін толықтай атқарып біткендігі жазылады. ҚХР осы кезеңде ішкі және сыртқы саясатында бір тарапқа басымдық бере отырып, өз көздеген мақсаттарының барлығының орындалуын қамтамасыз етті деп пайымдалады.

Алайда, Қытайдың сыртқы саясатына қатысты көптеген қытайлық еңбектерде бұл кезеңді жекпе-жек өнерінде қолданылатын «қос қолдап ұру» (两个拳头打人 *liang ge quan tou da ren*) терминімен сипаттайды. Яғни «екі тарапта ұрыс салу» дегенді білдіреді. КСРО бастаған социалистік жолды нақты таңдап, ҚХР құрылған алғашқы жылдары Кеңес Одағымен қоян-қолтық Корей соғысында «батыс басқыншыларымен» аянбай күрескен Қытай енді КСРО-ны да өзіне жау көре бастағанын аңғаруға болады. Американдық империализммен бірге кеңестік ревизионизммен күресті Қытай билігі өзіне парыз санады. Шын мәнінде Қытай өзін халықаралық қатынаста әрқашан өзіндік ұстанымы бар жеке-дара маңызды ойыншы санайтындығын байқауға болады. Оған бас-аяғы бес-алты жылға ғана созылған «кеңес-қытай одақтастығы» дәлел. Қытай социалистік әлемде өзін «кіші іні» ретінде ұстай алмайтындығын басынан бастап байқатқанын көреміз. Бес мың жылдық тарихы бар ұлы өркениет иесі болып табылатын Қытайдың өзгелермен «інілік» қатынаста бола алмайтындығы түсінікті [135].

Өткен ғасырдың алпысынша жылдарындағы Қытайдың сыртқы саясатындағы басымдықтардың өзгеруіне ХХ ғасырдың екінші жартысының алғашқы жылдары халықаралық қатынастарда орын алған құбылыстардың әсер еткенін атау керек. ХХ ғасырдың 50-жылдарында әлемнің түкпір-түкпірінде

тәуелсіздік үшін күрес, отаршылдық салдарын жою тәрізді жаңа үдерістер көптен орын ала бастаған болатын. Әсіресе, Азия, Африка және Латын Америкасы мемлекеттерінде аталмыш құбылыстар бірінен соң бірі қайталанған еді.

Тағы бірі атай кететін жайт, осы жылдары социалистік лагерь елдерінің де «ортақ рухына» нұқсан келтіретін бірқатар құбылыстар байқалған еді. Нақтырақ айтқанда, 1956 жылдың жазы мен күзінде Польша мен Венгрияда антисоветтік қозғалыстар болып өтті. Осы тәрізді құбылыстардың ҚХР-ның сыртқы саяси ұстанымдарының өзгеруіне тікелей әсер етті.

Мао Цзэдун дипломатиясының стратемидік сипатын айшықтайтын тағы бір сыртқы саяси тұжырымы ретінде «аралық кешен» (中间地带 *zhong jian di dai*) сыртқы саяси ойын атауға болды. Аталмыш сыртқы саяси пайымдағы «Аралық кешендер» деп отырғаны бірі – Азия, Африка және Латын Америкасы, екіншісі – Еуропа. ҚХР-ның қазіргі уақыттың өзінде сыртқы саяси стратегиясында нақты айтылатын, мемлекеттердің дербес даму жолдарын өздерінің таңдауына құрметпен қарау қағидасының негізі осы кезеңде қаланғанын атау керек. Яғни ҚХР билігі Азия, Африка және Латын Америкасындағы елдердің даму жолдарын өздері таңдауына қолдау көрсете отырып, бейбіт қатар өмір сүруге ұмтылатындығын байқатты. Қытайдың бұл әрекеті коммунистік идеяны экспорттауды өзінің сыртқы саясатында басымдық ретінде таңдаған Кеңес Одағына ұнамағандығы анық. Осы тектес жағдайлар әлеуеті зор екі ірі социалистік мемлекеттер болып табылатын КСРО мен ҚХР арасының сууына себеп болды. КСРО-мен «ағалы-інілі» қатынастағы ынтымақтастықтың Қытайдың сыртқы саяси ұстанымдарына сәйкес келмейтіндігін ҚХР жетекшілері ашық көрсетті. Бұдан былайғы Мао Цзедунның сыртқы саяси пайымдарында Қытайдың аталмыш пиғылы одан бетер нақтылана түсті.

Мао Цзэдун 1957 жылдың басында «үш күш» (三种力量 *san zhong li liang*) концепциясын ұсынды. Көсемнің пайымынша отаршылдықтан аяусыз езгі көрген Азия, Африка және Латын Америкасы елдері халықаралық қатынастарда «үшінші күш» болып қалыптасуы қажет. Яғни Қытай бұдан былай аталмыш елдердің тәуелсіздігі үшін күресін жан-жақты қолдай отырып, достық қарым-қатынастарды орнатуы тиіс. Кеңес Одағы сияқты идеологиялық ұстанымы бағыттас елдермен «өзара қарама-қайшылықтарды кеңесе отырып шешу» ұстанымын ұстанып, АҚШ-тан басқа капиталистік әлем елдерімен бейбіт қатар өмір сүру қағидасын басшылыққа алу қажет деп топшылаған еді.

Қытайдың үшінші әлеммен достық қарым-қатынастарды жетілдіруде басты мақсаты халықаралық қатынастарда Қытай көшбасшы болатын жаңа лагерді қалыптастыру болғаны жасырын емес. Батыс державалары мен КСРО-ны бұрынғы империалистік саясатты жалғастырушы күш ретінде қарап, ғасырлар бойы империализмнен езгі көрген әлемнің бұдан былай өз тағдырларын өздері шешуге құқылы деген ұстанымы үшінші әлем елдерінен үлкен қолдау тапты. ҚХР аталмыш аймақта жаңадан пайда болған

мемлекеттердің тәуелсіздігін бірден мойындап, тез арада олармен дипломатиялық қатынастар орнатып отырды [135].

Қытай халықаралық қатынастарда жаңадан пайда болған жас мемлекеттердің барлығымен тез арада тығыз қарым-қатынастар орната отырып, өзінің әлемдік сахнадағы орнын бекіте түсуді мақсат етті. ҚХР алғаш құрылған жылдары Қытаймен дипломатиялық қатынастар орнатқан мемлекеттердің саны саусақпен санарлық ғана еді. Оған себеп батыс әлемі елдері ҚХР ресми танымаған болатын. Қытаймен дипломатиясының кейіннен жүргізген сәтті әрекеттерінің арқасында Мао билігінің соңғы жылдарында ҚХР-мен дипломатиялық қатынастар орнатқан мемлекеттердің саны 110-ға жеткен болатын.

Қытайдың үшінші әлем елдеріне қатысты ұстанған ұтымды дипломатиялық стратегиясы ҚХР-ның халықаралық әмбебап ұйым БҰҰ-ндағы орны айқындалар тұста өз жемісін берді. Азия, Африка және Латын Америкасы елдері ҚХР-ның БҰҰ-дағы, соның ішінде БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесіндегі орнын иеленген тұста Қытай еліне үлкен қолдау көрсетті [114]. Қытай дипломатиясы ҚХР-ның БҰҰ ҚК-дегі өзінің орнын алуына жағдай жасап ғана қоймай, Тайваньнің БҰҰ-нан мүлде шығарылып тасталуына қол жеткізді. Бұл Мао дипломатиясының үлкен жемісі екенін мойындау керек.

Қытай мен Азия, Африка және Латын Америкасы мемлекеттері арасында Мао билігі тұсында орнаған қарым-қатынастары ел билігінде бес буын ауысса да күні бүгінге дейін аса жоғары деңгейде қалып отыр. Алғашқы жылдары идеологиялық ұстанымдар негізінде ынтымақтастық болып басталған қарым-қатынастар қазірде миллиардтаған доллар инвестиция мен сауда-саттық байланыстарына айналып отыр.

Өткен ғасырдың 60-жылдарының басы Қытай сыртқы саясаты үшін үлкен сын сағаты болғанын атап өту керек. Осы жылдары Қытай өзімен іргелес жатқан мемлекеттердің бірқатарларымен соғыс әрекеттеріне баруына тура келді. Кешегі күні идеологиялық тұрғыдан бір лагерьде болғанына қарамастан, шекаралық мәселелер бойынша КСРО-мен де күш сынасып көруіне тура келді. 1962 жылдың қазаны мен қарашасында Қытай мен Үндістан арасында шекара бойы соғыстары орын алды. Зерттеушілер аталмыш қақтығыстың басты себептері ретінде Үндістанның он төрт жасар Далай-ламаға өз елінде саяси баспана беруі мен Қытайдың екі ел арасындағы шекара сызығы әлі де ресми белгіленбеген даулы Ақсай-Чин өңірі арқылы жол салу құрылыс жұмыстарын жүргізуді көрсетеді. Алайда үнді-қытай шекара бойы қақтығыстарының Қытай сыртқы саясаты үшін ауыр салмағы көршілес екі мемлекет арасындағы қатынастардың қарулы қақтығысқа жетуі емес, Қытайдың халықаралық қатынастағы жағдайын біршама қиындатып жіберуінде болды.

Осы тұста Мао Цзедунның кезекті сыртқы саяси ойын ойнағанын көруге болады. Халықаралық қатынастарда, Қытайдың пайымынша, қалыптасып отырған оңтайлы сәтті орынды пайдаланып қалуға тырысты. Қытай билігі Зымырандар мәселесіне қатысты Кеңес Одағы мен АҚШ арасындағы туындаған Кариб дағдарысы тасасында үнді-қытай шекара дауын өз пайдасына

шешіп алуға ұмтылған Мао халықаралық қатынастарда қалыптасқан ауыр жағдайдың негізінде КСРО-ның қолдауына ие боламын деп күтті. Алайда Кариб дағдарысы халықаралық қатынастарды одан әрі ушықтырмай, аз уақыт ішінде бейбіт реттелген еді. Жағдайдың былайша өрбитінін Қытай билігі күтпесе керек. Күткендегідей Кеңес Одағының қолдауын таппаған соң, әрі АҚШ пен Ұлыбритания Үндістанға қару-жарақ жеткізе бастағаннан кейін ҚХР 1962 жылы 21 қарашада бір жақты оқ атуды тоқтатады. Мао сыртқы саясатының ерекшелігін зерттеуші қытайлық ғалым Jiang Liping: «бұл оқиғаның онсыз да біртіндеп нашарлап бара жатқан кеңес-қытай қатынастарына үлкен нұқсан келтірді. Қытай Кеңес Одағы тарапынан қолдаудың болмағанын сатқындыққа балады» - деп жазады [133, 87 б.].

Қытай-кеңес қатынастарының одан бетер шиеленісуіне әсер еткен тағы бір оқиға осы 1962 жылы орын алған еді. Бұл Қазақстан мен қазақ халқының тағдыры мен тарихына тікелей байланысы бар жағдай болды. 1962 жылдың сәуір-мамыр айларында ШҰАА-ның Кеңес Одағымен шекаралас өңірі Іле-қазақ автономды округынан әр түрлі ұлт өкілдері (қазақ, ұйғыр, татар, дүнген, өзбек) қазіргі Қазақстан территориясына өтті. Бұған бірқатар себептер әсер еткен еді. Қытай үкіметінің елдің батыс өңірін қытайландыру саясаты, яғни төте жазуды латын әрпіне көшіру, ішкі аймақтардан көшіріліп әкелінген ханьдықтардың мал өрістерін тарылтуы, сонымен қатар «Үлкен секіріс» кесірінен ашаршылық пен жоқшылыққа ұрынған өңірлердің қиын экономикалық жағдайы. Алайда бұл тұста Қазақстанға өткен қазақтардың көбісі кезінде Голощекин зобалаңы кесірінен Қытайға өтіп кеткен ҚазақССР азаматтары болатын. Ол кезде Қытай мен КСРО арасындағы шекара номинальды болғанын білеміз. ҚХР-ның орталық билігі аталмыш жағдайға Кеңес Одағы консульдық қызметкерлерін кінәласа, Мао Цзэдун бұған КСРО мемлекеттік қауіпсіздік органдары арнайы ұйымдастырған акция деп баға берді [135].

Қытай тарихының қаралы беттерінің бірі есепті жағдай осы ХХ ғасырдың 60-жылдарының ортасында орын алған еді. Онсыз да экономикалық солақай саясаттан қиыншылыққа душар болып отырған қытай халқын одан әрі меңдеткен «мәдени революция» саясаты осы жылдары өз қаһарына мінген болатын. «Мәдени революция» елдің тек ішкі саясатында ғана із қалдырып қойған жоқ, Қытайдың сыртқы саясатының да сипаты өзгергенін көреміз. Аталмыш кезеңдегі Қытай дипломатиясының басты ерекшелігі ретінде ел билігінің «бір сызық, бір алқап» (一条线一大片 *yi tiao xian yi da pian*) атты сыртқы саяси пайымды басшылыққа ала отырып, «қос қолдап ұру» саясатынан біртіндеп сыртқы саясатта «ортақ майдан» құруға ұмтылғандығын атауға болады. ҚХР дипломатиясының 60-жылдығына орай шығарған еңбегінде қытайлық ғалым Wang Yizhou: «бұл кезеңдегі қытай сыртқы саясатының «ультрасолшыл ұстанымы» басым алған кезең деп есептейді. Аталмыш кезеңнің бас кезінде Мао Цзэдун «кеңес ревизионизмі мен американдық империализмге» қарсы күресті Қытай сыртқы саясатының басты өзегі ретінде атады. «Мәдени революция» жылдарындағы Қытай Коммунистік Партиясының

алғашқы құжаттарында Қытай басшылығы «әлемдік революция дамуының жаңа дәуірі басталды» деп көрсетті [114, 35 б.].

Әлемдік саяси сахнадағы екі ірі социалистік мемлекет КСРО мен ҚХР арасындағы алғашқы соғыс отының тұтануы осы «Мәдени революция» жылдарына тап келді. Социалистік әлемнің даму пайымына қатысты екі мемлекет арасында қалыптасып отырған қарама-қайшылықтардың ашық соғысқа баруы халықаралық қатынастардың келбетін мүлде өзгертіп жіберуі ықтимал құбылыс екені анық. Алайда бұл қақтығыстарда кең ауқым алмайды. Оған екі тараптың да жағдайдың аса ушығуына дайын еместігі, әлі де болса батыстық құндылықтар алдында социалистік «ортақ рухтың» сақталып қалуына мүдделі екендігі себеп болса керек.

«Мәдени революция» ұрандарымен қаруланған қытай жастары Бейжінде орналасқан КСРО елшілігін торуылдап, елшілік қызметкерлеріне дауыс ұлғайтқыштардың көмегімен қыспақ көрсеуді әдетке айналдырады. Осылайша Қытай Кеңес Одағының ревизионистік пайымдарына нақты қарсылықтарын көрсетіп жатты. КСРО Қытайдағы өз елшілігі қызметкерлерінің қауіпсіздігіне алаңдап, олардың жанұя мүшелерін елден қайтырып алады. Қытайлық қауіпсіздік мекемелері елшілік қызметкерлерінің жеке қауіпсіздігіне кепілдік бере алмайтындығын ашық мәлімдеп, кеңес дипломаттарының өз міндеттерін атқару мүмкіндігінен айырған еді. Бұл жағдай шындығында да, екі ел арасындағы үлкен дипломатиялық дағдарыстың бастау алғанын көрсетті.

Оның үстіне 1968 жылы орын алған «Прага көктемі» оқиғасы Кеңес Одағының халықаралық қатынастардағы мәртебесіне нұқсан келтірді. КСРО-ның социалистік лагерь мемлекетінде болып жатқан жағдайды реттеу үшін елге кеңес әскерлерін енгізуі тек батыс әлемі тарапынанғана емес, Қытай тарапынан да сынға іліккен болатын. Мао Цзедун ресми Мәскеудің бұл әрекетін Қытайдың ішкі істеріне араласуы мүмкін екендігін дәлелі ретінде көрсетсе, премьер Чжоу Энлай «Кеңес Одағынан нені күтуге де болатынын, тіпті Қытайға қарсы соғыс ашуы мүмкін екендігін» ресми мәлімдейді [113, 92 б.].

Осы тұста Қытай жетекшілерінің Кеңес Одағы тәрізді халықаралық қатынастардағы қуатты мемлекеттерге қатысты өктем сөйлеп, өзінің сыртқы саяси ұстанымының табандылық танытуына мүмкіндік берген жағдайды атап өткен жөн. ҚХР 1967 жылы маусым айында алғаш рет сутегі бомбасын сәтті сынақтан өткізіп, ядролық қаруы бар елдердің қатарына қосылған болатын. Қару-жарақ сайысында қатардан қалмай, астам державалардың қатарына қосылуы қытайлық биліктің дипломатиялық стратегиясына «қатқылдық» сипат беруіне жағдай жасады.

Қытайдың сыртқы саясатының «қатаң күшке» басымдық беруінің көрінісі ретінде 1967 жылы тамыз-қыркүйек айларында үнді-қытай шекара бойында орын алған ірі қарулы қақтығыстар мен 1969 жылды қытай-кеңес шекара әскерлерінің ұрысын атауға болады. Қытай мен КСРО арасындағы алғашқы қарулы қақтығыстар 1969 жылдың наурызында Қиыр Шығыста орналасқан екі елдің шекара бойында Даман аралында орын алды. Аталмыш жанжалдың басталуын ешқайсысы мойнына алғысы келмеді. Соғыс әрекеттерінің

басталуына екі тарап бір-бірін кінәлаумен болды. Дегенмен, уақыт өте келе кейбір қытай тарихшылары бұл әскери оқиғаның орын алуына Қытай тарапы себепші болғандығын мойындайды.

КСРО мен ҚХР арасындағы келесі қарулы қақтығыс сол жылдың тамыз айында еліміздің іргесінде орын алды. Қазақ тарихында Жалаңашкөл қақтығысы деген атпен белгілі кеңес-қытай шекара әскерлерінің қарулы шайқасы екі тараптың әскери әлеуетін нақтылап берді десе де болады. Өткені осы оқиғалардан кейін Қытай тарапы өзінің сыртқы саясатында КСРО-мен қарулы ойын ойнауын тоқтатады. Қытай басшылығы ядролық қаруға қол жеткізгенімен, ұзақ мерзімді ұрыс салуға елдің әскери әлует әлі де жеткіліксіз екенін сойындағанға ұқсайды. Алайда қытай билігінің бірінші буыны жетекшілерінің елдің сыртқы саясатындағы аумалы-төкпелі ұстанымдары жалпы халықаралық қатынастарда үлкен өзгеріске алып келгенін мойындаған жөн.

Қытай-кеңес қарым-қатынастарының ашық қарулы қақтығысқа ұласуы Батыс әлемінің ҚХР-на қатысты ұстанымының күрт өзгеруіне әкелді. 1969 жылдың қарашасында АҚШ Тайвань бұғазын патрульдеуді тоқтататындығын ресми жариялайды. Кейіннен 1970 жылдың 8 қаңтарында Варшавадағы АҚШ елшілігінде елшілер деңгейіндегі АҚШ пен ҚХР арасындағы келіссөздер өтеді. Нәтижесінде АҚШ мемлекеттік департаменті қытайлық кейбір тауар түрлерінің Америкаға экспортталуына рұқсат береді. Өз кезегінде ҚХР төрағасы Мао Цзэдун американдық журналист Э.Сноуға АҚШ президенті Р.Никсонмен жолығуға дайын екендігін мәлімдейді.

1971 жылы наурызда американдықтардың Қытайға баруына рұқсат берілсе, 14 сәуірде ҚХР-на қойылған сауда эмбаргосы алынып тасталды. Сонымен қатар, АҚШ үкіметі ҚХР-ның Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты мүшесі ретінде БҰҰ-ндағы құқығын қалпына келтіруге қарсы емес екенін білдіреді. Тек Бас Ассамблеяда Тайваньның орны сақталып қалуын шарт етіп қояды. Алайда 1971 жылы 25 қазанда БҰҰ Бас Ассамблеясының басым даусымен Тайваньды БҰҰ-нан шығара отырып, ҚХР-ның БҰҰ-дағы құқығы толық қалпына келтіріледі. Бұл Мао Цзэдунның үшінші әлемге қатысты ұстанған «үш күш» саясатының жемісі екені анық. Сондай-ақ 1971 жылы Г.Киссинджердің Пекинге жасаған екі құпия сапары нәтижесінде 1972 жылдың ақпанында АҚШ президенті Р.Никсонның Қытайға ресми сапары орын алып, екі мемлекет арасында жоғары деңгейлі қарым-қатынастар орнады [135].

Қытайдың сыртқы саясатына қатысты зерттеулерде Мао Цзэдунның тұлғасына әр қилы баға берілетіні белгілі. Жалпы қытай халқының күн көсемі есепті Маоны тоталитарлық жүйенің жақтаушысы, сыртқы саясатта авантюристік әрекеттерге барған және елін нәубеттерге душар еткен жағымсыз тұлға ретінде көрсетеді. Алайда Мао сыртқы саясатының стратемикалық ерекшеліктерінің ізі бүгінгі Қытайдың әлемдік қауымдастықта лайықты орын табуында да жатқандығын көптеген зерттеулерде айтылмайды. Шыныменде, Мао ел экономикасы мен халық тағдырына орасан зор қасірет әкелген «Үлкен секіріс», «мәдени революция» сияқты авантюристік саясаттарды жүргізгені

анық. Алайда өзінің сыртқы саяси ұстанымдарында халықаралық қатынастардағы жағдайды Қытай мүддесі үшін оңтайлы пайдалануға әрқашан ұмтылып отырғанын байқауға болады.

Мао билік еткен ширек ғасырлық уақыттағы қытай сыртқы саясатын «бір тарапқа шығу», «қос қолдап ұру», «бір сызық, бір алқап» деп үш кезеңге бөлер болсақ, әр сыртқы саяси концепция сол кездегі халықаралық жағдай талаптарына жауап бергендігін, кейде ойын ережесін өзі өзгерткендігін байқаймыз. ҚХР құрылған алғашқы жылдары «социалистік әлем жағына шыға» отырып КСРО-ның көмегімен ел іргесін бекітіп, қорғаныс саласын күшейтіп алса, 1960 жылдары КСРО-дан біртіндеп алшақтап, екі әлемнің арасында саяси ойын ойнады. Үшінші әлем саясаты арқасында биполярлық әлемдік құрылымға өзгеріс енгізе отырып, Қытайды алдымен аймақтық державаға айналдырса, артынан Қытайдың біртіндеп «тәуелсіз әрі дербес» жаһандық полюске айналуына жол бастады. 1960 жылдардың соңын ала үнді-қытай, кеңес-қытай шекара бойы қарулы қақтығыстары сияқты шығыны аз шиеленістерді ұтымды пайдалана отырып, ешқандай саяси-идеологиялық ұстанымдарын өзгертпей-ақ АҚШ бастаған Батыс әлемімен тең құқылы қарым-қатынастар орнатты. Осылайша Мао Цзэдун өмірінің соңына қарай Батыспен тең деңгейлі қарым-қатынастар орнатып кетпегенде 1978 жылы Дэн Сяопин «есікті бірден ашып жібере» алар ма еді. Егер Мао Цзэдун билігінің соңына дейін сыртқы саясатта «бір тарапқа шығу» тұжырымын ұстанып қалғанда Қытай 1990-жылдары КСРО-мен бірге құлар ма еді. Ондай жағдайда бүгінгі халықаралық қатынастардың қандай боларын елестетудің өзі қиын. Қытай билігінің бірінші буыны жетекшілерінің елдің дипломатиялық стратегиясының басты қаруы ретінде қалыптастырған «бейбіт қатар өмір сүрудің бес қағидасы» бүгінгі Қытайдың сыртқы саясатының да «темір қазығы» ретінде сақталып отыр. Жаңа Қытайдың атасы есепті Дэн Сяопин реформалары да Қытайдың дипломатиялық стратегиясына түбегейлі өзгерістер енгізбеді. Керісінше бірінші буын билеушілерінің сыртқы саяси пайымдарын толықтыра отыра, болашақ ел жетекшілерінің табысты қызмет етуіне қолайлы жағдай жасар сыртқы саясатқа қатысты жаңаша стратегиясын ұсынды. Бүгінгі Қытайдың сыртқы саясатындағы басты қағидалардың іргесі ҚХР құрылғаннан кейінгі алғашқы жылдары қаланғанын есептесек, қытайлық жетекшілерінің сыртқы саяси ұстанымдарында дәстүрлі сабақтастық қағидасының қатаң сақталып келе жатқандығын көреміз. Демек қазіргі заманғы Қытай дипломатиясының стратегиясын зерделеуде әлемдік тәртіптің өзгерген тұсынан бастамай, бірінші буын жетекшілері сыртқы саясатының стратегиямді пайымдарын терең зерттеу қажет екенін ескерген дұрыс.

1.2 Әлемдік тәртіп өзгерген тұстағы Қытай дипломатиясы

XX ғасырдың соңғы он жылдығында халықаралық қатынастарда көптеген күрделі өзгерістер орын алды. Қоскіндікті әлемдік тәртіп жойылып, кезінде екі лагерь құрамында болған мемлекеттер өзінің болашақ даму жолдарын таңдап жатты. Сондай-ақ әлемдік саяси картада жаңадан тәуелсіз мемлекеттер пайда

болып, халықаралық және аймақтық деңгейде жаңа ойыншылар қатары көбейе түсті. Аталмыш өзгерістердің ішінде ең ірісі КСРО-ның ыдырауы екені сөзсіз. Кеңес Одағының әлемдік саяси сахнадан жойылуы КСРО құрамында болған мемлекеттер үшін ғана емес, жалпы әлемдік тәртіп үшін үлкен сын болды. Үйреншікті Батыс пен Шығыс арасындағы теке-тірестің күн тәртібінен жойылуы халықаралық қатынастар қатысушыларының ішкі-сыртқы саяси ұстанымдарын қайта қарауға мәжбүрледі.

Халықаралық қатынастарда жаңадан қалыптасқан жағдайдың теориялық сипатының да айқындалмағанын байқаймыз. Қоскіндікті жүйенің екеуара күресі барысында басым түскен батыстық либералды құндылықтар алдағы әлемдік тәртіптің бірден-бір айқындаушы құралы ретінде танылып жатты. Американдық саясаттанушы әрі экономист Ф.Фукуяма «Бұл – Батыстың жеңісі! Батыс либерализміне балама болып келген идеяның өзінің өміршеңдігін дәлелдей алмай, толыққанды тарих сахынасынан кетуі батыс идеясының жеңісі болып табылады. ... Қазіргі таңда қалыптасып отырған жағдай бұл тек қырғи-қабақ соғыстың соңы ғана емес, жалпы әлемдік тарихтың үлкен бір кезеңінің ақыры. Адамзат баласының идеологиялық эволюциясының соңғы нүктесі. Батыстық либералды демократияның жалпылануы (universalism) адамзат қоғамын басқарудың соңғы формасы болып табылады», - деп пайым жасаған еді [66]. Алайда батыстық құндылық жеңісінің ұзаққа бармайтынын болжаушылар да аз болған жоқ. Жаһанның бірполярлы болуына күмәнмен қараушылар қос лагердің тек бірі ғана жойылып қоймағанын, оның орнына көптеген жекелеген мемлекеттер мен бірлестіктердің пайда болғандығын алға тартты. Жаңадан пайда болған халықаралық қатынастар қатысушыларының барлығы өздерінің даму жолына батыстық либералды құндылықты бірден-бір басымдық етіп таңдайтынына сенім білдірген жоқ.

Танымал американдық саясаттанушы Самюэль Хантингтон коммунизм қаупі сейілгенімен, оның орнын басатын жаңа идеологияның пайда болуын жоққа шығармайды. Ғалым өзінің өркениеттердің этномәдени бөлінуі туралы концепциясында болашақ халықаралық қатынастардың барысын ірі саяси-идеологиялық блоктар арасындағы емес, этномәдени бірлестіктер мен өркениеттік құндылықтар арасындағы қақтығыстар айқындайтынын жазды. Басты қақтығыстар ислам әлемі мен либералды құндылықтарды арқау еткен батыс өркениеті арасында болады деп танылды [136]. Хантингтонның концепциясы XX ғасырдың соңғы жылдарында тек академиялық ортаның басты талқылау тақырыбына ғана арқау болып қалған жоқ, әлем елдерінің барлығының дерлік ішкі-сыртқы саяси ұстанымдарына тікелей әсер етті.

XX ғасырдың 90-жылдарындағы халықаралық жағдай әлемнің ірілі-ұсақ мемлекеттерінің барлығын өздерінің сыртқы саяси концепцияларын заманауи жаңа талаптарға сай жасақтауға мәжбүр етті. Халықаралық қатынастарда жаңадан пайда болған мемлекеттер өздерінің геосаяси орналасуы мен ескі халықаралық жүйе енші етіп қалдырған ішкі-сыртқы саясаттағы өзекті мәселелерімен санаса отырып даму стратегиясы мен сыртқы саяси ұстанымдарын айқындаса, жаңа әлемнің жаңа орталықтарына айналған ірі

мемлекеттер болашақ халықаралық тәртіпті өздерінің ұлттық даму жолына қолайлы етіп қалыптастыруға ұмтылды.

Билік тұтқасы екінші буыннан үшінші буынға біртіндеп өтіп жатқан Қытай Халық Республикасы сыртқы саясатының да жаңадан қалыптасқан әлемдік тәртіпке бірден жауабы дайын болмағанын байқаймыз. Бұл жылдары Қытай билігі елдің сыртқы саясатының алдында тұрған екі ірі сұрақты жақсы түсінді. Біріншіден, Маоның «үшінші әлем» теориясы мен Дэн Сяопиннің ашық есік қағидасына негізделген «қытайлық ерекшелікке ие социализмі» Қытайдың кеңестік социализмнен өзгеше жолда дамיתындығын көрсеткенімен, батыс алдында Қытай «қызыл идеологияның» жақтаушысы болып танылатын. КСРО құлаған соң қытайлық билік бұдан былай Батыс өзінің сыртқы саясаттағы басты жауы ретінде Қытайды таңдайды деген үрейде болғаны анық. 1989 жылы Тяньаньмэн алаңында орын алған оқиғаға қатысты батыс елдерінің ұстанымдары мен ашық сыни пікірлері Қытай билігінің аландаушылығына негіз болды [137]. Батыстық либералды құндылықтардың баламасы болып табылатын коммунистік идеологияның басты тірегі Кеңес Одағы тарих сахнасынан жойылғанымен, коммунистік партия жетекшілік етіп отырған Қытай сияқты мемлекеттің халықаралық қатынастардың белсенді қатысушысы ретінде қала беруі батыстық либерализмнің өзін толыққанды жеңімпаз ретінде сезінуге мүмкіндік бере ме деген сұрақтың Қытай билігін мазалауы заңдылық. Батыс әлемі коммунизм елесінен толықтай арылуды мақсат етсе бұдан былай Қытай жаппай оқшаулауға тап болмай ма деген үрейдің болуы орынды еді.

Екіншіден, қоскіндікті әлемдік тәртіптің бір басында тұрған КСРО-ның құлауы көп жылдар үшінші әлемнің көшбасшылығына ұмтылып келген ҚХР-на жаңадан қалыптасып отырған халықаралық қатынастарда жаңа жаһандық орталыққа айналуға үлкен мүмкіндік берді. Алайда оның аса үлкен жауапкершілік екенін Қытай билігі жақсы түсінді. Қарқынды экономикалық даму жолын жаңадан бастаған Қытайға жаһандық деңгейдегі аса ауыр жүкті алып жүру уақытынан бұрын келген үлкен жауапкершілік болар еді. Қытай мұндай әлемдік деңгейдегі ірі ойындарға белсене қатысуға әлі дайын емес болатын. Сол себептен де, Қытай билігіне қалыптасқан жағдайдан ел үшін ең тиімді жолды таңдау керек болды.

XX ғасырдың 90-жылдары Қытай сыртқы саяси ұстанымын «бастамашыл» емес, негізінен «жауап қату» сипатында қалыптастырды. Дэн Сяопиннің 24 иероглифтік стратегиясы осы жылдардағы ҚХР сыртқы саясатына негіз болды. «Салқынқандылықпен бақылау, байсалдылықпен жауап қату, айтқаныңда нық тұру, өз мүмкіндіктеріңді жасыра отырып оңтайлы сәтті күту, ешқашан көшбасшылықты өзіңе алмау, әрқашан бірдеңе жасауға дайын болу» деп келетін Дэн Сяопин стратегиясы халықаралық қатынастарда қалыптасып отырған жағдай талаптарына толықтай жауап беріп, елдің алаңсыз даму жолын қамтамасыз ететін бейбіт дипломатияға арқау болғанын көреміз. ҚХР Мемлекеттік Кеңес Сыртқы істер кеңсесінің және Сыртқы істер бойынша Орталық жетекші топтың Орталық кеңсесінің директоры Лю Хуачю «бүгінгі таңда қалыптасып отырған халықаралық саяси және экономикалық жағдайдың

кешенді сұрақтарына Дэн Сяопин ұсынған 24 иероглифтік стратегия толыққанды жауап береді» деп пайымдаған еді [138]. Ал американдық зерттеушілер бұл жылдардағы Қытайдың сыртқы саяси ұстанымын басты екі тезис негізінде қарастырады. Олардың пайымынша, 90-жылдардағы Қытайдың сыртқы саясатының өзегі ретінде «қатерден қаша отырып пайданы іздеу» (*趋利避害 quli bihai*) деп келетін көне қытай мәтелін қарастыру керек [139]. Шындығында, аталмыш ұстанымдар мен басымдықтар 1990 жылдардың орта тұсына дейін Қытайдың халықаралық қатынастардағы қимыл-әрекеттерін айқындап отырды. Тек АҚШ-тың 90-жылдардың екінші жартысында өзінің сыртқы саясаттағы басымдығын Шығыс Еуропада мен Таяу Шығыс өңірлеріндегі қалыптасқан шиеленісті мәселелерге беруі себепті, бірқатар қытайлық сарапшылар АҚШ Азия-Тынық мұхиты аймағындағы бірден-бір көшбасшы болуға ұмтылысын азайтты деп пайымдай келе, Қытай дипломатиясының кеңінен жұмыс жасауына мүмкіндік туғанын [140] жазған еді. Алайда ресми Пекин бірден белсенділік танытқан жоқ. Бұдан Қытайдың халықаралық қатынастарда әлемнің қай өңірінде болсын АҚШ-пен тікелей бәсекелестікке түсуге құлықты болмағанын байқаймыз. Егерде қоскіндікті жүйе ыдыраған тұста Қытайды сыртқы саясатта ең үлкен алаңдатқан мәселе Тяньаньмэн оқиғасынан кейін халықаралық қауымдастық тарапынан оқшаулауға түсіп қалмау болған болса, 90-жылдардың ортасына қарай Қытай бұл қауіптенуінің бұдан былай маңызды емес екеніне көзі жетті. Осы кезден бастап Қытай дипломатиясы «қатерден қашуын» азайтып, сыртқы саясатта «орташа деңгейлі» белсенділікке көшеді.

Қытай дипломатиясы шекаралас аймақтардағы антиқытайлық көңіл-күйді жоя отырып, «татукөршілік белдеу» құру мақсатында біршама белсенді әрекеттер жасады. Оңтүстік-Шығыс Азия мемлекеттері ассоциациясымен (АСЕАН) қарым-қатынастарын одан бетер жақсартумен қатар, КСРО-ның ыдырауы нәтижесінде пайда болған жаңа көрші елдермен терең ынтымақтастық орнатуды көздеді. Әсіресе Кеңес Одағы құлаған соң өз тәуелсіздіктерін алған Орталық Азия мемлекеттерімен татукөршілік қағидасына негізделген терең ынтымақтастықты байланыстар орнату Қытайдың елдің батыс жағындағы сыртқы саяси ұстанымдарының басым бағыты болғанын атау керек. Өткен ғасырдың алпысыншы жылдары суып кеткен совет-қытай қатынастарын «қайта құру» жылдары М.Горбачев қалпына келтіруге әрекет еткенімен, Кеңес Одағының соңғы күндеріне дейін толықтай жүзеге асыра алмаған еді. Қытай сол салқындықтың ызғары жаңадан пайда болған мемлекеттердің Қытайға қатысты саяси ұстанымдарына әсер етпеуі үшін олармен теңқұқылы, достық және татукөршілік принциптеріне негізделген әріптестік қарым-қатынастар орнатуды мықтап қолға алды. Сонымен қатар, қоскіндікті жүйе ыдырасымен халықаралық қатынастарға жаңадан қосылған қатысушылардың Қытайдың біртұтастығына қатысты ұлттық мүддесінің өзекті мәселесі болып табылатын Тайваньмен және әлі де Қытай құрамына берілмеген Сяньган және Аомыньмен екі жақты қарым-қатынастар орнатуына жол бермеу де күн тәртібіндегі маңызды сұрақ болатын. Қытай осы мәселелерді оңтайлы

шешу үшін аймақ елдерімен екі жақты форматта және аймақтық, сондай-ақ жаһандық көпжақты институттар шеңберінде дипломатиялық белсенділік танытты. Бастысы Пекин шекаралас аймақтарды «буфер» құрмай, нақты «байланыс белдеуін» құра білді.

Қоскіндікті жүйе құлағаннан кейінгі алғашқы бірнеше жылдары халықаралық қауымдастықта болашақ әлемдік тәртіп туралы нақты ұстанымдар болмағаны анық. 90-жылдардың екінші жартысынан бастап «көпполярлы әлем» (多极化 duojihua) концепциясы кеңінен талқылана бастады. Осы кезеңде қытай билігінің де аталмыш концепцияға қызығушылығының артқанын байқаймыз. Пекин «көпполярлы әлем» концепциясының өміршеңдігіне күмәнмен қарағанымен, оның Қытайдың дипломатиялық жалғыздық сезімінен арылуына оң ықпал ететіні қызықтырды. Деседе, Қытайдың ресми билігі «көпполярлықты» саяси шындық ретінде қабылдамады. ҚХР сыртқы істер министрі Чиян Чичэн: «Әлем әлі де болса өтпелі кезеңде. Жаңа әлемдік тәртіп моделі толық қалыптасып үлгерген жоқ. Алайда бір супердержава мен бірнеше ұлы державалар арасындағы өзара тәуелділік пен күреске негізделген халықаралық қатынастар құрылымының жалпы сұлбасы қалыптасып келеді. Бұл көпполярлыққа апаратын халықаралық жүйе эволюциясының бастапқы кезеңі», - деп жазған еді [141].

Батыстық сарапшылар көпполярлық доктринасын Қытай осы уақытқа дейін қалыптасқан әлемдік күштердің өзара ара қатынасын өзгерту үшін ұтымды пайдалануы мүмкін деп пайымдаса, қытайлық сарапшылар еңбегінде аталмыш доктринаға әлемдік саяси тәртіптің болашақ ықтымал құрылымы ретінде нормативті-дескрипті тұрғыда сипатталады. Гарвард университетінің профессоры Аластейр Иан Джонсон: «Көпполярлық туралы дискурс қытай билігінің саяси шешіміне әсер етер-етпесі әлі де айқын болмай отыр. Қытай өзінің сыртқы саяси ұстанымына көпполярлық доктринасын басшылыққа алар болса, ол қытай дипломатиясының ерікті таңдауы бола ма, әлде тарихтан Қытай билігіне енші болып қалған құрбандық психологиясының кезекті бір көрінісі ме?»,- деп жазады [142].

Негізінен батыс сарапшылары көпполярлық әлемдік тәртіп ең алдымен Қытайға тиімді деп пайымдады. Бірнеше ғасыр халықаралық қатынастардан тыс қалып, оқшау өмір сүрген Қытай үлкен халықаралық құбылыстар орын алған XX ғасырда да халықаралық қауымдастықтың белсенді мүшесіне айнала алмай, тарихтан енші болып қалған «құрбандық психологиясының» кесірінен дипломатиялық жалғыздық сезімінде болып келген еді. Жаңадан қалыптасып отырған халықаралық тәртіп Қытайдың сол бір «тарих құрбаны психологиясынан» арылып, болашақта халықаралық оқшаулауға түсу үрейінен толықтай айығуға себеп болды. Ресми Пекин көпполярлы әлемдік тәртіп орнаса халықаралық қатынастарда үстемдік ететін көп жақты институттарға мүше мемлекеттердің ұжымдық шешіміне бағыну, оқшаулауға түсіп, халықаралық шешім қабылдау үдерісінен мүлде тыс қалуға қарағанда ұтымды деп пайымдады. Сол себептен де, осы жылдары Қытай көптеген халықаралық институттарға қосылған болатын.

1991-1996 жылдары ҚХР Ядролық қаруларды таратпау туралы келісімге, Зымыран технологияларын бақылау тәртібіне, Химиялық қаруларға тыйым салу конвенциясына және Ядролық сынақтарға жаппай тыйым салу туралы келісімге қосылды. Қытай осылайша халықаралық институттар талабына бейімделе отырып, халықаралық қауымдастық алдында әлем болашағына алаңды, адамзат баласының бейбіт даму жолында үлкен жауапкершілік арқалауға дайын мемлекет ретінде елдің жағымды бейнесін қалыптастыруға тырысты.

Сонымен қатар ҚХР 1991 жылы Азия-Тынық мұхиты экономикалық ынтымақтастығы форумына (АРЭС) енді. 1993 жылы АСЕАН елдері мен Қытай қауіпсіздік мәселелері бойынша АСЕАН аймақтық форумы (ASEAN Regional Forum) аясында өңірлік қауіпсіздік мәселелерін бірлесе талқылауды бастады. Осы уақыттары Қытай билігі Оңтүстік-Шығыс Азия мемлекеттерімен Оңтүстік Қытай теңізіндегі территориялық даулы мәселелерге қатысты бірқатар ілгерлеушілікке қол жеткізді. Ресми Пекин аймақ елдеріне күрделі территориялық дауларды шешуді кейінге қалдыра отырып, даулы территориялардағы кен орындарын белгілі бір мерзімге бірлесе игеруді ұсынды. Қытай басшылығы аталмыш мақсатқа жетуде «келіспеушілікті кейінге қалдыра отырып, бірлесе игеру» (搁置争议, 共同开发 Gezhi zhengyi, gongtong kaifa) қағидасын ұстанды. Алайда кейбір қытайлық зерттеушілер Қытай тарапынан жүргізілген бұл саясатты «мақсат емес, стратагема» деп бағалаған дұрыс деп жазады [143]. Кейінгі жылдары Оңтүстік Қытай теңізіндегі аралдарға қатысты мәселелердің қайта-қайта күн тәртібіне шығуы аталмыш саясаттың уақыт ұту мақсатында жүргізілген әккі қытайлық стратагема болғанын дәлелдейді.

Осы жылдардағы Қытайдың Шығыс Азия аймағындағы «татукөршілік белдеуін» құруға қатысты дипломатиясының одан әрі тереңдей түсуіне кері әсер еткен оқиғаны атап өткен дұрыс. 1995-1996 жылдардағы Тайвань төңірегіндегі мәселенің ушығуы АҚШ пен Қытай арасындағы дипломатиялық теке-тіреске себеп болды. 1995 жылы шілдеде Тайваньның жетекшісі Ли Дэнхуэй АҚШ-қа сапармен барған еді. Қытай билігі Тайвань АҚШ-тың қолдауымен өзінің тәуелсіздігін ресми түрде жариялауы мүмкін деген күдікпен, Қытай тарапынан қарсылық акциясы ретінде Тайвань бұғазында кең ауқымды әскери жаттығулар жүргізеді. Баллистикалық зымырандарды ату сияқты стратегиялық қару-жарақтарды қоса жүргізілген әскери жаттығуға жауап ретінде 1996 жылы наурызда АҚШ Тайвань бұғазы бағытына әскери ұшақ тасымалдаушы кемелер тобын жөнелткен болатын. Алайда американдық әскери кемелер Тайвань бұғазына енбеді. Бұнымен АҚШ-тың мәселені одан әрі шиеленістіргісі келмейтіндігін, алайда Азия-Тынық мұхиты аймағынандағы мүдделері бұрынғы қалпында екендігін байқатқанын көреміз. Ал Қытай тарабы бұны елдің кішігірім жеңісі ретінде бағалағанын байқаймыз. Оған ҚХР сыртқы істер министрі Чиян Чичэннің: «Қытай бұдан былай АҚШ-ның Шығыс Азиядағы әскери күшін аймақтағы бейбітшілік пен тұрақтылықты қамтамасыз ететін бірден-бір күш ретінде санамайды», - деген сөзі дәлел [144]. Қытай

сыртқы істер министрінің бұл мәлімдемесі батыс зерттеушілері арасындағы көпполярлы әлем концепциясын талқылауда жаңа серпіліс берді.

Қытай билігінің үшінші буыны сыртқы саясатын сөз еткенде екінші буын сыртқы саяси ұстанымдарын терең түсіну аса маңызды. Себебі Қытай билігінің екінші буыннан ел тізгіні үшінші буынға ұзақ мерзімде өткен болатын. Цзян Цземинь ҚКП ОК бас хатшылығына 1989 жылы сайланғанымен, жаңа Қытайдың атасы есепті Дэн Сяопин 1997 жылы қайтыс болғанға дейін елдің ішкі-сыртқы саяси шешім қабылдау үдерістеріне тікелей әсер етіп отырды. Сол себептен де қытай билігінің екінші буынының билігі шарты түрде 90-жылдардың екінші жартысына дейін жалғасты деп есептеледі. Қытайдағы осы екі буын арасындағы созылмалы билік алмасуының ҚХР-ның сыртқы саясаты үшін ұтымды болғанын атап өту керек. Әсіресе қытай-американ қатынастарын аса ушықтырмай, халықаралық оқшаулауға түсу мүмкіндігін жоққа шығара отырып, бейбіт дамуға жол ашқандығы.

Жоғарыда атап өткеніміздей, 90-жылдардың алғашқы кезеңіндегі Қытайды сыртқы саясатта аса алаңдатқан мәселе Тяньаньмэн оқиғасынан кейін халықаралық қауымдастық тарапынан дипломатиялық оқшаулауға түсу ықтималдығы еді. Осы сұрақ Қытай билігінің алмасуына тікелей әсер еткен болатын. Тяньаньмэн алаңындағы студенттердің толқуына байланысты сол кездегі ҚКП ОК бас хатшысы Чжао Цзыян студенттерді қолдағаны үшін орнынан алынып, үй қамаққа отырғызылғаннан кейін оның орнына лайықты адам қою қытай билігінің екінші буыны алдындағы басты тапсырма болды. Дәл сол уақытта ҚКП ОК бас хатшысы болу мүмкіндігі сол кездегі 61 жастағы ел премьері Ли Пэнде жоғары еді. Себебі 1987 жылы бас хатшы Ху Яобан елде белең алған толқыныстарға қатысы бар деген күдікпен қызметінен босатылғанда Чжао Цзыян премьерліктен ҚКП ОК бас хатшылығына сайланған еді. Ал оның орнына премьерлікке Ли Пэн тағайындалған болатын. Алайда Ли Пэн Тяньаньмэн алаңындағы студенттер толқуын әскер күшімен қатаң басып-жаншуды қолдауы себепті бас хатшылыққа сайлану мүмкін болмады. Егер Ли Пэн елдегі ең жоғары лауазым ҚКП ОК бас хатшылығына сайланған жағдайда мемлекет ішіндегі саяси шиеленістердің одан бетер күшейіп кетуі ықтимал еді. Сол себептен де Қытай басшылығына елдің ішіндегі саяси топтар мен Қытайдағы адам құқығы мен сөз бостандығына «алаңдаушы» шет мемлекеттердің талабына сай тұлғаның келуі маңызды болды. Осы себепті Дэн Сяопиннің таңдауы Цзян Цземиньге түскен еді. Цзян Цземинь мен Ли Пэннің өзара ұқсастықтары көп болатын. Жастары да шамалас, Цзян Цземинь 1926 жылдың 17 тамызында туған болса, Ли Пэннің туған күні 1928 жылдың 20 қазаны. Ли Пэн Қытай коммунистік партиясы құрамына 1945 жылы енген болса, Цзян Цземинь партияға 1946 жылдан бері мүше. Екеуі де КСРО-да білім алған. ҚКП ОК-не екеуі де 1982 жылы мүшелікке сайланса, 1987 жылдан екеуі де ҚКП ОК Политбюросының мүшесі. Сонымен қатар, екі тұлға да Дэн Сяопин бастаған реформаның нақты жақтаушылары. Алайда Ли Пэн Тяньаньмэн оқиғасына қатысты қатаң ұстанымы үшін адам құқығы бойынша халықаралық ұйымдар тарапынан «Пекиндік қасапшы» деген «атаққа» ие болса, Цзян

Цземинь 1986 жылы Шаңхайда орын алған студенттер толқуын қарулы күштің көмегінсіз тоқтатқаны үшін Қытай билігінің сақа өкілдерінің алдында беделі артқан еді. Сол себептен де ел тізгіні Цзян Цземиньнің қолына берілді.

Бұл тұста Дэн Сяопин таңдауының Цзян Цземиньге түсуіне тек ғана оның шиеленісті жағдайды ушықтырмай оңтайлы шеше білу қасиеті себеп болмағанын атау керек. XX ғасырдың 80-жылдары Қытай билігінің аға буыны арасында ашықтық реформасының барысына қатысты келіспеушіліктер көптеп кездесетін. Консерваторлық пиғылдағы топтар нарықтық экономиканың ұтымды тұстарын мейілінше пайдалана отырып, ел ішіндегі саяси-экономикалық үдерісті үкіметтің қатаң бақылауында ұстау керек деп пайымдайтын. Елдің билеушілері арасындағы ең беделді консерватор Чэнь Юнь: «социалистік рухтағы өркениетті» одан әрі дамыту қажет екендігін айта келе, елде белең ала бастаған вестернизация мен қоғамның қалыптасқан моралдық ұстанымдарының төмендеуіне реформалық саясаттың шектен тыс еркіндік берілуінде», -деп бағалады [145]. Осыған қарамастан, Чэнь Юнь Тяньаньмэндағы студенттер толқынысын әскер күшімен қатаң басып-жаншудың қажеттілігіне күмән келтінген еді. Қытай тарихында аты Мао Цзэдун, Чжоу Эньлай, Лю Шаоци, Чжу Дэ сияқты ұлы тұлғалармен қатар аталатын Чэнь Юнь мен оның жақтастары үшін Цзян Цземинь «компромистік тұлға» болатын.

Ал халықаралық қатынастарда Цзян Цземинь жаңа әрі елдегі студенттік толқулар мәселелерін шешуде қолын қанға малмаған тұлға еді. Сонымен қатар, көптеген батыстық сарапшылар Цзян Цземиьді бас хатшылық қызметті уақытша атқарушы тұлға ретінде санады. Алайда дәл осы Цзян Цземинь тұсында Қытай билігінің басты тетіктері бір адамның қолына жинақталған еді. Атап айтқанда, ҚКП ОК бас хатшылығы, ҚХР төрағалығы, ҚКП ОК Әскери кеңесінің төрағалығы және ҚХР Орталық әскери кеңесінің төрағалығын бір тұлғаның қолына берілетін болды. 1982 жылы қабылданған ҚХР-ның жаңа Конституциясы бойынша ҚХР-ның төрағасы лауазымы қайта қалпына келтірілгенімен, 1993 жылы Цзян Цземинь аталмыш лауазымға сайланғанға дейін ҚХР төрағаларының елдің ішкі-сыртқы саяси шешім қабылдау үдерістеріне айтарлықтай ықпал ете алмайтын. Елдегі билік тек ҚКП ОК Орталық әскери кеңесінің төрағасы Дэн Сяопиннің қолында болды. Қытайдағы билік тұтқаларының бір адамның қолына жиналуы шет мемлекеттердің ҚХР-мен қарым-қатынастар жасауын оңтайландыра түскенін атау керек. Егер бұған дейін ҚХР Конституциясы бойынша елдің сыртқы саясатына жауапты ҚХР төрағасы мен Мемлекеттік кеңес премьері болғанымен нақты билік ҚКП ОК Орталық әскери кеңес төрағасының қолында болуы шешім қабылдау үдерісін қиындатып отыратын. Ал Цзян Цземиньнің ҚХР төрағалығына сайлануы Қытайдың сыртқы саяси ұстанымдарына «тұлғалық» сипат бере отырып, елдің шет мемлекеттермен қарым-қатынастарының тереңдей түсуіне оң әсерін тигізді.

Цзян Цземинь Қытайдың алаңсыз дамуын қамтамасыз ету үшін АҚШ-пен екі жақты әрі халықаралық институттар аясында көп жақты қарым-қатынастарды жақсартуды елдің сыртқы саяси басымдықтарының маңызды

тармағы ретінде көрді. 1993 жылдың 27 наурызында ҚХР-ның төрағалығына тағайындалған Цзян Цземинь сол жылы қараша айында АҚШ-ның Сиэтл қаласында тұңғыш рет шақырылған Азия-Тынық мұхиты экономикалық ынтымақтастығы форумына қатысып, форум аясында АҚШ президенті Билл Клинтонмен кездеседі. Бұл кездесу Қытай үшін аса маңызды болатын. Тяньаньмэн оқиғасы жаңғырығы басылмай тұрған кезеңде, 1993 жылдың қаңтарында президенттік қызметіне кіріскен Билл Клинтон Қытайға қатысты сыртқы саяси ұстанымында адам құқығы, сөз бостандығы, демократиялық құндылықтар қағидасын басшылыққа алатындығын мәлімдеген-ді. Сол себептен де екі мемлекет басшыларының кездесуі америка-қытай қарым-қатынастарының болашақ дамуын айқындау керек болатын. Екеуара кездесу барысында ҚХР төрағасы АҚШ пен Қытай арасындағы терең ынтымақтастық ХХІ ғасырда әлемнің бейбіт әрі тұрақты дамуына кепіл болатындығын айта келе, екі ел арасындағы қарым-қатынастарды бүгінгі күнгі жағдай тұрғысынан емес, болашақта бірлесе қол жеткізер игіліктер негізінде өрістеткен жөн деген пікір білдіреді [146, 181 б.]. АҚШ президенті Билл Клинтон да америка-қытай қарым-қатынастарының болашақта жақсара түсуіне ниетті екендігін жеткізеді. Билл Клинтонның бұл сөзі тек дипломатиялық ілтипат ғана болмағандығын келесі жылдары АҚШ-ның Қытайға қатысты саяси-экономикалық ұстанымдарының өзгергендігінен көруге болады. 1994 жылы АҚШ пен ҚХР өзара үкіметаралық сапарлармен алмасып, екі ел арасындағы қарым-қатынастарға жаңа бір серпін береді. Алайда 1995 жылғы шілдедегі Тайвань жетекшісі Ли Дэнхуэйдың АҚШ-қа сапарынан кейінгі қалыптасқан жағдай екі ел арасындағы қатынастарды кейін шегеріп тастағандай әсер қалдырған болатын. Бірақ қоскіндікті жүйе ыдырағаннан кейін қалыптасқан әлемдік тәртіпте «қырғи-қабак соғысы» жылдарындағыдай халықаралық қатынастардың қалыптасу ықтималдығы аса төмен екендігін байқаймыз. Белгілі ресейлік қытайтанушы Ю.М.Галенович: «американ-кеңес қырғи-қабак соғысы» аяқталғанымен, оның орнына «қытай-американ қырғи-қабак соғысы» басталады», - деген пайым жасаған еді [146, 310 б.]. Алайда ХХ ғасырдың соңына қарай халықаралық қатынастарда мемлекеттер үшін геосаяси мүддеден гөрі геэкономикалық мүдделердің басымдық ала бастағандығын көреміз. АҚШ пен Қытай арасындағы байланыстардың даму барысы соған дәлел.

Тайвань төңірегіне қатысты қалыптасқан шиеленісті жағдайға қарамастан АҚШ пен ҚХР арасындағы қарым-қатынастардың одан әрі дами түсуіне екі тарап та ынталы болды. ҚХР төрағасы Цзян Цземинь 1995 жылдың қазан айында БҰҰ-ның құрылғанына 50 жыл толуына арналған мерейтойлық саммит аясында АҚШ президенті Билл Клинтонмен кездесіп, екі ел арасындағы ынтымақтастықты кейбір шиеленісті сұрақтарға қарамастан одан әрі жетілдіру қажеттігін сөз етті. Кездесу барысында Цзян Цземинь Тайвань мәселесі бойынша Қытайдың біртұтастығына қатысты сұрақтардың мүлде талқылауға жатпайтынын алға тарта келе, екі мемлекет өзара тиімді қатынастар орнату үшін теке-тіреске бармай, терең ынтымақтастыққа негізделген әріптестікке ұмтылу қажеттігін айтты. АҚШ тарапы да екі жақты қарым-қатынастарды

жақсартуға қатысты Қытайдың ұмтылысын жауапсыз қалдырған жоқ. Билл Клинтон өз президенттігінің екінші мерзімі жылдары АҚШ пен Қытай арасында ең жоғары деңгейлі ресми сапарлармен алмасты. 1997 жылы 26 қазан мен 3 қараша күндері аралығында ҚХР төрағасы Цзян Цземинь АҚШ-на ресми сапармен барады. Бұл ҚХР төрағаларының АҚШ-қа жасаған ең алғашқы ресми сапары болып табылатын 1985 жылғы төраға Ли Сяньнянь Вашингтонға сапарынан кейін араға 12 жыл уақыт салып барып Қытай жетекшісінің Америкаға екінші рет келуі еді. Қытай тарапы бұл жолғы сапарға ерекше мән бергенін байқаймыз. Цзян Цземинь сапарын әдеттегідей бірден Вашингтоннан бастамай, алдымен Гавай аралына тоқтап, Перл-Харбор құрбандарына арналған американдық теңізшілер мемориалына гүл шоқтарын қойып, әйгілі Вайкики жағажайына шомылып, жергілікті мектеп оқушыларымен бірге «Хулу» билейді. Қытай басшысы өзінің алғашқы ресми сапарына тек саяси сипат ғана бермей, АҚШ тарихының үлкен қаралы беттерінің бірі болып есептелетін Перл-Харбор соғыс құрбандарына тағзым ете отырып, америка халқының жүрегіне жол табуға тырысқанын көреміз. Сапар барысында қытай-американ қарым-қатынастарының ХХІ ғасырдағы даму бағыттарын, мақсат-мүдделерін және терең ынтымақтастықты жүзеге асыру тетіктерін нақты айқындаған екі жақты бірлескен декларацияға қол қойылады.

Ал 1998 жылдың 25 маусымы мен 3 шілдесі аралығында АҚШ президенті Билл Клинтон Цзян Цземиньнің шақыртуы бойынша Қытайға мемлекеттік сапармен келеді. Сапар аясында қос тарап халықаралық маңызды мәселелерге байланысты ынтымақтастықты жетілдіруге және ХХІ ғасырда конструктивті әріптестік қатынастарын орнатуға келіседі. Сондай-ақ, қауіпсіздік саласында айтарлықтай үлкен келісімге қол жеткізілді. АҚШ пен Қытай бұдан былай өзара стратегиялық ядролық қару-жарақтарды бір-біріне бағыттамауға шешім қабылдайды. Сонымен қатар, екі тарап әлемдік экономиканың тұрақты дамуы үшін экономика және қаржы саласында стратегиялық сұхбаттастықты жетілдіре түсуге келіседі.

Осылайша ең жоғары деңгейде өзара алмасылған ресми сапарлар нәтижесінде қытай-американ қарым-қатынастары жаңа бір деңгейге көтерілді. Осы кезден бастап АҚШ пен Қытай арасындағы байланыстардың прагматиктік сипат алып, екі жақты қатынастардың барысын геосаяси мүдделерден гөрі геэкономикалық қызығушылықтар айқындай бастағанын байқаймыз. 1999 жылы 8 мамырда Белградтағы ҚХР елшілігін НАТО әуе күштерінің «қателесіп» бомбалауы мен 2001 жылдың 1 сәуірінде АҚШ әскери барлаушы ұшағының ҚХР әуе кеңістігін бұзуы сияқты ірі әскери инциденттер екі мемлекет арасында бірер айлық дипломатиялық теке-тірестерге әкелгенімен, жалпы екі жақты қарым-қатынастарды көптеген сарапшылар күткендей «қытай-американ қырғи-қабақ соғысына» апарған жоқ.

ХХ ғасырдың 90-жылдарының соңына қарай Қытайдың сыртқы саяси ұстанымында дәстүрлі қалыптасқан постулаттардан біртіндеп бас тарта бастағанын көреміз. Яғни бұрынғы «Қытай тәуелсіз сыртқы саясат жүргізеді, гегемондыққа ұмтылмайды және еш мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігіне қатер

төндірмейді» деп келетін әдеттегі сөз тіркестерін елдің сыртқы саяси ұстанымдарына қатысты мәлімдемелерде екінші кезекке қойып, Қытайдың халықаралық қатынастарда жаңаша беделін қалыптастыруға жаңа бастамалар көтере бастаған еді. Нақтырақ айтқанда, әлемнің жетекші елдерімен «әріптестік» орната отырып, олармен кез келген конфронтацияға түсуден қашу саясатын ұстанды. Әрине бұны революциалық стратегия деп айта алмаймыз. Алайда алдыға қойылған мақсаттарға жетуде сыртқы саяси құралдардың өзгеруіне әсер етті.

Жаңа сыртқы саяси стратегияның мазмұнына тоқталсақ, ол өздерін тарих әділетсіздігі кесірінен «бір жарым ғасырлық қорлық пен езгі» жылдары ел санасына сіңіп қалған «құрбандық психологиясынан» (受害者心态 shouhaizhe xintai) айығып, халықты біртіндеп «ұлы держава психологиясымен» (大国心态 daguo xintai) тәрбиелеуді қолға алуымен ерекшелінеді. Аталмыш бағыттың ерекшелігі Қытай өзін үлкен жауапкершілік арқалаған, жаһандық мәселелерге бей-жай қарамайтын және әлемдік деңгейдегі барлық сұрақтарды халықаралық қауымдастық мүшелерінің бәрімен ынтымақтаса отырып шешуге дайын держава ретінде көрсетуге ұмтылуында [147, 326.].

Осы тұста ерекше атай керетін жайт, егер бұрын Қытай ең алдымен Батыс елдерінің құрметі мен сыйластығына ие болуға тырысып келген болса, жаңа саяси бағытта басымдық ҚХР-мен іргелес жатқан барлық көрші мемлекеттермен достық, татулық қарым-қатынастарды орната отырып, аталмыш өңірдегі Қытайдың бет-беделін арттыруға берілді. Қытайдың өткен ғасырдың соңғы жылдарынан-ақ елдің алдында тұрған болашақта кездесер жаһандық талаптарды түсіне бастағанын, және соған лайықты жауап даярлауға ұмтылғандығын байқаймыз. Келесі ширек ғасырдың көлемінде Қытай әлемдік тәртіпте түбегейлі өзгерістер болатындығын және онда шешуші рөлдерді алып державалар емес, жоғары қарқынмен дамып келе жатқан дамушы нарықтар құрайтындығын түсіне отырып, аймақтық ынтымақтастықты жетілдіруді дұрыс деп тапқандығын көреміз. Сол себептен де, Қытай өзімен іргелес жатқан аймақ елдерімен барлық мәселелер бойынша әріптестік қатынастар орнатуға ұмтылды. Қытайлық сарапшылар бұл үдеріске аймақ елдерін «ортақ қауіпсіздік мүдделері» (共同安全利益 gongtong anquan liyi) бір арнаға тоғыстырып отыр деп бағалады [148, 2346.].

ҚХР-ның сыртқы саясаттағы жаңа ұстанымының ойдағыдай екпін алуына 1997-1998 жылдары Оңтүстік-Шығыс Азия аймағында орын алған қаржы дағдарысының оң әсер еткенін атауға болады. Дағдарыс барысында Қытай үкіметі ұлттық валютасы юаньді девальвацияға жіберген жоқ. Қытай ақшасының құнсыздануы қытайлық экспортты артыра отырып, көршілес азиялық мемлекеттердің тауар нарығын жаулап алуға үлкен мүмкіндік берер еді. Алайда ҚХР «жығылғанға жұдырық» жасауды «үлкен жауапкершілік арқалаған» мемлекетке лайықты іс емес деп тапты. Керісінше Қытай Оңтүстік-Шығыс Азия мемлекеттерінің бірқатарына қаржылай көмек және төмен пайызбен займдар берген болатын. Қытайдың бұл қадамы сол кездегі ХВҚ мен «G8» елдері қатарындағы ірі батыстық несие берушілердің ұстанған қатаң

саясатынан өзгеше еді. Қиын экономикалық жағдайға тап болған аймақ мемлекеттері үшін Пекиннің жасаған әрекеті Қытайдың аймақтық деңгейде болсын беделінің артуына оң әсер етті.

Осы жылдардағы Қытайдың «жаңа қауіпсіздік концепциясы» (新安全观 xīn ānquān guān) да АСЕАН елдерінің ұжымдық қауіпсіздік қағидаларымен үндесіп жатты. 1997-1999 жылдардағы қытайлық ресми тұлғалардың түсіндірулерінде «жаңа қауіпсіздік концепциясының» қытайлық «бейбіт қатар өмір сүру қағидаларының» жаңартылған түрі екендігін көруге болады. «Жаңа қауіпсіздік концепциясында» Қытай «бейбіт қатар өмір сүрумен» бірге дүниежүзінің барлық мемлекеттермен теңқұқылы сұхбат жүргізе отырып, әлем елдерін саяси-әскери блок құрудан аулақ болуға шақыруды басшылыққа алады [149, 28-32 бб.].

2002 жыл ҚХР-ның Оңтүстік-Шығыс Азия мемлекеттеріне қатысты дипломатиясы үшін ерекше табысты жыл болғандығын атау керек. Бұл жылы Қытай АСЕАН елдерімен бірқатар аса маңызды құжаттарға қол қойған болатын. атап айтқанда: Оңтүстік Қытай теңізіндегі қимыл-әрекеттер ережесі туралы декларация. Бұл декларацияда ресми Пекин көрші елдері тарапынан ұсынылған ұсыныстардың көпшілігімен келісе отырып, даулы территорияларды шешу мәселесінде күш қолданудан мүлде бас тартуға уәде берген еді. Сонымен қатар, АСЕАН елдерімен «Дәстүрлі емес қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастық туралы бірлескен декларация», «Кешенді экономикалық ынтымақтастық туралы келісім» және «Ауылшаруашылығы мәселелері бойынша өзара түсіністік туралы меморандум» жасасты. Ал 2003 жылы АСЕАН елдерінің «Достық және ынтымақтастық туралы келісіміне» қосылады. Сондай-ақ, Қытай АСЕАН-мен «Стратегиялық дипломатия туралы бірлескен декларация» жасаса отырып, өңірдегі өзінің дипломатиялық белсендігін арттырды.

Қытай билігінің үшінші буыны сыртқы саясатының Корей түбегіне қатысты ұстанымы да 90-жылдардың соңын ала өзгере түскен болатын. Бұрын Қытай КХДР-ын өзінің «кіші інісі» ретінде көріп, оның АҚШ-пен теке-тіресінде жақтас болып келген еді. Алайда Солтүстік Кореяның ядролық қаруға қатысты бірбеткей ұстанымының мәселені одан әрі ушықтыра түсуіне байланысты Пекин Пхеньянға деген бұрыңғы шартсыз қолдауын өзгертеді. КХДР 2003 жылы Ядролық қаруды таратпау туралы келісімнен шыққан соң, Қытай осы жылдың жазында Солтүстік Кореяға мұнай жеткізуді тоқтатады. Пекиннің бұл әрекеті Солтүстік Корея билігінің барлық әс-қимылын көзсіз қолдай бермейтіндігін және болашақта Пхеньянның өзінің сыртқы саяси әрекеттерінде ақылға қонымды қадамдар жасауға шақыратындығын білдірсе керек. 2003 жылдың сәуірінде Пекинде ҚХР, АҚШ және КХДР қатысуымен үшжақты келіссөздер орын алса, кейінірек тамыз айында келіссөз аясы кеңейіп, алтыжақты сипат алды. Келіссөздерге қатысушы тараптар саны артқанымен, ондағы Қытайдың сөзі басым болғанын ешкім жоққа шығара алмайды. Бұл дәстүрдің қазір де жалғасын тауып отырғанын байқау қиын емес. Трамп пен Ким Чэн Ын кездесуінің орын алуына Солтүстік Корея басшысының Қытайға

бірнеше рет жасырын да жариялы түрде жасалған сапарларының жанама түрде болса да ықпал етекенін атап өту керек.

Қытайдың Солтүстік Кореяға қатысты сыртқы саяси ұстанымының өзгеруі ҚХР-ның 1990-жылдардың орта тұсындағы Пекиннің «әріптестік доктринасының» елдің сыртқы саяси ұстанымында басымдыққа ие болғандығының дәлелі. Жаңа доктринаның мазмұны қандай да бір мемлекетпен «тығыз достастықты» жоққа шығара отырып, әлемнің барлық елімен бір деңгейлі ынтымақтастықта болу болатын. Ресми Пекин көпполярлылықтың дами түсуін қамтамасыз етуде «әріптестік доктринасы» басты құрал болып табылады деп пайымдады [150].

XX ғасырдың соңғы он жылдығында ҚХР әлемнің көптеген елімен өздерінің қарым-қатынастарын «әріптестік» сипатта қайта құрды. Қытай билігінің бірінші және екінші буыны тұсында біршама суып кеткен Қытай мен Ресей арасындағы өзара қарым-қатынастар да осы жылдары жаңа деңгейге көтерілді. Нақтырақ айтқанда, 1994-2001 жылдар аралығында қытай-орыс қатынастары «конструктивті әріптестіктен» (建设性伙伴关系 jianshe xing huoban guanxi) «стратегиялық ынтымақтастық әріптестігіне» (战略合作伙伴关系 zhanlue hezuo huoban guanxi) ұласты. 2001 жылы маусым айында Ресей мен Қытай арасында қол қойылған «Татукөршілік, достық және ынтымақтастық келісімінен» кейін екі ел арасындағы қарым-қатынас стратегиялық әріптестік деңгейіне көтерілген еді.

1996-1997 жылдары Қытай Үндістан, Пәкістан, Франция, Ұлыбритания, Еуропалық Одақ, Корея Республикасы және Жапония сияқты елдермен әр деңгейлі әріптестік қарым-қатынастарын орнатты. Қытай мен АСЕАН арасында «өзара сенімділікке негізделген татукөршілік әріптестік» 1997-2003 жылдары аралығында «бейбітшілік пен гүлдену жолындағы стратегиялық әріптестікке» ұласты [151, 252-253 бб].

Сонымен қатар, осы жылдардағы ҚХР сыртқы саясатындағы үлкен серпілістердің бірі ретінде Шаңхай Ынтымақтастық Ұйымын атауға болады. Аталмыш ұйымның хатшылығының Пекин қаласында орналасуы Қытайдың аталмыш ұйымдағы саяси және қаржылық үлес салмағының басымдығын көрсетке керек. Қытайдың Орталық Азия бағытындағы сыртқы саясатының белсенділігінің артқандығының дәлел есепті «Шаңхай бестігі» уақыт өте келе өзінің стратегиялық маңыздылығын көрсете білді. «Шаңхай бестігі» негізінде құрылған ШЫҰ-ның XX ғасырдың соңы мен 2000 жылдардың басындағы басты мәселесі «лаңкестік, дәни экстремизм және сепаратизммен» күрес болған болатын. Осы жылдары Қытай билігінің сөз қорында «үш зұлымдық» (三股势力 san gu shili) деген ұғым жиі ауызға алынатын еді. Алайда 2003 жылы ҚХР Мемлекеттік кеңес премьері Вэнь Цзябао ШЫҰ үкімет басшыларымен кездесу барысында ұйым шеңберінде аймақта еркін сауда кешенін құруды ұсынған соң, ұйымның жаңаша сипаты алу мүмкіндігі байқалған болатын. Осыдан Қытайдың Орталық Азия аймағын тек қауіпсіздік мәселесі тұрғысынан ғана емес, экономика саласында маңызды стратегиялық өңір ретінде есептейтіндігін байқаймыз.

Жалпы ШЫҰ-на қауіпсіздік мәселесіне басымдық беретін ұйым ретінде қарау әдетке айналған болатын. Батыс сарапшылары аталмыш ұйымға НАТО-ға қарсы құрылған ұйым ретінде баға беріп келгені де анық. Дәстүрлі НАТО-Варшава келісімі теке-тіресін аңсаушылардың пайымын Қытай билігі есепке алмайтындығын қытайлық ресми өкілдері өз мәлімдемелерінде жиі білдіріп отырды. Пекин ШЫҰ аясында үлкен экономикалық аймақ қалыптастыру мүмкіндігінің орасан зор екенін әрқашан алға тартып келді. Алайда ұйымның өзге мүше мемлекеттерінің басқаша ұстанымда болуы және ұйымға мүшелікке ұмтылған елдерді көбіне қауіпсіздік мәселесі көбірек аландататындығына байланысты аталмыш ұйымның экономикалық мүмкіндігі әлі күнге дейін пайдаланылмай келеді. Соңғы жылдардағы ШЫҰ-на мүшелікке өткен елдер тізімі осынау пайымның дұрыстығына дәлел болмақ.

1.3 «Үйлесімді әлем» идеясы шеңберіндегі қытайлық сыртқы саясат

Қытай Халық Республикасы билігінің үшінші буынына Ху Цзиньтао жетекшілік етті. ҚКП ОК бас хатшысы міндетін 2002-2012 жылдар аралығында атқарған Ху Цзиньтао екі мерзім барысында ішкі-сыртқы саясатта толағай табыстарға жете білді. Ху басшылық еткен тұста Қытай экономикасы қарыштап дамығанын ерекше атап өту керек. Нақтырақ айтсақ, 2001-2005 жылдары Қытайдың сыртқы сауда айналымы 3 есе артып, шетелдерден Қытай экономикасына құйылған тікелей инвестицияның көлемі 600 млрд. АҚШ долларын құрады. 2001-2007 жылдар аралығында сыртқы сауда жылына орта есеппен 21,6%-ға өсіп отырған [152]. Көптеген елдердің экономикасын тұралатып кеткен 2008 жылғы қаржы дағдарысы кезінде де қытайлық сыртқы сауда өсімі 17% көлемінде сақталып қалды [153, 44 б.]. Дәл осы Ху Цзиньтао басшылық еткен кезеңде бұрыннан Қытай экономикасының өзекті мәселелерінің бірі болып келген шетелдік технологияларға тәуелділік біршама төмендеп, алғашқы қытайлық брендтер әлем нарықтарына жол тарта бастаған еді.

Төртінші буын жетекшілерінің қол жеткізген толағай табыстарының сырын алыстан іздеудің қажеті шамалы. Дэн Сяопин салып кеткен сара жолды үшінші буын өкілдерінің табысты жалғастыруы және жаңа ғасырдың бастапқы кезеңдеріндегі әлемдік экономикада қалыптасқан қолайлы жағдайларға байланысты әлемдік шеберхана болып табылатын Қытайдың сыртқы сауда қатынастарының одан бетер дамып, ел экономикасының шетелдік инвестициялар үшін жұмаққа айналуы аса үлкен сараптауларды қажет ете қоймайтын мәселеле. Алайда төртінші буынның сыртқы саяси ұстанымдары уақыт талабына сай алдыңғы буындар ұстанымына қарағанда бірқатар өзгерістерге ұшырағанын байқау қиын емес. Оны ҚКП-ның 2007 жылдың 15-21 қазан күндері аралығында өткен XVII съездінде бекітілген партияның жаңа жарғысы мен бағдарламасынан көруге болады. ҚХР Төрағасы Ху Цзиньтао ҚКП-ның XVII съездінің ашылуында «Өзіндік қытай социализмінің ұлы атауын асқақтатып, орта табысты қоғам құру жолында жаңа белестерді бағындыру үшін қызмет ету» деп аталатын баяндамасы барысында елдің іскі-сыртқы саяси

ұстамына қатысты бірқатар ой толқыған еді. Қытай басшысы жаңа заманның жаңа талаптарына жаңаша ұстанымдармен бұрыннан жалғасып келе жатқан реформалауда одан бетер тереңдете түсу арқылы ғана төтеп беруге болатынын алға тартады. Төраға баяндамасында «қазіргі таңда әлемнің түкпір-түкпірінде терең әрі кешенді өзгерістердің орыналып жатқандығын және одан қытайдың да қалыс қалып жатпағандығын атай келе кез келген өзгерістер күтпеген қиындықтармен қатар таптырмас мүмкіндіктерді ала келетіндігін алға тартады». Әлемдік экономикада қалыптасып отырған жағдай Қытайға үлкен қолайлылық жасай отырып, елдің одан бетер дамуына кең жол ашатындығы сөз етіледі. Қытай халқының ғасырлар бойы армандап келген алаңсыз, қарны тоқ күн кешуінің нақты мүмкіндігінің туып отырғанын алға тарта келе, Қытай басшысы орта табысты қоғам құру үшін реформалауды тереңдете отырып, қытайлық социализмді жаңғырту жұмысын одан бетер жеделдету қажеттігін баса айтады. Бүгінде қалыптасып отырған оңтайлы сәтті ел игілігі үшін тиімді пайдалана алмаса, Қытай үшін тарих кешірімес қателік боларын алға тартады. Нақтырақ айтқанда, «егер Қытай туындап отырған мұндай мүмкіндіктерді уақтылы тиімді пайдалана алмаса, орны толмас орасан зор қатерлер орын алмақ» [154, 346 б.].

Он екі бөлімнен тұратын Ху Цзиньтаодың ресми баяндамасының «Бейбітшілік және өркендеу жолымен таймай жүру» деп аталатын он бірінші бөлімі елдің сыртқы саясат мәселелеріне арналды. Алайда шартты түрде сыртқы саясатқа арналған бөлімде «сыртқы саясат» термині мүлде пайдаланылмайды. Дәстүрлі қытайлық ресми жазбалар мен баяндамаларды «сыртқы саясат» термині елдің өзге мемлекеттерге қатысты нақты ұстанымдарын білдіретін саяси ұғым болуы себепті Ху төраға өз баяндамасында аталмыш терминді пайдаланбай, елдің сыртқы саяси ұстанымында «бейбітшілікті қолдау», «бейбіт орта құру» тәрізді ұлы мақсатқа жетелейтін салмақты сөздерді қолдануға тырысқанын байқауға болады. Бұл Қытай билігі төртінші буынының сыртқы саясатта жаңаша бағыт таңдағанының дәлелі. Төраға баяндамасы мен XVII съездінде жасалған өзге де баяндамаларда бейбітшілік ұстанымымен қатар, көбінде «даму» және «құрылыс» терминдерінің жиі қолданылғандығын байқауға болады. Бір бірін толықтыра түсетін ұғымдар арқылы төртінші буын өкілдері елдің сыртқы саяси ұстанымына жаңаша рең бергендігін айқындай түседі.

Ху Цзиньтао билігі тұсында Қытай дамудың өзінше ерекше концепциясын қалыптасты. Мағынасы тек Қытайға тән сөз саптастардан тұратын дамудың жаңа ұстанымы тек Қытай елінің ғана емес, әлем жұртшылығын қытайлық жолмен жүруге үндегендей. Бейбітшілікті қолдай отырып дамысқа жету, ал даму жолын таңдай отырып бейбітшілікке қол жеткізу деп келетін төртінші буын ұстанымы жаңа әлемнің жаңа тәртібін қалыптастыруға шақыратын үндеу іспетті. Осы бағытта мемлекеттер ұлттық мүдделер жолында аралық өзара келісімге келе отырып, мүдделер үйлесімділігін табу керектігін, осылайша біртіндеп екіжақты, өңірлік және жаһандық деңгейде үйлесімді қарым-қатынастарға жетуге болатындығын алға тартады.

Бұл тұста Қытай билігінің нені меңзеп отырғаны анық жағдай. XX ғасырдың үшінші ширегіндегі Қытай билігінің таңдаған жолы елді қаншалықты тығырыққа ұрындырғанын жаңа буын өкілдері жақсы түсінді. «Бір тарапқа шығу» ұстанымының екінші жағында өзгелермен жауласу тұрғаны белгілі. Жауластық саясатының мемлекеттің экономикалық әлеуетінің халықтың игілігі үшін емес, қауіпсіздік саласына басым жұмсалуды ел экономикасын тұралататынына тарих куә. Сол себептен де төртінші буын өкілдері алаңсыз даму жолында халықаралық қауымдастықта қолайлы жағдайдың қалыптасуына ықпал етуді дұрыс деп тапты. Қазіргі заманның жаңа талаптары сондай, әлемдік тәртіпке өз ықпалынды арттыру үшін дәстүрлі әскери тәсілдерден гөрі экономикалық қуаттылық арқылы қол жеткізуге болатындығын қытайлық биліктің төртінші буыны жақсы түсінді.

Ху Цзиньтао бастаған Қытай билігі қалыптасып отырған халықаралық жағдайға былайша сипат береді: «...қазіргі таңдағы әлемдік тәртіп бұрынғыдай тұрақты емес. Гегемонизм мен күш саясатты әлі де болса үстемдік құруда. Мемлекеттер арасында шиеленісті теке-тірестер мен әлемнің әр түкпірінде «қақтығыс ошақтары» саны одан бетер арта түсуде. Мемлекеттер арасында экономикалық даму деңгейі күн өткен сайын алшақтауда. Дамушы және дамыған мемлекеттер арасындағы айырмашылық одан бетер ұлғайып, дәстүрлі және дәстүрлі емес қауіп-қатерлер өзара тұтасып келеді. Халықаралық қауіпсіздік, жаһандық бейбітшілік және даму алдында кезек күттірмес көптеген мәселелер мен қатерлер күтіп келіп тұр» [155, 118 б.].

Қытай билігі «гегемонизм» терминін қолдану арқылы әлемдік тәртіпке әлі де болса белгілі бір күштердің (бұл тұста АҚШ-ты меңзеп отырғаны айтпаса да түсінікті) үстемдік етуі «әділетсіздік» екенін алға тарта келе, осыған қатысты Қытайдың өзіндік ұстанымы бар екендігін білдіреді. Жаңа қауіп-қатерлердің алдын алудың бірден-бір кепілі ретінде бейбіт жағдайда дамуды қолдау керектігін алға тартады. Мемлекеттер арасындағы экономикалық тұрғыдан әр текті даму, артта қалушылықтың жаңа қауіп-қатерлердің ықтимал ошағы екендігі, сондай-ақ әлемдік үйлесімділікке қол жеткізбейінше әлемдік бейбітшілікті қамтамасыз ету мүмкін емес екендігін баса айтады. Сонымен қатар, Қытай болашақта қазір орын алып жатқан үдерістерден қалыс қала алмайтындығын, өзіндік даму концепциясын ұсына отырып, халықаралық қатынастардағы белсенділігін арттыра түсетіндігін білдіреді.

Қытай билігінің төртінші буыны тұсында мемлекеттің қауіп-қатерлерге қатысты ұстанымдары да біршама өзгеріске түскенін байқауға болады. Әдеттегі «халықаралық терроризм» деген терминді қолдануға сараңдық танытып, оның орнына көбіне «дәстүрлі» және «дәстүрлі емес» қауіп-қатерлер деген тіркестерді пайдалану арқылы саяси исламизммен түсінбеушілікке келіп қалудан, халықаралық лаңкестік ұйымдардың қытығына тиюден сақтанады [156, 348 б.].

Аталған қауіп-қатерлердің алдын алу және онымен күрес туралы Қытайдың пайымы мынадай: «Әлемнің барлық мемлекеттері өздерінің дамуына беріліп отырған кез-келген мүмкіндікті бірлесе пайдалана отырып, кездесер

барша қиындықтарға бірігіп тойтарыс беру қажет. Бүкіл адамзат баласының бейбіт жолмен дамуына бірігіп ат салысқан жөн. Осынау ұлы мақсат – барлық халықтың басты мүдделері, барлық мемлекеттердің таңдар жолы. Қытай барлық елдерді бірлесе отырып үйлесімді әлем құруға шақырады. Бейбіт әлем мен ортақ гүлденуге тек осы жол ғана бастамақ. Ол үшін БҰҰ-ның ұстанымдары мен мақсаттарын, халықаралық құқық пен халықаралық қатынастардың қалыптасқан ортақ нормаларын бұлжытпай сақтау абзал. Халықаралық қатынастарда демократияны, ынтымақтастықты ту етіп көтеру керек»[157, 57 б.].

Сыртқы саяси ұстанымдарына қарап Қытайдың халықаралық қоғамдастықтың бір мүшесі ғана емес, оның аса маңызды ажырамас бір құрылымы екенін байқауға болады. Оқшауланбай, үйлесімді біртұтас қауымдастықтың бөлінбес бөлшегіне айналу Ху төрағаның ортаға тастаған ойының өзегі. Бейбітшілікті сақтау мен тұрақты дамуды қамтамасыз ету барша мемлекетке тән ортақ мүдде. Ортақ мүддені жүзеге асыруда ортақ ережеге бағыну қажеттігі күн тәртібіне шығары анық. Қытай билігінің төртінші буыны осынау ұлы мақсатқа жету үшін адамзат баласының осы уақытқа дейін бейбітшілікті сақтау жолында қол жеткізген ең үлкен жетістігін БҰҰ-ның баршаға бірдей ортақ ережелерін қатаң сақтау отырып, халықаралық құқық нормаларын бұлжытпай орындау керектігін алға тартады. Және Қытай халықаралық құқық нормаларын сақтау отырып, оны әрқашан қорғауға дайын екенін мәлімдейді. Даму жолында жетістікке жету деген жеке-дара жол тауып, дамысқа қол жеткізу емес, барша адамзат баласының бірге дамып, бейбіт орта құру деп пайымдайды. Тек сол жағдайда жалпы адамзат баласының өркениетті қоғамда өмір сүруін қамтамасыз етуге болатының тілге тиек етеді. Қазіргі таңдағы әлемдегі 90% байлықтың 10% халықтың қолына шоғырланған жағдайда үйлесімді қоғам құру мүмкін еместігін, теңсіздіктің әрқашан тұрақсыздыққа арқау боларын Қытай билігі әлем назарына ұсынып бағуда.

Көп салалы ынтымақтастықты қамтамасыз ету үшін төмендегідей іс-әрекеттерді жүзеге асыруды ұсынады: «Саясат саласында өзара сенім мен түсінушілікке ұмтыла отырып, халықаралық қатынастарды демократияландыру жұмысын одан әрі жетілдіру керек; Экономика саласында – ынтымақтастықты арттыра отырып, бірінің олқылығын бірі толтыру, жаһандану үдерісін теңдік, ортақ пайда, ортақ табыс, «win-win» қағидаты негізінде жүргізу абзал; Мәдениет саласында – тәжірибелермен бөлісу, өзіндік ерекшеліктерді сақтай отырып үйлесімдікке ұмтылу, әлемнің әр тектілігіне түсіністікпен, сыйластықпен қарау, барлық адамзат баласының мәдениеттілік деңгейін гүлдендіруді бірлесе атқару; Қауіпсіздік саласында – өзара сенімділік таныту, ынтымақтастықты күшейте отырып, халықаралық шиеленістер мен дау-жанжалдарды әскери әрекет, соғыс қимылдарымен емес, бейбіт жолмен реттеу мақсатында жалпыға бірдей халықаралық ұстанымдарды қатаң орындау, жаһандық бейбітшілік пен тұрақтылығы берлесе қорғау; Қоршаған ортаны қорғау саласында – өзара ықпалдасу, күштерді біріктіре отырып ілгерілеу, сол

арқылы адамзат баласы мекен еткен ортаның өміршеңдігін қорғап, сақтап қалу» [158, 86 б.].

Осылайша Қытай билігі халықаралық қауымдастықты саясат, экономика, мәдениет, қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау бағытында барша адамзатты ортақ мүддеге бірлесіп ұмтылуды ұсынады. Халықаралық саясатта Ху Цзиньтао «Үйлесімді әлем» ұстанымына сай, барлық елді бір-біріне құрметпен қарауға, бір-бірінің таңдауын құрметтеуге шақырады. Өзара сенім мен тең деңгейлі қатынастарды сақтай отырып, демократиялық құндылықтар арқылы ынтымақтастыққа ұмтылуды ұсынады. ҚХР халықаралық қатынастарда барлық әріптестерімен кез келген сұрақтар бойынша салада келісімге келуге дайын екендігін байқатады. Жалпы адамзаттық даму жолында экономика өрлеу баршаға ортақ мүдде екенін баса айтады. Жекелеген мемлекеттердің дара дамуы жаһандық тұрақтылық пен бейбітшілікті қамтамасыз етуге қауқарсыз екенін алға тартады. Сондай-ақ өркениеттердің әр тектілігін елемеу тек шиеленістер мен қақтығыстарға әкелетінін айта отырып, өзара түсіністік пен бір-бірін құрметтей білу қағидатын қатаң сақтаған жағдайда ғана халықаралық бейбітшілік пен бейбіт ортаны құруға болатындығын мәлім етеді.

Қытай билігінің төртінші буынының пайымы бойынша, Қытай мен халықаралық қауымдастықтың барлық мүшелерінде тарихта ұзақ уақыт ізі қалар терең өзгерістер орын алуда. Оны елемеушілік және жаңа талаптарға сай ұлттық ұстанымдарды қайта қарамау мемлекеттің тек кері кетуіне жол салмақ. Қытай елінің болашақ дамуы да жаһандық дамумен етене байланыста. Ал елдің тұрақты дамуын қамтамасыз ету үшін қолайлы халықаралық орта қалыптастыру күн тәртібіндегі аса маңызды мәселе болмақ. Сол себептен де Қытай халықаралық қатынастарда қандайда болмасын құбылыстар орын алғанына қарамастан, әрқашан бейбіт даму мен ынтымақтастықты және өзара сенімділік қағидатын таңдайтындығын білдіреді. Яғни өткен ғасырдың орта тұсынан бері Қытай елінің сыртқы саясатының темірқазығы іспетті «бейбіт қатар өмір сүрудің бес қағидасын» қатаң сақтай отырып, барлық елдердің қауіпсіз дамуы мен өз ерекшелігінің сақталуы үшін жұмыс жасайтын болмақ. Демек, Қытай тек өз елінің, өз халқының ғана мүддесі үшін емес, барлық мемлекеттер, барша ұлттарға ортақ мүдде үшін күреспек. Осы арада төртінші буын өкілдерінің алдыңғы буын ұстанымдарын біршама өзгеріске ұшыратқанын байқауға болады. Жаңа Қытайдың атасы есепті Дэн Сяопин қытай ұлтының өзіне тән ханзулық ерекшеліктерді басты назарда ұстауды ұсынса, Ху Цзиньтао қытай ұлты мүддесінің басқа ұлт мүдделерінен айырмашылығы жоқ екендігін алға тарта отырып, ортақтыққа, үйлесімдікке ұмтылуды ұсынады. Яғни уақыт талабына сай Қытай билігінің дәстүрлі ұстанымдарының өзгеріске ұшырағандығын байқауға болады.

Қазіргі таңда әлемнің барша елі Қытайдың әр қимылын бағып отырғаны жасырын емес. Әсіресе әлемнің жетпіске тарта мемлекетін жұмылдырған мега-жоба «Белдеу және Жол» бастамасының іске асырыла бастауы барлық дамыған және дамушы мемлекеттерді өзінің ішкі-сыртқы даму стратегияларына қайта қарауға мәжбүрлеп отыр. Аталмыш жобаны бесінші буын өкілдері ортаға

салғанымен оның алғышарттары төртінші буын кезінде қалыптасқандығын атап өткен жөн. Ху Цзиньтао қазіргі Си Цзиньпин тәрізді жаһандануды ашық жақтамаса да, ортақ мүддеге ұмтылу, әлемді үйлесімді орта құруға шақыруы бүгінгі Қытай бастамасына салып берген даңғыл жолы деп пайымдаған дұрыс.

ҚХР төрағасы Ху Цзиньтао ұсынған «Үйлесімді әлем» құру идеясының өзегі – барлық халықтар мен мемлекеттер мүдделерінің бір-біріне қарсы келмеуі және өзара үйлесім табуы. Әрине мұндай ұтымды ұсынысқа ешкімнің уәжі болмас. Қытай халқының өзіне сай ерекшелігіне сай құрылған идеяның тек Қытай үшін емес, барлық елге ұтымды ұсыныс екені анық. Қытай билігінің төртінші буыны осынау маңызды ұсынысты ұсынудың оңтайлы сәті жаңа ғасырдың басында келді деп пайымдады. Халықаралық қатынастарда орын алып жатқан өзгерістерді саралай келе Қытай билігінің ортақтыққа, үйлесімдікке ұмтылудың уақыты дәл осы кез деп түсінуі де уақыт талабы екені анық. Соңғы кезеңдерде бір құндылықтың басымдығының дәстүрлі құралдар арқылы таратыла бастауы көптеген шиеленістер мен жанжалдарға арқау болғаны аян. Осы жағдай Қытай сияқты әлемдік көшбасшылыққа жақындап келе жатқан мемлекетті жаңаша ұстанымды іздеуге итермелегені анық. Ху төрағаның «үйлесімді әлем» құру идеясы уақыт талабына жауап болар Қытай тарапынан жасалған нақты қадам болғанын атаған жөн. ҚХР бұдан былай халықаралық жағдайдың қалай құбыларына қарамастан «бейбітшілік пен тұрақтылықтың орталығы» болуға ұмтылатынын анық білдірді. ҚКП-ның XVII съезінен кейін қабылданған бағдарламасында мынадай пайым көрсетіледі: «Қытай әрқашан әрі еш жалтақтамастан тек бейбітшілік пен даму жолын таңдайды. Бұл қытай халқы мен үкіметінің ұлттық мүдделерді басшылыққа ала отырып қабылдаған шешімі. Қытай халқы – бейбітсүйгіш ұлт. Қытай әлемдегі бейбітшілік пен тұрақтылықта табанды қорғайтын күш болып қала бермек. Біз әлемдегі барлық елдер мен қытай халқының мүдделерін үйлестіру бағытын ұстанамыз. Әділеттікті сақтай отырып, оның өрісін өсіру жолында жұмыс жасаймыз» [159, 29 б.]. Осылайша Ху Цзиньтао мен ҚКП басшылары тағы бір мәрте өздері ұсынған бейбітшілік пен даму концепциясы Қытай елінің мүддесін ғана емес барша адамзат баласының мүддесіне сай екендігін алға тартады.

Сондай-ақ, Қытай басшылығы халықаралық қатынастарда мемлекеттерді үлкенді-кішіге, күшті мен әлсізге, бай мен кедейге бөлмеуге, олардың барлығын бірдей көруге, баршаның құқығын құрметтеуге, әр мемлекеттің егемендігін мойындай отырып, оның ішкі істеріне араласпауға шаықрады. Және аталмыш ұстанымдар ҚХР-ның өзінің сыртқы саясатының қатаң басшылыққа алатын қағидалар екенін білдіреді. Қытай барлық халықаралық шиеленістер мен қақтығыстарды бейбіт жолмен шешуге, аймақтық және жаһандық қауіпсіздікте ынтымақтастықты артыруға күш салатындығын айтады. Қытай қорғаныс саласында да өзіне тән аса сақтық мінез танытып отыр. Қарулану жарысынан салыстырмалы түрде қалыс қала отырып, өзге мемлекеттерге ешқандай қауіп төндірмейтіндігін меңзеуде. Сонымен қатар, Қытай өзінің дәстүрлі ұстанымынан бас тартпай, гегемонизм мен күш саясатының кез келген түріне қарсы екенін көрсетеді. Аталмыш ұстаным

әлемдік бейбітшілік мен тұрақтылықты қамтамасыз етуде аса маңызды ұстаным екені анық.

Экономика мен сауда-саттық бағытында партияның басты бағдарламасында былай делінеді: «Қытай өзара тиімділік пен ортақ табысқа бастар ашықтық стратегиясын әрдайым қолдамақ. Біз өз мемлекетіміздің дамуын басшылыққа ала отырып, аймақтардың және әлемнің дамуына ықпал етеміз, өз еліміздің дамуын қамтамасыз етумен қатар, әріптестеріміздің әсіресе дамушы мемлекеттер мүдделерінің әділетті түрде қорғалуын қадағалаймыз. Біз халықаралық экономика мен сауда саласында қалыптасқан ережелер мен бізбен әріптестік орнатқан тараптардың құқықтары мен мүдделерін қорғайтын заңдарды сақтай отырып, нарық кеңістігін кеңейтеміз. Халықаралық қауымдастықта дамушы мемлекеттер халықтарының өмір сүру деңгейін көтеру, кедейшілікпен, жұқпалы аурулармен күрес саласындағы шараларына әрқашан көмек қолын созамыз. Халықаралық экономика мен сауда-саттық саласының құрылымын дамытуға, сауда мен инвестицияның кедергісіз қозғалуына әрқашан қолдау көрсетеміз. Экономика және сауда саласындағы барлық келіспеушіліктер тек бейбіт келіссөздер арқылы шешілуге тиіс. Сондай-ақ, өз пайдасы үшін өзгелердің зардап шегуіне жол берілмейді» [160, 106 б.].

Сыртқы саясатта Ху Цзиньтао бастаған қытай билігі алдыңғы буын жетекшілері бас болған Солтүстік Кореялық ядролық мәселелеріге қатысты алтыжақтылы келісімдердің одан әрі жалғасуын қолдады. АҚШ-пен қарым-қатынастарды жетілдіруге бағытталған Цзянь Цзэмин сыртқы саясатымен салыстырғанда, Ху Цзиньтао Еуро Одақ пен әлемнің өзге өңірлерінің белді ойыншыларымен тығыз қарым-қатынастар орнату арқылы тепе-теңдік әрі үйлесімдік орнатуға тырысып бақты. Еуропалық бағыттағы саясаты аса сәтті болмағанымен, Венесуэла, Иран, Канада және Австралия сынды елдермен әріптестік қарым-қатынас орнатылды.

Ху Цзиньтао тұсында қытайлық сыртқы саясатта бірқатар ұтымды қадамдар жасалды. Мысалы Қытайдың африкалық саясаты жаңа мазмұнмен толықты. 2005 жылы Джакартақаласында өткен Азия және Африка елдерінің саммитінде және Бандунг конференциясының 50 жылдығына арналған салтанатты жиналыста ҚХР жетекшісі Ху Цзиньтао тұңғыш рет «үйлесімді әлем» идеясын алға тартты. Ол: «Азия және Африка елдері түрлі өркениеттер бейбіт өмір сүретін, тең құқылы сұхбаттастық, ортақ даму мен жандану үдерісін ұтымды жүзеге асырылатын үйлесімді әлемді бірлесіп құру идеясын ілгерлету қажет» [161, 123 б.] деп атап өтті. Сондай-ақ 2006 жылғы Ху Цзиньтаодың Сауд Арабиясына жасаған ресми сапары барысында да «үйлесімді әлем» құруға қатысты бірқатар ұсыныстар жасалған болатын.

Осы тәрізді көпжақты әрі екі жақты кездесулер мен келіссөздер барысында Қытай билігі «үйлесімді әлем» ұстанымы арқылы әлем жұртшылығы алдында Аспанасты елінің жағымды бейнесін қалыптастыруға тырысып отырды.

Қытай мен Африка елдері арасындағы қарым-қатынастар бұрын да жоғары дәрежеде болатын. Ху төраға тұсында Қытайдың бұл бағыттағы

саясаты жаңа бір белеске көтерілгенін атап өту керек. Африка елдері Қытайдың сыртқы саясатын әділетті деп танитындығын жасырмайды да. Судан Президенті Омар Башир бірде журналистермен кездесу барысында «Мен өзімді Қытаймен қатынастарда жақсы сезінемін, себебі Қытай Батысқа қарағанда бізге әділетті қарайды» [162, 92 б.], - деген еді. Ал Қытайдың өз тарапынан Африка елдеріне қоятын бір ғана шарты олардың «Бір Қытай» принципін қолдауы.

2004 жылы ҚХР төрағасы Ху Цзиньтао өзінің Африка елдеріне жасаған ресми сапары барысында: «Қытай – әлемдегі ең ірі дамушы мемлекет, ал Африка – дамушы елдер ең көп орналасқан құрлық. Қытай жаһандық ынтымақтастықтың дамуын және өзара ықпалдастықтың артуын қолдайды. Қытай елі уақыт ұсынған осынау оңтайлы тарихи орайды қалт жібермес үшін Африка мемлекеттерімен бірлесіп жұмыс жасайды» [163, 237 б.], - деп мәлімдеген болатын.

ҚХР мен Африка мемлекеттері арасындағы көп салалы қатынастарға қатысты туындаған мәселелер Қытай Африка ынтымақтастық форумында талқыланып отырады. Сол себептен де аталмыш форум «Қытай мен Африка арасындағы ұзақ, тұрақты, тең құқылы, өзара тиімді әріптестік қатынастардың басты алаңы» деп бағаланады.

Ху Цзиньтао басшылық еткен жылдардағы Қытай мен Африка құрлығы арасындағы экономикалық ықпалдастық тереңдей түсті. Негізінен Қытай Африкадан мұнай, мақта, ағаш және т.б. сияқты ресурстар мен өсімдік өнімдерін импорттайды. 2005 жылы Қытайдың жалпы импортының қатарында Африкалық мұнай 30 %, мақта 21%, алмаз 26%, ағаш 15%, мараганец 34% және темекі өнімдері 44% құраған еді. Ал африкалық мемлекеттерден Қытайға келген импорттың 80 пайызынан астамын шикізат пен бастапқы өңделген өнімдер құрады [164, 43 б.]. Қытай экономикасы экспортқа негізделген дегенімен, ҚХР-ның Африка елдеріне шығарар экспортына қарағанда ол жақтан жеткізілер импорт көлемінің көп екені байқалып отырды. Осы олқылықтың орнын жою мақсатында қытайлық билік 2003 жылы желтоқсан айында Аддис-Абебада өткен Қытай-Африка ынтымақтастық форумының екінші отырысында баж салығынсыз тауар өткізу туралы ұсыныс көтереді. Нәтижесінде 190 тауар түріне, бастысы, ауыл шаруашылық өнімдеріне бажсыз құқық берілген еді. ҚХР Кеден комитетінің мәліметтері бойынша, «2005 жылы жеңілдіктер негізінде Қытайға Африкадан 380 млн. АҚШ доллары көлемінде тауарлар жеткізілген. Ал 2008 жылы 30 кедей елдерден бажсыз 446 тауар өткізу жайлы шешім қабылданды» [165].

Қытай компаниялары аталмыш елдердегі инвестициялық жобаларға да белсене ат салысып бақты. Қытайлық компанияларының инвестициялық қарым-қатынастарда ұтымды болуына бірқатар факторлар себеп: бірінші жұмыс күшінің арзандығы, екіншіден инвестициялық жобалар табысына деген талабының төмендігі. Батыс елдерінің компаниялары табыс көлемі 15%-дан төмен болса жобадан бірден бас тартатын болса, қытайлық компаниялар жобалардан түсетін пайда 10%-дан төмен болса да, тіптен кей жағдайларда 3-5% болса да жұмыс істеуге дайын. Мысалы, қытайлық құрылыс компаниясы 3

пайыздық табысқа келісе отырып Эфиопияда жол құрылысына қатысты тендерді ұтып алған еді. 2004 жылы екі жақты құрылыс жобалары шарттының жалпы құны 6,7 млрд. АҚШ долларына жеткен болатын. Бұл салада Қытайдың басты серіктестері Судан, Алжир, Нигерия, Ангола, Египет, Эфиопия, Танзания және Марокко мемлекеттері екенін атаған жөн.

Африка мен Қытай арасындағы қаржы саласындағы ынтымақтастық кеңінен дами түсті. Төртінші билік тұсында Қытай мен Африка елдерінің банк саласындағы қатынастары жоғары деңгейге көтерілді. 2007 жылдан бері Шанхай қаласында жыл сайын Африкалық даму банкі (АДБ) директорлары кеңесінің отырысы өтіп тұрады.

Ху Цзиньтао тұсында Қытайдың Араб әлемімен де байланыстары арта түсті. Оған Қытайдың Араб және Африка мемлекеттерімен қарым-қатынасын дамытуға қатысты қабылданған «Бес қағидаты» сеп болғанын атау керек. Аталмыш қағидаттар былай деп келеді:

- Африка және араб мемлекеттерінің империализмге және отаршылдықтың жаңа түріне қарсы күресін қолдау;
- Африка және араб мемлекеттерінің өздерінің сыртқы саясатында ұстанатын ұстанымдарын құрметтеу және бейтараптық сақтау;
- Африка және араб елдерінің өздері бас болған интеграциялық бірлестіктерін қолдау;
- Африка және араб елдерінің даулы мәселелер мен шиеленістерді бейбіт жолмен реттеу ұстанымдарын қолдау;
- Африка және араб елдері егемендігін толықтай құрметтеу және агрессия мен килігудің кез-келген түріне қарсы тұру [166, 241 б.].

2004 жылы Қытайдың Сыртқы істер министрі Ли Чжаосин мен Сауд Арабиясының сыртқы істер министрінің орынбасары Низэри Мадани екіжақты қарым-қатынастардың мүмкіндіктерін талқылай келе, тұрақты саяси кеңес құру туралы екіжақты келісімге қол қояды. Ал 2006 жылы 22-24 сәуір күндері ҚХР төрағасы Ху Цзиньтао Эр-Риядқа ресми сапар жасап, Сауд Арабиясының королі Абдулла бен Абдель Азизбен келіссөздер жүргізіп, екі жақты достық қарым-қатынас пен стратегиялық ынтымақтастықты дамыту жөніде ортақ тоқтамға келеді.

Бүгінгі таңда Қытай мен Сауд Арабиясы өзара сауда-экономикалық қатынастарды одан бетер дамыту түсуге мүдделі. Қарқындап даму үстіндегі Қытай үшін энергия көздеріне деген сұраныстың артатыны сөзсіз. Ал Сауд Арабиясы әлемдегі ең ірі мұнай экспорттаушы ел ретінде ірі мұнай тұтынушысы болып табылатын елмен әріптес болуға мұқтаж. Қазіргі жаһандық энергетикалық нарықтағы бәсекелестіктің артуы мұнай экспортын тек экономикалық әрекет ғана емес, сонымен қатар халықаралық деңгейде саяси сипатын арттырып отыр. Сол себептен де Сауд Арабиясы Қытайдың тұрақты серіктес болып қалуына ынталы болса, Қытай Сауд Арабиясымен энергетика саласында ынтымақтастығын одан бетер тереңдете түсуге мүдделі.

XXI ғасырдың алғашқы жылдарында Қытай мен Мысыр елі арасындағы қатынастар да дами түсті. Мемлекет және үкімет басшылары өзара жиі

сапарлармен алмасып тұрды. 2004 жылы қыркүйектегі Ху Цзиньтаодың Мысырға сапары екі жақты қатынастың жаңа деңгейге көтерілгенін көрсетті. Қытай басшысының сапары барысында екі ел арасындағы достық қарым-қатынастарды нығайта отырып, стратегиялық ынтымақтастық тереңдете түсу жөнінде консенсусқа қол жеткізілді.

2004 жылы қыркүйек айында қытай-араб мемлекеттерінің ынтымақтастық форумы ашылды. Форум аясында маңызды мәселелер талқыланып, бірқатар бастамалар ұсынылды. ҚХР сыртқы істер министрі Ли Чжаосин форум барысында мынадай ұсыныстар жасаған еді:

Біріншіден, Қытай мен Араб мемлекеттері арасында ұжымдық сұхбаттастықты одан әрі жандандыра отырып, 2006 жылы Пекин қаласында екінші министрлер отырысын шақыру;

Екіншіден, мемлекеттер арасында сауда-экономикалық ынтымақтастықты арттыру, инвестиция, сауда, құрылыс, энергетика, көлік тасымал, байланыс, ауыл шаруашылығы, қоршаған ортаны қорғау және ақпараттық технология салаларында ынтымақтастықты дамыту;

Үшіншіден, мәдени қарым-қатынастарды жетілдіру. Форум жұмысы Бірлескен Декларация және Форумның қызмет жоспарын қабылдаумен аяқталды [167, 182 б.].

2006 жылы Пекинде Қытай мен араб елдерінің ынтымақтастық форумының екінші сыртқы істер министрлер отырысы өтті. Қытай және Араб елдері күн тіртібіндегі бірқатар мәселелерді талқылай келе форум аясында көпжақты стратегиялық ынтымақтастық құруға тоқтам жасалды. [166, 254 б.].

ҚХР өзінің өңірлік және халықаралық деңгейдегі мүдделерін қорғау мақсатында көпжақты саяси қатынастарды дамытумен қатар, халықаралық және аймақтық ұйымдар арқылы маңызды геосаяси және геоэкономикалық аймақтардағы ықпалын тереңдетуді мақсат етті. Ху Цзиньтао тұсында Қытай үкіметі қауіпсіздік мәселелері бойынша әскери құрылыс саласын дамытуға айрықша көңіл бөліп, бұл бағытты өзінің сыртқы саясатын, сондай-ақ геосаяси ықпалын арттырудағы және экономикалық дамуда басты тетік ретінде санады. Сол себептен де белсенді қорғаныс бағытын ұстанды. Аталмыш стратегияның өзегі өзін-өзі қорғау және қарсыласқа лайықты жауап қату қағидасына негізделді. 2004 жылы 6 наурызда өткен Бүкілқытайлық Халық Өкілдерінің Құрылтайының 2-сессиясында Қытайдың қорғаныс мақсаттарына бөлінетін қаржы көлемі 21,83 миллиард юаньге немесе 11,6 %-ға көбейту ұсынылды [165, 67 б.].

Ху Цзиньтао тұсында Қытай жыл сайын қорғаныс саласына бөлінетін қаржы көлемін ұлғайтумен қатар, әскери салада дипломатиялық қатынастарды дамытуға ерекше көңіл бөліп келді. Соның ішінде Орталық Азия елдері қатарынан Қазақстанмен әскери салада ынтымақтастыққа айрықша көңіл бөлді. 2004 жылы Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі М.Алтынбаев Қытайға ресми сапармен барып, келіссөздер барысында екі мемлекеттің арасында қауіпсіздік саласындағы мекемеаралық ынтымақтастық және өзараынтымақтастық жөніндегі мәселелері талқылады. Қытай Халық

Республикасы мен Қазақстан Республикасының қауіпсіздік саласындағы мекемелердің арасында ынтымақтастықтың дамуына, екі мемлекеттің әскери жасақтарының бір-бірімен еркін араласуына жағдай жасалынды.

2005 жылғы шілдедегі ШЫҰ-ның кезекті саммитіне аясында Қазақстан Республикасына жасаған сапары барысында ҚХР Төрағасы Ху Цзиньтао ШЫҰ-на мүше мемлекеттер ынтымақтастық мәселелеріне, соның ішінде ұйымға мүше мемлекеттерге терроризм, сепаратизм және экстремизммен күрес жолында ынтымақтастықты нығайтуға, тұтас аймақтық бейбітшілік пен тұрақтылықты қорғау бағытында бірлесе іс-қимыл жасауға шақырды. Сонымен қатар «ШЫҰ-на мүше елдердің бәрінің алдында өзінің экономикалық және әлеуметтік дамуын қамтамасыз етудің маңызды міндеті тұр. Елдеріміз бір-біріне жақын орналасқан, ресурстарға да бай, бірін-бірі өзара толықтырудың және сауда-экономикалық ынтымақтастықты жетілдіре түсудің үлкен де зор әлеуетіне ие» - деп мәлімдеген еді [167, 181 б.].

Қытай сыртқы саясатындағы барлық билік буыны өкілдерінің бас ауруы Тайвань мәселесі екені анық. Ху Цзиньтао билікке келісімен бұл мәселені түбегейлі шешуді қолға алған болатын. ҚПК ОӘК төрағасы болып сайланған сәтте Тайвань мәселесін әскери күш қолдану арқылы болса да шешу қажеттігін мәлімдеген еді. Жаңа төрағаның мәлімдемесі тек құрлықтық Қытай мен Тайвань саясаткерлерін ғана емес, АТМА-да мүддесі басым елдердің барлығын алаңдатқаны анық [165, 121 б.].

Алайда 2005 жылдың наурызында Тайвань мәселесін реттеудің төрт тезисін ұсынылды. Бұл тезистерде мәселені бейбіт жолмен шешудің барлық мүмкіндіктерін қолдану қажеттігі айтылған еді.

2008 жылы мамырда Ху Цзиньтао мен Тайваньдағы билік партиясы «Гоминьдан» жетекшісі У Босюн арасында тарихи кездесу орын алды. Бұл екі ел басшыларының 60 жылдағы алғашқы кездесуі еді. Кездесудің екінші және үшінші кезеңдерінде орын алған келіссөздер барысында бірқатар тоқтамдарға қол жеткізілді. 2008 жылдың 31 желтоқсаны күні Қытай басшысы Ху Цзиньтао Тайвань мәселесін реттеуге қатысты жаңаша алты тезисін жариялайды [168]. Аталмыш алты тезис өзегінде ҚХР мен Тайвань арасындағы барлық мәселелер бейбіт түрдегі келісімдер негізінде шешілетіндігі жатты.

1.4 «Қытай арманы» даму стратегиясы негізіндегі Си Циньпиннің сыртқы саясаты

Ху Цзиньтао билігінің екінші мерзімінде-ақ «Қытай арманы» идеясы Қытай қоғамында біртіндеп тамыр жайып тарала бастады. Осы тақырыпты бірінші қозғаған ҚКП Орталық партия мектебінің меңгерушісі Ли Джунру (Li Junru) болатын. Ол негізінен тарихи сабақтастыққа және қол жеткізген жетістіктерге арқа сүйей отырып партияның үздіксіз басқарылуын заңды түрде бекітуге тырысты. 2008 жылғы Бейжің Олимпиада ойындарының жетістігін Ли Қытайдың ғасырлап жасаған еңбектері мен бастан кешірген қиындықтарының жемісі деп көрсетті. Ғалым ҚКП Қытай халқын империализмнен құтқара отырып, «бай және күшті, демократиялық, өркениетті, социалистік-

модернизацияшыл Қытайды» құра білді деп пайымдайды. Ли ҚХР-ның соңғы 150 жылдай уақытта жүріп өткен жолын елдің көркею жолындағы қиыншылықтар мен қателіктерге толы кезең екендігін, және одан Қытай халқының мойымай жеңімпаз болып шыққандығын ҚКП-ның жеңісі ретінде бағалайды. «Ұлы секіріс», «Мәдени революция» тәрізді саяси қателіктердің орын алғанына қарамастан Қытай жаңа даму жолын тауып, бүгінгі таңда әлем қауымдастығының мойындауына ие болып отырғандығын жазған болатын. Сондай-ақ ғалым Қытайдың әлемдегі лайықты орнын сақтап қалуына алаңдаушылық білдіре келе, елдің жаңа әлемдік жүйеде нық орын табу үшін экономикалық даму және қытайлықтардың өмір сүру деңгейін көтерілуін қамтамасыз ету қажет деп пайымдайды. Ол 2020 жылға қарай Цзян Цзэминнің көздеген Қытайда «орта дамыған» (xiaokang) қоғам құрып, 2000 жылғы орташа жан басына шаққандағы табыстың екі еселенуін қамтамасыз ету қажеттігін баса айтқан еді. «Халқы бай елдің қуаты да күшті» қағидасын басшылыққа алуды кеңес етеді [169, 4 б.].

«Қытай арманы» ұғымы бірте-бірте Қытайдың ұлттық даму концепциясына басым ұғымдардың бірі болып ене бастаған еді. Ху Цзиньтао билігінің тұсында елдің даму концепциясының өзегі болмаса да жалпы қытайлық дамудың басты қазығы ретінде қалыптаса бастады. Қытай халқы рухының көтерілуіне аталмыш ұғымның берер әсері зор екенін партия теоретиктері жақсы түсінді. «Үйлесімді қоғам» идеясынан кейін елдің даму стратегиясында басты ұғым ретінде «Қытай арманын» қалыптастыруға барлық жағдай жасалынды. 2008 жылғы Бейжің Олимпиадасы, 2009 жылғы Ұлттық әскери парад және 2010 жылғы Шанхай халықаралық көрме шаралары Қытайдың соңғы реформалау кезеңдерінің ең үлкен жетістігі ретінде және әлем қауымдастығының Қытайға берген жоғары бағасы ретінде көрсетілген еді [170, 1 б.].

2010 жылдарға қарай «Қытай арманы» ұғымы біртіндеп ресми баспа мен партиялық жазбалар аясынан шығып, кең ауқым ала бастағанын байқаймыз. 2010 жылы Гуандунда жарық көретін «南方周末» (Nanfang zhoumo) (Оңтүстік апталығы) газеті негізгі қытайлық «армандардың» тізімін жариялайды. Онда экономикалық реформаларды «Қытай арманының» мақсатына сай жүргізуге шақырды. Нақтырақ айтқанда, ресурстарды неғұрлым тиімді пайдалану, өндірістік өсу мен тұтынушылықты ынталандыру, шығармашылық салаларды жетілдіру және шағын бизнесті несиелеу үшін банктерге пәрмен беру сияқты елдің болашақ дамуын қамтамасыз етеді деген бірқатар пайымдар көрсетілген болатын [171, 83 б.]. Қарқынды дамуды қамтамасыз ету үшін Қытай ұзақ жылдар бойы экологиялық мәселелерге айтарлықтай көңіл бөлмей келген еді. «Қытай арманын» арқалаған жаңа бастамаларда экологиялық мәселелерге ерекше көңіл бөлу қажеттігі қытай қоғамында осы жылдардан бастап көптеп айтылатын болды.

2012 жылдың қазан айында Си Цзиньпиннің ҚКП Бас хатшылығына сайланып, кейін 2013 жылдың наурыз айында ҚХР Төрағасы болып тағайындалғаннан кейін «Қытай арманы» ресми түрде елдің даму жолын

айқындайтын ұғым ретінде бекітілді. Дегенмен партиялық шенеуніктер аталмыш ұғымды айналымға ресми түрде енгізгенімен, қоғамда аталмыш идея өзге де бағыттарда тарала бастады. Қоғамда болып жатқан құбылыстарды жіті қадағалауында ұстап отырған зиялы қауым арасында аталмыш идея бірден қолдау таба қоймаған болатын. Қытай қоғамында соңғы жылдары жедел экономикалық өсіммен қатар келген күрделі өзгерістер барысында «Қытай арманы» идеясының қалайша өз орнын табуы зиялы ортаны алаңдатты. Жедел экономикалық даму халықтың барлығына бірдей мүмкіндік бермесі анық. Қытай қоғамында орын алып отырған бай мен кедейлердің ара алшақтығының өсуі жаңа идеяға қалай әсер етері нақты бағаланбаған деп пайымдалған болатын. 2012 жылғы сауалнамалық зерттеулер нәтижесінде зерттеуге қатысқан қытайлықтардың жартысынан астамы өздерінің барлық материалдық жетістіктерге қарамастан бақытсыздықты сезінетіндігін атаған болатын [172]. Қытай билігінің бесінші буын басшылары осы сұрақтарды ескере отыра, халықтың тек материалдық сұраныстарын қанағаттандырумен қатар, рухани сұраныстарын назардан тыс қалдырмау керектігін жақсы түсінді. «Қытай арманы» қарапайым қытай халқының рухани мүдделерін қанағаттандырады деген пайыммен жасалған еді. Си Цзиньпин төрағанын «Қытай арманы» Ху Цзиньтаодың «үйлесімді қоғам» идеясының заңды жалғасы болуы да сол себептен.

Жаңа терминнің басымдығы ретінде оның икемділігін атауға болды. Қытай қоғамы жауыр болған «қытайлық ерекшелігі бар социализм» шаршай бастағаны анық. Аталмыш ұғым Қытай қоғамына ұзақ жылдар бойы рухани азық болып келді. «Қытайлық ерекшелігі бар социализм» түсінігінің де статалемдік сипаты басым ұғым екені анық. Дәстүрлі батыстық ұстанымдар мен қағидалар, әсіресе либералды экономикалық қағидалар «социализм» терминімін мүлде бір қатарға тұра алмайтындығына қарамастан, Қытай билігінің ұлттық даму ұстындарының икемділігі арқасында біте қайнасып кете беретіні белгілі. Бұл Қытай саяси ұстанымдарының басты ерекшелігі болса керек. Жаңа қолданысқа енгізілген «Қытай арманы» ұғымы да өзінің айрықша икемділігімен ерекшеленетін идея болып отыр. Жалындап өсіп келе жатқан, тарихи жады таяздау қытайлық жастарды «қытайлық ерекшелігі бар социализм» идеясы рухтандыра алмасы анық. Ал «Қытай арманы» идеясы Қытай қоғамының дамуына жаңа серпін берері сөзсіз.

2012 жылдан бастап Си Цзиньпин партияның жетекші рөлін орталықтандыруды мықтап қолға алды. Орталық биліктің мығымдығына нұқсан келтіру мүмкін деген құбылыстардың бәрін тежеуге басымдық беріп отырғандығы тағы бар. Бұл жағдай әсіресе, Батыс әлемі тарапынан үнемі үлкен сынға ұшырап жататыны анық. Уилли Ламның пайымынша: «...ашық жарияланбаған партиялық құжатта «жеті түсінікті» ашық талқылауға тыйым салынған. Нақтырақ айтқанда, әмбебап құндылықтарды, баспасөз бостандығын, азаматтық қоғам туралы, азаматтардың құқықтарын, партияның тарихи қателіктерін, капиталистік сыныптың артықшылығын және сот жүйесінің тәуелсіздігін қоғамдық талқылауға салуға болмайды» [173, 94 б.]. Ламның

пайымдауынша, Си Цзиньпиннің билігі алдыңғы буын Ху Цзиньтао билігіне қарағанда орталық биліктің мәртебесін бекемдеуге бағытталған. Қытай билігінің бесінші буын өкілдері партия рөлін одан бетер тереңдетуге негізделген. Осы мақсатты жүзеге асыруда «Қытай арманы» идеясы басты құрал болмақ. Қытай қоғамын жаңа идеологиямен сусындата отырып, орталық биліктің рөлін одан ары бекемдеу, партия үстемдігін қамтамасыз ету.

2014 жылдың ортасында CNKI – Қытай академиялық журналдарының деректер базасына сәйкес, Қытайда «Қытай арманы» деген атпен 8249 мақала жарық көрген болатын. Бұл қытайлық академиялық орталықтардың «Қытай арманы» ұғымымен мықтап шұғылданғандығын көрсетеді. Жалпы «арман» ұғымы мемлекеттердің даму стратегияларында жиі кездесетін ұғым. Тарихтың әр кезеңін алып қарасақ, көптеген елдердің даму жолында өз арманы болғанын көруге болады. Соның ең әйгілісі «американдық арман» екені анық. «Американдық арманның» тек американдықтар үшін ғана емес, әлем елдеріне кеңінен жайылғаны белгілі. Американдық арманды аңсап талай жандар Солтүстік Америкаға қоныс аударды. Өз бақыттарын «американ арманымен» байланыстырды. Алайда «американдық арман» мен бүгінгі «қытайлық арманның» айырмашылығы басым. «Американдық арманның» өзегі либералды құндылықтарды дәріптеу мен жеке тұлғалық дамуды, материалдық молшылықты үндейтін болса, «қытайлық арман» ұлттық даму стратегиясының өзегі болып отыр. «Қытай арманының» ерекшелігі қытай халқының «бақыттылыққа» жетуі ғана емес, мемлекеттік мүдденің басымырақ болуында. Сол себептенде, «қытайлық арманның» экспорттық мүмкіндігі шектеулі болмақ. Яғни «Қытай арманы» «өркениеттер қақтығысына» бастай қоюы екіталай. Сондықтан да, «қытайлық арманның» өзге мемлекеттердің мүддесіне айтарлықтай нұқсан келтіріп, қауіп-қатер төндіре қоюы неғайбыл. Бұл Қытай билігіндегі тарихи сабақтастықтың жарқын көрінісі. Яғни Си Цзиньпиннің «Қытай арманы» Цзян Цземиннің «орта дамыған қоғамы», Ху Цзиньтаодың «үйлесімді қоғамының» заңды жалғасы болып отыр.

Заманауи кезеңдегі халықаралық қатынастардың белді ойыншылары болып табылатын, дамыған және қарқынды дамушы елдер қатарынан бөлініп тұратын АҚШ, Еуропа, Үндістан және Түркия сияқты елдердің «арманына» тоқталар болсақ, «Қытай арманының» ерекшеліктері айрықша көрінеді. «Американдық арман» жоғарыда атап өткеніміздей, әділ қоғам, либертарианизм, мүліктік құқықтар, демократия және нарықтық фундаментализмді көрсетеді. «Американдық арманның» ерекшелігі оның экспорттық әлеуетінің басымдығында. Әлемдік тәртіптің өзгерген тұсындағы бірден-бір гегемон болып қалыптасқан АҚШ-тың «американдық құндылықтары» экспорттауы әлемдік тәртіпті өзгерте келе, көптеген өңірлік және жаһандық кикілжіңдерге бас болғаны анық. Соның жаңғырығы әлі де болса халықаралық қатынастардың барысын айқындап отыр. «Еуропалық арманның» «американдық арманмен» ұштастығына қарамастан, қазірде біртіндеп дезинтеграциялық құбылыстардың орын алуынан біртұтастығы мен өміршендігін жоя бастауда.

Ал Үндістанның «арманының» негізі дәстүрлі өркениеттік жетістіктерге негізделген «Ұлы державалық» мәртебесін іздестіруде жатыр. Тынық мұхиты мен Атлант мұхитының арасында жатқан Үнді мұхитының стратегиялық маңызын ескере отырып, елдің экономикалық өрлеуінің шегі елді «Ұлы державалыққа» жетелейді деп пайымдайды. Түрік арманы негізінен, ұзақ мерзімді тұрақты экономикалық өсім үлгісін сақтай отырып, діни құндылықтар мен демократияның үйлесімді кеңеюінде. Алайда, соңғы уақыттағы жағдайларға қарап, Түркияның өнеркәсіптік технологияларының жетілдіруі төмен деңгейде қалып отырғанын көруге болады.

Ал «Қытай арманы» «американдық армандағы» индивидуализм орнына мемлекет, халық және жеке тұлға ұғымдарын біріктіріп біртұтас етіп қарауға көбірек көңіл бөледі. «Қытай арманының ұлы сипаты мемлекет, ұлт пен халықты ортақ тағдырмен байланыстыру. Отбасы ең кішкентай мемлекет, яғни он миллион отбасы» [174, 9 б.]. Яғни «Қытай арманы» тек рухани немесе әлеуметтік өрлеуге негізделген ұғым емес, мемлекет пен халықты тұтастырған ұғым болып табылады. Демек, аталмыш ұғым елдің сыртқы саяси ұстанымында ізі жатады деген сөз.

Қытайда доктриналық сипаттағы сыртқы саяси құжаттарды жариялау тәжірибесі болмағандықтан елдің сыртқы саяси ұстанымын айқындау әрқашан зерттеу нысанына айналып келді. Соңғы жылдары Қытай жариялық дипломатияны дамытуды қолға алып отырғанына қарамастан, нақты сыртқы саяси доктриналық құжаттарды кездестіре алмаймыз. Десе де, 2012 жылдан бастап Қытай мен сыртқы әлем арасындағы қарым-қатынастардың жаңа моделін іздестіру белсенді жүріп келеді. Бұл үдеріс те белсенділігіне қарамастан, бірегейлікке келмей отыр. Си Цзиньпиннің құрлықтағы және теңіздегі Жібек жолын жетілдіру бастамасы аясында елдің сыртқы саяси доктринасын түсіндіру жұмысы кеңінен жүргізіліп жатқанымен біртұтас құжат ретінде жасақталмай келеді. Қытайлық деректемелерінде 2014 жылғы 2 желтоқсанда (Си Цзиньпиннің Астанадағы алғашқы мәлімдемесінен бір жылдан астам уақыт өткен соң), ҚКП Орталық комитеті мен ҚХР Мемлекеттік Кеңесі «Жібек жолы экономикалық белдеуін және 21 ғасырдағы теңіз Жібек жолын салудың стратегиялық жоспары» қабылданды делінеді. Алайда бұл құжат ешқашан ашық жаряланған емес.

Сол себептен де әлем елдерінің Қытайдың сыртқы саясатына қатысты зерттеулерінде ҚХР-ның басшылығының бесінші буыны өкілдерінің сыртқы саяси ұстанымдарын нақтылауда көптеген пікір-таластар туындап жатады. Дэн Сяопин айтып қалдырған «көшбасшылықты қолға алмай, елдің алаңсыз дамуын қамтамасыз етерлік оңтайлы орта жасау» ұстанымы бүгінгі күнгі әлемдік тәртіптің заңдылығына жауап бере алмайтынын Қытай билігі жақсы түсінеді. Сол себептен де Қытайдың ХХІ ғасырдағы сыртқы саясаты айтарлықтай «белсенді» болады деген пайыммен зерттеушілер «Қытай арманынан» қатер іздеп жатады.

Қытайдың жаңа сыртқы саясатына қатысты ойын Си Цзиньпин 2013 жылдың қаңтарында ҚКП ОК Политбюроның үшінші ұжымдық оқуында

білдірген болатын. Оған сәйкес бірқатар сыртқы саяси тезистерді бөліп көрсетуге болады:

- Қытайдың сыртқы саясаты елдің ішкі мүдделерімен тығыз қабысып жату керек. «Қытай арманының» ұлы мақсаты – қытай халқының қайта тұруы. Осы мақсатқа жету жолында елге бейбіт орта керек. Қытайдың сыртқы саясаты осы жағдайды қамтамасыз ету қажет;
- Қытай одан әрі де бейбіт даму жолын таңдағанымен, ҚХР ешқашан өзінің заңды құқықтарынан бас тартпауы керек. Қытай елдің дамуындағы шешуші рөлді ойнайтын мүдделерінен ешқашан бас тартпауы қажет. ҚХР «өзінің басты мүдделерін» өзге мемлекеттермен ешқандай саудаға салмайтының өзге елдер түсінуі қажет;
- Қытай билігінің бесінші буын өкілдері елдің осы уақытқа дейін қол жеткізген жетістіктерімен өзге елдермен бөлісуге әрқашан дайын екенін білдірді. Қытай өзімен іргелес жатқан аймақтарда қарқынды дамуды қамтамасыз ете отырып, елдің дамуына қолайлы бейбіт орта құруға мүдделі. Бейбіт сыртқы тыныш орта Қытайдың алаңсыз дамуына қолайлы жағдай жасамақ. Сол себептен де, Қытай көршілес аймақ елдерімен өзара тиімді ынтымақтастыққа негізделген қарым-қатынастарын жетілдіре бермек;
- Қытайдың пайымдауынша, әлемде әмбебап даму үлгісі жоқ және өзгеріссіз қалыпта қала беретін даму жолы болмайды. Сол себептен де:

Біріншіден, әр тараптың өзіндік әлеуметтік құрылымдары мен даму жолдарын таңдау құқықтарын құрметтеу керек;

Екіншіден, әр елдің экономикалық және әлеуметтік дамуына қатысты тәжірибелеріне құрметпен қарау қажет;

Үшіншіден, сыртқы тарапқа қатысты стратегиялық ұстанымдарды қалыптастыра отырып, оған бекем болу;

Төртіншіден, ортақ мүддеге нұқсан келтірер сыртқы талаптарға бірлесіп қарсы тұру және ынтымақтастықты арттыру абзал [31, 218 б.].

Сонымен қатар, Қытай билігінің бесінші буын өкілдері өздерінің әр баяндамалары мен ресми мәлімдемелерінде ешқандай мемлекеттің әлемде гегемон болуын қолдамайтындығын және бір мемлекеттің даму үлгісі екінші тарапқа айна-қатесіз көшірілуінің үлкен геястратегиялық қателік екендігін әрқашан басып айтып келеді. Бұл қазіргі таңдағы қытайлық дипломатияның келбеті.

2013 жылы 27 маусымда ҚХР-ның сыртқы істер министрі Уаң И Халықаралық бейбітшілік форумында Қытайдың сыртқы саяси қызметіндегі басты жеті бағытты нақтылап көрсетті. Атап айтар болсақ:

1. Ұлы державалар арасында жаңа тұрпаттағы қарым-қатынастар орнату;
2. Іргелес жатқан мемлекеттермен бейбіт әрі тұрақты орта құру бағытында жұмыс жасау;
3. Дамушы мемлекеттермен әділеттілік пен тиімділік қағидаларына негізделген қарым-қатынастарды қолдау;

4. Ашықтық пен реформалау саясатын одан бетер тереңдете түсу;
5. Халықаралық және аймақтық мәселелерді шешуде белсенді ат салысу, жаңа әлемдік тәртіптің қалыптасуына ықпал ету;
6. БҰҰ Жарғысында көрсетілген мақсаттар мен қағидаларды және халықаралық құқық нормаларын табанды қорғау;
7. ҚХР-ның шетелдерде заңды құқықтарын қорғау [175].

Қытай басшысы Си Цзиньпин 2014 жылы қарашадағы ҚКП ОК халықаралық мәселелерге қатысты конференцияда жасаған баяндамасы барысында елдің сыртқы саяси курсы туралы сөз етті. Төраға өз сөзінде әлемдік трендтердің өткен ғасырдың 80-жылдарынан бері аса өзгере қоймағандығын алға тартты. Әлем әлі де болса әлем көпполярлылық, экономикалық жаһандану, бейбітшілік пен даму, халықаралық жүйені реформалау қажеттілігі, аймақтардың гүлденуі мен тұрақтылықтың сақталуы тәрізді жалпы адамзаттық мақсат-мүдделерді басшылыққа алады. Си Цзиньпин сонымен қатар Қытайдың алдында үлкен тапсырма тұрғандығын баса айтқан еді. Төрағаның пайымынша, Қытайдың алында жаңа талаптарға сай ұлттық жаңғыру мәселесі күтіп тұр. Аталмыш мақсатқа жету үшін Қытай әлем қауымдастығымен етене ынтымақтастықта болу қажет. Қытайдың экономикалық қарқынды өсуін адамзаттық ұлы мақсаттармен ұштастыра білген абзал.

2015 жылы қыркүйек айында өткен БҰҰ БА отырысында ҚХР Төрағасы жаңа әлемдік тәртіпте БҰҰ-ның мәртебесі мен рөлі туралы нақты ұстанымдарын білдірген болатын. Халықаралық қауіпсіздік пен тұрақты дамуды қамтамасыз етуде БҰҰ мен БҰҰ ҚК-ның рөлін одан бетер жетілдіру қажеттігін баса атап өткен еді. Си Цзиньпин әлемдік қауіпсіздік пен тұрақтылықта қамтамасыз ету Қытайдың белсенді жұмыс жасауға дайын екендігін білдіре келе, осы мақсатта «Қытай-БҰҰ бейбітшілік және даму қорын» құратындығын және оны қаржыландыру үшін 1 млрд. АҚШ доллары көлемінде қаржы бөлетіндігін атады. Сонымен қатар, Қытайдың БҰҰ-ның бітімгершілік миссиясын жетілдіру үшін 8 мың әскерден тұратын әскери жасақ жасақтауға дайын екендігін білдірді.

Сонымен қатар, Қытай басшысының пайымынша, БҰҰ өзінің алға қойған мақсаттарына әлі де болса толық қол жеткізген жоқ. Адамзат баласы алдына қойған ұлы мақсатқа жету үшін барша әлем жұмыла ынтымақтасу қажет екендігін, өйткені адамзат тағдыры және болашағы бүгінгі ұрпақ қолында екендігін баса атаған болатын [176].

ҚХР билігінің бесінші буыны басшыларының сыртқы саясатының негізін айқындайтын тағы бір шара 2017 жылдың қаңтарында орын алған еді. 2017 жылдың 17 қаңтарында Қытай басшысы Си Цзиньпин Бүкіләлемдік экономикалық Давос форумына қатысып, баяндама жасады. Бұл жалпы Қытай басшыларының аталмыш шараға бірінші рет қатысуы еді. Осының өзі Қытайдың сыртқы саясатта әлемдік ірі шараларды тиімді пайдалануды мықтап қолға алғандығын байқатса керек. Аталмыш шарада жасаған баяндамасында Қытай басшысы жаһандық дамуының одан арғы бет алысын қалай көретіндігін айқындап берген еді.

Си төрағасын Давос Форумындағы баяндамасының мазмұнына қарап мыналарды пайымдауға болады:

- Біріншіден, Си Цзиньпин экономикалық жаһандану әлемдік экономиканың дамуына үлкен импульс бергендігін баса айтты. Сонымен қатар, жаһандану өзімен бірге жаңа мәселелерді берге ала келді. Жаңадан қалыптасып отарған мәселелі жағдайға біреуді кінәлау мәселенің шешімі емес. Экономикалық жаһандануды жаңа талаптарға сай бейімдеп, одан барынша пайда іздеу әлемдегі барлық елдер мен халыққа гүлдену әкелмек. Си төраға әлем елдерінің басшыларын жаһанданудан бас тартпай, керісінше одан барынша пайда іздеуге, қажет жағдайда жаңа талаптарға сай икемдеуге шақырды;
- Екіншіден, ҚХР соңғы қырық жылға жуық уақыт ішінде реформа мен ашықтық саясаты арқасында әлемде екінші экономика айналып отыр. Елдің ішкі дамуында толағай табыстарға қол жеткізді. Қытайдың гүлденіп дамуы өзге мемлекеттерге берілген үлкен мүмкіндік болып табылады. Қытай экономикалық жаһанданудан тек өзі үшін пайда тауып ғана қоймай, әлем қауымдастығының барлығы ұту үшін бар қолайлылықта қалыптастыруға дайын және сол бағытта жұмыс жасамақ [177];
- Үшіншіден, Си Цзиньпин Қытайлық ірі бастама «Бір Белдеу – Бір Жол» жобасы жария етілген сәттен бері оны әлемнің 100-ден астам елі мен халықаралық ұйымдар қолдап отырғанын баса айтып келеді. 70-тан астам ел мен халықаралық ұйымдар Қытаймен ынтымақтастық келісімдерін жасасты. «Бір Белдеу – Бір Жол» бойындағы елдерге құйылған қытайлық инвестицияның көлемі бүгінде 50 млрд. АҚШ долларынан асып отыр. Демек, «Бір Белдеу – Бір Жол» жобасы Қытайдан бастау алғанымен әлемнің барлық елі одан пайда көрмек;
- Төртіншіден, Си Цзиньпин алып державаларды шиеленістен аулақ болуды, өзара құрметке негізделген ынтымақтастықты әрқашан қолдауға шақырады. Алып державалар өзінің саяси, экономикалық және әскери әлеуетіне қарамастан кіші мемлекеттермен тең деңгейлі қарым-қатынастар жасау керек. Аталмыш мәселені Қытайдың өзгеде басшылары әрқашан баса айтып келеді. ҚХР-ның Сыртқы істер министрі Уаң И Қауіпсіздік мәселелері бойынша өткен 53-Мюнхен конференциясында қазіргі таңда БҰҰ Жарғысында көрсетілген мақсаттар мен қағидаттарға сай келмейтін әлемнің түкпір-түкпірінде шиеленісті жағдайлардың қалыптасып отырғанын айта келе, аталмыш жағдайларды реттеуде халықаралық қауымдастықтың ірілі-ұсақты барлық мүшелері бір деңгейде ат салысу қажеттігін алға тартқан болатын [178].

Си Цзиньпиннің Давостағы Экономикалық Форумдағы сөзінен кейін-ақ Қытайдың сыртқы саясатында күтіп тұрған үлкен сын сағатының келгенін байқау қиын емес-тін. Себебі бұған дейінгі болған Давос Экономикалық Форумдарына ҚХР-ның басшылары ешқашан қатысқан емес. Әрқашан

қытайлық бизнес өкілдері мен министрлері ғана қатысып келген халықаралық экономикалық шараға бұл жолы Қытай делегациясы ең жоғары деңгейде келуінің өз көзқарақты жанға айтары үлкен ишара еді. Си Цзиньпин өз баяндамасына «Сен қалайсың ба, қаламайсың ба, жаһандық экономика мұхит іспеттес. Одан ешкім қашып құтыла алмайды..... Біздің жауымыз көрші ел емес, біздің жауымыз – ашаршылық, кедейшілік, сауатсыздық, діни адасушылық... Протекционизм өзіңді қараңғы бөлмеге қамаумен бірдей. Сауда соғысында жеңімпаз болмайды» деген сөздерді баса айтқан болатын. Бұл сөздердің кімге бағытталып айтылғаны барша әлемге мәлім болғанымен, АҚШ-тың жауабы соншалықты күрт болатының көптеген сарапшылар болжай алмады. Бүгінде Қытайдың сыртқы саясатта кездесіп отырған үлкен қиыншылықтары осы АҚШ пен Қытай арасындағы сауда соғысы болуда.

АҚШ пен Қытай арасындағы сауда-сатыққа қатысты теке-тіресі негізінен 2018 жылдың 22 наурызында АҚШ президенті Д.Трампының Қытай тауарларына қосымша кеден салығын салудан басталған еді. Жалпы көлемі 50 млрд. АҚШ долларын құрайтын қосымша кеден салығы Қытайдың экспортына үлкен соққы болатын. Арада бір күн салып АҚШ басшысы қытайлық болат және алюминийлерге он пайыздық мөлшерде де қосымша салық белгіледі. Сонымен қосымша кеден салығын салатын Қытай тауарларының тізімін жасауды өз әкімшілігіне тапсырды. Өз кезегінде Қытай тарапы да қарап қалмады. Қытай сәуір айынан бастап АҚШ-тың ауылшаруашылық өнімдерін қосымша салық салған еді. Өзара қосымша кеден салықтарының салынуы тек екі мемлекеттің ғана экономикасына әсер етпесі анық. Бүгінде әлем елдерін де осы мәселе ерекше алаңдатып отырғанын байқаймыз.

Шынтуайтында, АҚШ Қытайға қатысты өздерінің «Сауда туралы» зағындағы 301-тармағын бірінші рет пайдаланып отырған жоқ. Америка Қытайға қарсы 1991, 1994, 1996 және 2010 жылдары аталмыш тармақты қолдана отырып, экономикалық қыспақ жасаған болатын. Алайда бұл кезеңдерде екі тарап жағдайды ушықтырмай, көп кешікпей келісімге келіп отырған еді.

Бұл жолы да мәселені келіссөздер арқылы шешуге бірқатар талпыныстар жасалғанын атау керек. Алайда олардың ешқайсысы оң нәтиже берер емес. АҚШ ресми Пекинді сауда-саттық саласында зияткерлік меншіктерді ұрлайды, шетелдік компаниялардың Қытайдың нарығында жұмыс жасауына шектеулер қоя отырып, жоғары технологияларды елдің ішкі нарығына тасымалдауды жүзеге асырып отыр деп айыптауда. Ал Қытай тарабы АҚШ-тың сауда-саттық саласында «сыңаржақтық» танытып отыр деп кінәлауда.

Қытай мен АШҚ арасындағы сауда теке-тіресі жақында ғана бастау алғандай әсер қалдырғанымен, бұл мәселенің ұзақтан жалғасып келе жатқан мәселе екенін мойындау керек. АҚШ пен Қытай сәйкесінше әлемдегі бірінші және екінші экономика болғандықтан әр қашан бәсекелес болып табылатын. Соңғы жылдардағы Қытайдың ірі бастамалардың біртіндеп жүзеге аса бастауы мен қытайлық капиталдардың біртіндеп әлемдік нарықты жаулай бастауы американо-қытай бәсекелестігін одан бетер ушықтыра түскені анық.

Бір жағынан Си Цзиньпин «Қытай арманын» арқау етіп, елдің экономикалық, саяси және әскери жеделдетуді барынша қолға алып жатыр. «Белдеу және Жол» бастамасы негізінде табиғи байлықтар мен сыртқы нарықтарға қол жеткізу арқылы аймақтық және жаһандық мәртебесін арттыра отырып, сыртқы саясатын одан әрі белсенді етуде.

Ал АҚШ басшысы «Make America Great Again» ұраны аясында елдің әлемдегі гегемондық орнын сақтап қалуды көздеуде. Экономикалық дамуымен қатар елдің әскери қуатын арттыра отырып, әлемдік саясатта белсенді рөл ойнай бастаған Қытай АҚШ-ты мазасыздандыратын заңдылық.

Қытай 2017 жылы шетелдегі ең алғашқы әскери базасын жасақтаған болатын. Африка құрлығындағы кішкентай ғана мемлекет Джибутиде орналасқан қытайлық әскери база стратегиялық маңызды жерде орналасқан әскери тұрақ болып отыр. Теңіз сауда жолдары қызып тұрған Қызыл теңізге апарар жолдың күре тұсы болып табылатын Джибути елі аса маңызды стратегиялық орының Қытайға бұйыруы АҚШ-ты ерекше алаңдатқаны белгілі.

АҚШ пен Қытай арасындағы сауда соғысынан екі елдің де зардап шегері сөзсіз. АҚШ Қытайдың ең ірі экспорт әріптесі. Ал импорт саласы бойынша төртінші серіктесі болып табылады. Қытай АҚШ-тың үшінші экспорт әріптесі, сондай-ақ американдық тауарлар мен қызметтердің ең ірі тұтынушысы болып есептеледі. АҚШ пен Қытай арасындағы жалпы сауда көлемі 2017 жылы 635 млрд. АҚШ долларын құрады. Ал 2018 жылдың бірінші жартысында АҚШ пен Қытай арасындағы жалпы сауда көлемі 313,76 млрд. АҚШ долларын құрап, былтырғы жылғы осы уақыттағы көрсеткіштен 8,7%-ға артқандығын көрсетіп отыр. АҚШ пен Қытай арасындағы өзара сауда теке-тіресі жалғаса беретін болса бұл көрсеткіштердің төмендері сөзсіз. Көптеген сарапшылар, Қытай мен АҚШ арасындағы сауда соғысы ұзақ мерзімді теке-тірес болатынын болжап отыр. Алдағы жиырма жылға жуық уақытты қамтып, әлемдік экономикалық құрылымның өзгеруіне әсер етуі ықтимал екені жиі сөз етіліп жүр.

АҚШ пен Қытай арасындағы сауда соғысы Қытаймен іргелес жатқан мемлекеттер мен аймақтардың да экономикасына тікелей әсер ететін болады. АҚШ тәрізді ірі экспорт әріптестерімен теке-тірес қытайлық сыртқы сауданы тежеп, ішкі өндіруші әлеуетін қиыншылықтарға душар етпек. Қытайлық өндірушілер өздерінің өндірістік шығындары мен табыстарын жоқ дегенде бұрынғы деңгейде ұстап тұру үшін өнімдерінің бағасын амалсыздан арттыратын анық. Соңғы жылдары экономикамызда бірінен кейін бірі орын алған ұлттық валюталардың құнсыздануы мен экономикада байқалып отырған баяу даму еліміздің тұтынушылық мүмкіндігін төмендетіп жіберді. Сол себептен де, қытайлық өнімдердің өзі Қазақстанның ішкі нарығы үшін қазірдің өзінде қымбатшылық тудырып отырғаны анық.

Сонымен қатар, әлемдік сауда-саттықтарды орын алар өзгерістер жүзіеге біртіндеп асып келе жатқан Жібек Жолы экономикалық белдеуінің әлеуетіне нұқсан келтіреті сөзсіз. Демек Қытайдың сыртқы саяси-экономикалық ұстанымына түсіп отырған бұл үлкен сын еліміздің болашақ дамуына да тікелей әсер етпек.

Си Цзиньпин сыртқы саясаты іргелес жатқан елдермен қарым-қатынастарды одан әрі тереңдетуге бағытталып отыр. Қытайдың көршілес мемлекеттермен қарым-қатынастары негізгі төрт қағидаттар аясында жүзеге асуда. Бұл тұста да Қытай билігінің бесінші буын өкілдері дәстүрден таймай, көне қытайлық салиқалылыққа салып, дәстүр сабақтастығын басшылыққа алып отыр. Қытайдық көршілес елдермен қарым-қатынастарының өзегі ретінде 亲 (qin), 诚 (cheng), 惠 (hui), 容 (rong) (жақындық, шынайылық, өзара пайда, инклюзивтік) деп келетін төрт иероглифтік стратегияға жүгінеді.

Қытай тілінде 亲 (qin) жақындықпен қатар, туыстық деген де мағына білдіреді. Конфуциандық ілімдегі «туыстық-жақындықтың» көршілес елдерге қатысты сыртқы саяси ұстаным етілуі Қытай билігінің айналасындағы елдермен татукөршілікті ерекше құрметтейтіндігін көрсетеді.

Шынайылық (诚 (cheng)) көне конфуциандық ілімде сенім (信 (xin)) ұғымымен қатар жүреді. Қазіргі Қытай билігінің көрші елдермен шынайылық қарым-қатынастарды нығайтуға ұмтылуы көне дәстүрлі қытайлық ілімді заманауи халықаралық қатынастарда тәжірибе жүзінде жүзеге асыруға ұмтылысы деп бағалау керек.

Өзара пайда мен инклюзивтілік заманауи дипломатияның басты қағидалары екенін ескерсек, Си Цзиньпиннің көршілес елдерге қатысты сыртқы саяси ұстанымы төрт тағаны тең екендігін байқатады.

Қытайдың іргелес елдерге қатысты дипломатиялық қатынастарының басты тапсырмаларына тоқталар болсақ, оларды бірнеше топқа бөлуге болады.

Негізгі құрылымдық қағидаттар: татукөршілік пен достық қарым-қатынастарын әрқашан қолдау; бір-біріне құрметпен қарау әрі жиі сапарлармен алмасу; көрші елдер халқының жүрегін жаулай отырып, елдің жағымды кейпін қалыптастыру; көрші елдермен шынайылыққа негізделген қатынастарды қалыптастыра отырып, әріптестер мен серіктестерді көптеп табу;

Өзара пайда қағидаттары: өзара тиімділікке негізделген байланыстарды қолдау; ынтымақтастықтан Қытай да, көршілес мемлекеттер де пайда табу, «win-win» қағидасын басшылыққа алу; аймақ елдеріне қатысты аймақтық жобаларды ұсына отырып, ортақ рух қалыптастыру; аймақтық экономикалық ынтымақтастыққа белсенді қатысу; өңір елдерінің инфрақұрылымдық жағдайын жақсартып, біртұтас кеңістік құру;

Қаржы-экономикалық ынтымақтастық қағидаттары: қаржы саласындағы ынтымақтастықты тереңдете беру; Азия инфрақұрылым және инвестиция банкінің аясын кеңейтіп, жобалардағы үлесін арттыра түсу; шекара бойындағы ынтымақтастықты одан әрі жетілдіру, аймақ елдерімен шекара бойы сауда орталықтарын көбейту;

Қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаттары: аймақтық қауіпсіздікті жетілдіру, ортақ қауіпсіздікті қамтамасыз етуде бірлескен әскери жаттығуларды өткізу; туризм, білім-ғылым, мәдениет саласындағы ынтымақтастықтарды жетілдіре отырып, ортақ рух қалыптастыру; Қытайлық «жұмсақ күшті» одан бетер тереңдете түсу және әрқашан қолдау [179].

Түйіндей келгенде, Си Цзиньпиннің сыртқы саясатының негізінен бес басымдығын атауға болады:

Біріншіден, Қытай бұдан былайда дәстүрлі бейбіт жолмен даму қағидасын қатаң басшылыққа ала беретін болады. Алайда Қытай билігінің бесінші буыны басшылары Қытайдың сыртқы істерде бұрынғыдан белсенді рөлді ойнайтындығын ашық айтып отыр. Қытай басшыларының әрқашан «қытай өзінің табиғи құқықтарынан ешқашан бас тартпайтындықтарын, мемлекет үшін шешуші болып табылатын мүмделерін ешқашан саудаға салмайтындығын» бас айтып келеді. Аталмыш мәлімдемелерден қатаң күштің ызғары шығып тұрғанымен, Қытай басшылығы Ху Цзиньтао тұсында ашық айтылған қытайлық «жұмсақ күшті» жетілдіруде тереңдете беретіндіктерін байқатып отыр.

Екіншіден, Қытайдың сыртқы саяси стратегиясы екі ғасырға жуық қытайдың арманы болып келе жатқан «қытай ұлтының қайта тұруын» қамтамасыз ету үшін жұмыс жасайды. Бұл дегеніміз Қытайдың сыртқы саяси ұстанымдары тікелей ішкі саясат пен ішкі мүддеге тікелей байланысты болмақ. Қытайдың халықаралық қатынастарда жасап жатқан барлық шаралары «қытай ұлтының қайта нық тұруын» қамтамасыз етер қолайлы сыртқы ортаны қалыптастыру бағытында атқарылып жатқан іс деп қарау керек.

Үшіншіден, Қытай дипломатиясы нақты жағырафиялық сипаты жоқ дегенімізбен, негізінен іргелес жатқан мемлекеттермен қарым-қатынастарды барынша жетілдіруге бағытталған. Бұл дипломатияның өзегінде тең құқылы, тең деңгейлі қарым-қатынастар қағидасы жатыр. Қытай өзінің әлеуетінің зорлығына қарамастан, өзге мемлекеттермен тең деңгейлі қарым-қатынастар орнатуға әрқашан ұмтылып отырады. Өзара сенім мен түсіністік қағидасы негізінде орнаған қарым-қатынастардың болашағы зор, өміршең болып келеді деген пайымда [178, 18 б.].

Төртіншіден, Қытай билігінің бесінші буыны жетекшілері сыртқы саясатының ерекшелігі ретінде Қытай өзгелермен өз жетістіктері және тәжірибелерімен бөлісуге дайын екендігін атауға болады. Алайда бұл батыстық үлгіден айырмашылығы бар екенін атаған жөн. Өз даму үлгісін күштеп немесе мәжбүрлеп тағу емес, Қытай өз тәжірибесімен бөлісе отырып, ынтымақтастыққа түскен елдердің бәрімен «win-win» қағидасы негізінде жұмыс жасамақ. Қытайдың дамуынан ынтымақтастықтағы елдердің бәрі пайда көру Қытайдың басты мақсаты екендігін айтып келеді. Оны «Белдеу және Жол» бастамасының басты қағидаларынан да көруге болады. Аталмыш жоба жобаға қатысушы елдердің барлығы пайда табуға бағытталған деп түсіндіріліп отыр.

Бесіншіден, Қытай өзін тек аймақтық держава ғана емес, әлемдік тәртіпті жаңаша қалыптастыруға қауқарлы және үлкен жауапкершілікті мойнына ала алатын жаһандық ойыншы ретінде көрсетіп отыр. Оны Қытай басшыларының ірі халықаралық мінберлерде жасаған баяндамалары мен мәлімдемелерінен анық көруге болады.

Қазақстан үшін Қытайдың аймақтағы мүдделерін еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуымызды қамтамасыз етуде тиімді пайдалану мәселесі тұр.

Қазірде елімізде байқалып отырған аса жоғары деңгейдегі синофобия Қытайдың аймақ елдеріне ұсынар мүмкіндіктерін толық пайдалануға кедергі болары анық. Еліміз үшін Қытайға қатысты салмақты ой қорта отырып, өзара тиімділікке негізделген қарым-қатынастарды одан бетер тереңдете түсу абзал болмақ.

2 ҚЫТАЙДЫҢ ҚАЗАҚСТАНҒА ҚАТЫСТЫ ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ СТРАТЕГИЯСЫНЫҢ ДАМУЫ

2.1 ҚХР сыртқы саяси концепциясының өңірлік сипаты

Қытай сыртқы саясатындағы Орталық Азия аймағының алатын орны жайлы қалыптасқан нақты ұстаным әлі күнге дейін жасалмай отыр. Отандық зерттеушілердің басым көпшілігі Қытайды гегемон ретінде санап, Қытайдың Орталық Азияға қатысты сыртқы саяси ұстанымдарын ОАА елдерінің ұлттық қауіпсіздігіне төнер қатер ретінде бағаласа, батыс елдерінің сарапшылары Орталық Азия аймағын Қытай, Ресей және АҚШ сияқты әлемдік алпауыт державалардың мүдделері ойын алаңы ретінде көргісі келетіндерін жасырмайды. Ал қытайлық зерттеушілер аталмыш аймақтың Қытайдың сыртқы саясатындағы маңызды орынға ие өңірлердің бірі ретінде атай отырып, Еуропа мен Қытайды барынша жақындастырар басты күрежелдер өтетін Батыс пен Шығысты дәнекерлеуші аралық аймақ есебінде көреді.

Орталық Азия елдері зерттеушілерінің Қытайдың жаңа бастамасынан қатер іздеп, ұлттық қауіпсіздіктеріне төнер қауіп ретінде көрсетуге тырысуы, әрине жаңалық емес. Қытайды әрқашан қауіп-қатер көру Орталық Азия елдері үшін тарихи құбылыс. Бұл елдерде ақыр заманның сипаты ретінде қаптаған қара қытайды елестету тарихтан бері жалғасып келеді. Синофобия Қытайдың әр бастамасынан қатер іздеуге басты себеп. Алайда осы құбылыстың Қытайдың алға қойған жаһандық мега жобасынан Орталық Азия елдерінің өз үлесін толығымен алуына кедергі болмай ма? Бұл ОАА елдері үшін өзекті мәселелердің бірі болуы керек. Өзара сенімділікке құрылмаған әріптестік пен ынтымақтастық ешқашан табыс әкелмейтіні анық. Орталық Азия елдері қытайлық мега жобаға тек үкіметтік деңгейде ғана ат салысып қоймай, қарапайым халықтар арасындағы рухани, мәдени деңгейдегі байланысқа да көңіл бөлгені абзал. Себебі бүгінде Қытай тарабы «Белдеу және жол бастамасын» тек инфрақұрылымдық жоба ретінде ғана емес, адамзат баласының болашақ даму концепциясы ретінде насихаттауды мықтап қолға алып отыр.

Қытай Халық Республикасы Орталық Азия аймағын дәстүрлі қалыптасқан атаумен Орталық Азиялық бес мемлекет (中亚五国 zhongya wuguo) деп атағанымен, аталмыш өңірді ешқашан «Үлкен Еуразия» концепциясынан бөліп қараған емес. Жалпы КСРО ыдырасымен геосаяси маңызды өңір болып табылатын Орталық Азия аймағы халықаралық ірі ойыншылардың мүдделер ойын алаңына айналғаны анық. Ресей Федерациясының Орталық Азиядағы мүдделері тарихи тұрғыда айқындалған болса, АҚШ пен Қытай сияқты ұлы державалардың өңірде өздерінің ықпалын арттыруға қатысты ұмтылыстары ОАА мемлекеттері үшін жаңаша сын болатын. Алайда бұл сұрақ бойынша Қытайдың ұстанымы АҚШ-тың Орталық Азия аймағына қатысты ұстанымынан мүлде өзгеше болып табылатындығын атай кету керек.

АҚШ Орталық Азия мемлекеттерін әрқашан Ресей ықпалынан тыс аймақ ретінде көргісі келетіндігін жасырған емес. Оны Фредрик Старрдың «Үлкен

Орталық Азия» концепциясынан-ақ көруге болады. Сонымен қатар, аталмыш концепцияның эволюциялық жалғасы есепті АҚШ мемлекет хатшысы Хиллари Клинтонның 2011 жылғы Үндістанға жасаған сапары барысында жария еткен «Жаңа Жібек Жолы» да соған дәлел. Бұл АҚШ-тың Ресей мен Қытайға қарсы бағытталған сыртқы саяси концепцияларының бірі екенін көру қиын емес. Орталық Азия аймағы мемлекеттерін Оңтүстік Азия елдерімен тығыз қарым-қатынастарға түсіре отырып, Орталық Азия өңіріндегі Мәскеудің ықпалын біртіндеп әлсіретуге бағытталған бағдарлама екені анық.

Алайда американдық бастаманың өміршеңдігіне көптеген зерттеушілер мен ғалымдар күмәнмен қарап отыр. Дәстүрлі «қарсылас» болып табылатын ресейлік зерттеушілерді былай қойғанда, батыс ғалымдарының өзі АҚШ-тың «Жаңа Жібек Жолы» концепциясының болашағына күмәнмен қарайды. Марлен Ларюэль АҚШ жобасына «геосаяси иллюзия» [81] деп баға береді. С.Пироуздің ойынша, американдық жоба бизнес ортасының емес, «саясаткерлер мен әскерилердің ұстанымы бойынша жасалған. Жоба аймақ елдерінің өзара саудасаттық мүмкіндіктерін терең зерттемей, тек инфрақұрылымдарды дамытуды көздеген» [82]. Сонымен қатар, жобаның жағырафиялық тұрғыдан тарихи Жібек жолымен мүлде сәйкеспейтіндігі американдық концепцияның өміршеңдігіне күмән келтіреді. Александр С. Динер Ауғанстанның ешқашан Жібек Жолының орталығы болмағандығын, және АҚШ жобасы бойынша Жібек Жолы солтүстіктен оңтүстікке бағыт алмақ екендігін айтады [83]. Алайда тарихтан Жібек Жолының шығыс пен батысты жалғағаны белгілі. Яғни, американдық концепцияның Жібек Жолының тарихи негізіне мүлде кереғар екенін көруге болады.

Осы тұрғыдан алғанда қытайлық «Белдеу және жол» бастамасы аясындағы Орталық Азия мен Қытайдың көп салалы қарым-қатынастарының өміршеңдігіне күмән келтіре алмаймыз. ҚХР сыртқы саяси ұстанымының ерекшелігі ретінде Қытайдың өзге мемлекеттердің немесе дәстүрлі қалыптасқан аймақтардың геосаяси құрылымын өзгертуге тырыспайтындығын атауға болады. Нақтырақ айтқанда, Қытайдың сыртқы саясатында геосаясаттан гөрі геэкономикалық мүдделері басым болып табылады. Қытай посткеңестік кеңістікке қатысты саясатында «барлық мүмкіндіктерді пайдаланып қалу» қағидатын ұстанатындығын көреміз.

Қытай Халық Республикасының сыртқы саяси концепциясында Орталық Азия аймағына айрықша басымдық береді деп айту қиын. Жалпы, Қытайдың сыртқы саясатына қатысты құжаттарында белгілі бір мемлекетке немесе аймаққа басымдық беріп, айрықша бөліп қарастырған сәттерін кездестіре алмаймыз. Мысалы, еліміздің 2014-2020 жылдарға арналған сыртқы саяси концепциясында Қазақстанның сыртқы саясатындағы қай мемлекеттерге басымдық беретіндігі нақты жазылған [180].

Қытай өзінің сыртқы саясатында негізі 1954 жылы қаланған «Бейбіт қатар өмір сүрудің бес қағидасына» сүйенеді. 1954 жылы маусымда Үндістан мен Бирмаға жасаған ресми сапары барысында Қытай премьері Чжоу Энлай Үндістан және Бирма премьер-министрлерімен бірлескен коммюнике қабылдап,

бейбіт қатар өмір сүрудің бес қағидасын ресми түрде жария еткен болатын. «Егемендік пен территориялық тұтастықты өзара құрметтеу, басқыншылықтан өзара бас тарту, бір-бірінің ішкі істеріне араласпау, теңдік пен өзара ұтымдылықты қолдау, өзге мемлекеттермен дипломатиялық, экономикалық және мәдени қатынастарды дамыту жолында бейбіт қатар өмір сүру» деп келетін бес қағида 1982 жылы қайта қабылданған ҚХР-ның Конституциясына мемлекеттің сыртқы саяси ұстанымының тірегі ретінде енгізілген еді [135]. Содан бері аталмыш бес қағида Қытай сыртқы саясатының алтын қазығы іспеттес. Кейінгі жылдары қолға алынып жатқан қытайлық сыртқы саяси-экономикалық бастамалар мен жаһандық жобалар аталмыш қағиданы басшылыққа ала отырып жасалып жатқандығын байқауға болады.

Қытайдың Орталық Азияға қатысты сыртқы саяси ұстанымы аймақ елдерінің өткен тарихи жолына тікелей байланысты болып келеді. Қытай Орталық Азия елдерін негізінен геосаяси, геоэкономика және геостратегиялық сипаттағы төрт ұғым шеңберінде түсінеді.

Біріншіден, Орталық Азия аймағы елдері бұрынғы Кеңес Одағы құрамында болған мемлекеттер болғандықтан, аталмыш аймақ ТМД-ның ажырамас құрамдас бөлігі ретінде қарастырылады.

Екіншіден, Ресей мен Орталық Азия мемлекеттерінің патшалық Ресей тұсындағы империя-отар негізіндегі терең тарихи өзара қарым-қатынастарын есепке ала отырып, Ресей Федерациясы – Орталық Азия форматындағы тарихи-географиялық біртұтас аймақ ретінде таниды.

Үшіншіден, экономикалық мүдделері бір интеграциялық орталыққа шоғарланған ірі экономикалық аймақ (Еуразиялық Экономикалық Одақ) ретінде қаралады. Бұл тұста Қытайдың ЕАЭО-тың болашағы жарқын екендігіне сенімділігін, болмағанда жарқын болуына мүдделі екенін атай кету керек.

Төртіншіден, еуропалық өркениет пен азиялық (шығыс) құндылықтар тоғысқан бірегей рухани кеңістік есебінде таниды [181]. Осы себепті Қытайдың Орталық Азия аймағына қатысты саясатына біржақты қарауға болмайтындығына көз жеткіземіз.

ОАА бес мемлекетін жеке алмағанда тұтас аймақтық саяси-экономикалық және әскери әлеуеті Қытаймен мүлде салыстыруға келмейтіндігі анық. Күшті мен әлсіздің, үлкен мен кішінің арасында тең деңгейлі қарым-қатынастар болуы мүмкін емес деп пайымдайтындар да аз емес. Алайда ондай уәжді алға тартушыларға Қытай ешқашан гегемон болуға ұмтылмайтындығымен жауап қайтарады. ҚХР өзінің сыртқы саяси ұстанымында әлемнің барлық елдерімен, мейлі «үлкен болсын, кіші болсын, күшті болсын, әлсіз болсын, бай болсын не кедей болсын», тең деңгейде «win-win» қағидасын басшылыққа ала отырып, қарым-қатынастар орнататындығын [27] әрқашан алға тартып келеді. Сонымен қатар, бүгінгі халықаралық қатынастар мен әлемдік дамуда Қытай өзін «үлкен жауапкершілік арқалаған алып мемлекет» (负责任大国 fu zeren da guo) ретінде көрсетуге тырысуда. Халықаралық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мен әлемнің тұрақты дамуының басты кепілі ретінде Қытай мемлекеттердің ішкі ісіне мүлде араласпау деп есептейді. Қытайдың ұстанымы бойынша кез келген мемлекет

өзінің ішкі заңнамасына және ұлттық мүддесіне сәйкес дербес саяси, экономикалық, әлеуметтік шешімдер қабылдауға және қалыптасып отырған ішкі шиеленісті жағдайларды өз пайымынша шешуге құқылы [182].

Қытайдың Орталық Азия мемлекеттеріне қатысты жекелеген немесе ортақ бірегей сыртқы саяси ұстанымының қалыптаспай отыруын ОАА-ның геостратегиялық маңызды еместігінен немесе аймақ елдерінің әлі де болса біртұтас субаймақ ретінде танылмай отырғандығынан емес, ҚХР-ның жалпы сыртқы саяси концепциясының ерекшелігінде деп білген дұрыс. Қытай өзінің сыртқы саясатында кез келген мемлекетпен не одақтас, не ашық қарсылас болуға емес, олармен тығыз ынтымақтасу үшін ортақ мүдделерді іздеуді басымдық етіп алатындығы сондықтан.

Батыс зерттеушілері Орталық Азия аймағы Қытайдың сыртқы саяси стратегиясында маңызды орынға ие емес деп есептеп келді. Қытайдың жаһандық ірі ойыншы болуы оның белгілі бір аймақ немесе мемлекеттерге басымдық беруге мүмкіндік бермейтіндігін алға тартатын. Қытай тәрізді ұлы держава үшін Орталық Азия сияқты саяси-экономикалық әлеуеті шектеулі аймақтан гөрі Еуропалық Одақ, АСЕАН, АҚШ, Жапония, Үндістан сияқты ірі құрылымдар мен жетекші елдермен тығыз қарым-қатынас маңызды деп пайымдайтын [183; 184]. Орталық Азия аймағы мемлекеттерімен екі жақты немесе көпжақты қатынастардың дамуы Қытайдың ұлттық қауіпсіздігі үшін өзекті мәселе болып табылатын Шыңжаңдағы сепаратистік және экстремистік қоғалыстардың белсенуіне жол бермейді. Орталық Азия посткеңестік кеңістікке енетін аймақ болғанымен мұсылман әлемінің бір бөлігі болып табылатындықтан Қытайдың батыс өңіріндегі ұйғыр мәселесінде ықпалы зор [185]. Сол себептен де, Шыңжаң, Тибет және Тайвань бойынша Пекин өзінің «біртұтас Қытай» саясатына ОАА елдері тарапынан қолдау табу үшін тарихи сұрақтарға қарамастан Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстанмен шекаралық мәселелерді ұзаққа создырмай қысқа уақыт ішінде шешуге ұмтылды. Осылайша қауіпсіздік мәселелері қамтамасыз етілген соң Қытай ОАА елдерімен сауда-экономикалық ынтымақтастықты жандандыра отырып, оны елдің батыс аймағын модернизациялау саясатымен ұштастырды [186]. Көптеген зерттеушілердің Қытай мен Орталық Азия аймағы арасындағы қарым-қатынастарды негізінен ШҰАА-ОАА форматында қарастыратын себебі де сондықтан.

Алайда 2013 жылы ҚХР жаңадан сайланған төрағасы Си Цзиньпин өзінің Қазақстан Республикасына жасаған алғашқы ресми сапары барысында Назарбаев университеті қабырғасында жасаған баяндамасы арқылы Қытайдың жаңа сыртқы саяси стратегиясындағы Орталық Азияның, әсіресе Қазақстанның орны мен рөлі қандай екенін ашық көрсетті. 2013 жылдан бастап Орталық Азия аймағында қатысты Қытайдың саяси-стратегиялық ұстанымы жаңа бір екпін алып ғана қоймай, зерттеушілер мен сарапшылардың ОАА-ның Қытайдың сыртқы саясатындағы орны туралы өз ойлары мен пайымдарын қайта қарауға мәжбүрлеп отыр. Қазірде Орталық Азияға қатысты зерттеулерде аймақтың «Белдеу және жол» бастамасы аясында Қытай сыртқы саяси ұстанымы үшін

маңызды стратегиялық аймақ ретінде жиі қарастырылады. Демек, Орталық Азия аймағы елдерінің сыртқы саяси-экономикалық стратегиясын саралауда Қытайлық «Белдеу және жол» бастамасымен ұштастыра отырып қарау дұрыс болмақ.

Орталық Азия мемлекеттерінде қытайлық бастамаға мүмкіндіктер мен жаңа сын-тегеуріндер ретінде қарайтындардың саны аз емес. Тарихтан енші болып қалған синофобияның көптеген бастамаларда кері ықпалын тигізіп жататыны анық. Қарапайым халықты есепке алмағанда танымал сарапшылар мен саясаттанушылар «Қытай арманы» мен «Белдеу және Жолды» ұлттық қауіпсіздігімізге төнер қауіп ретінде көрсетіп жатады. Қытайлық жаңа жоба онсыз да шикізат экспортына негізделген ОАА елдерінің экономикаларын одан әрі Қытайға тәуелді ете түседі деген пайымдар көптеп кездеседі. Сонымен қатар, ОАА мемлекеттерінің экономикасындағы қытайлық несиелердің ертеңгі қайтарылымы ерекше алаңдататындығын алға тартады. Осы тектес алаңдаушылықтар мен «сақтық» шаралары Орталық Азия елдерінің қытайлық жобадан өз еншілерін толыққанды алуға кедергі болмай ма деген ой туындары заңдылық.

Қытай мен Орталық Азия мемлекеттері арасындағы қарым-қатынастар аталмыш қытайлық бастама ұсынылғанға дейін де жоғарғы қарқынмен дамып келді. Аймақ елдері қатарынан Қытаймен көп салалы қарым-қатынастарда Қазақстанның бірінші орында тұратыны заңдылық. Қазақстанның көшбасшылық орында тұруына елдің сыртқы экономикалық саясаты мен халықтың әлеуметтік жағдайының аймақтың өзге елдерімен салыстырғанда анағұрлым жоғары болуы себеп. Бірақ соңғы жылдардағы әлемдік нарықтағы мұнай бағасының төмендеуіне байланысты Қазақстанның экономикалық жағдайының бірқатар қиыншылықтарға тап болғаны белгілі. Қытай мен Қазақстан арасындағы екі жақты тауар айналымының азайғаны соған дәлел. Алайда оған қарамастан қазақ-қытай қатынастары қытайлық бастама аясында одан бетер тереңдей түспек. «Белдеу және жол» бастамасы қазірдің өзінде екі елдің инфрақұрылым, көлік қатынастары және өндірістік салалардағы ынтымақтастықтарының одан бетер тереңдей түсуіне себеп болып отыр. Қытай мен Қазақстан арасында екі жақты қол қойылған құны 26,2 млрд. АҚШ долларын құрайтын 51 бірлескен кәсіпорын құру туралы тоқтамдары соның айғағы [187]. Олар азық-түлік, тігін салаларынан бастап, инженерлік технология, машина жасау сияқты дәстүрлі өнеркәсіптермен қатар биотехнология, балама энергиясы сынды заманауи салаларды қамтымақ. Қазірдің өзінде машина құрастыру, жеңіл өнеркәсіп, болат балқыту және цемент өндіру сияқты оншақты бірлескен кәсіпорындар жұмыстарын бастап үлгерді.

Сонымен қатар, Орталық Азияның кейбір мемлекеттеріндегі соңғы екі жылда орын алған билік алмасулары аймақ елдерінің Қытаймен қарым-қатынастарында жетекші ролге деген таластың артатынын меңзеп отыр. Өзбекстанның жаңа президенті Ш.Мирзеев 2017 жылдың мамыр айында Пекинде өткен «Белдеу және жол» бастамасы форумы аясында жасаған сапары

барысында Қытаймен 20 млрд. АҚШ доллары көлемінде инвестицияны құрайтын 20 шақты құжаттарға қол қойған болатын. Сондай-ақ, соңғы бір жылдың ішінде Өзбекстанда атқарылып жатқан реформалар, әсіресе елдің банк-қаржы саласын жандандыруға бағытталған оң шешімдер көптеген сарапшыларды Өзбекстанды қайтадан Орталық Азиядағы маңызды ойыншы ретінде қарауға итермелеп отыр.

Қырғызстанның жаңа президенті де көп жылдан бері тек талқылау деңгейінен аспай келе жатан Қытай-Қырғызстан-Өзбекстан теміржол құрылысын мықтап қолға алатындығын мәлімдеді. Қазақстан-Қытай шекара бойында құрылған Халықаралық «Қорғас» шекара маңы ынтымақтастық орталығы іске қосылғалы бері Дордой базарына деген сұраныстың азаюы және соңғы күндері рэкспорт мәселесі бойынша қырғыз-қазақ шекарасында туындаған сұрақтар қырғыз үкіметін сыртқы экономикалық саясатта белсенділікті арттыруға мәжбүрлеп отыр.

Тәжікстан үкіметі де елдің Қытайлық бастамада геосаяси маңызды орынға ие екенін жақсы түсінеді. Жағырафиялық ерекшелігіне және елдің ішкі саяси-экономикалық жағдайына байланысты елдің инфрақұрылымдарының нашар дамуы Тәжікстанның транзиттік мүмкіндігін төмендетіп отырғаны анық. Бүкіләлемдік банкінің мәліметінше бір контейнерді импорттау және экспорттау құны бойынша Тәжікстан қазір әлемдегі ең тиімсіз ел болып отыр. Бір контейнерді жеткізу құны Тәжікстанда 10 мың АҚШ долларынан асып жығылатын болса, Өзбекстанда оның құны – 6 452 доллар, ал Қазақстанда – 5 265 долларды құрайды. Ал бір контейнердің әлемдік орташа тасымал құны – 1 877 доллар [188]. Сол себептен де, Тәжікстан қытайлық бастама аясында елдің инфрақұрылым мәселелерін шешуді бірінші орынға қояры анық. Сондай-ақ, Тәжікстан территориясы арқылы өтуге тиіс, қазірде тоқырап қалған Түркіменстан-Қытай газ құбырының жақын болашақта жүзеге асуына да мүдделі болып табылады.

Түркіменстан бүгінгі күннің өзінде Қытай энергонарығына табиғи газ жеткізу бойынша көшбасшылық орында. Қытайлық жоба аясында қытай-түркімен қатынастары осы салада одан бетер тереңдей түсері сөзсіз. 2009 жылы жасалған екі жақты келісім бойынша Түркіменстан Қытайға жылына 30 млрд. текше метр газ жөнелтетін болып келісілген. Оның көлемін біртіндеп өсіре отырып, 2020 жылға қарай жылына 65 млрд. текше метр түркімен газы Қытай нарығына жеткізілу керек еді. Аталмыш шарттың уақытылы әрі сапалы орындалуы үшін Қытай 2009 жылы Галканыш газ кенішін дамытуға қаржы бөлген-ді. Қазірде Қытай Түркіменстанда құрлықта түркімен ресурстарын өндіруші бірден-бір мемлекет болып отыр.

«Белдеу және жол» бастамасы жақын болашақта Қытайды жаһандық экономикалық орталыққа айналдырары сөзсіз. Бүгінгі күннің өзінде әлемнің 69 елі аталмыш жобаға өздерінің қатысатындықтарын ресми түрде бекітіп отыр. Яғни жер шары тұрғындарының 70 пайызын қамтитын, \$4 триллион қытайлық инвестицияны құрайтын мегажоба кем дегенде алдағы үш онжылдық көлемінде көптеген елдердің даму стратегиялары мен халықаралық қатынастардың

әдеттегіден өзгеше сипатта дамуына ықпал етеді деген сөз. Алдағы уақытта Қытайдың әр сөзі, әр қимылы халықаралық қатынастар мен әлемдік саясатқа айтарлықтай өзгерістер енгізіп отыратын болмақ. Бұл тұста Орталық Азия мемлекеттері де өзінің сыртқы саяси-экономикалық саясаттары мен ұстанымдарын қытайлық бастамамен санасы отырып жүзеге асыраы анық.

2.2 Қазақстан-Қытай екіжақты қарым-қатынастарының саяси-құқықтық негіздері

Ежелден іргелері түйіс жатқан ҚХР мен Қазақстан өзара стратегиялық әріптес мемлекеттер болып табылады. Екі мемлекет арасындағы қарым-қатынастар тату көршілік, өзара түсіністік және сенімді әріптестік негізінде дамып келе жатыр. Екі ел арасындағы қатынастар бір бағытта ғана емес, саяси-экономикалық және әскери-қауіпсіздік салаларынан бастап адамдар арасындағы *people-to-people* форматында да кең көлемді сипат алып отыр. Соңғы уақыттары әлемдік саяси қатынастарда орын алып жатқан айтарлықтар өзгерістер негізінде жаһандық экономикалық байланыстардың ядросы біртіндеп Азия аумағына ауа түсті. Аталмыш құбылыс негізінде қазақ-қытай қарым-қатынастары да басқаша сипат алуда. Еліміздің нарығында жұмыс жасап жатқан қытайлық компаниялардың санымен қатар сапасы да арта түсуде. Бұған дейін қытайлық ірі инвестициялар негізінен еліміздің мұнай-газ салаларына құйылып келген болса, қазірде экономиканың басқа салаларына да құйыла бастады.

ҚХР төрағасы Си Цзиньпиннің 2013 жылғы Қазақстанға жасаған ресми сапары барысында Астана қаласындағы Назарбаев университетінде жария еткен «Жібек Жолының экономикалық белдеуі» бастамасы Қазақстан мен Қытай арасындағы көп салалы қарым-қатынастарға жаңаша дем беріп отыр. Соңғы уақыттары қайта жаңғырып келе жатқан Ұлы Жібек жолы төңірегіндегі жаһандық бастамалардың күре жолында орналасқан Қазақстанның Қытай бастау болып отырған мегажобадан ұтары орасан зор екені анық. Десе де елімізде ежелден енші болып келе жатқан синофобияның әсерінен аталмыш жобаға да қатер ретінде қарайтындар қатары аз емес. Қытаймен тең деңгейлі әріптес болу мүмкін емес деп топшылайтындар қытайлық жаңа жоба Қазақстанның экономикалық дамуын Қытайға одан бетер бағынышты ете отырып, нәтижесінде саяси тұрғыдан әрекет ету аясы тарыла түседі деп болжайды.

Геосаясат негізінде қарастыратын болсақ, Қазақстанның геосаяси тұрғыдан тығырықта орналасқаны анық. ашық теңізге шығар тіке жолдың болмауы елдің ішкі-сыртқы саясаты үшін аса үлкен сын екені белгілі. Ресей мен Қытай тәрізді жаһандық супердержавалардың ортасында орналасуы ел билігін үлкен саяси ойындарға белсене араласып, сыртқы саяси ұстанымын жүз ойланып, бір кесуге мәжбүрлеп отыр. Қазақстанның геосаяси жағдайын жете бағалай білген ел билігі тәуелсіздік алған жылдардан бастап көпвекторлы сыртқы саясат ұстануының себебі де сондықтан. Ортақ тарих, экономикалық интеграция, рухани үндестік және *people-to-people* форматындағы қарым-

қатынастардың тереңдігіне байланысты Ресей Федерациясы еліміздің сыртқы саяси басымдықтарында бірінші орында тұруы заңдылық [183]. ҚХР Төрағасы Си мырзаның Астанада жасаған баяндамасында көрсетілген бастамалар менойға алынға шаралар толықтай орындалып жатса [31. 339 б.], болашақта Қазақстан өзінің сыртқы саяси басымдықтарын қайта қарауға мәжбүр болмай ма деген заңды сұрақ туындайтыны анық. Көп жылдан бері жалғасып келе жатқан мемлекеттік сыртқы саяси басымдықтардың өзгеруі елдің ішкі тұрақтылығы мен ұлттық қауіпсіздігіне нұқсан келтірмей ме деген алаңдаушылық халықаралық қатынастардан хабары бар жанның ойында болары анық. Қоғамды ойландырып отырған осы сұрақтар елдің сыртқы саясатының болашақта даму бағытын айқындайтын өзекті мәселелер болып табылады.

Еліміз тәуелсіздік алған жылдардан басталған Қазақстан мен Қытай арасындағы дипломатиялық қарым-қатынастар бүгінде сан салалы стратегиялық әріптестікке ұласып отыр. 2005 жылдың 4 шілдесінде екі мемлекет «Стратегиялық әріптестікті орнату және дамыту туралы бірлескен декларациясына» қол қоя отырып, екі мемлекет өзара қатынастарын жаңа бір деңгейге көтерген еді. Қытайдай алып мемлекетпен стратегиялық әріптес болу кез келген мемлекет үшін сыртқы саясатындағы үлкен жетістік екені анық [189, 82 б.]. Алайда әлемдегі екінші экономика болып табылатын супердержава Қытай мен экономикасы әлемдік нарықтағы мұнай бағасына тәуелділіктен әлі де болса арыла алмай келе жатқан Қазақстан арасында тең деңгейлі стратегиялық әріптестік болуы мүмкін бе? Көптеген саясаттанушылар мен сарапшылардың алдыға тартар уәжі осы мәселе екені жасырын емес.

Бұған дейінгі тарихи кезеңдермен салыстырғанда анағұрлым әділетті болып табылатын бүгінгі күнгі әлемдік тәртіп пен халықаралық құқық нормаларын қатаң сақтай отырып, ұлттық мүдделерімен қатар жалпы адамзаттық құндылықтарды мақсат ететін қазіргі халықаралық қатынастарда мемлекеттер арасындағы қарым-қатынастардың құқықтық базасы ерекше рөл атқарады. Өткен ғасырдың орта тұсында үстемдік құрған саяси реализмнің бүгінгі әлемдік тәртіптің талаптарына мүлде сәйкес келмейтіндігі көп жағдайда есепке алынбай жатады. Мемлекеттің дәстүрлі әскери қуаттылығы заманауи қауіп-қатерлерден толыққанды құтқара алмайтындығы, бүгінгі экономикалық көрсеткіштердің ертеңгі күнгі дағдарыстарға төтеп бере алмайтындығын уақыт өзі көрсетіп отыр. Қытай мен Қазақстан арасында тең деңгейлі стратегиялық әріптестік болуы мүмкін емес деп пайымдаушылар осы мәселені есепке алмай отырғандығын атау керек [189, 83 б.].

Бүгінгі таңда екі мемлекет арасында орнап отырған қарым-қатынастардың табиғатына толыққанды, жан-жақты баға беру үшін тәуелсіздік алған жылдан бері бастау алған екі жақты қарым-қатынастардың құқықтық базасына кеңінен тоқталған дұрыс. Қытай-қазақ қатынастарының бүгінгі күнге дейінгі даму динамикасын жан-жақты түсінбейінше, болашағын болжау мүмкін емес. Қазіргі таңдағы көпсалалы қазақ-қытай қарым-қатынастарын реттеп отырған осы уақытқа дейін екі тарап қол жеткізген стратегиялық құжаттарды

сараптай отырып ғана екі мемлекет арасындағы әріптестікке нақты баға беруге болады.

Бүгінгі күнге дейінгі Қытай мен Қазақстан арасындағы қарым-қатынастардың құқықтық және институционалдық негізін құрайтын екі мемлекет арасында үкіметтік деңгейде қол қойылған келісім-шарттарды негізінен төрт санатқа бөлуге болады.

Біріншісі, екі мемлекет арасындағы қарым-қатынастарды нақтылау бойынша құжаттар. Бұл жерде көпсалалы қазақ-қытай қатынастарын жан-жақты жолға қоюға қатысты шараларға бағдар болған басты жеті құжатты атау керек. Олар: «Қытай Халық Республикасы мен Қазақстан Республикасы арасында дипломатиялық қарым-қатынастар орнату туралы бірлескен коммюнике» (1992 жылдың 3-қаңтары), «Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы көпжақты ынтымақтастықты ХХІ ғасырда одан әрі жетілдіре түсу туралы бірлескен декларация» (1999 жылдың 23-қарашасы), «Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы татукөршілік, достық және ынтымақтастық туралы келісім» (2002 жылдың 23-желтоқсаны), «Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасының стратегиялық әріптестік орнату және дамыту туралы бірлескен декларация» (2005 жылдың 4-шілдесі), «Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы жан-жақты стратегиялық әріптестікті дамыту туралы бірлескен декларация» (2011 жылдың 13-маусымы), «Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасының жан-жақты стратегиялық әріптестікті одан әрі тереңдету туралы бірлескен декларациясы» (2013 жылдың 8-қыркүйегі), «Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасының арасындағы жан-жақты стратегиялық әріптестік қатынастарының жаңа кезеңі туралы бірлескен декларациясы» (2015 жылдың 31-тамызы). Аталмыш құжаттар екі мемлекет арасындағы қатынастарды достық және кооперативтік әріптестік деңгейінен жан-жақты стратегиялық әріптестік деңгейіне дейін жеткізіп отыр [193].

Стратегиялық әріптестік ұғымына ҚХР елдің сыртқы саяси концепциясында ерекше мән беретінін атап өту керек. Қытай елімізбен стратегиялық әріптестік орнатқан 2005 жылға дейін әлемнің жиырмаға жуық ғана мемлекетімен стратегиялық әріптестік орнату туралы келісімдерге қол жеткізген болатын. ҚХР өзінің құрылған 1949 жылдан бері дербес мемлекет ретінде сыртқы саясатын жүргізіп келгендігін, және КСРО-мен байланысы салқындаған жылдардан бастап үшінші әлем елдерінің көшбасшысы болуды мақсат еткендігін ескерсек, ХХІ ғасырдың басына дейін Қытайдың тек жиырмашақты елмен ғана стратегиялық әріптестік орнатқаны ойландыратын сұрақ. Оның себебі ҚХР өзінің сыртқы саяси ұстанымдарында «стратегиялық әріптестік» ұғымын 1993 жылдан бастап ғана пайдалана бастаған болатын. ҚХР тұңғыш реті стратегиялық әріптестікті Латын Америкасында айрықша қарқынмен дамып келе жатқан, жаңа индустриальды елдердің көшбасшысы болып табылатын Бразилиямен 1993 жылы ресми түрде орнатқан болатын. Кейіннен 1996 жылы ҚХР бұрынғы КСРО елдері қатарынан бірінші болып

Ресей Федерациясымен стратегиялық әріптестік орнатты. Ал 2001 жылы Латын Америкасындағы социалистік ел болып табылатын әрі зерттелген мұнай қоры бойынша әлемдегі бірінші мемлекет Венесуэламен стратегиялық әріптестік қатынастарын орнатқан болатын. 2004 жылы Қытай еуропалық дамыған мемлекеттер Ұлыбритания, Франция, Италия, Испания елдерімен стратегиялық әріптестік орнатса, 2005 жылы Үндістан, Индонезия, Тайланд, Сингапур және Қазақстан сияқты елдердің стратегиялық әріптесі атанды. Ал Греция, Оңтүстік Африка Республикасы және Корей Республикалары сынды экономикалық даму бойынша алдыңғы қатарлы мемлекеттер тек 2006-2008 жылдары ғана Қытай Халық Республикасымен стратегиялық әріптестік орнатқан болатын [119, 150-152 бб.]. Бұл дегеніміз Қытайдың сыртқы саясатында Қазақстанның қаншалықты маңызды орынға ие екендігінің дәлелі.

Тәуелсіздік алған жылдары қазақ-қытай қарым-қатынастарының алдында тұрған күрделі сұрақтардың бірегейі екі мемлекет арасындағы шекара мәселелері болатын. Бұл жаңа ғана дербестік алған еліміздің жас дипломатиясының алдында тұрған үлкен сын еді. Сондай-ақ, осы уақытқа дейін қазақ пен қытай арасында шекара мәселелеріне қатысты жеке-дара келіссөздер ешқашан болмаған болатын. Қазақ-қытай шекаралары патшалық Ресей мен Цин империясы, кейіннен КСРО мен ҚХР арасындағы келісім-шарттар негізінде реттеліп келген еді. Ал 1969 жылы Даман аралы мен Жалаңашкөлдегі совет-қытай қарулы қақтығыстарының негізгі себептері шекара мәселелері болғанын ескерсек, Қазақстан үшін Қытаймен ең алдымен шекара мәселелерін шешіп алу тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында елдің сыртқы саясаттың күн тәртібінде тұрған ең өзекті мәселелердің бірі болғанын байқау қиын емес. Осы тұста ҚХР да жаңадан дербес ел болған Қазақстанға шекара мәселелері бойынша өктемдік жасамай, екі елдің мемлекеттік шекараларына қатысты шешілмей келген сұрақтарды неғұрлым тезірек шешуге ынталы болғанын ерекше атау керек.

Қазақстан Республикасы 1993 жылы 18 қазанда Пекинде қол қойылған «ҚР мен ҚХР арасындағы достық қарым-қатынастар негізі туралы бірлескен декларацияның» 13-ші бабына сәйкес бұрын КСРО мен ҚХР арасында жасалған барлық шарттарды толығымен таныған болатын. Қазақстан үкіметі ҚХР-мен шекара мәселелері бойынша келіссөздер жүргізу мақсатында ұстанымдарды айқындау үшін өз жарлығымен арнайы жұмыс тобы құрады. Құрамына сыртқы істер министрлігінің, шекаралық әскер, геодезия және картография басқармасының және шекаралас аймақтағы жергілікті билік органдарының өкілдері енген арнайы жұмыс тобы қытай-қазақ қатынастарының болашағын айқындайтын аса маңызды сұрақты реттеуге кіріскен-ді. КСРО мен ҚХР арасындағы бұрын жасалған шарттарды Қазақстанның тануы себепті Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы шекарасының 85%-ы дау туғызбады. Даулы аймақтардың бірі болып табылатын Шығыс Қазақстан облысындағы Марқакөл ауданына қарасты Николаевка ауылы, тарихи шарттарға сәйкес Қытайға тиесілі болғанымен, келіссөздер нәтижесінде аталмыш ауыл Қазақстан Республикасының иелігінде қалды. Ал Марқакөл ауданындағы Қызыл-Үй-Енке жерінде орналасқан

аймақты 1930 жылдан бастап қытайлықтар игеріп, қоныстанғандықтан, Қазақстан бұл жерлерді Қытай Халық Республикасының құрамында қалдыруды жөн деп табады. Сонымен қатар, Шығыс Қазақстан облысындағы Мақаншы ауданының бір бөлігін және Алматы облысы облысының Алакөл ауданының бір бөлігін алып жатқан аумақты қазақстандық шаруашылық иелері игергендіктен, бұл аудан Қазақстан Республикасына берілді. 20 раундтан тұратын келіссөздер нәтижесінде екі мемлекет ортақ шекараның 90%-ын айқындап, 1994 жылы 26 сәуірде Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасында мемлекеттік шекара туралы келісімге қол қойылды. 1783 шақырымдық қазақ-қытай шекарасын анықтаған келісім 1995 жылдың 11 қыркүйегінде ратификациялық грамоталар алмасуларынан кейін заңдық күшіне енген болатын. Ал бұл келісімдерден тыс қалған екі аймақ Шоған-Оба мен Баймырза белеңдері аудандары және Сарышілде өзені аумағына (Алматы облысы, Алакөл ауданы) қатысты құжаттарды қытай-қазақ бірлескен делегациясы үш жылға жуық уақыт талқылап, 1998 жылдың шілдесінде бір тоқтамға келген еді. Шоған-Оба, Баймырза, Сарышілде өзені аймағындағы ҚР мен ҚХР шекарасының өтуі туралы келісім Елбасы Н. Назарбаев пен ҚХР төрағасы Цзян Цзэмин 1998 жылы 4 шілдеде Алматыда қол қояды. 1999 жылы 7 сәуірде өз күшіне енген келісім бойынша даулы болға 944 шаршы шақырым аймақтың 537 шаршы шақырымы (57%) Қазақстанға, 407 шаршы шақырымы (43%) Қытайға берілді [190, 102-149 бб.].

Қазақ пен қытай арасындағы мемлекеттік шекараны анықтау бойынша мәселелер қысқа мерзім ішінде оң шешімін табуы ҚР мен ҚХР қарым-қатынастарының жаңа бір белеске шығуына себеп болды. Геосаясаттан гөрі геозкономика басымдық алған ХХІ ғасырда Қазақстан мен Қытай екі жақты байланыстардың келесі кезеңінде экономикалық сипаттағы ынтымақтастықты жандандыруды мықтап қолға алды. Қазақстан мен Қытай арасында үкіметтік деңгейде қол қойылған келісім-шарттардың *екінші* санатына екі ел үкіметі арасындағы ынтымақтастық тетіктерін жетілдіруге қатысты құжаттарды жатқызуға болады. Олардың қатарынан үш негізгі құжатты бөліп атаған жөн. Нақтырақ айтсақ, олар: Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Қытай Халық Республикасы Үкіметі арасындағы сауда-экономикалық және ғылыми-техникалық ынтымақтастық бойынша қазақ-қытай үкіметаралық комиссия құру туралы келісім (1992 жылдың 26-ақпаны), Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Қытай Халық Республикасы Үкіметі арасындағы Қазақстан-Қытай ынтымақтастық комитетін құру туралы келісім (2004 жылдың 17-мамыры) және Қытай Халық Республикасы мен Қазақстан Республикасының бірлескен коммюникесі (2011 жылдың 23-ақпаны). 1992 жылғы келісім бойынша сауда-экономикалық ынтымақтастық бойынша комиссия вице-министрлер деңгейінде жұмыс жасап келген болса, 2004 жылы вице-премьерлер деңгейінде жұмыс істейтін комитет деңгейіне көтерілді. Аталмыш комитет құрамына сауда-саттық, көлік қатынастары, теміржол, кеден, ғылым және техника, қаржы, энергетика, геология, гуманитарлық, қауіпсіздік салалары бойынша подкомитеттер енді. Екі жақты қарым-қатынастардың сан саласын қамтыған комитет 2012 жылы

премьер-министрлер деңгейіне көтерілді. Қазіргі таңда екі мемлекет орталық үкімет деңгейінде «жыл сайынғы премьер-министрлер кездесуі + Қазақстан-Қытай ынтымақтастық комитеті + 10 подкомитет» форматындағы ынтымақтастықтың ресми платформасында жұмыс жасап келеді. Үкіметтік деңгейдегі көп саланы қамтитын тұрақты комитеттің жұмыс жасауы екі мемлекет арасындағы қарым-қатынастарда туындап жататын өзекті мәселелерді дер кезінде шешу мүмкіндігін беріп отыр. Қазақстан мен Қытай үкіметінің дипломатиялық қатынастар орнатқан жылдан бастап көп салалы ынтымақтастықты жүзеге асыру бойынша тетіктерді құруы және оны уақыт талабына сай жетілдіріп отыруы екі елдің жан-жақты стратегиялық әріптес болуға ынталы екендігін көрсетеді. Және оған екі тапатың да аса құлықты екендігін баса айту керек [193].

Қазақстан мен Қытай арасындағы ынтымақтастықты үйлестіру және оны дамыту тек екі жақты тұрғыда ғана емес, көп жақты форматта да дамып келе жатыр. Екі мемлекет Шаңхай ынтымақтастық ұйымы, Азия-Еуропа форумы, Азиядағы ынтымақтастық диалогы, Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары жөніндегі кеңес сынды халықаралық ұйымдар мен кеңестер шеңберінде де көп салалы ынтымақтастықтарын дамытуда.

Екі еле арасындағы келісім-шарттардың үшінші санатына стратегиялық ынтымақтастықты жоспарлау және үйлестіруге қатысты құжаттарды жатқызамыз. Олардың қатарынан алты құжатты баса атауға болады. Яғни Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы 2003-2008 жылдардағы ынтымақтастық бағдарламасы (2003 жылдың 3-маусымы), ХХІ ғасырдағы Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасының ынтымақтастық стратегиясы (2006 жылдың 20-желтоқсаны), Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Қытай Халық Республикасы Үкіметі арасындағы экономиканың шикізат емес секторындағы ынтымақтастық бағдарламасы (2007 жылдың 18-тамызы), Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы экономикалық ынтымақтастықты дамытудың орта мерзімді бағдарламасы (2020 жылға дейін) (2013 жылдың қыркүйегі), Өндірістік және инвестициялық ынтымақтастықты жетілдіру бойынша үкіметаралық шекті келісім (2015 жылдың 31-тамызы), Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы "Нұрлы жол" жаңа экономикалық саясатын және "Жібек жолының экономикалық белдеуін" салуды ұштастыру жөніндегі ынтымақтастық жоспары (2016 жылдың 2-қыркүйегі) [193].

Аталмыш құжаттар екі жақты қарым-қатынастардың маңызды салаларындағы шараларды ұйымдасып, нақты жоспарлар мен бағдарламаларды жүзеге асыруға септігін тигізіп отыр. Тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен бастап бастау алған қазақ-қытай экономикалық қатынастары негізінен экономиканың бір-екі саласында ғана жүргізіліп келді. Қытайдан келген ірі инвестициялар еліміздің негізінен мұнай-газ салаларына құйылған болса, Қазақстанның Қытай нарығына шығарған басты тауары да сол мұнай мен газ болып қала берді. Соңғы жылдары екі ел арасындағы байланыстар экономиканың басқа салалары

бойынша дами бастағаны қытай-қазақ қатынастарының жаңа бір кезеңге көтерілгенінің белгісі болып табылады. Екі мемлекеттің өзара ынтымақтастықтарында басымдықты негізінен шикізат емес салаларға беруін стратегиялық әріптестіктің жаңа белесі деп бағалаған жөн. ХХІ ғасырдың ең ірі жаһандық жобасы деп бағаланып отырған «Белдеу және жол» бастамасы екі елдің инфрақұрылым, көлік қатынастары және өндірістік салалардағы ынтымақтастықтарының одан бетер тереңдей түсуіне себеп болып отыр. Екі мемлекеттің қол жеткізген құны 26,8 млрд. АҚШ долларын құрайтын 51 бірлескен кәсіпорын құру туралы тоқтамдары соның айғағы [191]. Олар азық-түлік, тігін салаларынан бастап, инженерлік технология, машина жасау сияқты дәстүрлі өнеркәсіптермен қатар биотехнология, балама энергиясы сынды заманауи салаларды қамтымақ. Қазірдің өзінде машина құрастыру, жеңіл өнеркәсіп, болат балқыту және цемент өндіру сияқты оншақты бірлескен кәсіпорындар жұмыстарын бастап үлгерді.

Төртінші санатқа жататын құжаттар екі ел арасындағы сан тарапты ынтымақтастықты жандандыруға бағытталған келісімдер болып табылады. Олардың қатарынан сауда-экономикалық ынтымақтастықты жетілдіру, инвестицияны қорғау, әділетсіз бәсекелестікке жол бермеу, қос салықты жою, салықты төлеуден жалтарудың алдын алу, технологиялармен алмасу, кедендік бақылау, тауар инспекциясы, банк қызметтері, көлік тасымалы, транзит, сауда жолдары, логистика, Ляньюнган порты, минералды ресурстарды зерттеу, мұнай және газды өндіру әрі тасымалдау, мұнай және газ құбырлары, «Қорғас» халықаралық шекарамаңы ынтымақтастығы орталығы туралы құжаттарды осы санатқа жатқызуға болады. Аталмыш құжаттар екі мемлекет үшін аса маңызды болып табылатын экономикалық қарым-қатынастарды нақты жүзеге асыруға арқау болып отырған ынтымақтастық тетіктері болып табылады [193].

Ұлттық валютамыздың күрт құнсыздануы Қазақстанның сыртқы сауда-саттық байланыстарына үлкен сын болғаны белгілі. Еліміздің экономикалық көрсеткіштерінің төмендеуіне тікелей девальвацияның әсер еткені анық. Қазақстан мен Қытай арасындағы сауда қатынастарына жаңаша дем беру мақсатында екі мемлекет банк-қаржы саласында бірқатар нақты қадамдар жасады. 2011 жылдың 13 маусымында ҚХР мен ҚР-ның орталық банктері 150 млрд. теңге (7 млрд. юань) көлемінде үш жылға арналған валюта свопы туралы екі жақты келісімге қол қойды. 2014 жылдың 14 желтоқсанында дәл сондай көлемдегі үш жылға арналған валюталық свопинг келісіміне қол жеткізілді. Және Қытай валютасы renminbi 2014 жылдың 25 қыркүйегінен бастап Қазақстанның қор биржасы валюта алаңында юань-теңге валюталық жұбымен сауда-саттыққа түсетін болды [192].

Қазіргі таңда ҚХР-ның Қазақстанның экономикасына құйған тікелей инвестициясының көлемі 42,8 млрд. АҚШ долларын құрап отыр. Елімізде 2945 Қытай тарапынан қаржыландырып отырған кәсіпорындар тіркелген [193]. Олардың басым көпшілігі мұнай-газ салаларында қызмет жасап жатқаны жасырын емес. Жоғарыда аталғандай, болашақта Қытайлық инвестицияның

Қазақстан экономикасының басқа салаларына көптеп құйылатындығына сенім мол.

Қазақстан мен Қытай арасындағы көп салалы қарым-қатынастар мен терең ынтымақтастықтардың одан ары ҚХР-ның бүгінде мықтап қолға алған «Белдеу және жол» бастамасы аясында одан бетер тереңдей түспек. Қазіргі таңда қазақ қоғамында аталмыш қытайлық жобадан тек қатер күтетіндер саны аз емес. Жалпы Қытайға қатысты мәселелердің барлығына үрке қарау халқымызға жат қасиет емес. Оның басты себебі ежелден халқымызға «аманаттай» болып қалған «Ақыр заман болғанда қара қытай қаптайды» деген сөз екені анық. Бүкіл әлемдегі синофобияның басты себебі қытай халқының саны. Қытайдың соңғы жиырма-отыз жыл көлеміндегі қарыштап дамуы әлемдегі синофобияның деңгейін арттырмаса төмендеткен жоқ. Алайда барлығы Қытай дамуының көршілес мемлекеттердің ұлттық қауіпсіздігі үшін жағымды жағын байқай бермейді. Қытайдың соңғы жылдары жүргізген халықтың әлеуметтік жағдайларын жақсартуға бағытталған саясаты нәтижесінде төменгі таптан орта тапқа өткен адамдардың саны 70 млн. құрап отыр [28]. Қытайдағы орта тап санының көбеюі – өңірлердегі синофобияның деңгейін төмендететін жағымды құбылыс. Өз елінде қарны тоқ адамның өзге елге тентіремейтіні анық жайт. Сол себептен де Қытайдың дамуынан тек қатер көре беру дұрыс болмас.

Қытай бас болып отырған «Белдеу және жол» бастамасы ең алдымен инфроқұрылымдық жоба. Негізінен экспортқа негізделген Қытай нарығы сыртқы қатынас жолдарын жетілдірмесе елдің үздіксіз дамуы тоқырауға ұшырайтынын қытайлық билік жақсы түсінеді. Қазақ даласын басып өтетін қытайлық жол жаһандық жобаның бір парасы ғана. Әркім өз еншісін іздеген «Белдеу және жол» жобасынан қалыс қалсақ, ол еліміз үшін кешірілмес үлкен стратегиялық қателік болмақ. Қазақ Елі қауіпсіздігінің кепілі өзгелерден тығылып оқшаулану немесе бір елдің қолтығына кіріп одақтасу емес, барлық елмен тең дәрежелі тығыз қарым-қатынастарға түсу.

2.3 Экономикалық ынтымақтастықтан стратегиялық әріптестікке дейін

Еліміздің тәуелсіздігін алғашқылардың қатарында мойындап, дипломатиялық қатынастарды орнатқан елдердің қатарында Қытайдың орны ерекше екені анық. Тарихтан іргелес жақтан, әрқашан өзара алыс-берісі бар екі елдің КСРО-ның құлай салысымен тең деңгейлі қатынастарды орнатуға деген ұмтылыстарының тарихи заңдылығы бар. Дэн Сяопин реформаларынан кейін 90-жылдары қарқынды экономикалық дамуды серік еткен Қытайдың КСРО сияқты алпауып құлаған соң орнында жаңадан пайда болған көршілес мемлекеттермен қарым-қатынас орнату күн тәртібіндегі аса маңызды шаралардың бірі еді. Іргелес жатқан жаңадан пайда болған мемлекеттермен байланыс орнату тек экономикалық жағынан ғана өзекті емес, сондай-ақ аймақтық қауіпсіздік, шекара мәселесі, көші-қон және өзге де мәселелер негізінде аса маңызды-тын.

КСРО мен Қытай елі арасындағы ортақ шекараларға қатысты кейбір сұрақтардың ашық соғыстарға апарғаны бегілі. Бұл мәселе бойынша Қытай бұрынғы патшалық Ресей мен кейінгі КСРО-ға есеміз кетіп жүр деп пайымдайтын. Бұл уәждің де шындыққа жанасар тұсы бар. Қытай жартылай отар ел болып тұрған кезде көптеген әлемдік державалармен тең құқықсыз келісімдерге қол қойғаны тарихтан аян. Аталмыш держава қатарында Ресей де бар еді. «Кейіннен Жалаңашкөл мен Даман шайқастарында да қытайлықтардың орыстарға есесі кетті. Осынау шекараға қатысты толық шешілмей қалған мәселелерді Қытай енді жаңадан тәуелсіз атанған Қазақстанмен шешуі қажеттігін сезіне отырып, елімізбен татукөршілік қатынастарын орнатып, дамытуға ынталы болды. Бұл шекараға қатысты сұрақтар өз кезегінде Қазақстан үшін де аса күрделі мәселе еді. Тәуелсіздікке жаңа қол жеткізген жас мемлекеттің Қытай тәрізді алып мемлекетпен кез келген сұрақтар бойынша талас пен тіреске түсе алмасы анық. Бұл жас қазақ дипломатиясының алдында тұрған үлкен сын болды» [189].

Өз кезегінде ҚХР да жаңадан тәуелсіздік алған Қазақстанмен арадағы мәселелерді тез арада оңтайлы шешуге мүдделі еді. Себебі ҚХР-ның Қазақстанмен шекараласып жатқан батыс аймағы тұрақсыз екені тарихтан белгілі. Бұл өңірдегі сепаратистік пиғылдар мен радикалды ислам үшін аса қолайлы жағдайдың болуы Қытайды Қазақстанмен тез арада стратегиялық әріптес болуға итермеледі. Өңірдегі тұрақтылық пен бейбітшілік қай мемлекет болсын даму жолында басты талап екені анық. Осы және өзге де заманауи талаптарды ескере отырып, ҚХР мен Қазақстан арасындағы дипломатиялық қарым-қатынас 1992 жылдың 3 қаңтарында бастау алды.

Ширек ғасырлық уақыт көлемінде екі мемлекет арасындағы қарым-қатынас аса жоғары деңгейде дамып келеді. Қауіпсіздік саласынан бастап ғылым-білім саласына дейінгі барлық аяларды қамтыған екі мемлекет арасындағы қатынастар жоғары қарқынмен күн өткен сайын даму үстінде.

Қазақстан мен Қытай Халық Республикасы ресми қарым-қатынас орнатқан жиырма төрт жыл көлемінде көптеген тарихи маңызы зор келісімдерге қол жеткізді. Олардың қатарынан ерекше бөліп көрсететін, аса терең тарихи мәнге ие құжаттар 2005 жылғы 4 шілдеде қол қойылған «Стратегиялық әріптестікті орнату және дамыту туралы бірлескен декларация», 2002 жылғы 23 желтоқсандағы «Тату көршілік, достық пен ынтымақтастық туралы шарт» және 2006 жылы 20 желтоқсанда қол жеткізген «21-ші ғасырдағы Стратегиялық ынтымақтастық және экономикалық ынтымақтастық даму тұжырымдамасы», 2007 жылдың тамызындағы «Экономиканың шикізат емес секторындағы ынтымақтастық бағдарламасы», 2013 жылы 8 қыркүйекте қол қойылған «Жанжақты стратегиялық әріптестікті одан әрі тереңдету туралы бірлескен декларация» мен сондай-ақ екі ел қатынастарында айрықша роль атқаратын 2004 жылы 2 шілдеде құрылған «Қазақстан-Қытай Ынтымақтастық комитеті» [194]. Аталмыш құжаттар мен құрылымдар екі мемлекеттің тұрақты әрі табысты, ұзақ мерзімді стратегиялық әріптестік негізінде даму жолының құралы есепті.

Осы құжаттар қатарынан ерекше атап өтетіні 2005 жылғы 4 шілдеде қол қойылған «Стратегиялық әріптестікті орнату және дамыту туралы бірлескен декларациясы». Қытайдай алып мемлекетпен стратегиялық әріптес болу кез келген мемлекет үшін сыртқы саясатындағы үлкен жетістік.

Қытай Халық Республикасының сыртқы саясатында стратегиялық әріптестікке ерекше мән беріледі. Қазіргі таңда ҚХР әлемнің жиырмаға жуық елдерімен стратегиялық әріптестік орнатқан. Қытай сыртқы саясатында «стратегиялық әріптесік» ұғымы 1993 жылы алғаш рет пайдаланылды. Осы жылы ҚХР мен Латын Америкасында ерекше дамып келе жатқан, жаңа индустриальды елдердің алдыңғы қатарындағы Бразилиямен стратегиялық әріптестік қатынастары ресми тұрғыда орнады. Бұдан кейін Қытай 1996 жылы Ресей Федерациясымен стратегиялық әріптестік орнатса, 2001 жылы Латын Америкасындағы тағы бір мұнайға бай ел Венесуэламен дәл сондай байланыс орнатты. Қытай Халық Республикасында Латын Америкасы елдеріне ерекше мән берудің өз себебі де бар. Латын Америкасындағы бұл мемлекеттер экономикалық даму моделдері жағынан Қытайға ұқсамағанымен дамушы елдер ретінде ұстанған мақсаттары бір болатын. Барлығы да жаңа индустриальды елдер қатарына жататын. Қытай өзінің сыртқы саясатында осы мемлекеттерге айрықша орын беруінің себебі де сондықтан. Бұдан кейін ҚХР 2004 жылы еуропалық алпауыттар Ұлыбритания, Франция, Италия, Испания елдерімен стратегиялық әріптесік құрса, 2005 жылы Үндістан, Индонезия, Тайланд, Сингапур және Қазақстанмен стратегиялық әріптес атанды. Ал Греция, Оңтүстік Африка Республикасы және Корей Республикалары сияқты экономикалық жағынан мықты дамыған елдер тек 2006-2008 жылдары ғана ҚХР-ның стратегиялық әріптесі атанды [119, 150-152 б.]. Осыған қарап-ақ ҚХР-ның Қазақстанға қаншалықты мән беретіндігін байқауға болады.

Стратегиялық әріптестікті орнату және дамыту туралы бірлескен декларациясында екі елдің барлық заманауи талаптарға бірлесе қарсы тұратындығы және саяси-экономикалық, қауіпсіздік пен тұрақтылық, сондай-ақ гуманитарлық салаларда тығыз ынтымақтастықта әрі әріптестікте жұмыс жасайтындығы айтылған.

ҚХР-ның Қазақстанды өз стратегиялық әріптесі ретінде тануына көптеген себептер бар. Қытайдың ҚР-мен мұндай жоғары деңгейде әріптестік құруына Қытай-Қазақстан шекаралық мәселелерінің екі жақ үшін де тиімді шешілгендігі себеп.

Қазақстан мен Қытай арасындағы шекара мәселесі Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алған жылдары екі ел сыртқы саясат қызметінің алдында тұрған үлкен мәселе болатын. 1969 жылы 13 тамызда орын алған Жалаңашкөл шайқасы Қытай мен КСРО арасында шекаралық үлкен дау-дамай бар екендігін көрсетіп берді. КСРО тарих сахнасынан жойылғанымен оның артына жаңа тәуелсіз мемлекеттерге көптеген түйткілді мәселелерді енші етіп қалдырып кетті. Солардың бірі осы қазақ-қытай шекара мәселесі болатын. Бұл тұста аса көп қиындықтар тудырған Шоған-Оба мен Баймырза және Сарышілде өзені аумағындағы екі шекаралық бөлік болатын. Қытай мен патшалық Ресей,

кейіннен КСРО арасында жасалған шекаралық сұрақтар бойынша келісімдердің нақты болмауы себепті осы өңірлердегі шекара дұрыс анықталмаған еді. Тарихи құжаттарға сүйене отырып, сондай-ақ екі мемлекеттің жергілікті қоныстары мен ауылдарының орналасқан жерлерін ескере отырып Қазақстан тарабы аталмыш даулы бөліктер бойынша ҚХР-на келесідей ұсыныс жасады: Шоған-Оба мен Баймырза аумағы бойынша 70% Қазақстанға, 30% ҚХР-на, ал Сарышілде өзені аймағы территориясының 70% ҚХР-на, 30% Қазақстанға тиесілі. Екі мемлекет өкілдерінен құралған жұмыс топтарының қажырлы еңбегі арқасында аталмыш мәселе былайша шешілді: Жалпы дау тудырып отырған жер көлемі 944 км² болса, соның 537 км² Қазақстан Республикасына, 407 км² ҚХР еншісіне өтті. Пайыздық көрсеткішпен айтқанда ҚР-на 57%, ҚХР-на 43% тиді. Бұл тәуелсіз жас Қазақстан елі дипломатиясының үлкен жеңісі еді. Шекара мәселесін шешкен келісімге ҚР Президенті Н.Назарбаев пен ҚХР Төрағасы Цзян Цзэмин 1998 жылы 4 шілде күні Алматы қаласында қол қойды. Аталмыш келісім 1999 жылдың 7 сәуірінен бастап өз күшіне енді [195].

Екі ел арасындағы байланыстарға сызат түсірер мәселелер толық шешімін тапқан соң, қос мемлекет ұзақ мерзімді ынтымақтастық үшін стратегиялық әріптеске айналды. Стратегиялық әріптестік негізінде ең басты көздер мақсаттардың бірі қауіпсіздік пен тұрақтылық мәселесі екені анық. Өңірдегі қауіпсіздік пен тұрақтылыққа екі мемлекет те аса мұқтаж. Қытай мен Қазақстан қауіпсіздік пен тұрақтылық саласында бір-бірін ешқалай бәсекелес ретінде көре алмайды. Көрші еліндегі тұрақтылық пен бейбітшілікке қос мемлекет те ерекше ынталы. Бұған 2009 жылы Шыңжан өлкесінде болған ұлтаралық қақтығыстар дәлел бола алады. Осы бір ғана оқиғаның екі мемлекет экономикалық қатынастарына қаншалықты нұқсан келтіргендігі белгілі. Қытайдың ШҰАА экономикасы Қытайдың оңтүстік-шығыс өңірі аймақтарына қарағанда анағұрлым кенде қалған. Ауыр-жеңіл өнеркәсіптер жоқтың-қасы. Аталмыш аймақтың экономикасы негізінен сырттан келетін саудагерлердің саудасына айтарлықтай тәуелді. Қытайдың батысында орналасқан бұл өңірдің негізгі тұтынушылары бұрынғы кеңестік мемлекеттер, солардың ішінде әсіресе іргесі түйісіп жатқан Орталық Азия мемлекеттері екені анық. 2009 жылы ШҰАА-ды орын алған толқыныстардың кесірінен, сондай-ақ сол жылдары өзінің шырқау шегіне жеткен әлемдік қаржы дағдарысының әсерінен аймақта жұмыс істеп тұрған мыңдаған импор-экспорт компаниялары жабылып қалған. Сонымен қатар, сырттан келер ықпалдың әсерін жою мақсатында Қытай билігі ШҰАА-да бір жыл көлемінде ғаламтор мен шетелге қоғырау шалатын мүмкіндікті шектеді. Қазіргі жедел байланыстың уақыт пен ақшадан бетер маңызды екенін ескерсек, Қытай билігінің бұл әрекетінен бизнес пен сауда-экономикалық қатынастардың қаншалықты зиян шеккенін елестету қиын емес. Сол себептен де Қазақстан мен Қытай өз елдеріндегі және өзге елдегі тұрақтылық пен тыныштыққа аса мұқтаж.

Қытай Халық Республикасының батыс өлкесінің жанжал туу ықтималдығы аса жоғары өлке болып табылады. Бұл өңірде сан түрлі ұлт өкілдері тұрғандықтан емес, тек ұйғыр сепаратистерінің өзі аймақтық қауіпсіздік пен тұрақтылыққа нұқсан келтірерлік жағдай. Бұлай деуге ұйғыр

ұлтының саны мен аталмыш өңірдегі радикалдық ислам қозғалыстарының әрекеті себеп. «Шығыс Түркістан ислам қозғалысы» аса қауіпті террористік ұйымдар қатарына жатады. Бұл ұйым Қытай Халық Республикасы Қоғамдық қауіпсіздік министрлігінің 2003 жылы 15 желтоқсанда жариялаған террористік ұйымдар жайлы тізімінде алдыңғы қатарларда тұр. 1993 жылы құрылған бұл ұйым белсенділері әлемнің көптеген жерлерінде арнайы жаттығулардан өтіп, көптеген ірі лаңкестік ұйымдармен тығыз қарым-қатынаста жұмыс істейді. Кез келген елдің қауіпсіздік мәселесіне қатысты «қара тізімінде» бірінші тұратын «аль-Кайданың» бұрынғы жетекшісі, бүгінде ислам лаңкестерінің рухани көсеміне айналған Усама бен Ладен «Шығыс Түркістан ислам қозғалысының» жетекшісі Айсан Махсуммен 1999 және 2001 жылдары кездесуінде оған «Өзбекстанды аза ету ислам қозғалысы» және «Талибан» қозғалысымен бірлесе қимылдауға шақырған еді [196]. Осыдан-ақ бұл ұйымның тек ҚХР үшін ғана емес, өңір елдері ұлттық қауіпсіздігі үшін аса қатерлі екенін көруге болады.

Халықаралық терроризммен күрес ҚХР мен ҚР арасындағы ынтымақтастықтың маңызды бір саласы болып есептеледі. Екі мемлекет екіжақты да және аймақтық-халықаралық ұйым шеңберінде де терроризммен күресте тығыз ынтымақтастықта. ШЫҰ шеңберінде халықаралық терроризмге қарсы ұйымға мүше мемлекеттердің қарулы күштері қатысқан оқу-жаттығу шаралары өткізіліп тұрады. Халықаралық терроризммен күресте ШЫҰ-на мүше елдер үшін басты құжат – 2001 жылы 15 маусымда қабылданған «Терроризм, экстремизм және сепаратизммен күрес туралы Шаңхай Конвенциясы» [197].

Бүгінгі таңда жиналған ынтымақтастық тәжірбиесінің арқасында екі елдің қатынастары әрі қарай даму қарқынын көрсетуде. Бұл тұрғыда екі ел арасында қалыптасқан ең жоғарғы деңгейдегі байланыстар қатынастарды дамытуда өте маңызды рөл атқарады. Дипломатиялық қарым-қатынастар орнатылғаннан бергі жиырма төрт жыл көлемінде екі мемлекет басшылары жоғары деңгейдегі сапарлармен өзара жиі алмасып келеді. Қос мемлекет басшыларының өзара достық қарым-қатынастары екі елдің татукөршілік, әріптестік байланыстарының одан әрі беки түсуіне оң ықпалын тигізуде. Жоғары деңгейлі кездесулердің жиі болуы келелі мәселелердің кең ауқымды, әрі табысты шешілуіне әсер етері анық. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев ҚХР-на осы уақытқа дейін 13 рет жоғары деңгейлі сапар жасаған болса, өз кезегінде ҚХР Төрағалары осы күнге дейін 10 бірдей мемлекеттік, ресми және жұмыс сапарларын жасаған. Нақтырақ айтар болсақ, Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаев ҚХР-на төмендегідей жоғары деңгейлі сапарлары жасады: 1993 жылы 18-21 қазан күндері ресми сапар; 1995 жылдың 11-13 қыркүйек күндері аралығында мемлекеттік сапар; 1999 жылы 23-27 қараша аралығында мемлекеттік сапар; 2002 жылғы 22-25 желтоқсан күндері мемлекеттік сапар; 2004 жылы 16-19 мамыр күдері мемлекеттік сапар; 2004 жылы 24-25 қыркүйек күндері жұмыс сапары; 2006 жылы 19-22 желтоқсан күндері мемлекеттік сапар; ал 2008 жылы 7-10 тамыз күндері ҚР Президенті ХХІХ-шы жазғы Олимпиада ойындарының ашылу

салтанатына қатысып, соның шеңберінде ҚХР-на жұмыс сапарын жасады. 2009 жылы 15-19 сәуір күндері Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың жыл сайынғы Азиялық Боао форумына қатысуымен ұштасқан Қытайға сапары өткізілді [198, 253-254 б.].

Ал 2011 жылы 21-23 ақпан күндері ҚР Президенті Н.Назарбаев ҚХР-на мемлекеттік сапар жасады. Сапар барысында Елбасы ҚХР Төрағасы Ху Цзиньтаомен келіссөздер жүргізіп, Бүкілқытайлық халық өкілдері құрылтайының Тұрақты комитетінің Төрағасы У Банго және ҚХР Мемлекеттік кеңесінің Премьері Вэнь Цзябаомен кездесулер өткізді. Екіжақты келіссөздер қорытындылары бойынша ҚР Президенті мен ҚХР Төрағасы Бірлескен мәлімдемеге қол қойды. Екі мемлекет басшыларының қатысуымен энергетика, трансшекаралық өзендер суының сапасын қорғау, Астана-Алматы бағытындағы шапшаңдығы жоғары қозғалысқа есептелген теміржол магистралын салу және т.б. салаларындағы бірқатар үкіметаралық және мекемеаралық ынтымақтастық жөніндегі келісімдер мен меморандумдар қабылданды.

2013 жылы 6 сәуірде Елбасы ҚХР-на кезекті ресми сапарын жасады. Бұл сапардың өзгешелігі Қытайдың билігіне бесінші буын келген соң ел президентінің Аспанасты еліне жасаған ресми сапары еді. Елбасы ҚХР Төрағасы Си Цзиньпинді ел билігін қолға алуымен құттықтай келе, екі мемлекеттің достық қарым-қатынасының одан әрі тереңдей беретіндігіне сенім білдірді. Елбасының елімізге ресми сапармен келіп-кету ұсынысын Си Цзиньпин мырза ыстық ықыласпен қабыл алды.

2014 жылы мамырда ҚР Президенті Шаңхай қаласында өткен АӨСШК мүше мемлекеттері басшыларының 4-саммиті аясында Қытайға мемлекеттік сапар жасап, бірқатар инвестициялық жобаларды жүзеге асыру туралы құжаттарға қол қойды.

Елбасының Қытайға келесі сапары 2015 жылдың 31 тамызында орын алды. Қытайдың жапон басқыншылығынан азат етілуінің 70-жылдық мерейтойына жиналған шетелдік 30 мемлекет және үкімет басшылары қатарынан тек Елбасы ғана Қытайға мемлекеттік сапармен келіп, қытай халқына ерекше құрмет көрсетті.

Төрт күнге созылған сапар барысында екі тараптан үлкен жұмыс атқарылып, 33 құжатқа қол қойылды. Елбасы ҚХР Төрағасы Си Цзиньпинмен келіссөздер өткізіп, саяси-экономикалық сұрақтардан бастап екі ел арасындағы мәдени-гуманитарлық байланыстарға қатысты мәселелердің бәрін сөз етті. Саяси сипатта ең басты жетістік ретінде Елбасының «Нұрлы Жол» жаңа экономикалық саясаты мен ҚХР Төрағасының бастамасы «Жібек Жолының Экономикалық Белдігін» өзара ұштастыруға екі тараптың уағдаластығын атауға болады.

Сонымен қатар, Көпжақты стратегиялық әріптестікті дамытудың жаңа кезеңін бастау туралы бірлескен декларациямен қатар индустриализация және инвестиция салаларындағы ынтымақтастықты қамтыған коммерциялық сипаттағы 28 құжатқа қол қойылды. Аталмыш құжаттар 23,5 млрд. АҚШ доллары көлеміндегі жобаларды іске асыруды қамтыды [199].

Қазіргі ғаламдық экономикалық дағдарыс қай-қай елге де үлкен сын болып тұр. Қытай экономикасы соңғы үш онжылдықта тек қарыштап даму көрсеткішін көрсетіп ғана келсе, 2015 жылы соңғы 25 жылдағы ең төменгі даму деңгейін көрсетіп отыр. 2015 жылғы Қытайдың ЖІӨ өсуі 6,9% құраған [200]. Сарапшылар Қытай экономикасы дамуының бәсеңдеуі 2020 жылға дейін жалғасады деген болжам жасап отыр. Қытай экономикасы дамуының баяулауына себепші факторлардың бірі мұнай бағасының төмендеуі. «Әлемдік шеберхана» болып есептелетін Қытайдың экономикасы сыртқы сауда қатынастарының белсенділігіне тікелей байланысты. Соңғы екі жыл көлемінде Қытайдың негізгі экспорт әріптестері болып табылатын мемлекеттердің барлығының ұлттық валюталары девальвацияға ұшырағанын ескерсек, Қытай экспорты көлемінің азайғаны тосын жағдай емес. Алайда қалыптасып отырған бұл жағдайға қарамастан Қытай ірі инвестор болып қала бермек.

Бүгінгі геосаяси жағдайларға байланысты орын алып отырған әлемдік экономикалық дағдарыс Қытайға өзінің сыртқы экономикалық «жұмсақ күшін» тиімді пайдалануға мүмкіндік беріп отыр. Қытайдың кейбір өндірушілік күштерін Орталық және Оңтүстік Азия елдеріне көшіру туралы әнгімелерге қарамастан, қытайлық тауарлар әлі де болса баға жағынан бәсекелестікке аса қабілетті. Made in China таңбасы бар тауарларды сапасыздық белгісі ретінде қабылдайтын тұтынушылар қатары азайып келеді. Қытайлық брендтер біртіндеп шет мемлекеттер нарығын жаулап алуда. Қазірде қытайлық ауыр, арнайы техникалар үлкен сұранысқа ие болып отыр. Соңғы уақыттары ұлттық валютамыздың құнсыздануы әсерінен Қытайлық төл өнімдерге елімізде сұраныстың артқандығы байқалады. Қала көшелерінде Lifan, Geely, Faw сияқты қытайлық жеңіл көліктерімен қатар, жастардың қолында Lenovo, Huawei, Xiaomi, Meizu сияқты смартфондардың көбейгенін көруге болады.

Енді ҚХР тарапынан жасалған ең жоғарғы деңгейдегі сапарларды атап айтар болсақ: 1996 жылы 4-6 шілде күндері ҚХР Төрағасы Цзян Цзэминнің ҚР-на тұңғыш мемлекеттік сапары болды. Бұдан кейінгі ҚХР Төрағасы Цзян Цземин елімізге 1998 жылы 4 шілде күні жұмыс сапарымен келсе, 2000 жылы 27-30 шілде күндері ҚР-да ресми сапарымен болды. Цзян Цземиннің ізбасары Ху Цзиньтао 2003 жылы 2-4 шілдеде елімізге өзінің алғашқы мемлекеттік сапарын жасады. Бұдан кейін ҚХР-ның төрағасы 2005 жылы 3-4 шілде күндері мемлекеттік сапары; 2007 жылдың 17-18 тамызы аралығында мемлекеттік сапармен, ал 2009 жылы 12-13 желтоқсан күндері елімізге жұмыс сапарымен келді [201]. Осы сапары барысында ҚХР Төрағасы Қазақстан, Өзбекстан, Түркіменстан мемлекет басшыларымен бірге 13 желтоқсан күні аталмыш төрт ел үшін аса ірі жоба «Түркіменстан-Өзбекстан-Қазақстан-Қытай» газ құбырының ашылу салтанатына қатысты. 2010 жылғы 11-12 шілдеде ҚХР Төрағасы Ху Цзиньтаоның Қазақстанға жасаған мемлекеттік сапары барысында бірқатар келіссөздер өткізіп, келіссөздер қорытындылары бойынша энергетика, экономиканың шикізат емес салаларындағы ынтымақтастық жайындағы бірқатар үкіметаралық және мекемеаралық ынтымақтастық жөніндегі құжаттарға қол қойды.

Си Цзиньпин Қазақстан Республикасында екі мәрте сапармен болып қайтты. ҚХР Төрағасы ретінде Си Цзиньпин Қазақстанға алғашқы мемлекеттік сапарын 2013 жылдың 6-8 қыркүйегі күндері аралығында жасады. Сапар барысында 23 құжатқа, яғни Көпжақты стратегиялық әріптестікті одан әрі тереңдету туралы бірлескен декларация мен қатар жалпы көлемі 35 млрд. АҚШ долларын құрайтын 6 үкіметаралық, 16 ведомствоаралық коммерциялық құжаттарға қол қойылды [202]. ҚХР Төрағасының кезекті ресми сапары 2015 жылдың 7-8 мамырында орын алып, екі елдің көпжақты қатынастары тағы бір пысықталды. Соңғы бес жыл көлемінде Н.А.Назарбаев пен Си Цзиньпин 18 мәрте кездескен екен. Бұл екі мемлекет басшысының өзара достық қатынаста екендігінің, шешімін күттірмес өзекті сұрақтардың көп екендігінің дәлелі болса керек.

Қазіргі кезде Қазақстан мен ҚХР-ның сыртқы сауда саласында өзара тауар айналымының көлемі жағынан Орталық Азия және Шығыс Еуропа елдері ішінде Ресейден кейінгі екінші орында. 2013 жылы екіжақты тауарлар айналымы 22 млрд. АҚШ долларын құрады. Екі елдің өзара сауда айналымы дипломатиялық қатынас орнаған алғашқы жылдары небәрі 368 млн. АҚШ долларын құраған болса, бүгінгі таңда 60-есе өсіп отыр. Бұл жерде ерекше атап көрсететін бір жағдай – екі елдің экономикалық ынтымақтастығы ешқандай қосымша саяси шартсыз, яғни теңқұқылық, сенім мен өзара тиімділік негізінде жүргізіліп келеді. Сол себептен де мұндай ынтымақтастық өміршең әрі тұрақты түрде кеңейіп тереңдей түспек.

Қазіргі таңда Қазақстанда Қытай капиталының қатысуымен 2000-нан астам кәсіпорындар жұмыс жасайды. Қытайлық кәсіпорындар пайда табумен қатар, өзінің әлеуметтік жауапкершіліктерін де аса тиімді атқаруда. Олар жергілікті бұқаралық әлеуметтік даму бағдарламаларына белсенді қатысып, қазақстандық жұмысшыларды дайындаумен қатар, теміржол, жылыжай құрылыстарын салуда. Сөйтіп, еңбекпен қамту, жергілікті салық түсімдерін ұлғайту мәселелерін шешуге өз үлестерін қосуда. Әлем елдерінің экономикасына үлкен сын болған 2006-2009 жылдардағы әлемдік қаржы дағдарысы кезінде Қытай Қазақстанға 13 млрд. АҚШ доллары көлемінде несие ұсынып, өзінің осы іс-әрекеті арқылы Қазақстан экономикасына қолдау көрсетті. Болашаққа көз тігер болсақ, екі елдің іскерлік ынтымақтастық әлеуеті әлі де жоғары екенін көреміз және оның болашағы аса зор екенін де байқаймыз.

Қолданысқа енгізілген Атасу-Алашанькоу мұнай құбыры маңызды стратегиялық маңызға ие. Бұл екі ел экономикасының күретамыры есепті құбыр желісі Қазақстанға мұнай экспортының бағыттарын әртараптандыруға мүмкіндік туғызумен қатар, ҚР-дың транзиттік әлеуетін де толығырақ пайдалануға жол ашады.

Бүгінгі таңда екі ел арасындағы ынтымақтастық жаңа сапалы белеске көтеріліп, шикізаттан тыс салалардағы әрекеттестікке бағыт алуда. Осыған байланысты 2007 жылы тараптар Экономиканың шикізат емес салаларындағы ынтымақтастық бағдарламасына қол қойды. Аталған құжат екіжақты тауарлар айналымын тиімді әртараптандыру мақсатында ынтымақтастықты дамытуды

қарастырады. Бұған қосымша 2008 жылдың сәуірінде ҚР Үкіметі мен ҚХР Үкіметі арасындағы шикізат емес салалардағы ынтымақтастық бағдарламасының іс-шаралар жоспары қабылданды. Аталған жоспар ауыл шаруашылығы, жаңа технологиялар, шекара маңындағы сауда, көлік және коммуникациялар салаларындағы 20 жобадан тұрады.

Трансшекаралық өзендерді пайдалану және қорғау жөніндегі бірлескен комиссия шеңберінде ынтымақтастықтың құқықтық базасын нығайту жұмыстары әрі қарай жалғасуда.

Екі мемлекеттің мәдени-гуманитарлық салалардағы байланыстары аса жоғары деңгейде. Қазақ халқының ұлы ақыны Абайдың 150 жылдық мерей тойы аясында 1995 жылы ҚХР астанасы Пекин қаласына салтанатты іс-шаралар өтті. Қазақ халқының рухани көсемі іспетті Абайды Қытай Халық Республикасының бұлайша дәріптеуі қос мемлекет арасындағы рухани байланыстарды одан әрі жетілдіруге дем берді. Рухани шаралар бұдан былайда өз жалғасын тауып жатты. Атап айтар болсақ, 2001 жыл Қазақстанның Қытайдағы Мәдениет күндері, ал келесі жылы Қытайдың Қазақстандағы Мәдениет күндері болып өтті. 2002 жылы Алматы қаласында Қытайдың ғылыми-техникалық көрмесі ұйымдастырылды. Екі мемлекеттің екінші астаналары есепті Алматы мен Шанхай қаласы араларындағы рухани-мәдени байланыстар да екі мемлекеттің көп салалы қатынастар шеңберінде дамып жатты. Мысалы 2004 жылы Алматының Шанхай қаласындағы мәдениет күндері өтсе, өз кезегінде келесі жылы Алматы қаласында Шанхайдың мәдениет күндерін болып өтті. 2008 жылдың маусымында Қазақстан астанасының 10-жылдық мерекесін тойлау шеңберінде Астана қалаында Қытайдың Чунцин қаласының (ҚХР, Сычуань провинциясы) Мәдениет күндері табысты болды. 2010 жылы 3 ақпан мен 4 наурыз аралығында Астанада Қытай жібек мұражайының «Жібек жолы – Қытайдың жібек өнері» атты көрмесі ұйымдастырылып, қала тұрғындары қонақтары тарих қойнауына саяхат жасады.

Қытай мен Қазақстан арасындағы достық байланыстардың тереңдей түсуіне орай жыл өткен сайын екі ел азаматтарының бір-біріне жұмысқа, оқуға немесе саяхатқа келулері жиілей бастады. Екі мемлекет арасындағы үкіметаралық келісімнің негізінде жыл сайын студенттер алмасу жүзеге асырылуда. Сонымен қатар Бүгінде Қазақстанда қытай тілін үйренем деушілердің қатары күн санап артуда. Сәйкесінше елімізде қытай тілін үйрететін білім ордаларының саны да көбейіп келеді. Осыдан бар болғаны 10 жылдай бұрын елімізде қытай тілі тек жоғары оқу орындарында ғана оқытылып келсе, оның ішінде тек бір-екі ғана университетте, ал қазіргі таңда қытай тілі мектеп қабырғасынан бастап үйретіліп жатыр. Сонымен қатар, әр түрлі тілдер орталықтарында, кешкі мектептерде қытай тілі кеңінен оқытылуда.

Қытай Халық Республикасының қытай тілін шетелдерде насихаттау мақсатында құрылған білім беру құрылымдарының бірі Конфуцзы институттары. ҚХР Білім министрлігіне тікелей бағынатын Hanban (Конфуцзы институттарының бас штаб-пәтерлері) қазірде әлемнің 108 елінде жұмыс жасайды. Аталмыш елдердегі Конфуцзы институттарының саны 400, ал орта

және бастауыш мектептер қабырғасында жұмыс істейтін Конфуцзы сыныптарының саны 500-дан асып жығылады. Аталмыш білім орындарында білім алушылардың саны 1 миллионға жетіп жығылады [203]. Қазіргі таңда Қазақстан Республикасында төрт Конфуцзы институттары жұмыс жасайды. Олар Алматы, Астана, Қарағанды және Ақтөбе қалаларында орналасқан. Сонымен қатар Қазақстанның көптеген жоғары оқу орындарында қытай тілі шет тілі ретінде жүргізіліп келеді. Қытай тілін халықаралық қатынастар, шығыстану, аймақтану, аударма ісі мамандықтарынан басқа қаржы, туризм, құқық мамандықтарының студенттері үйрену үстінде. Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде қытай тілі мамандықтары бар [204]. Осының бәрі еліміздегі қытай тілін үйренуге деген қызығушылықтың нәтижесінде қалыптасып отырған жағдай. Бұл үдеріс бұдан әрі де жалғаса береріне еш күмән жоқ.

Қазақта жиі қолданатын «Алыстағы туыстан, жақындағы көрші артық» деген мақалдың мәнін қытайлар да жақсы түсінеді. Іргелері түйісіп жатқан қос мемлекеттің ынтымақтастығы мен стратегиялық әріптестігі болшақта да арта түсеріне еш күмән жоқ. Си Цзиньпиннің «Қытай арманы» мен Н.А.Назарбаевтың «Мәңгілік Елі» өзара астасқан, іргелес екі елдің болашақ дамуының алтын қазығы іспетті стратегиялық бағдарламалары!

3 ЖАҢА ТАЛАПТАР МЕН ЖАҢА БАСТАМАЛАР АЯСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ-ҚЫТАЙ ҚАТЫНАСТАРЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ ЖӘНЕ БОЛАШАҒЫ

3.1 ҚР мен ОАА елдері үшін «Бір белдеу – Бір жол» бастамасының мүмкіндіктері мен мәселелері

Бал татыр қауын сабағы кермек болар, тәтті құрма да тікенді бұтада өсер. Бұл дүниеде ештеңе мінсіз емес.... Сен қалайсың ба, қаламайсың ба, жаһандық экономика мұхит іспеттес. Одан ешкім қашып құтыла алмайды..... Біздің жауымыз көрші ел емес, біздің жауымыз – ашаршылық, кедейшілік, сауатсыздық, діни адасушылық.... Протекционизм өзінді қараңғы бөлмеге қамаумен бірдей. Тыста нөсер мен дауыл тұрғанымен, қараңғы бөлме таза ауа мен шұғылалы сәулеге тұсау болмақ. Сауда соғысында жеңімпаз болмайды [177].

Бұл Қытай Халық Республикасының Төрағасы Си Цзиньпиннің 2017 жылы 17 қаңтарда Давос Экономикалық Форумының ашылу салтанатында сөйлеген сөзінің салмақты тұстары. Барша әлемнің назары үш күннен соң болар АҚШ-тың жаңа президенті Дональд Трамптың ұлықтау рәсіміне ауған тұста Қытай президенті «оңтайлы сәтті» [205] ұтымды пайдаланып қалуға тырысты. Бұған дейінгі болған Давос Экономикалық Форумдарына ҚХР-ның басшылары ешқашан қатысқан емес. Әрқашан қытайлық бизнес өкілдері мен министрлері ғана қатысып келген халықаралық экономикалық шараға бұл жолы Қытай делегациясы ең жоғары деңгейде келуінің өз себебі болды. Біріншіден, қоскіндікті жүйе жойылысымен әлемдік билікті қолына алған АҚШ бүгінгі күнге дейін барша әлем елдеріне өз айтқандарын істетуге тырысып келді. Бұрыннан бір лагерде болған, тарихи сабақтастығы тереңде жатқан Еуропа, әсіресе Батыс Еуропа елдерімен АҚШ-тың ұстанымдары әрқашан бір жерден шығып келген-ді. Алайда Д.Трамптың сайлау алды науқандарында жасаған мәлімдемелері мазмұнына қарап және оның көпшілік күтпеген жеңісінен кейін Еуропаның «жалпы батыстық ұстанымға» сыни көзқараспен қарай бастағанын байқауға болады. Батыс үшін ғасырға жуық уақыт бойы көшбасшылық міндетті атқарып келген АҚШ-тың жаңа басшысының жалпы батыстық құндылықтарға кереғар ұстанымдарды ұстануы либералдық әлемді алаңдатуы заңдылық. Әрқашан батыстық құндылық болып есептеліп келген адам құқығы, гендерлік саясат, қоршаған ортаны қорғау, әлемдік экономиканы либерализациялау тәрізді мәселелерге қатысты Д.Трамптың екі ұдай ойлары мен ұстанымдары [206, 52-57 бб.] батыс әлемін ерекше алаңдатты. Әсіресе либералды капиталистік әлемнің әрқашан күресіп келе жатқан оқшаулану саясаты мен экономикалық протекционизмді әлемнің бірінші экономикасы болып табылатын АҚШ басшысының ашық ұстануы бүкіл әлемді өз ертеңіне басқаша қарауға мәжбүр етті.

Екіншіден, Америка Құрама Штаттарының кейбір жаһандық мегажобалардан өз еркімен бас тартып [207], сыртқы саяси амбицияларын шектей түсуі бір қарағанда Қытай үшін аса ұтымды жағдай болғанымен,

американдық протекционизм Қытайда да алаңдатпай қоймайды. Қытай Халық Республикасы үшін АҚШ нөмір бірінші экспорт, екінші импорт әріптесі болып табылады [208]. АҚШ-тың протекционистік саясаты сан жылдан бері жоғары қарқынмен өсіп келе жатқан Қытай экономикасының баяулауына себеп болары сөзсіз. Қытай басшысының Давос мінберінен Трамптың атын атамаса да, «қазіргі таңда қалыптасып отырған қиын жағдайға тек жаһандануды ғана кінәлау теріс екендігін, көп мәселелерді келісе пішсе жаһанданудың адамзат баласына берер пайдалы тұстары мол екендігін, сауда соғысында жеңімпаздың болмайтындығын» баса айтуы қай елге қаратып айтқандығы айтпаса да түсінікті еді. Қытай билігі Давос Экономикалық Форумы тәрізді әлемдік ықпалды мемлекеттік емес ұйымның биік мінберінен әлем қауымдастығын жаһандануды жақтауға шақыру мүмкіндігін барынша пайдаланып қалуға тырысты.

Үшіншіден, Қытайдың ұлттық даму стратегиясына уақыттың өзі мезгілінен бұрын түзетулер енгізгендігін байқауға болады. Қытай билігі өзінің сыртқы саясатында әрқашан Дэн Сяопиннің 24 иероглиф стратегиясында көрсетілген ұстанымдарды ұстануға тырысып келді. Яғни «салқынқандылықпен бақылау, байсалдылықпен жауап қату, айтқаныңда нық тұру, өз мүмкіндіктерінді жасыра отырып оңтайлы сәтті күту, ешқашан көшбасшылықты өзіңе алмау, бірдеңе тындыруға әрқашан дайын болу» [209, 137 б.] деп келетін Дэн Сяопиннің стратегиясы басшылыққа алатын Қытай билігі бүгін-ертең көшбасшылыққа ұмтылмасы анық болатын. Цзянь Цземиннің «үшке өкілдік ету» (三个代表) идеясында да, Ху Цзиньтаодың «Үйлесімді қоғамы» (和谐社会) мен Си Цзиньпиннің «Қытай арманында» (中国梦) да Қытайдың көшбасшылықты қолға алуға ынталы емес екенін көруге болады. Қытай арманының орындалуына кепіл болар екі шарт: бірі – жарасымды да орнықты ішкі орта, екіншісі – бейбіт те тыныш халықаралық орта [31, 317 б.] деп пайымдайтын Қытай билігі бұдан былай халықаралық қатынастарда көшбасшылық әрі бастамашыл рөлді өзгеге беріп қойып, өз жолымен ғана дами алмайтындығын түсіне бастағандай. Мемлекет пайымы бойынша әлі де ұзақ жылдар дамушы ел болып қала беретіндігіне қарамастан Қытайдың ірі халықаралық бастамаларға жетекшілік етпесіне амал жоқ. Әлемдік екінші экономика бола тұра халықаралық қатынастардың жай ғана қатысушысы болып қала алмасын Қытай жақсы түсінеді. Бүгінгі қытайлық «Белдік және Жол» Бастамасы (“一带一路”倡议) жаһандық мегажобасы осының нәтижесі.

Әлемнің 78 елін, яғни жер шары тұрғындарының 70% қамтитын, \$4 триллион қытайлық инвестицияны құрайтын мегажоба алдағы үш онжылдық көлемінде көптеген елдердің даму стратегиялары мен халықаралық қатынастардың әдеттегіден өзгеше сипатта дамуына ықпал етері сөзсіз. Алдағы уақытта Қытайдың әр сөзі, әр қимылы халықаралық қатынастар мен әлемдік саясатқа айтарлықтай өзгерістер енгізіп отыратын болады [210].

Осыдан 2100 жылдай бұрын бастау алған, сан ғасырлар бойы Еуразия құрлығындағы халықаралық қатынастарының дамуын айқындап келген көне

ұғым «Жібек Жолы» енді ХХІ ғасырдың басты ойын ережесіне айналмақ. Шығыс пен Батыс өркениетінің арасына ежелден дәнекер болған, бойындағы елдердің дамып, көркеюіне зор әсер еткен тарихи құбылыс атауы бүгінгі күнде де аса тартымды. Әсіресе халықаралық қатынастардың аумалы-төкпелі, «турбулентті» [211] кезеңі болып табылатын ХХ ғасыр соңы мен ХХІ ғасырдың басында әлем елдері үшін өздерінің мемлекеттік «жұмсақ күш» саясатына қару болатын жағымды ұғымдардың құны арта түсуде. Мемлекеттер өздерінің екіжақты немесе көпжақты саясаттарына арқау болатын құбылыстар мен оқиғаларды тарихтан қайта іздеп, сыртқы саяси ұстанымдарын барынша жағымды етіп көрсетуге ұмтылуда. ҚХР Төрағасы Си Цзиньпин 2013 жылы 7 қыркүйекте Назарбаев университетінде жасаған әйгілі баяндамасында сөзінің басын Хань дәуірінде Орталық Азияға екі мәрте саяхат жасаған Чжан Цзянь мен 1941-1943 жылдары Алматыда тұрақтаған атақты қытайлық композитор Сянь Синхандың екі ел тарихи-рухани байланыстарының дамуына сіңірген еңбегінен бастауы да сондықтан. [212, 339 б.]

«Жібек Жолын» Еуразия құрлығындағы халықаралық қатынастардың басты ережесіне айналдыру 2010 жылдары нақты көрініс тапты. 2011 жылы АҚШ мемлекеттік хатшысы Хилари Клинтон Үлгістандағы ресми сапары барысында «Жаңа Жібек Жолы» концепциясын ұсынса, араға екі жыл салып Қытай басшысы Си Цзиньпин Астанада «Жібек Жолының Экономикалық Белдігі» бастамасын көтерді. Бір-бірімен жарыса ұсынылған екі бастаманың өңір елдері үшін екіншісі тартымды болғанын бүгінде уақыт көрсетіп отыр.

Американдық «Жаңа Жібек Жолы» концепциясы Орталық және Оңтүстік Азия аймақтарын Ауғанстан арқылы жалғастыратын инфрақұрылым құра отырып, аталмыш аймақ елдерінің өзара сауда-саттық қатынастарын либерализациялауды көздеді. Орталық Азия елдерін Ауғанстанмен және Оңтүстік Азия мемлекеттерімен тығыз экономикалық байланыстарын қамтамасыз ететін тетіктер ретінде CASA-1000, TAPI газ құбыры және Ауғанстанды «Орталық Азия – Оңтүстік Азия» макроаймағының сауда және көлік қатынастарының орталығына айналдыратын теміржол дәлізі жобалары көрсетілді. Нәтижесінде Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан және Түркіменстан мұхитқа шығатын жол таба отырып, әлемдік нарыққа одан бетер жақындай түспек.

Алайда бүгінгі таңда көзделген нысандардың бірқатары ғана іске қосылып отыр. Атап айтқанда, Пяндж өзенінде Ауғанстан мен Тәжікстан автожолдарын жалғайтын бірнеше көпір АҚШ қаржылай көмегімен салынды. 2011 жылы қарашада Орталық Азияны Ауғанстанмен жалғаған Хайратон – Мазари-Шариф теміржолы тапсырылды. Бұл Ауғанстанның батысы мен шығысын жалғайтын теміржол доғасын құру бағдарламасын жүзеге асырудағы алғашқы қадам ретінде бағаланды. Американдық жоспар бойынша аталмыш көлік доғасын құру бағдарламасы тек Ауғанстанның ішкі қарым-қатынастарын ғана жақсартып қоймай, ауған елінің көршілес Орталық Азия елдерімен тығыз байланыстар орнату көзделген болатын. Яғни ауған теміржол доғасы бірнеше жерден Орталық Азия елдері теміржол магистральдарымен түйісетін болады.

Нақтырақ айтқанда, Тәжікстанмен Құндызда, Өзбекстанмен Мазари-Шарифте, Түркіменстанмен Шеберхан және Гератта, (сондай-ақ Иранмен Гератта. Ұзындығы 140 км. Хаф-Герат теміржолы 2017 жылдың соңына дейін тапсырылу жоспарланып отыр) тоғыспақ. Алайда бүгінгі күнге дейін тек Өзбекстан мен Ауғанстанды жалғаған Хайратон – Мазари-Шариф темір жолы Азия даму банкінің (АДБ) қаржыландыруымен (\$165 млн.) іске қосылған болса, Түркіменстан мен Ауғанстанды байланыстыратын Атамұрат-Андхой теміржолының тек түркімен бөлігі, яғни Атамұрат-Имамназар (85 км. Түркіменстан) – Акина (3 км. Ауғанстан) бөлігі ғана тапсырылып отыр [213]. Ал Ауғанстан территориясы арқылы өтетін түркімен-ауған-тәжік теміржолының негізгі бөлігін қаржыландыруды мойнына алған АДБ Ауғанстандағы қауіпсіздік жағдайына байланысты теміржол құрылысы жобасын қаржыландыруды белгісіз мерзімге шегеретіндігін мәлімдеді. Ауғанстан теміржол желілерін дамытуға арналған жобаның басым бөлігі қағаз жүзінде ғана қалып отыр (1-сурет).

Сурет 1 – Ауғанстан Ислам Республикасының Қоғамдық жұмыс министрлігі бекіткен ұлттық теміржол жоспары



Американдық «Жаңа Жібек Жолы» концепциясы аймақтық энергетикалық қатынастар саласын да қамтыған. АҚШ Ауғанстан мен Орталық Азия елдері арасында электр желілері жүйесінің болғанын қалайды. Бұл тұста да ауған жобаларын жүзеге асыруда Өзбекстанның өзге Орталық Азия

елдерінен озық екенін көреміз. 2009 жылдың басынан бастап Өзбекстан Хайратон – Пул-е-Хумри – Кабул жаңа электр желісі арқылы Ауғанстанға электрэнергиясын жеткізе бастады. Бұл Ташкенттің ауған электрэнергиясы нарығында басымдыққа ие болуына мүмкіндік берді. Ал 2011 жылдан бастап Тәжікстан жаз айларында Сангтуда СЭС-ның артық энергияларын жаңадан тапсырылған Сангтуда – Пул-е-Хумри желісі арқылы ауған провинцияларына электрэнергиясын бере бастады [214].

«Жаңа Жібек Жолы» бастамасындағы энергетика саласындағы үлкен пікір-талас тудырып отырған «CASA-1000» (Central Asia – South Asia) жоғары кернеулі электр желісі жобасы. Тәжік және қырғыз СЭС-ларын ауған және пәкістан энергия нарығымен жалғайтын жобаның ұзындығы 1200 шақырым, ал құны шамамен \$1 млрд болмақ. Бірақ Тәжікстан мен Қырғызстан үшін стратегиялық мәні зор бұл жоба осы уақытқа дейін қаржы көздерінің тапшылығы мен инвестициялық тәуекелдіктің аса жоғарылығынан кейінге қалдырылып келеді.

Американдық «Жібек Жолының» ең үлкен бастамасы ТАРІ (Түркіменстан, Ауғанстан, Пәкістан, Үндістан) газ құбыры жобасы. Құны шамамен \$10 млрд. құрайтын газ құбыры жобасы 1990-жылдардың ортасынан бастап талқылана бастаған болатын. Алайда Ауғанстандағы тұрақсыздыққа байланысты үнемі кейінге қалдырылып келген еді. Қазіргі күннің өзінде аталмыш жобаның жүзеге асуы күмәнді болып қалып отыр. Себебі құбырдың бастау алатын көзі Түркіменстанның өндіріп отырған газын бүгінде Қытай толықтай дерлік сатып алуда. Сонымен қатар, түркімен газын сатып алушылар Пәкістан мен Үндістан арасындағы қырғи-қабақ жағдай да жобаның іске асуын кешеуілдетіп отыр. Оның үстіне Пәкістан мен Үнді энергетика нарығына игеруге деген бәсекелестіктің жоғары екендігін ескерген жөн. «Бейбітшілік» деп аталатын, құны \$2,5 млрд. құрайтын Иран-Пәкістан газ құбырының ирандық бөлігі тапсырылып үлгерді. Сондай-ақ, «Газпром» да «Сібір күші-2» құбырын Пәкістан мен Үндістан нарығына дейін жіберуге ынталы екендігін мәлімдеген еді [215]. Ең бастысы осы уақытқа дейін ТАРІ жобасы инвестор таба алмады. Американдық мұнай-газ алыптары Chevron мен Exxon Mobilдің өзі аталмыш жобаға қатысудан бас тартып отыр.

Жалпы американдық «Жібек Жолы» бастамасының жүзеге асу мүмкіндігінің аса төмен екендігі басынан бастап байқалған еді. Көптеген зерттеушілер мен саясаттанушылар аталмыш жобаның «ат үсті» жасалғандығын, жүзеге асырылу тетіктері жан-жақты қарастырылмағандығын, аймақта қалыптасып отырған жағдайлардың толыққанды есепке алынбағандығын және бастама астарында саяси мән жатқандығын айтады. Ресейлік ғалымдар мен саясаткерлер американдық бастаманы бірден Ресей мен Қытайға қарсы бағытталған АҚШ-тың сыртқы саяси концепцияларының бірі беп бағалады. Орталық Азия елдерін Оңтүстік Азия мемлекеттерімен интеграциялық қатынастарға тарта отырып, Орталық Азия аймағындағы Ресейдің ықпалын біртіндеп әлсіретуге бағытталған деп пайымдады. Яғни «Жаңа Жібек Жолы» аймақ елдерінің экономикалық дамуы мен интеграциялық

қатынастарының жетілуіне бағытталған жаңа бағдарлама емес, Фредерик Старрдың «Үлкен Орталық Азия» (Greater Central Asia) концепциясының эволюциялық жалғасы деп түсіндіреді.

Американдық бастаманың іске асуына күмәнмен қараған тек ресейлік зерттеушілер ғана емес, батыс ғалымдары да АҚШ-тың «Жаңа Жібек Жолы» концепциясына «геосаяси иллюзия» ретінде қарауда. Олардың пайымынша, аталмыш жоба бизнесмендер емес, «саясаткерлер мен әскерилердің ұстанымы бойынша жасалған. Жоба аймақ елдерінің өзара сауда-саттық мүмкіндіктерін терең зерттемей, тек инфрақұрылымдарды дамытуды көздеген. Сондай-ақ жобаның жағырафиялық тұрғыдан тарихи Жібек жолымен мүлде сәйкеспейтіндігі американдық концепцияның ұтымдылығын төмендетіп отыр. Себебі Ауғанстан ешқашан Жібек Жолының орталығы болған емес, және АҚШ жобасы бойынша Жібек Жолы солтүстіктен оңтүстікке бағыт алмақ. Алайда тарихтан Жібек Жолының шығыс пен батысты жалғағаны белгілі. Яғни, американдық концепцияның Жібек Жолының тарихи негізіне мүлде кереғар екенін көруге болады.

АҚШ бастамасының толықтай жүзеге асуына күмәнмен қарауға итермелейтін бірнеше себептерді атауға болады. Біріншіден, американдық бастама аймақ елдерінің даму ерекшелігін, өзара қарым-қатынастарының қиыншылықтарын, ең бастысы қауіпсіздік мәселесін терең зерттеп, есепке алмаған.

Екіншіден, жобаны жүзеге асырудың тетіктері жан-жақты қарастырылмаған. Инфрақұрылымдардың қай бөлігін кімдер жасауы мүмкін екені есептелмеген. Жобаның стратегиялық маңыздылығын жобаға қатысуы ықтимал аймақ елдеріне жеткілікті деңгейде түсіндірілмеген.

Үшіншіден, жобаны жүзеге асырудың қаржы көздері көрсетілмеген. АҚШ үкіметі жобаны толықтай қаржыландырмайтын болғандықтан, жобаға тартылатын әлемдік қаржы институттарымен бірге зерттеу жұмыстары жүргізілуі керек-тін. Алайда, Азия даму банкінің жобаны әрі қарай қаржыландырудан бас тартуы, АҚШ үкіметінің жоба тәуекелдерін қаржы институттарымен алдын-ала бірлесіп зерттемегендігін дәлелі. Сондай-ақ, американдық мұнай-газ алпауыт компанияларының ТАРІ жобасына қатысудан бас тартуы аталмыш жобаның болашағына өзгелердің күмәнмен қарауына себеп болып отыр.

Төртіншіден, американдық «Жаңа Жібек Жолы» жобасы жағырафиялық тұрғыдан қате жасалған бағдарлама. Ресейдің саяси мүддесі шоғырланған және Қытайдың экономикалық, әсіресе энергетикалық мүдделері шеңберіне енетін Орталық Азия елдерін Ауғанстан, Пәкістан және Үндістан сияқты мемлекеттермен қоса отырып, субаймақтық экономика құруға ұмтылу заман талабына сәйкес емес. Яғни Ресей мен Қытай тәрізді әлемдік державаларды жобадан тыс қалдыруы американдық бастаманың астарында саяси мүдде жатқандығын көрсетеді. Бұл Орталық Азия елдерінің ұлттық даму стратегиясына мүлде қарсы әрекет екені түсінікті.

Бесіншіден, АҚШ-тың бүгінгі билігінің сыртқы саяси-экономикалық ұстанымы жобаның болашағына үлкен күмән тудырады. ХХІ ғасырдың ойын ережесі болуға тиіс ТРР (Транстынық мұхит әріптестігі) жобасынан Д.Трампың бас тартуы әлем елдерінің АҚШ-тың бұған дейінгі жасалған көптеген жобалары мен бастамаларына сыни тұрғыдан қарауға мәжбүрлеп отыр.

Сол себептен де, американдық Жібек Жолына қарағанда Си Цзиньпин Жібек Жолының болашағы зор болмақ. Қытайлық «Белдік және жол» бастамасының американдық жобадан басты артықшылығы:

- АҚШ жібек жолы аймақ елдерін бір-бірімен жалғай отырып, тұтас субаймақ құруды көздесе, қытайлық жібек жолы бүкіл әлемді Қытаймен жалғауға негізделген. Яғни Қытай үшін стратегиялық маңызы зор. Қытай билігі аталмыш жобаны «Қытай арманы» мен «Қытай ұлтының қайта көтерілуі» ұлттық концепцияларының өзегі ретінде көрсетіп отыр. Сол себептен де Қытай үкіметі өз бастамаларын соңына дейін жеткізері анық;
- Қытай жобасының қаржы көздері жеткілікті. Қытай бастамасымен құрылған Азия инфрақұрылым және инвестиция банкі (бастапқы жарғылық капиталы \$100 млрд.) алмағанда, өзге дүниежүзілік қаржы институттары Қытай жобасын қаржыландыруға аса үлкен қызығушылық танытып отыр. Қытай экономикасының экспортқа негізделгенін ескерсек, соңғы отыз жыл көлемінде қытай қаржы нарығына қанша қаражаттың келгенін елестету қиын емес. Қытай халқының ежелден қаржы жинауға бейім екенін ескерсек, қытайлық кәсіпкерлердің де жиған-тергені қомақты. Қытайлық бизнесмендердің де қытайлық мегабастама аясында көптеген жобаларға инвестиция құяры сөзсіз.
- Ең бастысы қытайлық бастама жоба аясына енетін мемлекеттердің барлығының ұлттық даму мүддесімен сәйкес келеді. Қытай экономикасының әлемде екінші, ал ЖІӨ ТМІ (тұтыну мүмкіндігі паритеті) бойынша бірінші болуы ҚХР біртіндеп импорттаушы елге айналдыруда. 1,3 млрд. адамдық Қытай нарығы кімді болса да қызықтыратыны анық. Яғни «Белдік және Жол» бастамасы аясында салынар инфрақұрылымдар бір жақты ғана емес, екі жақты сауда қатынастарын дамытуға бағытталмақ.

АҚШ ұсынған «Жаңа Жібек Жолының» басымдықтарынан гөрі, олқы тұстары көп болып отыр. Жете зерттелмей, асығыс ұсынылған жобаның болашақта жүзеге асу мүмкіндігі аса жоғары еместігін байқаймыз. Американдық бастаманың қытайлық мегажобаға бәсекелес бола алмасы анық. Демек, «Жібек жолы» бренді өзінің тарихи иесін тауып отыр деуге де болады.

Қытайлық «Белдеу және жол бастамасы» 2013 жылы 7 қыркүйекте Астана қаласында тұңғыш рет әлем назарына ұсынылған еді. Қытай Халық Республикасының жаңадан сайланған төрағасы Си Цзиньпин Назарбаев университеті қабырғасында жасаған баяндамасы барысында Жібек жолының экономикалық белдігі идеясын ұсына отырып, оны жүзеге асыруда жасалар

басты қадамдарды атап көрсетті. Қытай төрағасы «Мемлекеттер арасындағы саяси үндестікті дамыту, біртұтас жол желілерін құру жұмыстарын күшейту, сауда қарым-қатынастарын одан әрі арттыру, қаржы айналымдарын жетілдіру және халықтар арасындағы байланыстарға дем беру» деп келетін бес нақты қадамды қытайлық жаңа бастаманың ойдағыдай жүзеге асуына бастар кешенді шаралар ретінде атады. Ал сол жылдың 3-қазанында Индонезияға жасаған ресми сапары барысында Қытай басшысы Си Цзиньпин Индонезия парламенті алдында сөз сөйлеп, «XXI ғасыр теңіз жібек жолы» жобасын ұсынды. Аталмыш жобалардың атауы екі түрлі болғанымен мақсаттары бір. Сол себептен де екеуі бірігіп, «Белдеу және жол» бастамасы деп аталатын мегажобаны құрайды. Бұқаралық ақпарат құралдарында қытайлық жобаға қатысты мақалаларда жоба атауын әр түрлі етіп көрсетіп жатады. Жібек жолының экономикалық белдеуі идеясы, XXI ғасыр теңіз жібек жолы жобасы, Бір белдеу, бір жол, Белдеу және жол бастамасы деген атауларды жиі кездестіруге болады. Бұл халықаралық қатынастар мен әлемдік экономикалық жағдайларды үнемі назарында ұстамайтын қарапайым оқырмандар мен тыңдармандарды шатастыратыны анық. Қытай тілінде аталмыш мегажоба толықтай 丝绸之路经济带和 21 世纪海上丝绸之路 (сычоу джылу жиңжй дәй хы аршыи шыжй хайшаң сычоу джылу) деп аталады. Әрқашан әр иероглифінің астарына кемел тарих пен терең ой сиғызып келген Қытай өздері үшін ұзын-сонар шұбалаңқы жоба атауын қысқартып ғана “一帶一路”倡议 (идәй илу чаңи) деп атайды. Қазақша тура аудармасы «Белдеу және жол» бастамасы.

«Белдеу және жол» бастамасының басты мақсаты – Қытайды жаһандық экономикалық орталыққа айналдыру. Бүгінгі күннің өзінде әлемнің 78 елі аталмыш жобаға өздерінің қатысатындықтарын ресми түрде бекітті. Яғни жер шары тұрғындарының 70% қамтитын, \$4 триллион қытайлық инвестицияны құрайтын мегажоба кем дегенде алдағы үш онжылдық көлемінде көптеген елдердің даму стратегиялары мен халықаралық қатынастардың әдеттегіден өзгеше сипатта дамуына ықпал етеді деген сөз. Алдағы уақытта Қытайдың әр сөзі, әр қимылы халықаралық қатынастар мен әлемдік саясатқа айтарлықтай өзгерістер енгізіп отыратын болады.

«Белдеу және жол» бастамасын ойдағыдай жүзеге асыруға қажетті қаржы көздері де жеткілікті деп санауға болады. Қытай өзінің жаһандық деңгейдегі мегожобасын тек бастама ретінде жариялап ғана қойған жоқ, ең бастысы жобаны қаржыландыру көздерін өзі бас болып ұсынып отыр. Қытай экономикасының экспортқа негізделгенін ескерсек, соңғы отыз жыл көлемінде қытай қаржы нарығына қанша қаражаттың келгенін елестету қиын емес. Осы қордаланған орасан зор қаржыларды қытайлық инвестиция ретінде шетелдерге шығару Қытай билігінің алдына қойған үлкен мақсаттарының бірі болып табылады. «Белдеу және жол» мегажобасын жүзеге асыру мақсатында Қытайдың тікелей бастамасымен құрылған Азия инфрақұрылым және инвестиция банкінің жарғылық капиталы \$100 млрд. Бүгінгі таңда аталмыш банкіге 58 мемлекеттің мүшелігі заңды түрде бекітілді. Сонымен қатар 22 мемлекеттің болашақта қосылуы күтілуде. Банктегі мемлекеттің үлестеріне

тоқталсақ, ең үлкен үлес Қытайдың еншісіне тиесілі - \$29,8 млрд. Қазақстанның үлесі шамамен \$729 млн. АИИБ өзге әлемдік ірі қаржы институттарымен салыстырар болсақ, банкінің жарғылық капиталы Азия даму банкі капиталының 2/3 құраса, Бүкіләлемдік банкі капиталының жартысын құрап отыр. Осыдан-ақ Қытай бас болған АИИБ тәбетінің қаншалықты екенін болжау қиын болмас.

Сондай-ақ «Белдеу және жол» бастамасын жүзеге асыруда басты қаржы тетіктерінің бірі болып табылатын Жібек жолы қорын атап өту қажет. 2014 жылы 29 желтоқсанда құрылған Жібек жолы қоры Қытай үкіметінің мемлекеттік меншігі болып табылатын инвестициялық қор. Қытай үкіметі қор қоржынына \$40 млрд. беріп отыр. Қор бүгінгі күннің өзінде Нигерия, Пәкістан және Ресей елдеріне \$5 млрд. көлемінде инвестиция құйып үлгерді.

Қытайдың инвестициялық мүмкіндігі мұнымен ғана шектелмейтіндігі анық. Қытай халқының ежелден қаржы жинауға бейім екенін ескерсек, қытайлық кәсіпкерлердің де жиған-тергені қомақты. Қытайлық бизнесмендердің де қытайлық мегабастама аясында көптеген жобаларға инвестиция құяры сөзсіз.

Сонымен қатар, әлемнің өзге қаржы институттары да қытайлық бастамаға аса үлкен қызығушылықтар танытып отыр. Қытайдың тек бастама көтеріп ғана қоймай, оны өз қаржысымен жүзеге асыра бастауының өзі тәуекелдердің басты бөлігін Қытайдың өз мойнына алып отырғандығын көрсетеді. Мұндай жоба әлемдік қаржы мекемелері үшін таптырмас олжа екені анық. Мысал ретінде айтар болсақ, бастабында американдық «Жаңа Жібек Жолы» жобасына қызығушылық танытқан Азия даму банкі құны \$165 млн. құрайтын Хайратон – Мазари-Шариф темір жолы құрылысын қаржыландырған соң, одан әрі АҚШ бастамасының өміршеңдігіне күмәнмен қарай отырып, назарын Қытай жобасына аударған еді.

Қазіргі таңда қазақ қоғамында қытайлық жобадан тек қатер күтетіндер саны аз емес. Жалпы Қытайға қатысты мәселелердің барлығына үрке қарау халқымызға жат қасиет емес. Оның басты себебі атам қазақтан «аманаттай» болып қалған «Ақыр заман болғанда қара қытай қаптайды» деген сөз екені анық. Бүкіл әлемдегі синофобияның басты себебі қытай халқының саны. Қытайдың соңғы жиырма-отыз жыл көлеміндегі қарыштап дамуы әлемдегі синофобияның деңгейін арттырмаса төмендеткен жоқ. Алайда барлығы Қытай дамуының көршілес мемлекеттердің ұлттық қауіпсіздігі үшін жағымды жағын байқай бермейді. Қытайдың соңғы жылдары жүргізген халықтың әлеуметтік жағдайларын жақсартуға бағытталған саясаты нәтижесінде төменгі таптан орта тапқа өткен адамдардың саны 70 млн. құрап отыр. Қытайдағы орта тап санының көбеюі – өңірлердегі синофобияның деңгейін төмендететін жағымды құбылыс. Өз елінде қарны тоқ адамның өзге елге тентіремейтіні анық жайт. Сол себептен де Қытайдың дамуынан тек қатер көре беру дұрыс болмас.

Қытай бас болып отырған «Белдеу және жол» бастамасы ең алдымен инфроқұрылымдық жоба. Негізінен экспортқа негізделген Қытай нарығы сыртқы қатынас жолдарын жетілдірмесе елдің үздіксіз дамуы тоқырауға

ұшырайтынын қытайлық билік жақсы түсінеді. Қазақ даласын басып өтетін қытайлық жол жаһандық жобаның бір парасы ғана. Әркім өз еншісін іздеген «Белдеу пен жол» жобасынан қалыс қалсақ, ол еліміз үшін кешірілмес үлкен стратегиялық қателік болмақ. Қазақ Елі қауіпсіздігінің кепілі өзгелерден тығылып оқшаулану немесе бір елдің қолтығына кіріп одақтасу емес, барлық елмен тең дәрежелі тығыз қарым-қатынастарға түсу.

Қытай билігі «Белдеу және жол» жобасын жүзеге асыруда Қазақстанды сенімді стратегиялық әріптес ретінде әрқашан өзгелерге үлгі етіп отырады. Бұл Қытайдың жылы сөйлеп қазақтың қойны-қорасына кіргісі келгендігінен емес, бұл қазақ билігінің стратегиялық көреген саясатының нәтижесі. Си Цзиньпин өз жобасын Астанада 2013 жылы жария етпестен бірнеше жыл бұрын Қазақстан Елбасының тапсырмасы бойынша қазақстандық ірі инфрақұрылымдық жоба «Нұрлы жол» бағдарламасын жүзеге асыруды бастап кеткен болатын. Құны \$9 млрд. құрайтын «Нұрлы жол» бағдарламасы елдің ішкі жол қатынастарын жетілдіре отырып, Қазақстанның транзиттік мүмкіндігін арттыруға бағытталған еді. Қазірдің өзінде бір-бірімен үндесіп қабыса кеткен Си Цзиньпиннің «Жібек жолы» мен Нұрсұлтан Назарбаевтың «Нұрлы жолы» қытай-қазақ достығының симболына айналып келеді. Екі ел халқының игілігіне айналатын бастамаларды қатер ретінде көріп, оған үрке қарау ешкімге ұтыс әкелмейді.

«Белдеу және Жол» бастамасының толыққанды жүзеге асуына күмәндардың да бар екенін айту керек. Қытайлық бастаманың алғашқы бесінші жылдығының соңында нақты кедергілердің пайда болғанын көріп отырмыз. Малайзиялық премьер-министр қытайлық жобалардың өз елінде жүзеге аспайтындығын және қытайлық несиелердің елдің болашақ дамуы үшін тиімсіз екенін айта келе, несие шарттарын қайта қарау керектігін алға тартқан еді.

Қытайлық жоба 2015 жылдың наурызынан бастап әлемнің барлық түкпір-түкпірінде аса белсенділікпен екпін ала бастаған болатын. Қытай билігі аталмыш жобаның ең басты тиімділігі одан қабылдаушы мемлекеттердің барлығы ұтатынымен түсіндірген еді. Алайда Малайзия сияқты ірі дамуыша мемлекеттің басшысының ашық мәлімдемесінен кейін қытайлық жобаның бұрынғы қарқыны бәсеңсуі күтілетін жағдай.

Ендігі кезеңде Қытай билігі үшін жағдайды нақыт бағалап, олардың шешу жолдарын іздестіру талаптары тұр. Қытайлық жобаларды жүзеге асыруда кедергілер мен кейбір түйткілді мәселелер бұрын да болған болатын. Алайда мемлекеттік деңгейде, өзге елдің басшысының қытайлық жобаға қарсы шығуы алғаш рет кездесіп отырған жағдай болды. Егер мұндай жағдайлар саны арта түсетін болса, жалпы қытайлық жобаның келешегі бұлыңғыр болары сөзсіз. Сол себептен де, Қытай билігін «Белдеу және Жол» жобасы жолында кездесіп отырған кедергілер мен мәселелерді уақытылы тиімді шешуге мүдделі.

Қытай басшылығының алдында тұрған басты мәселе «Белдеу және Жол» бастамасының алдында тұрған кедергілердің басты себептерін айқындау. Салыстырмалы түрде қазіргі таңда кедергілер саны айтарлықтай көп емес. Соңғы зерттеулерге сәйкес, қытайлық жобаға қатысты 1674 шараның тек 234-де ғана қиыншылықтар туындаған. Бұл жалпы шаралардың 14% құрайды деген сөз

[216]. Бұл көрсеткіш бойынша қытайлық жоба өзге әлемдік ірі институттардың, нақтырақ айтқанда Азия даму банкі мен Бүкіләлемдік банкінің жобаларының сәттіліктерімен салыстырған да әлдеқайда жоғары көрсеткіш. Алайда жобаның толыққанды жүзеге асуы үшін ешқандай кедергілердің болмау аса маңызды жайт. Әсіресе, егер ол жоба белгілі бір мемлекеттің қолға алып отырған шарасы болса. Әлемдік қаржы құрылымдарында ұлттық сипаттың болмайтыны анық. Тек бизнестік мүдде басым болып келетін аталмыш ұйымдардың бастамалары қабылдаушы мемлекеттер үшін саяси салдары айтарлықтау ауыр болмасы белгілі. Ал Қытай тәрізді мемлекет үшін қолға алған бастамалары саяси сипаты қатар жүретін жоба болып табылады. Сол себептен де қабылдаушы елдердің Қытайға қатысты ұстанымдары мен аталмыш қабылдаушы мемлекеттер халқының көңіл-күйін ескеруге тура келмек. Осы бағытта Қытайдың сыртқы саясаты үшін бұрынғыдан да белсенді болуы керек.

Қытайлық жобаның қабылдаушы мемлекеттер үшін тиімсіз тұсы онсыз да тұралай бастаған экономикаларына қосымша ауыртпашылықтардың түсуінде болып отыр. Қытай бас болған жобаға қатысушы мемлекеттер қатарында экономикасы тұрақсыз дамушы мемлекеттердің дефолтқа кету ықтималдығы өсетіндігін зерттеу нәтижелері көрсетуде. «Белдеу және Жол» бастамасына белсенді қатысушы 68 мемлекет қатарынан 23 елдің несиелік рейтингі инвестициялық рейтингісінен төмен болып отыр. Ал Қырғызстан, Тәжікстан, Пәкістан, Монголия, Лаос, Джибути, Мальдивы және Черногория тәрізді мемлекеттердің экономикасы ең үлкен тәуекелділік жағдайында тұрғандығын көрсетуде [216]. Бұл мемлекеттер қытайлық несиелерді алған жағдайда 2018 жылдың соңына қарай мемлекеттік қарыздары ЖІӨ-нің жартысынан асып түспек. Егер аталмыш мемлекеттер Қытай бастаған жобаға қатысуы нәтижесінде экономикалары дефолтқа кеткен жағдайда, ол қытайлық бастаманың болашағына үлкен соққы болары сөзсіз.

Қытайлық инвестицияның ауыр салмағын көтере алмаған елдердің бірі Шри-Ланка. 2017 желтоқсанында Шри-Ланка өз мойнына алған міндеттемелерді жеңілдету үшін Хамбантота порты мен оған іргелес жатқан аумақты Қытайға 99 жылға пайдалануға берген еді. Аталмыш порт 2010 жыл қытайлық несиеге салынған болатын және бірден шығынға ұшырай бастады. Жобадан барлық дерлік халықаралық несиегерлер бас тартқан болатын.

Мұндай қиыншылықтарға душар болып отырған елдердің бірі Мальдив мемлекеті. 2012 жылға дейін бұл ел негізінен Үндістанның ықпалында болған болаты. 2013 жылы президенттік сайлауда Абдулла Ямин жеңіске жеткен соң елдің сыртқы саяси-экономикалық бағыты бірден өзгерген болатын. Мальдив мемлекеті Қытаймен үш бірдей ірі жобаға қол қойды. Атап айтқанда: елдегі халықаралық әуежайды қайта жөндеу (\$800 млн), әуежай маңына Қытай-Мальдив достық көпірін салу (\$224,2 млн) және халықаралық порт құрылысын салу. Оның құны ашық жарияланбады. Алайда кішкентай ғана мемлекеттің 60% ЖІӨ құрайтын сыртқы қарызы Қытайға тиесілі болып отыр [217]. Яғни ел экономикасының болашағы Қытайдың қолында деген сөз.

Қытайлық несиелердің ауыртпашылығын оның талаптарынан көруге де болады. Мысалы Азия даму банкі инфрақұрылымдық жобаларға несиелерді 0,5% -дан 1,5% -ға дейінгі аралықта беретін болса, қытайлық несиелердің мөлшерлемелері көбіне 2–3,5% аралығында болады. Өзге қаржы институттары несиелер берерден бұрын несиелер алушы мемлекеттерден қаржылық тәртіп пен барынша ашықтықты талап ететін болса, қытайлық несиелердің талаптары әрі төмен және көп жағдайда ережелері ашық жарияланбайды. Бұл жағдай несиелер алушы мемлекеттердің қоғамы тарапынан үнемі наразылық тудырып жататындығы сондықтан.

Қытайлық несиелерді алушы мемлекеттерді алаңдататын жайт, егер мемлекеттің қарыздарды қауіпсіздігі болмаса Қытай үкіметінің талабы қандай болмақ? Елдің егемендігіне қол сұғылмай ма деген сұрақтардың мазалайтыны анық.

Ресми Пекин ондай жағдайда қандай қадамдарға баратынын байқатып та үлгерді. Біріншіден, Қытай үкіметі қарыздар мемлекеттің өз міндеттемелерін орындай алмайтынына көзі жеткен жағдайда қарыздарын кешіре салуға бар. Мұндай жағдайлар Зимбабве, Мозамбик, Йемен сияқты мемлекеттермен болды.

Екіншіден, Қытай мемлекеттердің өзінің алдындағы қарыздарын өтей алмаған жағдайда ол міндеттемелерді қаржылай емес активтерге алмастыруды жөн көреді. Жарқын мысалы ретінде, жоғарыда аталған Шри-Ланка мәселесі. Шри-Ланка Қытай алдындағы \$3 млрд. қарызды \$1,1 млрд. төмендету үшін порт пен оған іргелес аумақтарды 99 жылға пайдалануға берген еді. Міне осы себепті де, көптеген сарапшылар «Белдеу және Жол» жобасын көбіне «қарызға батыру тұзағы» деп бағалайды.

Сонымен қатар, қытайлық мега жобаның өміршеңдігіне кедергі болар тағы бір мәселе Қытай билігінің жобаны жүзеге асыру әрекеттеріндегі саяси сипаттың басымдығы. Қытайлық бизнес өкілдерінің өз жобаларын өзге мемлекеттерге енгізу барысында жергілікті шенеуніктерді сатып алу, пара беру тәрізді жағымсыз әрекеттерге де барып жататыны жасырын емес [218]. Және Қытай «Белдеу және Жол» жобасы аясында жасалатын келісімдердің шарттарын ашық жариялаудан қашқақтайды. Қытай ондай талаптарды тек халықаралық қатынастарда саяси салмағы аз мемлекеттерден ғана емес, демократиялық билігі бар белді елдерге де қойып жатады. Мысалы, Австралия үкіметі «Белдеу және Жол» бастамасы аясында ҚХР-мен жасасқан өзара түсіністік туралы меморандумның мәтінін жариялаудан бас тартқан еді. Ақпараттың ашықтығы және қолжетімділігі туралы заңға сүйеніп, мәтінді жариялауды талап еткен жергілікті БАҚ-ны Австралия үкіметі меморандумның мәтінін ашық жариялауға Қытай тарапы келісімін бермегенін алға тартқан еді.

Бұл мәселемен Қазақстан қоғамы кездесіп отырғаны белгілі. Барлық ақпарат құралдарында Қытай мен Қазақстан арасында құны 26,2 млрд. АҚШ долларын құрайтын 51 бірлескен кәсіпорындар жұмыс жасайтын болды деген ақпараттарды еркін оқуға болатын болғанымен, аталмыш кәсіпорындарды құру туралы келісім-шарттардың толық мәтіні былай тұрсын, негізгі шарттары мен

ережелері туралы мәліметтерді кездестіру мүмкін емес. Бұл өз кезегінде қазақ қоғамында синофобияның деңгейін одан бетер өсіріп отыр.

«Белдеу және Жол» жобасының ойдағыдай орындалуына кедергі болар тағы бір мәселе кей жобалардың нақты мүмкіндіктерін толық, лайықты бағаланбауында. Қытайлық жобаның шын мәнінде адамзат тарихында бұрын соңды болмаған жаһандық жоба екені анық. Сонша ауқымды жобаның аз уақытта белсенді қолға алынуы көп жағдайда асығыстық тудырып жататыны белгілі. Оның үстіне жобада Қытай елінің сыртқы саяси мүддесі қатар жатқандықтан, кей жағдайда «саяси ұраншылдығы» басым болып кетіп жатады. Аса жоғары деңгейде қол жеткізілген келісімдер міндетті түрде орындалу керектігі талап етілетіні анық жайт. Осындай асығыстықпен жасалған, мүмкіндіктер мен ықтимал тәуекелдерін толық ескермеген жобалардың бірі құны \$5,9 млрд. Джакарта – Бандунг темір жол құрылысы. Басында Жапония аса қызығушылық танытқан жобаны жол ортада Қытай тартып әкеткен болатын. Алайда асығыстық танытқан Қытай тарапы келісімде көрсетілгендей темір жол құрылысын 2019 жылы аяқтай алмасы белгілі болып отыр. Оған себеп, темір жол өтетін территориялардың иелері мен жергілікті биліктің жобаның жүзеге асуына деген құлықсыздығы.

Осы тектес мәселелердің бірі жоғары жылдамдықты Будапешт-Белград күрежолының құрылысы. Венгрия премьері Виктор Орбан аталмыш жобаны достық пен өзара сенімділіктің нышаны ретінде еш тендерсіз Қытайға беруді ұсынған еді. Аталмыш жобаның құрылыс жұмыстарын қытайлық компания 2014 жылы бастауға тиіс болатын. Алайда Еурокомиссия Будапешті ЕО-тың тендер заңнамасы ережелерін бұзды деген ауыппен Венгрияны келісімді қайта қарауға мәжбүрлейді. Нәтижесінде құрылыс жұмысы 2017 жылы аяқталуға тиіс жоба енді тек 2023 жылы ғана жүзеге аспақ. Асығыстық пен ықтимал кедергілердің мүмкіндіктерін алдын-ала болжамау Қытайлық бастаманың ойдағыдай жүзеге асуына бөгет болып жататыны сондықтан.

Қытай жобаның белсенді жүзеге асуына кедергі болар тағы бір жайт, жергілікті халықтың «Белдеу және Жол» бастамасына қатысты жағымсыз көзқарасы. Ондай жағдайдың қалыптасуына Қытай тарапының өзі кінәлі екендігін атаған жөн. Әсіресе ҚХР-мен іргелес жатқан мемлекеттерде синофобияның деңгейі бұрыннан да жоғары екені белгілі. Қытай билігінің жоба аясында жасасып жатқан келісімдер туралы ашықтық саясатын ұстанбауы онсыз да жоғары деңгейлі синофобияны одан бетер үдетіп отыр. Қытай билігі жергілікті халықтың жағымсыз пікірін одан бетер ушықтармау үшін келісімдердің шартын жасырын ұстау дұрыс деп пайымдайтын тәрізді. Алайда бұл ұстаным өзінің кері әсерін беріп отырғанын байқамайды. Жергілікті халықтың нақты ақпараттан бейхабар болуы олардың ашу-ызасын одан бетер арттырып, өз елінің билігіне «сатқындар» ретінде қарауды, ал Қытайды «басқыншы» ретінде санауды ұлғайтып отыр.

Біздің пайымымызша, Қытай билігі жасалып жатқан келісім-шарттардың ашық жариялануына өздері мүдделі болу қажет. Бұл бағыттағы ашықтық қытайлық инвестиция мен несиелердің «ауыртпашылықтарына»

жауапкершілікті бірден қабылдаушы мемлекеттердің үкіметіне арқалатар еді. Келісімдерді ашық көрсетілген шарттармен қабылдаушы елдердің үкіметі келісу арқылы жергілікті халық алдында үлкен жауапкершілікті өз мойындарына алмақ. Бұл Қытайдың сыртқы инвестициялық саясатының одан әрі жетілуіне қолайлы жағдай жасар еді.

Қазақстан мен Қытай арасында «Белдеу және Жол» бастамасы, нақтырақ айтқанда, «Жібек Жолының экономикалық белдеуі» аясында көптеген келісімдерге қол жеткізілді. Аталмыш бастама аясында соңғы бес жылдың көлемінде бір қатар ірі инфрақұрылымдық жобалар жүзеге асты. Нақтырақ айтқанда: Ляньюньган порты; Қытаймен шекаралас жерде орналасқан Қорғас құрлықтық порты; Каспий теңізі жағалауында орналасқан Ақтау порты; жалпы ұзындығы 900 шақырымды құрайтын, Орталық Азия елдерін Иранның оңтүстігінде орналасқан Бандар-Аббас порты арқылы Парсы шығанағымен жалғайтын «Қазақстан-Түркіменстан-Иран» жаңа теміржол дәлізі; сондай-ақ «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық транзиттік жол дәлізі.

Қытайлық «Белдеу және Жол» бастамасы аясында жалпы құны \$26,2 млрд. астам 51 қазақ-қытай бірлескен жобалары жүзеге аспақ. 2015-2017 жылдар аралығында жалпы көлемі \$53,5 млн. құрайтын үш ірі Қазақстан мен Қытайдың бірлескен кәсіпорны іске қосылды.

Бірінші болып Павлодар облысында ұнтақ полипропилен өндірісі іске қосылды. Аталмыш зауыттың құны \$12 млн. Өндірістік қуаты жылына жетпіс мың тоннаны құрамақ. Дайындалған өнімнің негізгі тұтынушылары Ресей мен Қытай нарығы болмақ.

Іске қосылған екінші бірлескен жоба – \$22,5 млн. көлемінде инвестицияны құрап отырған JAC маркалы автокөліктерді құрастыру өнеркәсібі. Аталмыш зауыттың өнім өндіру қуаттылығы – жылына бір жарым мыңнан үш мыңға дейін автокөлік құрастыру. Бұл зауыттарда құрастырылған көліктер негізінен ТМД нарығына бейімделген болып отыр. ТМД елдерінің жол сапалары мен климаттық жағдайына бейімделіп жасалған көліктердің сұранысы жоғары болады деп күтілуде. Соңғы жылдары орын алған ұлттық валютлардың құнсыздануы салдарынан халықтың тұтыну деңгейінің төмендеуін ескерсек, өз елімізде де аталмыш көліктерге сұраныстың артары сөзсіз. Сұранысы жоғары Жапония және Оңтүстік Корея көліктерінің бағасы ТМД халықтары үшін аса қолжетімді болмауы, қытайлық автокөліктерге деген сұраныстарды арттырары анық. Осы жағдайларды ескере отырып, зауыттың басты инвесторы болып табылатын China National Vehicles Import and Export Corporation алдағы он жыл көлемінде еліміздің көлік өнеркәсібіне \$1 млрд. астам инвестиция құруды жоспарлап отыр.

Үшінші болып іске қосылған қазақ-қытай бірлескен кәсіпорындарының бірі – Солтүстік Қазақстандағы рапс майын шығаратын зауыт. Аталмыш зауытқа құйылған инвестиция көлемі \$19 млн. құрап отыр. Зауыттың өндірістік қуаты жылына 1 млн. тоннаны құрамақ. Өндірілген дайын өнімнің негізгі тұтынушысы ҚХР болмақ. XX ғасырдың соңына дейін тек техникалық салада пайдаланылып келген рапс майының соңғы уақыттары биоинженерия

жетістіктерінің арқасында тамақ өнеркәсібінде де кеңінен пайдаланыла бастауы, Қазақстанда өндірілетін өнімге деген сұраныстың болашақта арта түсеріне үміт басым. Болашақта аталмыш зауыт өнімдерінің нарығы тек Қытаймен шектелмей, басқа елдерге де экспорттау мүмкіндігі артады деп жоспарлануда.

Соңғы үш жыл көлемінде іске қосылып үлгерген аталмыш жобалар өзінің жағымды көрсеткіштерімен белгілі болып отыр. Аталмыш кәсіпорындар елімізде 400-ден астам жаңа жұмыс отырдарын ашқан болса, сол жұмысшылардың 399 Қазақстан Республикасының азаматы болып табылады. Мұндай нақты ақпараттардың көп болуы қазақ-қытай бірлескен жобалары туралы жергілікті халықтың шынайы көзқарастарының қалыптасуына оң әсер етпек.

Қазақстан Республикасы Инвестиция және даму министрлігінің мәліметі бойынша Қытай мен Қазақстан бірлесіп жүзеге асыруды көздеп отырған 51 жоба елімізде 20 мыңнан астам жаңа жұмыс орнын ашпақ. 2018 жылдың соңына дейін \$363 млн. инвестицияны құрайтын химия, тау-кен, металлургия және агроөнеркәсіп кешендері саласы бойынша алты бірдей жобаны іске қоспақ [219]. Аталмыш жобалардың қатарынан құрғақ шұбат пен құрғақ саумал шығаратын зауытты ерекше атауға болады. Нағыз қазақы өнімдерді өндіретін зауыт ұлттық брендтердің қалыптасып, нағыз қазақстандық өнімдердің жаңа нарықтарды игеруге мүмкіндігінің артатыны құптарлық жайт.

«Белдеу және Жол» бастамасы аясындағы қазақ-қытай қарым-қатынастары екі елдің экономикасына да тиімді жобалардың жүзеге асуына жағдай жасары анық. Қытай үшін негізінен экспортқа негізделген экономикасының одан әрі тұрақты дамуын қамтамасыз ету үшін жаңа нарықтар мен кедергісіз көлік дәліздерінің көбеюі маңызды болса, еліміз үшін инфрақұрылымдарды дамыта отырып, ел экономикасының шикізат емес салаларын жетілдіру маңызды екенін ескерсек, «Белдеу және Жол» бастамасы шеңберіндегі ынтымақтастықтың екі мемлекетке де берері мол болмақ. Сонымен қатар, Қытай билігінің алдында сан жылдар қарқынды дамыған экономикасының арқасында қордаланған қаржыларды инвестиция түрінде шетелдердің экономикаларына да құю міндеті тұрғандығын да атау керек. Осы жағдайларды есепке ала отырып, ел билігі қытайлық жобадан барынша тиімділік көру үшін бір қатар мәселелерді ескерген дұрыс.

Біріншіден, қазіргі таңда еліміздің экономикасында қалыптасып отырған қиын жағдайларға қарамастан, Қытай тарапымен келісімдер жасасу барысынша ұлттық мүддеге мейлінше басымдық беру қажет. Шри-Ланка, Мальдив елдерінің қателіктерін қайталамауға тырысқан абзал.

Екіншіден, Қытай тарабы «Белдеу және Жол» бастамасының уақыт созырмай неғұрлым қысқа мерзімдерде іске қосылар жобалар санының көп болуына мүдделі. Тың жобаларды жасап жатпай-ақ, өзге мемлекеттердің бұрыннан ойға алған жобаларын қытайлық бастамамен үндестіру тәжірибесі Қытай тарапынан жиі қолданылады. Оны ақпараттардағы «Белдеу және Жол» бастамасын өзге жобалармен «үндестіру» (对接 duijie) терминінің жиі пайдаланылуынан байқауға болады. Осы жағдайда еліміз үшін Қытаймен

бірлескен жобаларға қатысты келісім жасасу барысында асығыстыққа жол бермей, барынша Қазақстан үшін ұтымды болу бағытында жұмыс жасау;

Үшіншіден, Қытай тарапымен жасалған келісімдердің мазмұнын ашық жариялап, қолжетімді ету. Бұл шара қолға алынып отырған жобалар туралы халықтың нақты ақпарат алуына және оның басты шарттарымен толық таныс болуына жағдай жасамақ. Ол жергілікті халықтың қытайлық жобаларға деген нақты көзқарастары мен пікірлерінің қалыптасуына себеп болады. Өз кезегінде, қазақ қоғамында синофобияның нақты себептері айқындалып, жобаларды тиімді жүзеге асыруға деген қолайлы жағдай жасауға мүмкіндік берілмек.

3.2 Қытайлық жұмсақ күш саясатының екіжақты қарым-қатынастардың болашағына әсері

Халықаралық қатынастар мен саяси ғылымдардан хабары аз адамдарға «жұмсақ күш» термині түсініксіз болары анық. Қазақта «Күштің «арты» диірмен тартады» деген сөз бар. Жалпы күш түсінігі әрқашан үстемдік пен өктемдік, озбырлыққа жол бастар, үрей үйретін, әлсізді алдына жуытпас қатаң ұғым болып есептелді. Жаһандағы барлық елдің тілінде күш пен жұмсақтық бір-біріне кері ұғым болып келеді. Ағылшын тілінде күшті мемлекетті, яғни державаны *Powerful State* демей, тек *Power* деп ғана аталуы осыған дәлел. Алайда өткен ғасырдың 90-жылдарынан бастап саяси терминологияға «жұмсақ күш» ұғымы енді. Гарвард университетінің профессоры Джозеф Най өзінің 1990 жылы жарық көрген *Bound to Lead: The Changing Nature of American Power* атты еңбегінде «жұмсақ күш» терминін алғаш рет айналымға енгізді [220]. Осы тұстан бастан әлемнің барлық мемлекеттері өзінің ішкі-сыртқы саяси тұжырымдамаларын қалыптастырғанда аталмыш ұғымды басшылыққа алып келеді.

Қытай халқы үшін «жұмсақ күш» саясаты жаңа, тың ұғым емес. Әрқашан терең пәлсапасымен ерекшеленетін қытай халқы қара күшке қарағанда амал мен айланың артықшылығын ежелден білген. Қытайдың көне ойшылы Лао-цзы былай дейді: «Дүниеде судан өткен жұмсақ, нәзік зат жоқ. Алайда ол ең қатты заттың өзін тас-талқан ете алады» [221]. Қытайдың көнеден келе жатқан тұрақты сөз тіркестерінде де «қаттының басын жұмсақ алатыны» көп айтылған. Мысалы *以柔克剛 yǐ róu kè gāng* немесе *柔能制剛 róu néng zhì gāng*. Әскери айла-тәсілдің басты оқулығы іспетті Қытайдың 36 стратагемі де көне қытайлықтардың «жұмсақ күшті» қаншалықты жете түсінгенін дәлелдейді. Сұлу жан стратагемі (*美人计 měi rén jì*) деп аталатын 31-стратагемде әрқашан нәзіктік пен әлсіздіктің баламасы болып есептелетін әдеміліктің қалайша жеңіске жетелейтіні айтылған [222].

Бүгінгі таңда Қытай Халық Республикасы өзінің «жұмсақ күштерін» жетілдіруді мықтап қолға алып отыр. Геосаясаттан геэкономиканың маңызы артқан қазіргі заманда «қатаң күшке» қарағанда «жұмсақ күштің» анағұрлым тиімді екенін барлығы түсінеді. Мойнына қару асынған саудагермен ешкімнің саудаласқысы келмейтінін сатушы да, тұтынушы да түсініп болды. Соңғы екі онжылдықта қарқынды экономикалық дамуды көрсеткен Қытай әлем елдерімен

сауда-экономикалық қатынастарды одан әрі жетілдіре түсу үшін «жұмсақ күш» саясатын тиімді жүзеге асырып келеді. Қытайдың соңғы жылдары қытайлық «жұмсақ күш» мәселелеріне ерекше көңіл бөлуінің өзіндік себебі бар.

Қытайдың геосаяси стратегиясында «Үлкен Қытай» ұғымы бар. Оның мазмұны Қытай, Арал (Тайвань, Гонконг, Макао) және Қытай диаспорасы – 华侨 huá qiáo деген қытайлықтардың әлемге кең таралған (2010 жылғы мәлімет бойынша шамамен 55 млн.) этникалық қауымдастығын қамтиды. Қытай үкіметі оларға қатысты «Елге баурау» саясатын ұстанады. Соның нәтижесінде Қытайға шетелдік тікелей инвестициялардың көптеп тартылуына, жаңа технологиялардың Қытайға енуіне, шетелде кәсіпорындар ашуға, компаниялар құруға және олардың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға қолайлы жағдай жасалды. Қытайдың қарқынды дамуының нәтижесінде, әсіресе Қытайдың әскери қаражатының жыл сайын артуына байланысты әлемде «Қытай қаупі» елесі одан бетер үдей түсті. Әлемді жайлаған «Қытай қаупін» сейілтудің ең тиімді тәсілі қытайлық «жұмсақ күш» екенін Қытай билігінің «төртінші буыны» жақсы түсінді. 2006 жылы қарашада елдің әдебиет және өнер қайраткерлерімен кездесуінде ҚХР Төрағасы Ху Цзиньтао өзінің «жұмсақ күшке» қатысты ұстанымын анық білдірді. Ху Цзиньтао «мемлекеттің жұмсақ күшін жетілдіруде басты құралдардың бірі мәдениет» екенін алға тарта отырып, Қытай мәдениетінің халықаралық деңгейде бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін елдің мәдениет қайраткерлерінің алдында ұлттық мәдениетке жаңа серпін беретін, Қытай мәдениетінің тартымдылығын арттыратын жаңа жолдар іздеу мәселесі тұрғандығын» қадап айтты.

Ху Цзиньтао қытайлық «жұмсақ күшті» дамытудың негізгі төрт бағытын айқындап берді:

- 1) социализмнің негізгі құндылықтар жүйесін құра отырып социалистік идеология күшін жетілдіру;
- 2) өркениеттік салт-дәстүрлермен біте-қайнасқан үйлесімді мәдениет қалыптастыру;
- 3) қытай ұлтының жалпы рухани ошағын құру;
- 4) мәдени инновацияларды жетілдіру.

«Жұмсақ күшті» пайдалануда Қытай өзінің сыртқы саясатында үлкен табыстарға жетті. «Жылы шырай дипломатия» (微笑外交 wēixiào wàijiāo), «Жариялық дипломатия» (公共外交 gōnggòng wàijiāo), «Татукөршілік дипломатия» (睦邻外交 mùlín wàijiāo) сияқты жаңа саяси бастамалардың арқасында Қытай интеграциялық үдерістерге қосылып ғана қоймай, аймақтық көшбасшыға айналып отыр [40].

Соңғы жылдары ҚХР сыртқы экономикалық қызметінде «жұмсақ күш» тұжырымдамасы ерекше орынға ие болып отыр. Ұзақ уақыт бойы тұрақты қарқынды экономикалық даму нәтижесінде қордаланған кең көлемді қаржыларды Қытай бүгінде дамушы елдерге инвестиция ретінде құюда. Қытай бизнесі Батыс елдеріне қарағанда кез келген мемлекетте жұмыс жасауға икемді екендігін көрсетіп келеді. Батыс елдерінен келетін несиелер өзімен бірге әр түрлі саяси-идеологиялық талаптарын ала келсе, Қытай капиталы тек

инвестиция түрінде ғана келуде. Сонымен қатар, Қытай бизнесі жемқорлық жаулаған экономикалық ортада да өзін судағы балықтай сезінетінін байқап жатамыз. Қазақстанда Қытай бизнесмендерінің мемлекеттік қызметкерлерге пара беру барысында қолға түсіп, қылмыстық жазаға тартылғандары бәрімізге белгілі. Батыс елдері бизнес өкілдерінің мұндай келеңсіз жағдайларға ұрынып жатқандарын естімейміз.

Қытайдың сыртқы экономикалық «жұмсақ күшінің» олқы тұсы Қытайдың әлі де болса «әлемдік шеберхана» деңгейінде қалып келе жатуы. Күні бүгінге дейін Қытай шетелдік білімді, технологияны, мәдени өнімдерді «импорттап» келді. Өздерінің білімдері, технологиялар мен мәдени өнімдері сыртқы «экспортталуы» былай тұрсын, оның өздері де шетелдік «жұмсақ күштердің» ықпалында қалып отыр. Қарапайым ғана бір мысал, бар әлем сүйіп көретін Джеки Чанның кино туындылары негізінен Голливуд арқылы әлемдік экрандарға жол табады. Karate Kidінде Джейден Смиттің орнында қытай баласы ойнағанда, оқиға желісі тек Қытай қоғамынан алынғанда кинотаспа осынша үлкен табысқа жете алар ма еді?! Сондықтан да, Қытай саясатының күн тәртібінде қытайлық құндылықтарды әмбебап ете отырып, оның тартымдылығын арттыру мәселесі өзекті болып қалуда.

Бүгінгі геосаяси жағдайларға байланысты орын алып отырған әлемдік экономикалық дағдарыс Қытайға өзінің сыртқы экономикалық «жұмсақ күшін» тиімді пайдалануға мүмкіндік беріп отыр. Қытайдың кейбір өндірушілік күштерін Орталық және Оңтүстік Азия елдеріне көшіру туралы әңгімелерге қарамастан, қытайлық тауарлар әлі де болса баға жағынан бәсекелестікке аса қабілетті. Made in China таңбасы бар тауарларды сапасыздық белгісі ретінде қабылдайтын тұтынушылар қатары азайып келеді. Әсіресе Қазақстан қоғамын Қытай тауарларының бәрі сапасыз деген түсінік әбден жаулап алған. Бұл құбылысқа кінәлі қытайлықтар емес, өзіміздің қытайдан тауар таситын саудагерлер. Тәуелсіздік алған жылдардан бастап халықтың басым бөлігі күн көру қамымен Қытайдан «ала дорба» арқалағаны аян. Аз ақшамен барған саудагерлердің арзан, сапасыз зат алып қайтатыны заңдылық. Балталасаң да оңай бүліне қоймайтын кеңестік тұрпайы, берік заттарына үйренген халықтың сапасыз, арзан қытайлық тауарлардан көңілі тез қалды. Сонау өткен ғасырдың 90-жылдарында қалыптасқан осы түсінік бүгінде талай бизнес көздеріне тұсау болып келеді. Соған қарамастан қытайлық брендтер біртіндеп нарығымызды жаулап алуда. Қазірде қытайлық ауыр, арнайы техникалар елімізде үлкен сұранысқа ие болып отыр. Соңғы уақыттары ұлттық валютамыздың құнсыздануы әсерінен Қытайлық төл өнімдерге елімізде сұраныстың артқандығы байқалады. Қала көшелерінде Lifan, Geely, Faw сияқты қытайлық жеңіл көліктерімен қатар, жастардың қолында Lenovo, Huawei, Xiaomi, Meizu сияқты смартфондардың көбейгенін көруге болады.

2016 жылдың 5 ақпан күні үкімет отырысында вице-премьер Дариға Назарбаева: «Жақын болашақта біздің бәрімізге қытай тілін үйренуге тура келеді» деген болжамын айтты [223].

Трилингвизмді былай қойып, енді квадрилингвизм мәселесі жайлы сөз қозғай бастауымыздың да себебі бар. Қазақ тілі мен орыс тілінің мәртебесі конституцияда көрсетілген болса, ағылшын тілі – дүниежүзі халықтарының ортақ құндылығына айналып үлгерген тіл. Ал ортақ шекарамыз бар, саяси-экономикалық және қауіпсіздік салаларында мүдделеріміз тоғысқан алып көршіміз Қытайдың тілін білу ертеңгі күн тәртібінің өзекті сұрағына айналары сөзсіз.

Бүгінгі күннің өзінде Қазақстанда қытай тілін үйренем деушілердің қатары күн санап артуда. Сәйкесінше елімізде қытай тілін үйрететін білім ордаларының саны да көбейіп келеді. Осыдан бар болғаны 10 жылдай бұрын елімізде қытай тілі тек жоғары оқу орындарында ғана оқытылып келсе, оның ішінде тек бір-екі ғана университетте, ал қазіргі таңда қытай тілі мектеп қабырғасынан бастап үйретіліп жатыр. Сонымен қатар, әр түрлі тілдер орталықтарында, кешкі мектептерде қытай тілі кеңінен оқытылуда. Елімізде қытай тілін үйренуге деген ұмтылыстың мұнша кеңеюінің себептерін былайша қарастыруға болады:

- Қытай Халық Республикасы мен Қазақстан Республикасы арасындағы өзара аса тығыз қарым-қатынастары. Көп салалы қарым-қатынастардың тереңдей түсуі қытай тілін білетін мамандардың қажеттілігін арттырып отыр;
- Қытайдың қарыштап дамуы, экономикалық жетістіктері, Қытай Халық Республикасының жаһандық деңгейдегі алып державаға айнала бастауы Қытайды ішінен тереңірек танып-білем деушілердің санын көбейтуде;
- Қытай әрқашан жабық әлем болып келді. Сан ғасырлаған оқшаулану саясаты Қытайды басқа әлемнен алшақтатып ғана қойған жоқ, сонымен қатар Қытайдың «жабық есік» артындағы құпия әлемге айналуы өзгелердің қызығушылығын одан әрі арттыра түсті. Дэн Сяопиннің «ашықтық саясатынан» кейін барша әлемге есігін айқара ашқан Қытайды оқып-білуге ұмтылғандардың саны күн санап арта түсуінің өзі Қытай мемлекетінің әлі де құпиясы көп, тартымды өркениетке ие болғаны себеп болса керек;
- Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алғаннан бері біздің елдің кәсіпкерлерінің негізгі жасаған бизнестері Қытайдан тауар тасып, алып-сатарлықпен айналысу болды. Өзімізде дайын өнім өндіру өте төмен деңгейде, тіпті мүлде жоқтың қасы болғандықтан әлі күнге шейін өз кәсіптерін Қытайдан дайын тауар тасымалдаумен байланыстыратындардың саны өте көп. Соңғы жылдардағы статистикалық мәліметтерге қарар болсақ, қазақстандық кәсіпкерліктің болашақта да осындай ұстанымда қала беретіндігі көрінеді. Бұл өз кезегінде елімізде қытай тілін үйренуге деген сұранысты одан әрі арттыра бермек;
- Тәуелсіздік алған жылдан бері Елбасының жеке бастамасымен дарынды жастардың шетелдерде білім алуына жағдай жасап, оны кеңінен қолдауы қазақстандық жас білім алушылардың шетелдік білімге деген

құштарлығын арттыра түсуде. Қазірде «Болашақ» бағдарламасынан тыс сан түрлі білім бағдарламалары елімізде жұмыс жасауда. Олардың қатарында шетелдік білім бағдарламалары да көптеп кездеседі. Қарапайым халық арасындағы түсінік бойынша, шетелдік білім әрқашан отандық білімнен сапалы. Бұл түсінік өз кезегінде шетелдік білімді алуға ұмтылушылардың санын арттырып отыр. Қытайда білім алу өзге мемлекеттермен салыстырғанда, әсіресе озық деп есептелетін еуропалық мемлекеттердегі білім құнымен салыстырғанда анағұрлым арзан. Тек білім құны ғана емес, Қытайда өмір сүруге қажетті шығындар да төмен. Сол себептен де, Қытайға барып, ақылы әрі арзан білім алғысы келетіндер санынан елімізде қытай тілін үйренуге ұмтылушылардың қатары көбеюде;

- Сонымен қатар, соңғы онжылдықта Қытай Халық Республикасы қытай тілін әлемдік тілдер қатарына қосу шараларын мықтап қолға алып отыр. Қытай тілі БҰҰ-ның ресми тілдері қатарына енгенімен, қолданыс аясы бойынша БҰҰ-ның өзге ресми тілдері деңгейіне жете бермейді. Қытай Халық Республикасының басты мақсаттарының бірі қытай тілін әлемдік деңгейге жеткізе алмаса да аймақтық, өңірлік деңгейде бизнес тіліне айналдыру. Осы мақсатта ҚХР-ның үкіметі Қытайға келіп білім алушыларды ынталандыру мақсатында шетелдік жастар мен ғалымдарға арналған мемлекеттік білім грантарының санын жыл сайын көбейтіп отыр. Мысалы, ҚХР Білім министрлігіне қарасты Ұлттық шәкіртақы басқару комитетінің мәліметтері бойынша шетелден Қытайға келіп оқитын ізденушілерге арнап ҚХР үкіметінің бөлген білім гранттарының саны 70 000 орын. Осы орынның 54% Азия мемлекеттерінің еншісіне тиіп отыр [224].

Қытай Халық Республикасының қытай тілін шетелдерде насихаттау мақсатында құрылған білім беру құрылымдарының бірі Конфуцзы институттары. ҚХР Білім министрлігіне тікелей бағынатын Hanban (Конфуцзы институттарының бас штаб-пәтерлері) қазірде әлемнің 108 елінде жұмыс жасайды. Аталмыш елдердегі Конфуцзы институттарының саны 400, ал орта және бастауыш мектептер қабырғасында жұмыс істейтін Конфуцзы сыныптарының саны 500-дан асып жығылады. Аталмыш білім орындарында білім алушылардың саны 1 миллионға жетіп жығылады [225]. Қазіргі таңда Қазақстан Республикасында төрт Конфуцзы институттары жұмыс жасайды. Олар Алматы, Астана, Қарағанды және Ақтөбе қалаларында орналасқан. Сонымен қатар Қазақстанның көптеген жоғары оқу орындарында қытай тілі шет тілі ретінде жүргізіліп келеді. Қытай тілін халықаралық қатынастар, шығыстану, аймақтану, аударма ісі мамандықтарынан басқа қаржы, туризм, құқық мамандықтарының студенттері үйрену үстінде. Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде қытай тілі мамандықтары бар. Осының бәрі еліміздегі қытай тілін үйренуге деген қызығушылықтың нәтижесінде қалыптасып отырған жағдай. Бұл үдеріс бұдан әрі де жалғаса береріне еш күмән жоқ.

Жоғарыда аталып өткендей, Қазақстанда қытай тілін үйренушілер тілді негізінен белгілі бір мақсатта үйренеді. Көбісі сауда-саттық, саяхат, шағын бизнес деңгейінде екіжақты қатынастар орнату, өз бизнестеріне қатысты қарапайым ақпараттар іздеу тәрізді мақсаттармен қытай тілін үйренуді қолға алады. Тіпті академиялық деңгейде тіл үйренушілердің мақсаттары да осы деңгейлес болып келеді. Сондықтан мұндай мақсатпен тілді үйренуге келгендерге сұраныстарына сай білім беру тіл үйретуші мамандардың алдында тұрар үлкен міндет.

Қытай Халық Республикасының Қазақстанға қатысты «жұмсақ күшінің» бір құралы Қытайдағы қазақ диаспорасы. Тарихтың қилы кезеңдерінде Қытай жерінде қалып қойған қазақтардың саны бүгінде 1,5 млн. адам шамасында. ШҰАА-да қоныстанған қазақтар Қытайдың ұлттық азшылдықтарды қытайландыру саясатынан тыс қалып отырған жоқ. Ресми Пекиннің ежелден «бас ауруы» болып келген этникалық сепаратизм мәселесін түбегейлі жоюдың ең тура жолы этникалық аймақтарды жаппай қытайландыру екені анық. Цзян Цзэминнің «Үш ажырамасы» (三个离不开 sān gè lì bù kāi) мен Ху Цзиньтаодың «Үйлесімді қоғамының» (和谐社会 Héxié shèhuì) астарында ҚХР-ның барлық халықтарын Ұлыбiртұтастыққа, яғни жаппай қытайлануға бастау жатқандығы жасырын емес. Ұлттық азшылдық өкiлдерiне бiлiм алуға мемлекет тарапынан жасалған көмектердi ынталы пайдаланып жатқан қазақ, ұйғыр жастары жастайынан қытайша бiлiм алып, бiртiндеп «қытайланып» бара жатқанын аға буындар қынжылыспен айтып жүр.

Алайда қытайша бiлiм алған қытайлық қазақтар Қазақстанның Қытай елiмен ынтымақтастығына оң ықпалын тигiзiп, ҚХР-ның Қазақстанға қатысты «жұмсақ күшiнiң» тиiмдi жүруiне әсер етуде. Елiмiздiң бiлiм-ғылым ордаларында Қытайдан елiмiзге қоныс аударған көптеген қандастарымыз қызмет етiп жүр. Олар қазақстандық қытайтану саласына үлес қосып ғана қоймай, қазақстандық жастардың қытай тiлiн меңгеруiне айрықша ықпал етуде, қытайда жиған бiлiмдерiн елiмiздiң бiлiм саласына аямай құюда. Бұл Қазақстан үшін де, Қытай үшін де үлкен табыс.

Сонымен қатар, Қытайдан елiмiзге оралған қандастарымыз екі ел арасындағы экономикалық байланыстардың жетiлуiне де айтарлықтай үлестерiн қосуда. Олар жеке кәсiппен айналысып ғана қоймай, қазақстандық iрi компанияларда қызмет етiп жүр. Қытайдың тiлiн, елiн, жерiн, халқының дiлiн, экономикасын жақсы бiлетiн қандастарымыз елiмiздiң бизнес саласына таптырмас дайын мамандар.

3.3 Қазақ-қытай қатынастарындағы түйткiлдi мәселелер

Мемлекеттер арасындағы трансшекаралық өзен суларын ортақ тиiмдi пайдалану мәселесi халықаралық қатынастардағы маңызды сұрақтардың бiрi болып табылатыны анық. Ортақ суды бөлiсу мәселесi iшкi сулары тапшы болып табылатын елiмiз үшін аса өзектi мәселелердiң қатарында. Қазақстанның өзен суларын ортақ бөлiсiп отырған мемлекеттердiң қатарында ҚХР да бар. Екi мемлекет арасындағы трансшекаралық өзендерге қатысты келiссөздер

басталғанына жиырма жылдан астам уақыт өтсе де, әлі күнге дейін өз шешімін толық таппай келеді. Соған қарамаста, экономикалық мәні зор мәселе екі елдің ынтымақтастығы мен көп салалы қарым-қатынастарына нұқсан келтіріп отырған жоқ. Оны қазақстандық жас дипломатияның үлкен жемістерінің бірі ретінде қарау керек.

Трансшекаралық өзен суларын бірлесіп пайдалану мен оны қорғауға қатысты ҚХР мен Қазақстан оның стратегиялық мәні зор мәселе кенін терең түсініп, аталмыш сұраққа қатысты ортақ ұстаным табуға ұмтылып келеді. Алайда, әлі де болса толық шешімін таппауының себебі, трансшекаралық өзендердің экономикалық әлеуетінің зорлығынан деп бағалау керек. Қазақстан мен Қытай ортақ пайдаланатын өзендердің негізгі бастау алар тұстары ҚХР болғандықтан, келіссөздер барысында негізгі басымдық Қытай тарапында болары анық. Соңғы жылдары Қытай билігінің «Батысты игеру» саясатының белсенуіне байланысты трансшекаралық өзендердің стратегиялық маңызы арта түсіп отыр. Қытайдың батыс өңірін жетілдіруде өнеркәсіп саласында өзен суларының мүмкіндігін мейілінше пайдалану Қытайдың көздеп отырған басты мақсаты екені жасырын емес. Сол себептен де, Қытайдың Қазақстанмен трансшекаралық өзендерге қатысты келіссөздерге нүкте қоюға асықпайды.

Қазақстан мен Қытай арасындағы стратегиялық маңызы зор өзендер негізінен Ертіс пен Іле өзендері. Бұған дейін екі еле арасындағы маңызы зор өзендер қатарында Еміл өзені де бар-тұғын. Алайда экономикалық өсімі қарқын алған Қытай елі осыдан отыз жылдай бұрын Еміл өзенінің суын толығымен елдің ішкі өңіріне бұрып алған еді. Кеңес Одағы тұсында Қытаймен жасасқан шекара мәселелеріне қатысты келісімдерде трансшекаралық өзендер мәселесі толық айқындалмаған еді. Сол себептен де, Еміл өзенің суын Қытай өз қалауынша пайдалану мүмкіндігін мүлт жібермеді. Ал тәуелсіздігін жаңа алған Қазақстан үшін аталмыш мәселені бірден шешіп алуға жас дипломатиямыздың қауқары жеткіліксіз болғанын мойындау керек. Ендігі мақсат осы қателіктерді қайталамай, Ертіс пен Іле өзендерінің тағдырын белсенді қорғау.

Қытай елі Ертіс пен Іле өзендеріне қатысты өздерінің ірі жобалары бар екенін ашық айтып, оларды жүзеге асыруға кірісіп те жатыр. Әрине, ол жағдай елімізд алаңдатпай қоймайды. Ертіс өзені еліміздің шығыс өңірі үшін тіршіліктің күретамыры есепті. ҚХР Алтай өңірінің оңтүстік-батыс беткейінен бастау алатын Ертіс өзені еліміздің энергетика саласы үшін стратегиялық маңызы зор болып табылады. Ертіс өзенінің бойында Бұқтырма СЭС, Өскемен СЭС, Шүлбі СЭС сумен қамтамасыз ететін 3 бірдей ірі жасанды су қоймалары орналасқан. Сонымен қатар, Ертіс өзені еліміздің Өскемен, Семей, Павлодар сияқты өнеркәсібі дамыған аймақтарын басып өтеді. Өзенді жағалай қонған халық саны 2,5 миллионнан астам.

Алайда Қытай еліміз үшін тіршілік тынысы есепті аса маңызды өзен болып табылатын Ертіске қатысты өздерінің жобаларын нақты жүзеге асыру жұмыстарын үздіксіз жүргізуде. Мысалы үшін, Қара Ертістің бір саласын ШҰАА орталығындағы шөлейт аумақтарды жандандыру үшін бұру шешімі 1997 жылы шығарылған еді. Осынау ШҰАА өкіметінің Қара Ертіс суын

аймақтың ішкі өңіріне қарау бұру туралы «№635 жобасы» еліміздің экологтары мен ауылшаруашылық және өнеркәсіп саласындағы мамандарды бірден алаңдатқан болатын. Артынша аталмыш мәселе еліміздің парламенті деңгейінде көтеріліп, екі мемлекет арасындағы трансшекаралық өзендерге қатысты келіссөздердің басталуына себеп болды. 1999 жылдың сәуір айында Елбасы Н.Ә.Назарбаев сол кездегі ҚХР Төрағасы Цзян Цземиньге жеке жолдау жіберіп, трансшекаралық өзендердің, әсіресе Қара Ертіс мәселесіне қатысты екіжақты келіссөздерді бастауды ұсынды [226]. Қазақстан тарабының ұсыныстарына қарамастан, Қытай Қара Ертіс суларын игеруге қатыс жобаларын үздіксіз жүргізіп келеді.

ШҰАА үкіметі осы уақытқа дейін бірқатар жаңа су құрылыстарын салып үлгерді. Нақтырақ айтқанда, Үрімжі қаласы мен Қарамайлы қаласының су мәселесін шешу үшін Қара Ертістен Жоңғар ойпаты арқылы Қарамайлы қаласына дейіг жасанды су арнасы қазылып, іске қосылды (Сурет 2).

Сурет 2 – ҚХР-ның Ертіс және Іле өзендеріндегі жасанды су арналары көрінісі



Сонымен қатар, Қара Ертіске келіп қосылатын Буыршын өзенінен Үрімжі қаласына дейін ірі су арнасы салынууда. Ол су арнасының бойында ауылшаруашылығын дамытып, шөлейт жерлерді көгалдандыруды көзделуде. Бұл мақсатта су тұтыну көлемі айтарлықтай жоғары болатындығын ескерсек, елімізге ағып келетін Ертіс суының азаяры сөзсіз. Егер бұл жағдай реттелмей одан әрі жалғаса беретін болса, Ертіс өзені елімізде ұсақ өзендер қатарына қосылатындығын мамандар дәлелдап отыр [227].

Қытай мен Қазақстанға ортақ өзендердің бірі Іленің де жағдайы көңіл көншітпейді. Іле өзені өз бастауын Қазақстанда алғанымен суының көп көлемі Қытай аумағы арқылы ағып өтеді. Сол себептен де Қытайдың суды қалай пайдалану құқығы өздеріне тиесілі деп те есептейтіні сондықтан. Қытай қазірде Іленің Тоғызтарау ауданы мен Текес ауданының тоғысқан тұсында су арнасын салуда. Ондағы мақсаты, біріншіден, Іле өңірінен 120 мың гектар тың жер игеріп, оны Шыңжаң биязы жүнді қой өсіретін және ет пен сүтті бірдей беретін сиыр өсіретін базаға айналдыру; екіншіден, Іле өзенінің негізгі қайнар көзінің бір саласы болған Көксу өзенін Тянь-Шань тауының арғы жағына тесіп өткізіп, онда суалып бара жатқан Әйбиху көлінің экологиялық мәселесін шешуге пайдалану. Демек, Қытайдың Батыс аймақты игеру немесе Шыңжаңды қауырт игеруде трансшекаралық Қара Ертіс пен Іле өзендерінен жаңа каналдар мен су қоймаларын салуы, қалай да ол өзендерден Қазақстан Республикасы аумағына келетін су мөлшерін азайтатындығы сөзсіз [228, 124 б.].

Трансшекаралық өзендер мәселесін реттеуге қатысты бірінші болып ұсыныс тастаған Қазақстан тарапы болған болатын. Ең алғаш рет Елбасының ұсынысы бойынша 1999 жылы мамыр айында келіссөздер басталды. Содан бері келіссөздердің көп кезеңі өткенімен, мәселе әлі күнге дейін толық реттелмей отыр. Нақтырақ айтсақ, екі мемлекет арасындағы аталмыш мәселеге қатысты келесідей келісімдер жасалған еді:

- Қазақстан мен Қытай 2001 жылдың 12 қыркүйегінде Астана қаласында «Трансшекаралық өзендерді қорғау және пайдалану саласында ынтымақтастық туралы келісімге» қол қойылды. Алайда бұл келісімде ешқандай міндеттемелер көрсетілмеген болатын. Десе де, бұл жас қазақ дипломатиясының бағындырған бір белесі ретінде қараған жөн. Аталмыш келісім нәтижесінде трансшекаралық өзендер мәселесі бойынша бірлескен комиссия құрылды. Бұл екі ел арасында күрмеулі мәселені шешудегі ең алғашқы нақты қадам болып есептеледі;
- 2005 жылдың 4 шілдесіне екі ел арасында министрлік деңгейінде, яғни Қазақстан Республикасы Ауылшаруашылығы министрлігі мен Қытай Халық Республикасы Су шаруашылығы министрлігінің арасында «Трансшекаралық өзендерде табиғи апаттар кезінде шұғыл әрекет ету туралы келісім» жасалады. Аталмыш құжаттың маңыздылығы екі ел арасындағы ортақ мәселеге қатысты бірлесіп әрекет ету жайлы өзара түсіністікке қол жеткізгендігінің дәлелі еді;
- Келесі айтулы құжат 2006 жылы 20 желтоқсанда Бейжіңде жасалған еді. Бұған дейінгі екі келісім де Астанада жасалғандығын ескерсек, келесі келісімнің Қытай астанасында жасалуы трансшекаралық өзендер бойынша мәселелерге Қытай тарапының да айрықша көңіл бөле бастағандығын көрсетсе керек. Бейжің қаласында министрлік деңгейінде, Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігі мен Қытай Халық Республикасы Су шаруашылығы министрлігінің арасында «Негізгі трансшекаралық өзендердегі гидропосттарда өзеннің гидрологиялық, гидрохимиялық

жағдайларымен өзара алмасып отыру туралы келісім» жасалған еді. Осы келісіммен қатар, трансшекаралық өзендерге қатысты мәселелер бойынша «Ғылыми-зерттеу ынтымақтастығын дамыту туралы келісім» де жасалған болатын;

- 2010 жылдың 13 қарашасында Қазақстан Республикасы үкіметі мен Қытай Халық Республикасы үкіметі арасында «Қорғас өзенінде «Достық» бірлескен су торабын салуда ынтымақтасу туралы келісімге» қол қойылды. Аталмыш құжат 2014 жылы мамырда өз күшіне енген болатын. Келісімде екі тарап құрылысты тең қаржыландыратындығы және су торабы екі елдің ортақ мүлкі екендігі жазылған. Аталмыш келісімде су торабы екі мемлекеттің шекарасын өзгертпейтіндігі және өзеннің арнасын бұрмайтындығы, сондай-ақ құрылыс жұмыстары екі елдің заң нормаларын қатаң сақтау арқылы жүзеге асырылатындығы көрсетілген еді;
- 2011 жылы 22 ақпанында екі мемлекет арасында «Трансшекаралық өзен суларының сапасын қорғау туралы келісім» жасалды. Ал 2011 жылы 13 маусымда «Қоршаған ортаны қорғау бойынша ынтымақтастық туралы келісімге» қол қойылды. Бұл құжаттар екі ел арасындағы ортақ мәселені реттеу жолындағы аса маңызды болып табылатын қадамдар;
- 2013 жылы 7 қыркүйекте Астана қаласында ҚР үкіметі мен ҚХР үкіметі арасында «Қорғас өзенінде «Достық» бірлескен су торабын басқару және пайдалану туралы келісімге қол қойылды [229].

Аталмыш құжаттар екі ел арасындағы трансшекаралық өзендер мәселесін шешуде үлкен жетістік екеніне қарамастан, мәселені түбегейлі шешпегендігін атау керек. Екі ел арасындағы трансшекаралық өзендер суын бөлісуге қатысты нақты ережелерді бекіткен келісім болмайынша мәселе толығымен реттелді деп есептеу қиын. Соңғы кездегі екі ел арасындағы «Белдеу және Жол» бастамасы аясындағы терең түсіністік пен ынтымақтастық арқасында трансшекаралық өзендер мәселесін түбегейлі реттеуге қатысты ілгерілеушіліктің барлығы куантады. 2015 жылдың мамырынан бастап екі мемлекет арасында «Трансшекаралық өзендер суын бөлісу туралы келісімнің» жобасын дайындау бойынша кеңес жұмыстары басталған болатын.

Енді еліміздің дипломатиясы алдында тұрған басты міндет аталмыш мәселеге қатыс кеңес жұмыстарын табысты өткізіп, Қытай тарапын ынтымақтастыққа тарту шараларын пысықтау болып отыр. Қытай басшылығын трансшекаралық өзендерді пайдалану барысында жаһандық экологиялық мәселелерді шешуге қатысты өзіне алған міндеттемелерді ескере отырып, екі елге ортақ суды бірлесе басқармаса ірі экологиялық апаттың боларына көзін жеткізу міндет. Қытай билігін елдің батыс аймағын дамыту үшін көзшілес елдің экологиялық жағдайын қиындыққа душар ету орнына, ауыл және мал шаруашылығы саласындағы екіжақты ынтымақтастықты одан әрі тереңдету тиімді екенін түсіндіру еліміз тарапынан келіссөзге қатысушыларының басты мақсаты болу абзал.

Қытай-қазақ қарым-қатынастарындағы түйткілді мәселелер қатарына екі ел арасындағы көші-қон мәселесін де жатқызуға болады. Бұрын қазақстандық зерттеушілерді қытайлық заңсыз миграциясы ерекше алаңдататын болса, соңғы уақыттары орын алып жатқан қытайдағы қазақтар мәселесі сұраққа жаңа қырынан қарауға мәжбүрлеп отыр. Қазақ қоғамында айрықша алаңдаушылық тудырып отырған Қытайдағы қазақтардың тағдыры екі ел арасындағы екіжақты қатынастардың бұзылуына алып келмесе де, көптеген талқылаулар мен келіссөздерге арқау болатын тақырыпқа айналмақ.

Қытай мен Қазақстан арасындағы көші-қон мәселесінде Қытайда өмір сүріп жатқан қандастарымыздың тарихи отандарына оралу барысы әрқашан еліміздің сыртқы саясатындағы басым сұрақтардың бірі болғаны анық. Аталмыш мәселені қарастырмастан бұрын, жалпы қазақстандық миграция мәселесіне аз-кем тоқталып өткен жөн болар.

Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алған жылдардан бері миграция мәселесі елдің ішкі-сыртқы саясатының басым бағыттарының бірі болып келеді. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары миграциялық ағымдар ретсіз әрі стихиялық сипат алған болса, соңғы жылдары аталмыш мәселе біршама реттеліп отыр. Басқару институттары құрылып, заңнамалық негіздер жетілдірілді. Арнайы бағдарламалар жасалып, миграциялық ағымдарды басқару тетіктері іске қосылып отыр. Ретсіз миграцияның ұлттық қауіпсіздікке төнер аса қауіпті құбылыс екенін ескере отырып, Қазақстан үкіметі миграциялық мәселелерді ерекше назарға алуда.

1990 жылдардағы Қазақстандық миграциялық мәселелердің әлемнің өзге аймақтарындағы миграциялық мәселелерден біршама өзгеше болғандығын атау керек. Әлемнің басқа аймақтарындағы миграциялық ағымдардың басты себептері ретінде экономикалық, саяси факторлар аталатын болса, Қазақстандық миграцияның тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы басты себебі тарихи мекендеріне оралу (returning to historical homeland) болды. Бұл тек шетелдердегі қазақ диаспорасының Қазақстанға оралуының басты себебі емес, Қазақстаннан кеткен эмигранттарға да себеп болған жағдай. Жетпіс жылдан астам өмір сүрген Кеңес Одағы көптеген халықтың тағдырымен ойнаған зұлым мемлекет болғаны анық. Тек өз елінің азаматтарының тағдырымен ойнап ғана қоймай, социалистік лагерь құрамындағы мемлекеттер азаматтарының өміріне тікелей араласып келді. Бір қаланы екіге бөлген Берлин қабырғасы [230] КСРО-ның сорақы саясатының символы болып тарихта қалары анық. Сонымен қатар бүгінгі күнгі қазақстандық эмиграцияға себеп болып отырған тарихи жағдай ретінде тың игеру науқанын да атау керек. Қазақстанның тың жерлерін игеруге қатысты кеңестік аграрлық саясатты жүзеге асыру мақсатында Ресейден Қазақстанға қоныс аударған орыс азаматтары перестройка жылдарынан бастап Ресейге кеткен қазақстандық эмигранттардың санын арттырып келеді.

1991 жылы КСРО-ның құлауы посткеңестік кеңістіктегі миграциялық үдерістердің жаппай сипат алуына басты себеп болды. Кезінде тарихтың белгілі бір кезеңінде саяси, әскери және экономикалық жағдайларға байланысты

Қазақстаннан шетелге көшкен, сондай-ақ Қазақстанға күштеп және ерікті түрде қоныс аударған адамдар тарихи отандарына орала бастады. 1991-1994 жылдар аралығындағы Қазақстан халқы санының күрт төмендеуіне елімізден өздерінің тарихи отандарына оралған неміс, орыс, украин, беларус ұлттарының көші себеп болғаны анық. Тәуелділік алған жылдан бастап қолға алынған шетелдердегі қазақтарды елге көшіру саясаты Қазақстаннан көшіп кеткендердің орнын бірден толтыра алмады [231].

Шетелдердегі қазақтарды Қазақстанға қайтару саясатының бүгінге дейін жалғасып келе жатқанына қарамастан, уақыт өте келе қазақстандық миграциялық ағымдарда экономикалық сипат басымдық ала түсті. Бүгінгі қазақстандық миграциялық жағдай әлемдік миграциялық үдерістердің құрамдас бөлігіне айналып отыр. Қазіргі Қазақстандағы миграциялық ағымдарда негізгі миграциялық типтердің барлығы кездеседі. Атап айтқанда, халықаралық және ішкі миграция, тұрақты және уақытша миграция, заңды және заңсыз миграция, ерікті және мәжбүрлі миграция, сондай-ақ басым сипат алып отырған еңбек, сауда және бизнес миграциясы [232]. Өкінішке орай басында тарихи отанға оралуды мақсат еткен националистік-эмоционалды сипаттағы шетелдегі этникалық қазақтардың қазақстанға көші де біртіндеп экономикалық сипат алып отыр [233]. Шетелдегі ең үлкен қазақ диаспорасы болып табылатын Қытайдығы этникалық қазақтардың Қазақстанның миграциялық жағдайына тигізген әсері мен қытай қазақтарының тарихи отандарына оралуға қатысты шешім қабылдау үдерісі кешенді зерттеуді қажет ететін мәселелердің бірегейі болып табылады.

Миграция мәселелері бойынша қазақстандық зерттеулерді есептегенде, Ресей ғалымдарының ғылыми еңбектерінің өзі әлемдік академиялық ортада сұранысқа ие болмай отыр. Оны миграция мәселелері бойынша ең көп сілтеме жасалған 100 еңбектің [234] қатарына посткеңестік кеңестік елдері ғалымдарының бірде-біреуінің еңбегі кірмегенін дәлел ретінде келтіруге болады. Алайда миграциялық мәселелерді зерттеу кеңестік ғылымда мүлде болмады деу дұрыс емес. Кеңес Одағында миграциялық зерттеулер негізінен тарихи және демографиялық зерттеулер аясында жүргізіліп келді. Сонымен қатар, ол зерттеулер Кеңес Одағына тән жанрда идеологиялық сипатта болды. Халықтардың ерікті әрі күштеп (мәжбүрлі) қоныс аударуларын жалпы одақтық маңызды саяси, экономикалық және әскери бастамаларды жүзеге асыруда орын алған құбылыс ретінде қарастырылды [235]. Социалистік идеологияны қару ретінде ұстанған КСРО одақ ішіндегі миграциялық қозғалыстарды жекелеген зерттеу объектісі ретінде қарамай, коммунизм құру жолындағы заңды қозғалыс ретінде санауы тек халықтардың тағдырына ғана нұқсан келтіріп қойған жоқ. Сондай-ақ әлеуметтік ғылымдарда аса маңызды болып табылатын миграциялық зерттеулер саласында да артта қалып қойып отыр. Сол себептен де миграциялық зерттеулердің теориялық негізі ретінде еуропалық және американдық ғалымдардың еңбектері басшылыққа алынады.

Миграциялық зерттеулер ең алдымен Америкада теориялық сипат алды [236]. Кейіннен американдық социологтар миграциялық зерттеулер жүргізу

барысында азаматтардың жеке құжаттарын сараптау методын алғаш рет қолдану арқылы тұлға мен қоғамның өзара байланыстылығын көрсете келе, эмпирикалық социологияның классикалық үлгісін қалыптастырды. Адам экологиясы (human ecology) түсінігін дамыта отырып қала экологиясы (urban ecology) теориясын жасаған Robert E.Park зерттеулері күні бүгінге дейін өзінің өзектілігін жоймай келеді.

Алғашқы қазақстандық миграциялық зерттеулер Кеңес Одағы тұсында миграциялық процестерді өндірістік күш тұрғысынан қарастырса, кейіннен қазақстандық миграциялық ағымдар демографиялық, этникалық және урбанизация процестер негізінде зерттелді.

Қазақстандық миграциялық зерттеулер 1990 жылдары КСРО-ның ыдырауына байланысты этнодемографиялық және этносаяси сипат алса, 2000 жылдардан бастап экономикалық жағдайдың жақсаруы мен еңбек миграциясының артуына байланысты алғашқы қолданбалы зерттеулер жасала бастады. Қазақстанның тәуелсіздік алған алғашқы жылдары бастау алған шетелдердегі этникалық диаспоралардың Қазақстанға миграциясы негізінен статистикалық және сипаттау тұрғысында зерттелді.


Шетелдегі қазақ диаспораларының миграциясына теориялық сипат беру қазақстандық миграциялық зерттеулерде өте сирек кездеседі. Зерттеулерде жекелеген жағдайларға талдау, сараптама жүргізілгенімен, қазақ диаспора өкілдерінің миграциялық ағымға түсу барысында шешім қабылдау процесстеріне аса мән берілмейді. Қытай және Монғолия елдеріндегі қазақ диаспоралары автохтонды этнос болуы себепті олардың Қазақстанға көшуге қатысты шешім қабылдаудың [237] қаншалықты қиын жағдай екеніне назар аударыла бермейді. Қазақ диаспорасының миграциялық мәселелерін бұл қырынан американдық ғалымдардың зерттеуі қазақстандық академиялық ортаны ойландыруы керек.

Қазақстан Республикасының тәуелсіздік алғанына ширек ғасырдан астам уақыт толды. Осы уақыт ішінде еліміздің ішкі-сыртқы саясатынан көші-қон мәселесі бір сәтке тыс қалған емес. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап Қазақстан шетелдегі этникалық қазақтарды елге қоныс аударуды мемлекеттік деңгейде қолға алған болса, қазақстандық эмиграцияға тосқауыл бола алмады. Кеңес Одағының темір құрсауы босанса салысымен кезінде Қазақстанға әр түрлі себептермен қоныс аударған немесе аударылған өзге ұлт өкілдері жоғары екіпінмен тарихи отандарына орала бастады. Эмигранттар көші көбіміз ойлайтындай тәуелсіздік алған жылдары басталған жоқ, одан сәл ертерек басталды. 1989 жылдың өзінде Қазақстаннан қоныс аударған эмигранттар саны 300 мыңнан жоғары болды. Қазірде «Кеңес Одағы осылайша тез құлайды деп ешкім ойлаған жоқ еді» деген уәж айтатын сарапшылар мен зиялыларды көптеп кездестіруге болады. Алайда КСРО-ның ыдырауынан екі-үш жыл бұрын Қазақстаннан жаппай көшкен эмигранттардың санына қарап-ақ Қызыл империяның үзілді-кесілді құлауға бет алғанын байқау қиын емес еді. Қазақстандық эмиграцияның басында тұрған орыс ұлты екенін ескерсек, 1988-1991 жылдар аралығында олар Ресейге жақсы өмір іздеу үшін қоныс аударды

дегенге сену қиын. Кеңес Одағының соңғы жылдарында барлық жерде әлеуметтік-экономикалық жағдайдың бірдей болғаны анық. 80-жылдардың соңында КСРО-ның әр түкпірінде бірінен кейін бірі орын алған ұлттық сипаттағы толқыныстар мен қақтығыстар – «мәртебелі ұлт» өкілдерінің өз болашақтарын Одақтас мемлекетпен одан әрі байланыстыра алмауына себеп болған факторлардың бірегейі. Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін олардың саны одан бетер арта түсті. 1991-1997 жылдар аралығында Қазақстаннан қоныс аударған орыс ұлтының саны 1,2 млн. адамды құрады. Славяндармен қатар елімізден этникалық немістер мен депортацияға ұшыраған өзге де ұлт өкілдері Қазақстаннан қопарыла көшті. Ресми деректер бойынша 1991 жылдан 2015 жылдар аралығында Қазақстаннан 3,538 млн. адам шетелге қоныс аударған. [231, 25б.] Нәтижесінде Қазақстанның халық саны 1990-жылдары 18% азайып кетті.

Осы олқылықтың орнын толтыру үшін Қазақстан 1991 жылдан бастап кезінде тарихтың әр қилы кезеңінде шетке босқан немесе шетелде қалып қойған қазақтарды атамекенге оралту саясатын мақсатты түрде жүргізіп келеді. Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің мәліметі бойынша 1991 жылдан бастап 2016 жылдың 1-қаңтарына дейін Қазақстанға 261 104 отбасы қоныс аударып, оралман мәртебесіне ие болған. Яғни 957 772 шетелден оралған қандасымыз Қазақстанның азаматтығын алып, еліміздің жалпы халық санының 5,5% құрап отыр. Нақтырақ айтар болсақ, оралмандардың 61,1 % Өзбекстаннан, 14,2% Қытай Халық Республикасынан, 9,2% Монголиядан, 6,8% Түркіменстаннан, 4,6% Ресей Федерациясынан және 3,6% өзге елдерден Қазақстанға қоныс аударған [237]. 1-сызбада берілген мәліметке қарап, көші-қон сальдосы Қазақстанның пайдасында емес екендігін көруге болады.


Сызба 1 – 1991-2017 жж Қазақстан Республикасы халқының сыртқы миграциясы



Өкінішке орай, елімізге оралған қандастарымыз саны тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында ғана көп болғандығы қынжылтады. 90-жылдардың басындағы оралмандардың елімізге көптеп көшіп келуінің басты себебі ретінде қандастарымыздың идеологиялық тұрғыда жақсы қаруланғанын атауға болады. Ғасырлар бойы атажұрттан алыста жүріп Қазақстанды аңсаған, тарихи отандарына деген сағыныштың арқасында қандастырмыз тәуелсіздік алған жылдары алды-арттарына қарайламай Қазақстанға қоныс аударды [238]. Егемендікті жаңа ғана алып, әлі де болса экономикалық әлеуеті әлсіз болғанына қарамастан Қазақстан үшін де алғашқы жылдары шетелден келген оралмандарды қабылдау оңайырақ болды. Ресей мен Германияға қопарыла көшкен орыстар мен немістерден қалған үйлер мен бос жұмыс орындарына оралмандарды орналастыру үкімет үшін аса қиын болған жоқ. Себебі Кеңес Одағы тұсында барлық нысандар мемлекеттің меншігі болғандықтан тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында Қазақстанда жылжымайтын мүліктердің нақты нарықтық құны анықталмаған болатын. Оның үстіне немістер мен орыстардың өз отандарына жаппай көшуі Қазақстанның жылжымайтын мүлік нарығында ұсыныстар деңгейін күрт өсіріп жіберді. Өз кезегінде оралмандардың ауыл-аймақтардағы бос қалған орындарды толтыруы инфрақұрылымдардың сақталып қалуына, ауылдардың күйзеліске (депрессия) ұшырамауына сеп болды.

Соңғы кездегі қазақ диаспорасының Қазақстанға оралуына қатысты зерттеулерде оралмандар миграциясы тек идеологиялық сипатқа ғана ие емес, сонымен қатар еліміздің экономикалық көрсеткіштеріне де тікелей байланысты ретінде қарастырылуда. Яғни қазақ диаспорасының миграциясы да экономикалық сипаттағы әлемдік миграцияның құрамдас бөлігіне айналғанын байқаймыз. Бұған Қытайдан оралған оралмандар санын дәлел ретінде келтіріледі (Сызба 2).

Сызба 2 – 1995-2013 жж Қытайдан Қазақстанға келген оралмандар (адам)



Шынында да, 2-сызбада көрсетілгендей, Қытайдан келген оралмандар санының тәуелсіздік алғаннан кейінгі дағдарыс жылдары аз болғандығын,

еліміздің экономикалық көрсеткіштері жоғарлаған жылдары көбейгендігін, алайда әлемдік экономикалық дағдарыс орын алған соңғы жылдары біртіндеп қайта азая түскен. Бұдан қазіргі таңдағы оралмандар көші-қонының 90-жылдардағыдан өзге екенін байқауға болады.

Қазақстанның тәуелсіздік алған жылдардан кейінгі Қытай қазақтарының Қазақстанға миграциясын үш кезеңге бөлуге болады. Бірінші кезең, 1991-2000 жылдар аралығы. Бұл кезеңде Қытайдан Қазақстанға қоныс аударған қазақтарға негізінен әсер еткен (pull factor) тартымды фактор болды. Ол кезде Қазақстанның экономикалық жағдайы Қытайдың экономикалық жағдайымен салыстырғанда анағұрлым нашар болғанына қарамастан Қытай қазақтары салыстырмалы түрде аз да болса Қазақстанға қоныс аудару шешімін қабылдаған болатын. Бұл кезеңде Қытай қазақтарының миграциялық ағымға түсуіне тарихи ата-бабаларының жеріне оралуды (returning to ancestral “homeland”) мақсат етуі себеп болды. 1997 жылы Қазақстан Республикасында жаңадан қабылданған миграциялық заң оралмандарға берілетін көмектер көлемін азайтқан болатын. Бұл заң Монголиядан қазақтарының Қазақстанға миграциясының азаюына себеп болған болса [239], Қытайдағы қазақтардың Қазақстанға оралуына ешқандай әсер етпеді деуге болады (2-сызба). Мақаланың сапалық (quantitative) сипатын арттыру мақсатында Астана қаласында 1992-2001 жылдар аралығында Қазақстанға көшіп келген қазақтармен интервью жүргізілді. Интервьюге қатысқан 35 адамның барлығы да Қазақстанға көшу туралы шешім қабылдауына тарихи отанына оралу мақсаты себеп болғандығын атады.

Екінші кезең 2001-2008 жылдар аралығын құрайды. Бұл жылдары Қазақстан Республикасының экономикалық жағдайы әлемдік нарықта мұнай бағасының көтерілуіне байланысты жақсара түскен еді [240]. Осы уақытта Қазақстан мен Қытай арасындағы халықаралық сауда-саттық қарым-қатынастары да үлкен қарқынмен өскен болатын. 2000-2009 жылдараралығында екі жақты сауда орта есеппен 36,1%-ға өкен [241]. Қытай мен Қазақстан арасындағы сауда-саттық пен «шоп-туризмнің» дамуы Қытай қазақтарының миграциялық қозғалыстарын жаңаша дем берді. Қытайдағы қазақ диаспорасы да осы мүмкіндікті барынша пайдаланып қалуға тырысқанын байқаймыз. 1995 жылдан 2003 жылға дейін Қытайдан Қазақстанға қоныс аударғандардың жалпы саны 4293 адамды құраған болса, 2005 жылы олардың саны 13 190 адамға жетті. Қазақстан үкіметі тарапынан бөлінетін квотаның саны шектеулі болғанына қарамастан Қытайдағы қазақтардың Қазақстанға қоныс аударуы жыл сайын үлкен қарқынмен өсе түсті. 2007 жылдың 1-қаңтарына дейін Қазақстанға келген Қытай қазақтарының жалпы саны 37 788 адамды құраса, 2008 жылдың 1-қаңтарында 54 327 адамға жетті [242]. Квота санының аздығына қарамастан Қытай қазақтарының Қазақстанға көптеп көшіп келуін белгілі зерттеуші Е.Ю.Садовская оралмандардың Қазақстандағы туыстары мен таныстарының көмегіне сенімділігінде деп түсіндіреді [243]. Бұл пікірді белгілі қазақстандық қытайтанушы К.Ш.Хафизова да қолдайды. Ғалымның пайымдауынша «...қытай қазақтары мен жергілікті қазақтар

арасында тек туыстық ғана қатынастар емес, сонымен қатар рулық қарым-қатынастар қалпына келіп жатқанын байқауға болады» [244].

Қытайдан келген қазақтардың Қазақстандағы туыстары мен қазақстандық рулас қазақтардың көмегіне сеніп келуі туралы пікір көптеген сауалнамалар қорытындысы бойынша да анықталып жатады. Алайда бұл тұста Қытай қазақтарының Қазақстанда туыстары қай уақытта қалыптасты деген заңды сұрақ туындайды. Шыңжан аймағында өмір сүріп жатқан қазақтарының басым көпшілігі автохтонды халық болып табылады. Патшалық Ресей мен Цинь империясы арасындағы шекаралық мәселелер бойынша келісім-шарттардың нәтижесінде қазақтар Қытай азаматтығына өтіп кеткен еді. Ал Қазақстаннан Шыңжан өңіріне қазақтардың қоныс аударуы Қазақстандағы саяси, әскери және экономикалық жағдайларға байланысты 1916 жыл мен 1930-1934 жылдары екі толқынмен орын алған болатын. Алайда 1916 жылы Шыңжанға көшкен 300 мың қазақтың барлығы дерлік 1918 жылдың күзіне қарай Қазақстанға қайтарылған болса, коллективизация және ашаршылық жылдары Қытайға ауған қазақтардың көбісі Қытай билігінің қыспағына шыдамай Тибет арқылы босып, Ауғанстан, Иран жерлеріне шашырай соңында Түркияға барып тұрақтағаны белгілі. Сонымен қатар, 1962 жылы КСРО мен ҚХР шекарасы екі аптадай уақытқа ашылған сәтте көбісі Қазақстанға қайтып оралған болатын [232, 235-237 бб). Ал Қазақстан тәуелсіздік алған жылдардан бері 2002 жылдарға дейін Қытайдан Қазақстанға қоныс аударған қазақтардың саны өте аз болғанын есепке алсақ, 2005 пен 2010 жылдар аралығында Қытай қазақтарының көптеп көшіп келуіне тірек бола аларлықтай Қытай қазақтарының туысқандары Қазақстанда қайдан пайда болғандығы шындығында ойландыратын сұрақ.

Астана қаласы маңындағы оралмандар тығыз орналасқан Қараөткел, Қоянды, Талапкер сияқты елді-мекендерде Қытайдан көшіп келген оралмандармен сұхбаттасқанда байқағанымыз, 2001-2008 жылдары аралығында Қытай қазақтарының Қазақстанға көшуі «қысқа мерзімді созылмалы» сипат алған. Бұған дейін шетелдегі қазақтар Қазақстанға көшкенде аталас туысқандарымен бірге (әулет болып) бірден қоныс аударуға тырысса, 2001-2008 жылдары әулет болып көшу «қысқа мерзімді созылмалы» сипатқа ие болған. Ол дегеніміз, Қазақстанға алдымен бойдақ жігіттер немесе жас жанұя қоныс аударып, бірнеше жыл ішінде жағдайларын жақсартқан соң артында қалған туысқандарын жандарына көшіріп алып отырған. Қытай қазақтары жастарының бұлайша аз уақытта материалдық жағдайларын жақсартып алуына Қазақстан Республикасының оралмандарға жасап отырған қолайлы миграциялық саясаты себеп (Қазақстан Республикасының азаматтығына өтпей-ақ ықтиар хатпен, арнайы рұқсатсыз үй сатып алуға, тұрғын үй салу үшін жер телімдерін алуға, мал және ауыл шаруашылығымен айналысуыға, жеке кәсіпкерлікпен айналысуыға және т.б.). Сонымен қатар, Қазақстандағы экономикалық жағдайдың жақсаруына байланысты Қытай мен Қазақстан арасындағы тауар айналымы көлемінің өсуі де Қазақстандағы қытайлық оралмандардың материалдық жағдайының жақсаруына себеп болды. Қазақстанға келіп кәсіп ашып, сауда-саттықпен айналысқан оралмандар

Қытайдағы өз туыстарын сауда әріптестері ете отырып, өздерінше бизнес моделін құрған. Қазірдің өзінде мұндай бизнес моделімен айналысып отырған қытайлық оралмандар көптеп кездеседі.

Сондай-ақ, сұхбаттасу барысында Қытайдан келген оралмандардың басым көпшілігі кәсіп ашып, сауда-саттықпен айналысуда алғашқы капиталдарын Қытайдан алып келгендігін атайды. Қазақстанның экономикалық жағдайы жақсарған жылдары Қытайдан қазақтардың көптеп көшуі бір қарағанда экономикалық сипаттағы еңбек миграциясы сияқты көрінгенімен, Қазақстанға көшіп келген оралмандардың Қытайдағы туысқандарына ақша (remittances) жібергені жайлы ешқандай ақпарат кездеспейді. Яғни бұл оралмандардың өз болашақтарын Қазақстанмен тікелей байланыстыратындығының белгісі.

2009 жылдан бері бүгінгі күнге дейінгі уақытты құрайтын үшінші кезеңде Қытай қазақтарының Қазақстанға көшуі Қытай мен Қазақстанның экономикалық жағдайына тікелей байланысты болып отыр. 2010 жылы Қазақстанның жан басына шаққандағы ЖІӨ Қытаймен салыстырғанда екі есе көп болған болса, 2017 жылы теңесіп отыр (Кесте 1).

Кесте 1 – Жан басына шаққандағы ЖІӨ көлемі (\$)

	2000	2005	2010	2011	2012	2013	2014	2015	2016	2017
Қазақстан	1 230	3753	9 005	11 553	12 300	13 789	12 712	10 435	7 456	8 585
Қытай	959	1 766	4 524	5 583	6 329	7 081	7 702	8 167	8 123	8 583

Алайда Қытай 2014 жылдан бері сатып алу мүмкіндігі паритеті бойынша ЖІӨ бойынша әлемде бірінші ел болып табылатынын есептесек, Қытайдағы қазақтар үшін Қазақстанның экономикалық жағдайы анағұрлым тартымды емес екендігін байқауға болады. Бұл жағдай Қытайдағы қазақтардың Қазақстанға көшуге қатысты шешім қабылдауына тікелей кері әсер ететін фактор екенін атау керек.

Қытайдан соңғы жылдары Қазақстанға келген қазақтардың жас мөлшері жасарғандығы байқалып отыр. 1990 жылдардан кейін туған Қытайдан келген қазақ жастарымен сұхбаттасқанда байқағанымыз, олардың Қазақстанға келу туралы шешім қабылдауларына негізінен ата-аналары себеп болған. Қытай үкіметінің елдің батыс өңірлерін модернизациялау саясаты Қытай қазақтарының ұлттық бірегейлігіне де әсер ете бастаған. Бүгінде Шыңжаңда қазақ балаларының 90% билингвалдық мектептерде білім алып жатыр [245]. Ал Шыңжаң қазақтары арасында жүргізілген сауалнамада сауалнамаға қатысушылардың 94% өздерінің ана тілінің болашағына алаңдайтындығын көрсеткен [246]. Ұрпақтарының ана тілін ұмытып, қытайланып кетуінен қорқатын ата-аналар балаларын орта мектепті бітірген соң Қазақстанның ЖОО-дарына жіберіп оқытуды дұрыс деп санап отыр. Астанадағы Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде Қытайдан келіп білім алып жүрген қазақ студенттерімен сұхбаттасу барысында олардың қазақ тілін жетік білмегеніне және Қазақстанда орыс тілінің басымдығына қарамастан, сондай-ақ кейбірінің ата-анасы әлі де болса Қытайда тұратындығына қарамастан

Қазақстанның азаматтығына өтіп, өздерінің болашағын Қазақстанмен бірге елестететіндігін көрсетті.

Қытай мен Қазақстан арасындағы миграциялық қарым-қатынастарға қатысты зерттеулерде соңғы жылдары Қазақстанға көшіп келген қытай қазақтарының санына қатысты статистикалық мәліметтерде сәйкеспешіліктер көптеп кездеседі. Е.Ю.Садовская 2013 жылы Қазақстанға 1700 адам Қытай қазағы көшіп келсе, 2014 жылы 500 адам келді деп жазады [231]. Ал қытайтанушы ғалым С.Б.Кожирева Қытайдан Қазақстанға 2013 жылы 9 091, 2014 жылы 3 155, 2015 жылы 3 140 қазақ көшіп келіп ел азаматтығын немесе ықтияр хат алды деп жазады [247].

Ал Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің мәліметтері бойынша Қазақстанға ТМД елдерінен тыс шетелдерден келген қазақтардың саны 2013 жылы 2 582 адамды, 2014 жылы 1 154 адамды, 2015 жылы 1 724 адамды, ал 2016 жылы 2 518 адамды құраған [248]. ТМД елдерінен тыс үлкен қазақ диаспорасы Монғолия мен Қытайда ғана екенін ескерсек, зерттеулердегі Қазақстанға келген Қытай қазақтары туралы мәліметтердің бір-біріне сәйкеспешітіндігі байқалады. Яғни соңғы жылдардағы оралмандар миграциясына қатысты сапалық сараптамалар жүргізу қажеттілігі барын айту керек.

Мамандар Қазақстанның көші-қон туралы заңын дискриминациялық сипаты бар деп жиі сынға алады. Яғни оралмандарға қатысты көптеген жеңілдіктер жасалғандығын, қаржылай көмектер көрсетілетін айтып, оның өзге де шетелден келген иммигранттар мен тіпті жергілікті қазақтардың да заңдық тұрғыда дискриминацияға ұшырайтындығын алға тартады. Алайда 2-сызбадан көріп отырғанымыздай, еліміз тарапынан көрсетілетін сансыз жеңілдіктердің өзі шетелдік қазақтарды Қазақстанға қоныс аударуға ынталандыра алмай отыр.

Шетелдегі қандастарымыздың Қазақстанға келуіне кедергі болып отырған, ал кей жағдайда олардың қайта кері көшіп кетуіне себеп болып отырған тағы бір мәселе әлемдік мұнай бағасының шарықтау шағында еліміздің экономикасына сұраусыз құйылған мол қаржылардың кесірінен шарықтап кеткен үй бағалары мен қалыптасып отырған қымбатшылық. Оралмандарға көрсетілетін мемлекеттік көмек олардың лайықты өмір бастап кетуіне жеткіліксіз болуы себепті қандастарымыз үйреншікті орындарынан қозғала қоюға аса құлықты емес. Сондай-ақ еліміздің көші-қон туралы заңындағы оралмандарға қатысты ыңғайлы тұстарын өздері үшін тиімді пайдалана отырып, көптеген қандастарымыз келген елдерінің азаматтығынан шықпай отыр. Оны ҚР ІІМ Көші-қон полициясы басқармасы келтірген мәліметтерден байқауға болады. 2014 жылдың 1-қазанына дейін Қазақстанға Қытайдан қоныс аударып, ықтияр хат алған оралмандар қатарынан 17,7 мың адам Қытай Халық Республикасының азаматтығын сақтап қалған [249]. Осындай екі ойлы болып жүрген қандастарымызды өз болашағын Қазақстанмен мықтап байланыстыру үшін еліміздің оралмандарға қатысты ықтияр хат пен азаматтық беру ретін заңды түрде реттеу дұрыс болар.

Еліміздің көші-қон мәселелерін сөз еткен сәтте Қытайдан келген оралмандардың орны айрықша екенін атаған жөн. Қытайдағы қазақтар әлемдегі ең үлкен қазақ диаспорасын құрап ғана қоймайды, еліміздің стратегиялық әріптесі болып табылатын әлемдік екінші экономикаға ие ҚХР-ның тұрғындары. Қытайдың тілін меңгерген, білімін алған, қытайлармен біте қайнасып ділін меңгерген, елдің экономикалық мүмкіндіктерін шынайы бағалай білетін, нарықтық экономиканың қатаң заңдарына ерте ысылған, жеке кәсіптің сырын ерте ұққан азаматтар. Қытайлық этникалық қазақтардың елімізге көптеп қоныс аударуы Қазақстан халқы санының артуына үлкен үлес қосып ғана қоймай, сондай-ақ қазақ-қытай қатынастарының одан әрі тереңдей түсуіне оң ықпалын тигізбек. Кейбір сарапшыларымыз шетелдерден келіп жатқан этникалық қазақтарды еліміздің әлеуметтік, тіпті ұлттық қауіпсіздігімізге төнер қауіп ретінде қарастырып жатады. Олардың пайымдауынша, этникалық қазақтар иммиграциясы мемлекет халқы санының өсуіне ғана ықпал жасап қоймай, елдің әлеуметтік құрылымын өзгерте отырып, экономикалық өсу мен басқару сапасына да нұқсан болмақ. Белгілі қытайтанушы К.Сыроежкин Қытайдан келген оралмандар арасында «тұрақсыз элементтердің», тіпті Қытай тарапынан тыңшылыққа тартылғандар болуы ықтимал екендігін жоққа шығармайды. Ондай болған жағдайда аталмыш оралмандар елімізде «бесінші колонаны» құрай отырып, арандатушылық пен қақтығыстардың басында жүрмек. Алайда аталған сарапшылар келтірген дәйектердің ешқандай шындыққа жанаспайтындығын айтқан жөн.

Біріншіден, Қытай Қазақстанда тұрақсыздықтың болуына мүдделі мемлекет емес. Қытай ұзақ жылдардан бері батыс өңірінде ұйғыр сепаратизмімен, діни экстремизммен күресіп келеді. Қытайдың батыс аймақтарымен шекараласып жатқан Қазақстанда тұрақсыз жағдай қалыптасса аталмыш жағымсыз құбылыстардың одан бетер жанданып кетері анық. Сол себептен де Қытай Қазақстанның тұрақсыз елге айналуына мүдделі дегенге сену қиын.

Екіншіден, Қытай мен Қазақстан арасында терең сауда-экономикалық қатынастар орнаған. ҚХР Төрағасы Си Цзиньпин бастаған жаһандық жоба «Ұлы Жібек Жолының экономикалық белдігінің» күре тамыры Қазақстан территориясы арқылы өтетіндігін ескерсек, елімізде тұрақтылықтың сақталуына Қытай бізден бетер мүдделі екенін байқау қиын емес.

Үшіншіден, Қытайдан келген оралмандардың Қазақстанда «тұрақсыз элементтерге», «бесінші колонаға» айналуы мүмкін дегенге сену қиын. Тәуелсіздік алған жылдардан бері елімізге Қытайдан 140 мыңға жуық оралмандар келді. Олар бір жерге шоғарланбай, Қазақстанның барлық аймақтарына орналастырылды. Демек олардың жалпы Қазақстанның тұрақтылығына нұқсан келтірерлік әлеуеті шамалы. Жиырма бес жыл көлемінде Қытайдан келген оралман арандатушылықпен айналысты деген бірде бір ақпарат кездескен емес. Сондай-ақ Қытайлық оралмандардың көбісі сауда-саттықпен, шағын кәсіпкерлікпен айналысатындығын ескерсек, олардың тіршілігі Қытаймен тікелей байланысты екенін байқауға болады. Және де

көбісінің туыс-туғандары әлі де Қытайда өмір сүріп жатыр. Сол себептен де, қытайлық оралмандарға қатер ретінде қарау ағаттық болар.

Елімізде синофобия деңгейі аса жоғары екені рас. «Ақыр заман болғанда кара қытай қаптайды» деген сөз бар қазақтың жүрегіне жатталғаны сондай, кез келген қытайды елімізге төнер қауіп ретінде көретініміз жасырын емес. Қытайдан келген оралмандарды қатер ретінде көруімізге де синофобия әсер еткен болар.

Сондай-ақ әлеуметтік желілерде, ақпарат құралдарында «қытайлар қазақ қыздарына үйленіп, Қазақстан азаматтығын алып жатыр» деген ақпараттарды жиі кездестіруге болады. Алайда бұл мәліметтердің де шындыққа мүлде қатысы жоқ екендігін байқауға болады. Көші-қон полициясы басқармасының мәліметтеріне сүйенер болсақ, 1992-2007 жылдар аралығында қытайлық иммигранттардың 21 012 адамы Қазақстан Республикасының азаматтығын қабылдаған. Олардың 20 968 – қазақ, 5 – қытай, 35 – ұйғыр, 2 – орыс, 2 – дүнген. Ал соңғы жылдардың мәліметтеріне қарасақ, 2013 жылы ҚР азаматтығын алған 6 160 адамның барлығы қазақтар, 2014 жылы азаматтық алған 2 324 адамның барлығы қазақтар, ал 2015 жылы еліміздің азаматтығын қабылдаған 320 адамның тек біреу ғана дүнген, қалғандары қазақтар. Демек, қытайлар қаптады деген дабыл әлі ерте қағылып жатыр деген сөз.

Қытайдан келетін еңбек мигранттарының да Қазақстан Республикасының азаматы атану құлшыныстарының аса жоғары емес екенін белгілі қытайтанушы маман С.Кожированың жүргізген сауалнама нәтижесінен байқауға болады. Ғалымның пайымдауынша, Қазақстандағы қытайлық еңбек мигранттарының басым көпшілігі елімізге бастапқы капитал жинау үшін келеді. Кейін Қытайға оралып, өз бизнестерін ашуды мақсат етеді. Себебі Қытайда бизнес жасау Қазақстанға қарағанда әрі оңай, әрі табысы мол. Екінші себеп ретінде ғалым қытай мигранттары Қазақстанды транзиттік ел есебінде қарастыратындығын айтады. Көптеген қытай мигранттары Қазақстан арқылы кейінен Еуропа елдеріне шығып кетуді көздейді. Сол себептен де Қазақстан Республикасының азаматтығын алуға ынталы қытай мигранттарының саны өте аз, және де елімізде қытай азаматтарымен болатын аралас некенің саны мүлде жоқтың қасы. Демек, байбалам салатын уақыт әлі алыста.

Жаһандану жағдайында өмір сүріп жатқан Қазақстан ғаламдық сипат алған миграциялық мәселелерден тыс қала алмайтыны түсінікті. Елдің экономикалық жағдайына байланысты кең көлем алып отырған еңбек миграциясы болашақта да мемлекеттің ішкі-сыртқы саясатында маңызды сұрақтардың бірі болып қала берері анық. Сонымен қатар, Қазақстан тәуелсіздік алған жылдардан бері бастау алған шетелдердегі қазақ диаспорасының Қазақстанға қоныс аударуына қатысты еліміздің арнайы ұстанымы да болашақта өзгеріссіз қала бермек.

Зерттеу барысында көз жеткізгеніміз, шеттегі қазақтардың Қазақстанға қоныс аударуы уақыттың талабына сай әр кезеңде әр түрлі сипат алып отырған. Қазақстан тәуелсіздік алған жылдан бергі 27 жыл көлемінде елге 1 млннан астам этникалық қазақтар қоныс аударып, Қазақстанның халық санының өсуіне айтарлықтай үлес қосты. Алайда Қытай Халық Республикасында өмір сүріп

жатқан қазақ диаспорасы әлемдегі ең үлкен диаспораны құрағанымен, 27 жылда Қазақстанға қоныс аударған оралмандардың жалпы санының тек 15% ғана құрап отыр. Қытай қазақтарының Қазақстанға қоныс аударуда аса белсенділік танытпауының ең басты себебі олардың автохтонды халық болуында болып отыр. Бұл жағдай қытайлық қазақтардың Қазақстанға қоныс аударуға қатысты шешім қабылдауларына кері әсер ететін ең үлкен фактор болып табылады.

Қытай қазақтары миграциясының экономикалық сипаты басым екендігіне де зерттеу барысында көз жеткіздік. Соңғы жылдардағы Қазақстандағы экономикалық жағдайлардың қиындауы, ал ҚХР-ның экономикалық тұрғыда тұрақты дамуы қытайлық этникалық қазақтар үшін Қазақстанның тартымдылық деңгейін төмендетіп отыр. Демек болашақта экономикалық сипатағы қытайлық қазақтар миграция одан бетер азая түседі деген сөз.

Соңғы жылдардағы зерттеулер Қытайдағы қазақтардың өздерінің ана тілінің, ұлттық бірегейліктерін сақтап қалу мәселесі қатты толғандыратындығын көрсетіп отыр. Бұл Қытай қазақтарының Қазақстанға қоныс аударуындағы push фактор болып отыр. Ұрпақтарының болашағына алаңдайтын қытайлық қазақтардың бүгінгі аға буыны өздерінің ұлттық бірегейлігінің сақталып қалуын Қазақстанмен байланыстырады. Соңғы жылдардағы Қытай қазақтары балаларының Қазақстанның оқу орындарында білім алуға ұмтылысы осының дәлелі. Қазақстан Республикасы сыртқы саясаты басымдықтарының бірі шетелдердегі қазақтармен қарым-қатынастарды жетілдіру болып табылса, осы бағытта еліміздің шеттегі қазақтарға қатысты саясатын одан бетер белсенді ете түсу міндеті тұр. Қазіргі таңда Қазақстанның көші-қон қатынастарын реттеп отырған ҚР миграциялық заңындағы оралмандарға қатысты жеңілдіктері шеттегі қазақтардың елге көптеп көшіп келуін ынталандыра алай отырғанын зерттеу барысында көз жеткіздік. Сонымен қатар, экономикалық тұрғыдан Қазақстан шетелдегі қазақтар үшін тартымды болмай отыр. Алдағы уақытта шетел қазақтарының Қазақстанға қоныс аударуына жаңаша дем беру үшін еліміздің үкіметі шеттегі қазақ жастарымен тығыз жұмыс жасау қажет. Шеттегі қазақ жастары үшін Қазақстанның экономикалық-әлеуметтік тартымдылығын арттыра отырып, олардың өздерінің ересек өмірін Қазақстанда бастауға ынталандырса, шетел қазақтарының миграциясы жаңа бір қарқынмен дамиды.

ҚОРЫТЫНДЫ

Зерттеу жұмысына таңдалып алынған тақырып бойынша кешенді зерттеулер жүргізіліп, бірқатар тоқтамдарға қол жеткізілді.

ҚХР сыртқы саяси концепцияларын жан-жақты терең зерттеу барысында қытайлық сыртқы саяси тұжырымдамаларда кездейсоқтық және күрделі бетбұрыстар мүлде жоқ екендігіне көз жеткізілді. Мао тұсында басталған сыртқы саяси концепциялардағы құбылыстар елдің өзге мемлекеттерге бағытталған дипломатиясына күрделі өзгерістер әкелмегенімен, Қытайдың халықаралық қатынастарда еркін қимылдауына жол ашты.

Мао жетекшілік еткен тұста ел экономикасы мен халық тағдырына орасан зор қасірет әкелген «Үлкен секіріс», «мәдени революция» сияқты авантюристік саясаттарын есептемегенде, сыртқы саясатта халықаралық қатынастардағы жағдайды Қытай мүддесі үшін аса оңтайлы пайдалана білгеніне көз жеткізуге болады. Мао билік еткен ширек ғасырлық уақыттағы қытай сыртқы саясатын «бір тарапқа шығу», «қос қолдап ұру», «бір сызық, бір алқап» деп үш кезеңге бөлер болсақ, әр сыртқы саяси концепция сол кездегі халықаралық жағдай талаптарына жауап бергендігін, кейде ойын ережесін өзі өзгерткендігін байқаймыз. ҚХР құрылған алғашқы жылдары «социалистік әлем жағына шыға» отырып КСРО-ның көмегімен ел іргесін бекітіп, қорғаныс саласын күшейтіп алса, 1960 жылдары КСРО-дан біртіндеп алшақтап, екі әлемнің арасында саяси ойын ойнады. Үшінші әлем саясаты арқасында биполиярлық әлемдік құрылымға өзгеріс енгізе отырып, Қытайды алдымен аймақтық державаға айналдырса, артынан Қытайдың біртіндеп «тәуелсіз әрі дербес» жаһандық полюске айналуына жол бастады. 1960 жылдардың соңын ала үнді-қытай, кеңес-қытай шекара бойы қарулы қақтығыстары сияқты шығыны аз шиеленістерді ұтымды пайдалана отырып, ешқандай саяси-идеологиялық ұстанымдарын өзгертпей-ақ АҚШ бастаған Батыс әлемімен тең құқылы қарым-қатынастар орнатты. Осылайша Мао Цзэдун өмірінің соңына қарай Батыспен тең деңгейлі қарым-қатынастар орнатып кетпегенде 1978 жылы Дэн Сяопин «есікті бірден ашып жібере» алар ма еді. Егер Мао Цзэдун билігінің соңына дейін сыртқы саясатта «бір тарапқа шығу» тұжырымын ұстанып қалғанда Қытай 1990-жылдары КСРО-мен бірге құлар ма еді. Ондай жағдайда бүгінгі халықаралық қатынастардың, әлемдік тәртіптің қандай боларын елестетудің өзі қиын.

Жаңа Қытайдың атасы есепті Дэн Сяопиннің кейінгі билік буындарына өсиет ретінде қалдырған «салқынқандылықпен бақылау, байсалдылықпен жауап қату, айтқанында нық тұру, өз мүмкіндіктеріңді жасыра отырып оңтайлы сәтті күту, ешқашан көшбасшылықты өзіңе алмау, әрқашан бірдеңе жасауға дайын болу» стратегиясы қазіргі биліктің заманауи әлемдік тәртіпте қалыптасып отырған жағдайға лайықты жауап қатуына мүмкіндік берді. Билік буындары арасындағы үздіксіз саяси ұстанымдар сабақтастығы қазіргі билік тұтқасын ұстаған Си Цзиньпиннің «Қытай арманын» нақты жүзеге асыруына оңтайлы жағдай қалыптастырып отыр.

Си Цзиньпин басшылығындағы Қытайдың билігінің бесінші буыны Қытай үшін қазіргі халықаралық қатынастарда қалыптасып отырған оңтайлы сәтті ел мүддесі үшін мейлінше тиімді пайдаланып қалу мақсатында жұмыс жасауда. Қытай алдағы кезеңде де өзінің дәстүрлі бейбіт жолмен даму қағидасынан бас тартпайтындығын ашық білдіріп отыр. Соған қарамастан, Қытайдың қазіргі билік жетекшілері Қытай өзінің табиғи құқықтарынан ешқашан бас тартпайтындығын, мемлекет үшін шешуші болып табылатын заңды мүдделерін ешқашан талқыға салмайтындығын да нақты білдіруде. Алдағы уақытта Қытай өзінің сыртқы саяси стратегиясын екі ғасырға жуық уақыт бойы Қытайдың арманы болып келген «қытай ұлтының бейбіт қайта тұруын» қамтамасыз етуде жүзеге асырмақ. Яғни, Қытайдың сыртқы саясатының өзегі ішкі саясат пен ішкі мүдделерге тікелей байланысты болады деген сөз.

Сонымен қатар, Қытайдың қазіргі дипломатиясында нақты жағырафиялық сипатың болмауына қарамастан, оның негізінен іргелес жатқан мемлекеттермен қарым-қатынастарды барынша жетілдіруге бағытталған көреміз. Аталмыш дипломатияның негізінде басты қағида ретінде тең құқылық, тең деңгейлі қарым-қатынастар мен стратегиялық әріптестік жатыр.

Си Цзиньпин билігінің сыртқы саяси ұстанымының алдыңғы буын жетекшілерінің сыртқы саясатынан басты айырмашылығы ретінде Қытайдың бұдан былай өзгелермен өз жетістіктері және тәжірибелерімен бөлісуге дайын екендігін ашық мәлімдеуін атауға болады. Сондай-ақ, Си Цзиньпин Қытай өзін тек аймақтық держава ғана емес, әлемдік тәртіпті жаңаша қалыптастыруға қауқарлы және үлкен жауапкершілікті мойнына ала алатын жаһандық ойыншы екенін әрқашан баса айтып келеді.

Ұзақ жылдар бойы Қытай бойынша зерттеулерде ғалымдардың негізгі пайымына арқау болған қытайлық сыртқы саясаттың халықаралық қатынастарда орын алып жатқан құбылыстарға тек «жауап қатушы» сипаттан біртіндеп «бастамашыл» сипатқа көшкендігін байқап отырмыз. Жаңа сыртқы саяси стратегия бойынша Қытай өздерін тарих әділетсіздігі кесірінен «бір жарым ғасырлық қорлық пен езгі» жылдары ел санасына сіңіп қалған «кұрбандық психологиясынан» айығып, халықты біртіндеп «ұлы держава психологиясымен» тәрбиелеуді қолға алуымен ерекшелінеді. Аталмыш бағыттың ерекшелігі Қытай өзін үлкен жауапкершілік арқалаған, жаһандық мәселелерге бей-жай қарамайтын және әлемдік деңгейдегі барлық сұрақтарды халықаралық қауымдастық мүшелерінің бәрімен ынтымақтаса отырып шешуге дайын держава ретінде көрсетуге ұмтылуында. Осыдан былай саяси-экономикалық, әскери әрі дипломатиялық әлеуеті зор Қытайдың әр сөзі мен әр қимылы әлем елдерінің ішкі-сыртқы саясаттарын қайта қарап, жаңа әлемдік тәртіпке сай оңтайластыруға мәжбүр етпек.

ҚХР Қазақстанмен қарым-қатынастары барысында негізінен Қытайдың сыртқы саясатындағы өңірлік ұстанымды басшылыққа алады. Яғни Қазақстанды Орталық Азия аймағының жетекші мемлекеті ретінде танып, елімізге қатысты дипломатиясын жалпы біртұтас аймақтық сыртқы саяси

стратегияның негізінде жүргізуде. Қытайдың Орталық Азияға қатысты сыртқы саяси ұстанымы аймақ елдерінің өткен тарихи жолына тікелей байланысты болып келеді. Қытай Орталық Азия елдерін негізінен геосаяси, геоэкономика және геостратегиялық сипаттағы төрт ұғым шеңберінде түсінеді.

Біріншіден, Орталық Азия аймағы елдері бұрынғы Кеңес Одағы құрамында болған мемлекеттер болғандықтан, аталмыш аймақ ТМД-ның ажырамас құрамдас бөлігі ретінде қарастырылады.

Екіншіден, Ресей мен Орталық Азия мемлекеттерінің патшалық Ресей тұсындағы империя-отар негізіндегі терең тарихи өзара қарым-қатынастарын есепке ала отырып, Ресей Федерациясы – Орталық Азия форматындағы тарихи-географиялық біртұтас аймақ ретінде таниды.

Үшіншіден, экономикалық мүдделері бір интеграциялық орталыққа шоғарланған ірі экономикалық аймақ (Еуразиялық Экономикалық Одақ) ретінде қаралады. Бұл тұста Қытайдың ЕАЭО-тың болашағы жарқын екендігіне сенімділігін, болмағанда жарқын болуына мүдделі екенін атай кету керек.

Төртіншіден, еуропалық өркениет пен азиялық (шығыс) құндылықтар тоғысқан бірегей рухани кеңістік есебінде таниды. Осы себепті Қытайдың Орталық Азия аймағына қатысты саясатына біржақты қарауға болмайтындығына көз жеткіземіз.

ҚХР Қазақстан Республикасына қатысты дипломатиялық стратегиясында екі тараптың әрқашан келіспеушілік пен шиеленісті жағдайлардың қалыптаспауына ынталы екенін көреміз. Оған Қытай елдің одан әрі даму жолында ішкі тұрақтылық пен бейбіт қолайлы сыртқы ортаның қажет екенін түсіне отырып көршілес мемлекеттермен тығыз ынтымақтастықты қалауы себеп болса, Қазақстанның мемлекеттің қауіпсіздігі мен тұрақты дамуының кепілі ретінде көпвекторлы саясат ұстана отырып, әлемдік және өңірлік жетекші мемлекеттермен терең ынтымақтастықта болуды таңдауы себеп.

ҚХР бас болып отырған «Бір белдеу-Бір жол» бастамасы ең ауқымды жаһандық инфрақұрылымдық жоба ретінде барлық мемлекеттерді қызықтырып отыр. Қытай билігі өз тарапынан «Белдеу және жол» бастамасын жүзеге асыруда Қазақстанды сенімді стратегиялық әріптес ретінде әрқашан өзгелерге үлгі етіп отырады. Бұл Қытайдың жай мақтауы емес, бұл – қазақ билігінің стратегиялық көреген саясатының нәтижесі. Си Цзиньпин аталмыш жобаны Астанада 2013 жылы жария етпестен бірнеше жыл бұрын Қазақстан Елбасының тапсырмасы бойынша қазақстандық ірі инфрақұрылымдық жоба «Нұрлы жол» бағдарламасын жүзеге асыруды бастап кеткен болатын. Құны \$9 млрд. құрайтын «Нұрлы жол» бағдарламасы елдің ішкі жол қатынастарын жетілдіре отырып, Қазақстанның транзиттік мүмкіндігін арттыруға бағытталған еді.

«Белдеу және Жол» бастамасы аясындағы қазақ-қытай қарым-қатынастары екі елдің экономикасына да тиімді жобалардың жүзеге асуына жағдай жасайды. Қытай үшін негізінен экспортқа негізделген экономикасының одан әрі тұрақты дамуын қамтамасыз ету үшін жаңа нарықтар мен кедергісіз көлік дәліздерінің көбеюі маңызды болса, еліміз үшін инфрақұрылымдарды дамыта отырып, ел экономикасының шикізат емес салаларын жетілдіру

маңызды екенін ескерсек, «Белдеу және Жол» бастамасы шеңберіндегі ынтымақтастықтың екі мемлекетке де берері мол. Сонымен қатар, Қытай билігінің алдында сан жылдар қарқынды дамыған экономикасының арқасында қордаланған қаржыларды инвестиция түрінде шетелдердің экономикаларына да құю міндеті тұрғандығын да атау керек. Осы жағдайларды есепке ала отырып, Қазақстан билігі қытайлық жобадан барынша тиімділік көруді көздеп отыр.

Бүгінгі күнге дейін «Белдеу және Жол» бастамасы аясында Ляньюньган порты; Қытаймен шекаралас жерде орналасқан Қорғас құрлықтық порты; Каспий теңізі жағалауында орналасқан Ақтау порты; жалпы ұзындығы 900 шақырымды құрайтын, Орталық Азия елдерін Иранның оңтүстігінде орналасқан Бандар-Аббас порты арқылы Парсы шығанағымен жалғайтын «Қазақстан-Түркіменстан-Иран» жаңа теміржол дәлізі; сондай-ақ «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық транзиттік жол дәлізі сынды жобалар іске қосылып үлгерді. Сонымен қатар, 2015-2017 жылдар аралығында жалпы көлемі \$53,5 млн. құрайтын үш ірі Қазақстан мен Қытайдың бірлескен кәсіпорны іске қосылды. Атап айтқанда: Павлодар облысында ұнтақ полипропилен өндірісі, JAC маркалы автокөліктерді құрастыру өнеркәсібі, Солтүстік Қазақстандағы рапс майын шығаратын зауыт.

Қытай мен Қазақстан бірлесіп жүзеге асыруды көздеп отырған 51 жоба елімізде 20 мыңнан астам жаңа жұмыс орнын ашпақ. 2018 жылдың соңына дейін \$363 млн. инвестицияны құрайтын химия, тау-кен, металлургия және агроөнеркәсіп кешендері саласы бойынша алты бірдей жобаны іске қоспақ. Аталмыш жобалардың қатарынан құрғақ шұбат пен құрғақ саумал шығаратын зауытты ерекше атауға болады. Нағыз қазақы өнімдерді өндіретін зауыт ұлттық брендтердің қалыптасып, нағыз қазақстандық өнімдердің жаңа нарықтарды игеруге мүмкіндігінің артатыны құптарлық жайт.

Сондай-ақ, ҚХР мен Қазақстан арасындағы көп салалы тығыз қарым-қатынастар стратегиялық әріптестік негізінде кең дамуымен қатар, ҚХР мен ҚР арасындағы әлі де болса толық шешімін таппай келе жатқан бірқатар мәселелер кездеседі.

Екі ел арасындағы трансшекаралық өзендер мәселесі ұзақ жылдардан бері талқыға түсіп келе жатыр. Осы уақытқа дейін бірқатар келісімдерге қол жеткізілді. Алайда, аталмыш келісімдер екі ел арасындағы трансшекаралық өзендер мәселесін шешуде үлкен жетістік екеніне қарамастан, мәселені түбегейлі шешпегендігін атау керек. Екі ел арасындағы трансшекаралық өзендер суын бөлісуге қатысты нақты ережелерді бекіткен келісім болмайынша мәселе толығымен реттелді деп есептеу қиын. Соңғы кездегі екі ел арасындағы «Белдеу және Жол» бастамасы аясындағы терең түсіністік пен ынтымақтастық арқасында трансшекаралық өзендер мәселесін түбегейлі реттеуге қатысты ілгерілеушілік байқалады. 2015 жылдың мамырынан бастап екі мемлекет арасында «Трансшекаралық өзендер суын бөлісу туралы келісімнің» жобасын дайындау бойынша кеңес жұмыстары басталды.

Қытай-қазақ қарым-қатынастарындағы түйткілді мәселелер қатарына екі ел арасындағы көші-қон мәселесін де жатқызуға болады. Бұрын қазақстандық

зерттеушілерді қытайлық заңсыз миграциясы ерекше алаңдататын болса, соңғы уақыттары орын алып жатқан қытайдағы қазақтар мәселесі сұраққа жаңа қырынан қарауға мәжбүрлеп отыр. Қазақ қоғамында айрықша алаңдаушылық тудырып отырған Қытайдағы қазақтардың тағдыры екі ел арасындағы екіжақты қатынастардың бұзылуына алып келмесе де, көптеген талқылаулар мен келіссөздерге арқау болатын тақырыпқа айналып отыр.

Зерттеу жұмыстарын жүргізу барысында қол жеткізген зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып, келесідей ұсыныстар жасалды:

Бірінші, Қазақстанда Қытай зерттеу институтын ашу. Елімізде ЖОО-дары мен кейбір институттар жанында Қытай зерттеу орталықтары болғанымен, Қытайдың ішкі-сыртқы саясатына кешенді зерттеулер жүргізуге мүмкіндігі жеткілікті зерттеу институты жоқ. Қытайдың ежелден көршілес ел екендігіне қарамастан, Қытайдың қазірде әлемдік екінші экономика атанып, әскери әлеуеті мен саясат салмағы әлемдік тәртіпке тікелей әрес етерлік алпайыт державаға айналғанына қарамастан Қазақстанда Қытай зерттеу институтының болмауы еліміздің сыртқы саясаты мен академиялық орта үшін үлкен олқылық деп бағалау керек.

Екінші, көп салалы қазақ-қытай қарым-қатынастары негізінде ғылыми ынтымақтастықты одан әрі тереңдете түсу. Қытайдың жоғары технологияларды импорттаушы елден ғылыми жетістіктері арқасында қытайлық технологияны біртіндеп экспорттаушы елге айнала бастағанын көріп отырмыз. Әсіресе сандық технологиялар саласындағы соңғы жылдары Қытайдың қол жеткізген жетістіктері ерекше қызықтырады.

Үшінші, Қазақстандағы ЖОО-ында Қытайға қатысты салалық пәндер санын көбейту. Елімізде қытай тілін үйрету жақсы дамып келе жатқанына қарамастан, Қытай елін жан-жақты зерттеп оқыту бағыты дамымай отыр. «Шығыстану», «Аймақтану», «Халықаралық қатынастар» сияқты мамандықтарды Қытайдың тарихы мен сыртқы саясатына қатысты пәндер оқытылғанымен, өзге салалар бойынша Қытайдың жетістіктерін түсіндіретін пәндер жоқтың қасы.

Төртінші, Қазақстанның Қытайға қатысты «жұмсақ күш» саясатын белсенді жүргізу. Зерттеулерде Қытайдың Қазақстанға қатысты «жұмсақ күші» туралы көп жазылғанымен, Қазақстанның Қытайға қатысты «жұмсақ күш» мүмкіндіктері мүлде қарастырылмайды. «Жұмсақ күш» түсінігінің авторы Дж.Найдың пайымдауынша, «жұмсақ күш» саясатын жүргізу үшін мемлекеттің әскери-саяси әлеуеті қуатты болуы міндет емес. Қытай қоғамы үшін қазақстандық ауылшаруашылық өнімдерімен қатар, қазақ музыкасы мен кино туындыларының да тартымдылық мүмкіндігі зор. Осы бағыттағы жұмыстар жандандырылса, Қазақстан үшін Қытайдың ішкі нарығы кеңінен ашылып, еліміздің туризмінің дамуына ықпал етер еді.

Бесінші, трансшекаралық өзендер мәселесін реттеуде қазақстандық дипломатияның оңтайлы сәтті орамды пайдалану сипатын арттыру. Қытай басшылығын трансшекаралық өзендерді пайдалану барысында жаһандық экологиялық мәселелерді шешуге қатысты өзіне алған міндеттемелерді ескере

отырып, екі елге ортақ суды бірлесе басқармаса ірі экологиялық апаттың боларына көзін жеткізу қажет. Қытай билігін елдің батыс аймағын дамыту үшін көршілес елдің экологиялық жағдайын қиындыққа душар ету орнына, ауыл және мал шаруашылығы саласындағы екіжақты ынтымақтастықты одан әрі тереңдету тиімді екенін түсіндіру еліміз тарапынан келіссөзге қатысушыларының басты мақсаты болу абзал.

Алтыншы, шетел қазақтарының Қазақстанға қоныс аударуына жанаша дем беру үшін шеттегі қазақ жастарымен тығыз жұмыс жасау. Шеттегі қазақ жастары үшін Қазақстанның экономикалық-әлеуметтік тартымдылығын арттыра отырып, олардың өздерінің ересек өмірін Қазақстанда бастауға ынтыландырса, шетел қазақтарының миграциясы жаңа бір қарқынмен дамиды болады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2010 жылдың 29 қаңтарындағы Қазақстан халықна жолдауы // <http://www.akorda.kz/kz/addresses> 18.02.2018.
2. Нана Якобенко. Кто кого: Китай или США? // <https://inosmi.ru/> 05.03.2018.
3. Совместная декларация об основах дружественных взаимоотношений между РК и КНР от 18 октября 1993 г. / Дипломатический курьер. - 1996. - № 1. - С. 69-70.
4. 2003-2008 жж. аралығындағы Қазақстан-Қытай ынтымақтастық бағдарламасы // <http://news.xinhuanet.com> 11.12.2017.
5. 2005 жылғы 4 шілдеде қол қойылған «Стратегиялық әріптестікті орнату және дамыту туралы бірлескен декларация» // <http://mfa.gov.kz/kz/> 9.10.2017.
6. 21-ші ғасырдағы Стратегиялық ынтымақтастық және экономикалық ынтымақтастық даму тұжырымдамасы // <http://kz.china-embassy.org> 05.03.2017.
7. ҚХР мен ҚР арасындағы кешенді стратегиялық әріптестіктің жаңа кезеңі туралы бірлескен декларация (中华人民共和国和哈萨克斯坦共和国关于全面战略伙伴关系新阶段的联合宣言) // <https://www.yidaiyilu.gov.cn/> 05.07.2017.
8. Қытай Халық Республикасы мен Қазақстан Республикасының бірлескен мәлімдемесі. (中华人民共和国和哈萨克斯坦共和国联合声明) // <https://www.yidaiyilu.gov.cn/> 10.07.2018.
9. Декларация о создании ШОС от 15 июня 2001 // Приоритетные направления экономического сотрудничества Казахстана с Китаем: Сборник статей, документов. - Алматы-Урумчи, 2004. - С. 22.
10. Шанхай ынтымақтастық ұйымының Хартиясы // <http://www.news.xinhuanet.com> 05.07.2017.
11. Шанхайская конвенция о борьбе с терроризмом, сепаратизмом и экстремизмом // Шанхайская организация сотрудничества: Сборник материалов внеочередного заседания министров иностранных дел государств-участников ШОС (г. Пекин, 7 января 2002 г.). - Алматы: ЦВПА, 2002. - С. 42.
12. «Шанхай ынтымақтастық ұйымының он жылдығы Астана декларациясы» // <http://online.zakon.kz/Document/> 05.07.2017.
13. ҚХР Сыртқы істер министрлігі Еуропа Азия департаменті. Қытай Халық Республикасы мен Қазақстан Республикасы арасындағы екі жақты қатынастарының маңызды құжаттар жинағы /1992-2012/ (中华人民共和国与哈萨克斯坦共和国双边关系重要文件汇编). - Пекин, 2012. 256 б.

14. Қытай Халық Республикасы халықаралық қатынастар зерттеу институты ШЫҰ ғылыми-зерттеу орталығы. Құжаттар жинағы. Қазақ-қытай дипломатиялық қатынастар орнауының 15 жылдығына орай. – Алматы – Пекин, 2007. 362 б.
15. Қазақстан Республикасының Қытайдағы Елшілігі. 2001-2011 жылдары қол қойылған Қазақстан-Қытай құжаттарының жинағы (哈中双边文件汇编). - Пекин, 2011. 344 б.
16. Сыроежкин К.Л. Казахстан – Китай: от приграничной торговли к стратегическому партнерству. 1,2,3 кітаптар, Құжаттар жинағы. – Алматы; ҚСЗИ, 2010.
17. Назарбаев Н.А. Тәуелсіздігіміздің бес жылы. - Алматы, 1996. - 620 б.
18. Назарбаев Н.А. Ғасырлар тоғысында. - Алматы: Өнер, 1996. - 272 б.
19. Назарбаев Н.А. Сындрлы он жыл. - Алматы: Атамұра, 2003. - 240 б.
20. Назарбаев Н.А. Қазақстан жолы, – Қарағанды, 2006 – 372 б.
21. Назарбаев Н.А. Тәуелсіздік дәуірі. – Астана, 2017. – 508 б.
22. Токаев К.К. Под стягом независимости. Очерки о внешней политике Казахстана. - Алматы: Білім, 1997. - 736 с.
23. Токаев К.К. Внешняя политика Казахстана в условиях глобализации. - Алматы: САК, 2000. - 584 с.
24. Токаев Қ.К. Беласу. - Алматы: САК, 2003. – 656 б.
25. Токаев Қ.К. Қазақстан Республикасының дипломатиясы. - Астана: GAUNAR, 2002. - 568 с.
26. ҚХР Төрағасы Цзян Цзэминнің Қытай коммунистік партиясының 16-съезінде жасаған ресми баяндамасы // <http://www.chinaconsulate.htm> 29.01.2018
27. ҚХР Төрағасы Ху Цзиньтаодың Қытай коммунистік партиясының 18-съезінде сөйлеген сөзі. XI. Әлем мен адамзат дамуына қатысты игі істерді одан әрі жалғастыру // <http://www.china.org.cn/> 29.01.2018
28. Xi Jinping's report at 19th CPC National Congress // <http://www.chinadaily.com.cn/> 27.01.2018.
29. Қытай Халық Республикасы мен Қазақстан Республикасы басшыларының бірлескен мәлімдемесі. (中华人民共和国和哈萨克斯坦共和国联合声明) // <https://www.yidaiyilu.gov.cn/> 10.07.2018.
30. Қытай Халық Республикасының Төрағасы Ху Цзиньтао мен Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың бірлескен мәлімдемесі // <https://www.fmprc.gov.cn/> 10.03.2017
31. Си Цзиньпин. Ел басқару жөнінде. – Астана: Фолиант баспасы, 2017. 560 бет.
32. Султанов К.С. Пробуждение гиганта: очерки о китайских реформах. - Алматы: «Қазақстан», 1999. - 172 с.
33. Султанов К.С. Реформы в Казахстане и Китае. – Астана: Елорда, 2000. – 472 с.
34. Хафизова К.Ш. Китайская дипломатия в Центральной Азии (XIV-XIX вв.). Алматы: Ғылым, 1995. - 228 с.

35. Орман А.А. Китайская Народная Республика. - Алматы: «Дайк-Пресс», 2006. - 712 с.
36. Мұқаметханұлы Н. Қытайдағы қазақтардың қоғамдық тарихы (1860-1920 жж.). - Алматы: ҚАЗАқпарат, 2000. - 336 б.
37. Мұқаметханұлы Н. Дипломатиялық қатынастар және қытайтану мәселелері. – Алматы, 2010. - 70 б.
38. Мұқаметханұлы Н., Кәріпжанов Ж. Қытайдың сыртқы саясаты және Қазақстанмен қатынасы (2000-2010 жылдар). - Алматы, 2013. - 251 б.
39. Сыроежкин К.Л. Наследие тандема «Ху-Вэнь» и «пятое поколение» китайских руководителей. – Алматы, 2013. - 316 с.
40. Сыроежкин К.Л. Нужно ли Казахстану бояться Китая: мифы и фобии двусторонних отношения. - Астана-Алматы, 2014. – 432 с.
41. Сыроежкин К.Л. Синьцзян. Большой вопрос для Китая и Казахстана. - Астана-Алматы, 2015. - 336 с.
42. Алдабек Н.А. Тарихы талқыға толы Шыңжаң. - Алматы: Қазақ университеті, 2003. - 432 б.
43. Алдабек Н.А., Бектурганова П.Е., Сериккалиева А.Е., Дауен Д., Асыл М. "Модернизация Китая и Казахстан. - Алматы: "Қазақ университеті", 2014. - 348 с.
44. Сатубалдин С.С. «Драконы» и «тигры» Азии: сможет ли казахстанский «барс» пройти их тропами? – Алматы: Ғылым, 1998. - 600 с.
45. Бурханов К., Булекбаев С. Казахстанский путь в дилемме: Восток или Запад?.- Астана: Елорда, 2010. - 336 с.
46. Шаймергенов Т.Т., Абишева М.А.. Центральная Азия 2027: меняющийся стратегический ландшафт. Вероятные сценарии на десять лет вперед. – Астана: Библиотека Первого Президента РК – Елбасы, 2017. – 122 с.
47. Абдиров М.Ж. Китай в современном глобальном мире. – Алматы, 2013. - 422 с.
48. Кожирова, С.Б. Синьцзян на торговых перекрестках Евразии (История торговли XVII-XIX вв. – Алматы : Мир, 2016. – 219 с.
49. 科日罗娃. 中国丝绸之路经济带对外政治构想中的新疆 (Қытайлық Жібек Жолының экономикалық белдеуі сыртқы саяси концепциясындағы Шыңжаң). 丝绸之路经济带和欧亚经济联盟对接研究 / 李永全主编。 - 北京: 社会科学文献出版社, 2017. 285 页.
50. Кожирова С.Б. Китайская миграция и Казахстан // Казахстан Спектр. Научный журнал. – Астана, 2016. – №1. – сс. 43-63
51. Мажиденова Д.М.. Дипломатическая служба в контексте эволюции мировой политики. – Астана: «Күлтегін», 2003. – 240 с.
52. Ноғаева А.М. Стратегиялық баланс: АҚШ, Ресей және Қытай Орталық Азия аймағында. – Астана, 2014. – 342 б.
53. Омарова М.А. Қытайдың Орталық Азиядағы сыртқы саясаты: Тар. ғыл. канд. дис. автореф.: 07.00.15. - Алматы, 2007. - 30 б.

54. Акатаева А.А. Казахстанско-китайские отношения в 90-е гг. XX в. – начало XXI в. (торгово-экономический аспект): Автореф. дис. канд. ист. наук: 07.00.15. - Алматы, 2007. - 28 с.
55. Д.К.Жекенов. Ху Цзиньтаоның сыртқы саясаты және ҚХР-дың әлемдік экономикалық ықпалы (2000-2012 жж) // Философия ғылымының докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алуға арналған диссертация. – Алматы, 2014. – 143 б.
56. Lanteigne M. Chinese Foreign Policy: An Introduction New Zealand. - Routledge, 2013. - 2 edition. - 208 p.
57. Gill Bates. Rising star : China's new security diplomacy. - Washington, D.C.: Brookings Institution Press, 2007. – 281p.
58. Peter Hays Gries. China's New Nationalism: Pride, Politics, and Diplomacy. - Berkeley / Los Angeles / London: University of California Press, 2004, - 227 p.
59. Bernardo Mariani. China's role and interests in Central Asia. - Saferworld, 2013, - 121 p.
60. Jeffrey N. Wasserstrom. China in the 21st Century: What Everyone Needs to Know. - Oxford University Press, 2013. - 2 edition. - 208 p.
61. Kissinger H. Diplomacy. – Simon & Schuster, - 1994. - 912 p.
62. Kissinger H. World Order. - Penguin Books, 2015. - 432 p.
63. Kissinger H. On China. - Penguin Books, 2012. - 624 p.
64. Бжезинский З. Великая шахматная доска. - М.: международные отношения, 2010. – 256 с.
65. Хантингтон С. Столкновение цивилизаций? // Полис. Москва, 1994. -№ 1.
66. Francis Fukuyama. The End of History and the Last men. – Free Press, 2006. - 464 p.
67. Joseph S.Nye, Jr. Is the American Century Over (Global Futures). - Polity, 2015. - 1 edition. - 152 p.
68. Joseph S.Nye, Jr. The Future of Power. - PublicAffairs, 2011. - 320 p.
69. Joseph S.Nye, Jr. Soft Power: The Means to Success in World Politics. - PublicAffairs, 2005. - 191 p.
70. Mingjiang Li, Kalyan M. Kemburi. China's Power and Asian Security (Politics in Asia). - NY, 2014. - 1st Edition. – 304 p.
71. Mingjiang Li. Soft Power: China's Emerging Strategy in International Politics. - Lexington Books, 2011. - 284 p.
72. Ingrid d'Hooghe. China's Public Diplomacy. - Boston: Brill Nijhoff, 2015. – 443 p.
73. Christopher A. Ford. China Looks at the West: Identity, Global Ambitions, and the Future of Sino-American Relations (Asian In The New Millennium). - University Press of Kentucky, 2015. - 650 p.
74. David M. Lampton. Following the Leader: Ruling China, from Deng Xiaoping to Xi Jinping. - University of California Press, 2014. - 312 p.

75. Ian Morris. Why the West Rules – for Now. The patterns of history, and what they reveal about the future. – New York: Farrar, Straus and Giroux, 2016. - 720 p.
76. Kishore Mahbubani. Has the West Lost It? – Penguin, 2018. - 103 p.
77. Nadège Rolland. China's Eurasian Century? Political and Strategic Implications of the Belt and Road Initiative. - The National Bureau of Asian Research, 2017. - 208 p.
78. Tom Miller. China's Asian Dream: Empire Building along the New Silk Road. - Zed Books, 2017. - 256 p.
79. Richard T. Griffiths. Revitalizing the Silk Road: China's Belt and Road Initiative. - Hipe Publications, 2017. - 260 p.
80. Marlene Laruelle. China's Belt and Road Initiative and Its Impact in Central Asia. - Washington, D.C.: The George Washington University, Central Asia Program, 2018. - 184 p.
81. Marlene Laruelle. The US Silk Road: geopolitical imaginary or the repackaging of strategic interests // Eurasian Geography and Economics, 2015. – Vol. 56. – Iss. 4.
82. Sebastien Peyrouse, Gaël Raballand. Central Asia: The New Silk Road Initiative's Questionable Economic Rationality // Eurasian Geography and Economics, 2015. – Vol. 56. – Iss. 4.
83. Alexander C. Diener. Parsing mobilities in Central Eurasia: border management and New Silk Roads // Eurasian Geography and Economics, 2015. – Vol. 56. – Iss. 4.
84. Франкопан П. Шелковый путь. Дорога тканей, рабов, идей и религий. - Эксмо, 2018. - 688 с.
85. Сафронова Е.И. Китай в мировой и региональной политике. История и современность. Выпуск XXI. – М.: ИДВ РАН, 2016. - 273 с.
86. Китайская Народная Республика: политика, экономика, культура. К 65-летию КНР. - М.: ИД «ФОРУМ», 2014. - 243 с.
87. Титаренко М.Л. Китай и Россия в современном мире. – М.: ИДВ РАН, 2013. – 288 с.
88. Титаренко М.Л. Россия и Китай: стратегическое партнерство и вызовы времени. - М.: ИД «ФОРУМ», 2014. - 224 с.
89. Меликсетов А.В. История Китая. – М.: Издательство МГУ, Издательство «Высшая школа», 2002. – 736 с.
90. Тихвинский С.Л., Виноградов А.В. История Китая с древнейших времен до начала XXI века: В 10 т. Т. 9: Реформы и модернизация (1976-2009). - Москва: Наука, 2016. – 996 с.
91. Галенович М.Ю. Дао ХУ-ГУНА Жизненный путь Ху Яобана Книга 1. - М., 2008. - 448 с.
92. Галенович М.Ю. Дао ХУ-ГУНА Подвиг Ху Яобана Книга 2. - М., 2008. - 540 с.
93. Галенович М.Ю. Возвращение ЛЮ ШАОЦИ. - М., 2008. - 408 с.

94. Галенович М.Ю Китайские метаморфозы. Китай на пороге XXI века. - М., 2006. - 384 с.
95. Галенович М.Ю Девиз ХУ Цзиньтао: Социальная гармония в Китае. - М., 2006. - 392 с.
96. Глазунов О.Н. Китайская угроза. - М., 2010. - 256 с.
97. Портяков В.Я. От Цзян Цзямина к Ху Цзиньтао: Китайская Народная Республика в начале XXI века. - М., 2006. - 247 с.
98. Кадырбаев А.Ш. История Китая с древнейших времен до начала XXI века. В 10 томах. Том 5. Династии Юань и Мин (1279-1644). Москва: Наука, 2016. – 696 с.
99. Кадырбаев А.Ш. Российско-китайские отношения в Центральной Азии и афганский фактор. – М.: ИВ РАН, 2012.
100. Тавровский Ю.В. Китай, Россия и соседи. Новое тысячелетие. – М.: Восточная книга, 2015. – 256 с.
101. Петровский В.Е. Россия, Китай и новый мировой порядок. Теория и практика. – М.: Весь Мир, 2016. – 304 с.
102. Румянцев Е.Н. Внутренняя и внешняя политика Си Цзиньпина. – М.: Синосфера, 2016. – 592 с.
103. Кузнецов Д.В. Современный Китай в условиях трансформации. – М.: Ленанд, 2015. – 264 с.
104. Островский А.В. Китай на новом этапе экономической реформы. – М.: Ленанд, 2015. – 304 с.
105. Бабаян Д. Политика Китая в Центральной Азии, на Кавказе и в Северном Прикаспии в конце XX – начале XXI века. – М.: ИВ РАН, 2013. - 328 с.
106. Центральная Азия: проблемы и перспективы (взгляд из России и Китая): под ред. К.А.Кокарева. РИСИ. СІСІR. – М.: РИСИ, 2013. - 316 с.
107. Борисова Е.А. Водные и энергетические ресурсы «Большой» Центральной Азии: Дефицит воды и ресурсы по его преодолению. – М.: Ленанд, 2015. - 236 с.
108. Ануфриев К.С. Политика России и Китая в Центральной Азии: Опыт сравнительно-исторического анализа. Автореф. дис. канд. ист. наук: 07.00.03. – Томск, 2010. - 58 с.
109. Журавлева Е.В. Политика «Мягкой силы» КНР в отношении стран Центральной Азии. На примере Казахстана и Монголии. Автореф. дис. канд. ист. наук: 07.00.15. – Москва, 2016. - 59 с.
110. Кумуков А.М. КНР и Центральная Азия: Особенности регионального взаимодействия и субрегионального сотрудничества. Автореф. дис. канд. ист. наук: 07.00.03. – Казань, 2016. - 57 с.
111. Савкович Е.В. Политика Китая в Центральной Азии (1992 – 2012 гг.). Автореф. дис. док. ист. наук: 07.00.03. – Томск, 2013. - 51 с.
112. 谢益显. 中国当代外交史 (1949-2009). - 北京:中国青年出版社, 2009. - 562 页.

113. 蒋丽平. 毛泽东关于三个世界划分理论与二十世纪七十年代中国外交战略调整. 《当代中国外交》 – 中央文献出版社, 2007. - 548 页
114. 王逸舟, 谭秀英. 中国外交六十年: 1949-2009. – 北京: 中国社会科学出版社, 2009 年. – 280 页。
115. 赵常庆. 中亚五国与中国西部大开发. - 北京, 2004. - 642 页.
116. Xia Liping. Contemporary International System and Strategic Relationship Among Major Powers. – Beijing, 2008. - 88 p.
117. 刘华秋. 《局部紧张 总体缓和——国际形势的回顾与展望》, 载《2002 年国际形势年鉴》 - 上海教育出版社, 2002 年 9 月. 3-14 页
118. Zhang Qingmin. China's Diplomacy. - Cengage Learning Asia Pte Ltd, 2011. - 141 p.
119. 赵华胜. 中国的中亚外交. (China's Central Asian Diplomacy). – 北京: 时事出版社, 2008. – 464 页.
120. Чжао Хуашэн. ШОС и соотношения великих держав на фоне новой ситуации в регионе ЦА // Аналитик. - 2003. - №1. - С. 4.
121. 王桂芳. 中亚战略格局与中国安全. - 北京. 军事科学出版社, 2004. - 374 页.
122. 余建华. 上海合作组织非传统安全研究 (ШОС: исследование нетрадиционных угроз безопасности). – 上海, 2008. - 378 页.
123. Сунь Чжуанчжи. Политика КНР в отношении Центральной Азии: современное положение и перспективы // Казахстан в глобальных процессах. - 2005. - № 1. - С. 95.
124. Sun Zhuangzhi. The Central Asian Security and Issue of Afghanistan. - Beijing: Shijie Zhishi Chubanshe, 2003. - P. 291–292.
125. Sun Zhuangzhi. 中亚五国对外关系 (The Relationship between China and Central Asia). – 北京: 世界知识出版社, 2013. - 122 页.
126. Angus Maddison. Chinese Economic Performance in the Long Run, 960-2030 AD, Second Edition, Revised and Updated. - OECD Development Centre, 28 Sep 2007. - 196 p.
127. ҚХР Төрағасы Си Цзиньпиннің 2014 жылы 28 наурызда Германияға сапары барысында Корб қоры алдында сөйлеген сөзі. 习近平: 历史是最好老师 给每一个国家未来的发展提供启示 // <http://news.xinhuanet.com/01.05.2017>.
128. Қытай Халық Республикасының Конституциясы.
129. Громько А.А. Памятное. Испытание временем. Книга 2. – Москва: ЗАО Издательство Центрполиграф, 2016. – 560 с.
130. Галенович Ю.М. Два «первых лица»: Хрущев и Мао Цзэдун. – Москва, Институт Дальнего Востока РАН, 2012. - 322 с.
131. Далелхан А. Қытай Халық Республикасының «жұмсақ күші» және оның қазақ-қытай қатынастарында олар орны // Жылсайынғы жас ғалымдарға арналған «Интеллектуалды көшбасшылық: Қазақстан дамуының жаңа кезеңі» атты халықаралық ғылыми-практикалық

- конференциясы материалдарының жинағы.– Астана, 2016. - I том. - 511-516 бб.
132. 贤齐. 毛泽东外交思想及其成就浅析// <http://www.china.com.cn/> 03.05.2017.
133. 蒋丽平. 毛泽东关于三个世界划分理论与二十世纪七十年代中国外交战略调整《当代中国外交》– 中央文献出版社, 2007. - 548 页
134. Галенович Ю.М. История взаимоотношений России и Китая (в 4-х книгах). – Москва: «Русская панорама», 2011. - Книга 3-я.
135. Далелхан А. Қытай билігінің бірінші буыны сыртқы саясатының ерекшеліктері. //Мемлекеттік басқару және мемлекеттік қызмет. – Астана, 2017. - №2. - 4-12 бб.
136. The PRC foreign policy transition under Jiang Zemin (with a focus on Sino-Japanese relations). - *Revista de Historia Actual*, 2005. - Vol. 3. Núm. 3. – P. 63-72
137. 刘华秋.《局部紧张 总体缓和——国际形势的回顾与展望》，载《2002年国际形势年鉴》- 上海教育出版社, 2002. - 3-14 页
138. Yong Deng. The Chinese Conception of National Interests in International Relations. - *The China Quarterly*, 1998. - No.154. - P. 327.
139. Chen Qimao. New Approaches in China's Foreign Policy: the Post-Cold War Era. - *Asian Survey*, 1993. - Vol. 33. - No.3. - P. 240-241.
140. Zhao Suisheng. «Beijing's Perceptions of the International System and Foreign Policy Adjustment after the Tiananmen Incident». - *Chinese Foreign Policy, Pragmatism and Strategic Behavior*, 1998. – 142 p.
141. Alastair Iain Johnston. Is China a Status Quo Power? // *International Security*. – 2003. - Vol. 27. - No. 4. - P. 30.
142. 鲁江人. 南沙问题研究资料. - 北京: 中国社会科学出版社, 1995. - 311 页.
143. Gaye Christoffersen. China and the Asia-Pacific: Need for a Grand Strategy. - *The China Quarterly*, 1998. - No.154. - P. 1079.
144. 朱佳木. 中共中央文献研究室. 陈云年谱. - 北京: 中央文献出版社, 2000.
145. Warren I. Cohen. America's Response to China: A History of Sino-American Relations. - Columbia University Press, 2010. - 5 edition. - 344 p.
146. Галенович Ю.М. Москва-Пекин, Москва-Тайбэй. – Москва: Изографус, 2002. – 656 с.
147. Evan S. Medeiros and M.Taylor Fravel. China's New Diplomacy // *Foreign Affairs*. - November-December 2003. - P.32
148. 阎学通. 中国崛起: 国际环境评估. - 天津, 天津人民出版社, 1998. - 234-236 页.
149. 阎学通. 新安全概念与合作观. - 新代国际关系, 1997. - No 3.
150. 叶自成. 中国实行大国外交战略势在必行// 世界经济与政治. - 2000. - No. 1. - 5-10 页
151. Bates Gill. China's Regional Security Strategy // D.Shambaugh (ed.). *Power Shift: China and Asia's New Dynamics*. – 2002. - 253 p.

152. Ван Имин. Еліміздің орта және ұзақ мезгілдік даму динамикасы және экономикалық даму формасын тез өзгерту туралы // Xinhua wenzhay (新华文摘). - Пекин. – 2011. - №5. - 43 б.
153. Feng Zhang. China's new thinking on alliances// Survival: Global politics and strategy. – 2012. - №5. – P.134-148
154. Галенович М.Ю Новое лицо Китая. Книга 3 XVII съезд КПК: Программа Ху Цзиньтао. - М., 2008. - 306 с.
155. Zhekenov D. Present relations of the People's Republic of China and the United States of America // Human and Social Sciences at the Common conference. – Slovakia, 18-22 November 2013. P. 183-188
156. Галенович М.Ю Новое лицо Китая. Книга 2 Состояние общества. - М., 2008. - 376 с.
157. Галенович М.Ю Новое лицо Китая. Книга 1 Положение в партии. - М., 2008. - 376 б.
158. Sujian Guo, Baogang Guo. China in Search of a Harmonious Society (Challenges Facing Chinese Political Development). - Lexington Books, 2008. - 258 p.
159. Joseph S.Nye, Jr. Is the American Century Over (Global Futures). - Polity, 2015. - 1 edition. - 152 p.
160. Jacques M. When China Rules the World: The End of the Western World and the Birth of a New Global Order. - Penguin Books, 2012. - 2 edition. - 848 p.
161. Fenby J. Will China Dominate the 21st Century. – Polity, 2014. - 1 edition. - 120 p.
162. Zhang Lu. Gathering to Boost Sino-African Ties. // China daily. 2007. 05. 17.
163. Willy Wo-Lap Lam. Chinese Politics in the Hu Jintao Era: New Leaders, New Challenges. - Routledge, 2006. - 376 p.
164. Kerry Brown. Hu Jintao: China's Silent Ruler. - World Scientific Publishing Company, 2012. - 256 p.
165. Портяков В.Я. От Цзян Цзямина к Ху Цзиньтао: Китайская Народная Республика в начале XXI века. - М., 2006. - 247 с.
166. Фроленков В.С. Экономический диалог «Китай-Центральная Азия»: проблемы и возможные перспективы. Кита в мировой и региональной политике. История и современность. - М.: ИДВ РАН, 2006. – 180 с.
167. Guoxin Xing. Hu Jintao's Political Thinking and Legitimacy Building: A Post-Marxist Perspective //Asian Affairs: An American Review. - November 2009. – Vol. 36. – Iss. 4. - P. 213-226
168. Чарыяров А. Шесть тезисов Ху - новый подход к решению тайваньской проблемы. - Время Востока, 2009.
169. 李君如。中国梦。 - 北京：新世界，2006年。 - 226页。
170. William Callahan, China dreams: 20 visions of China's future. - Oxford University Press, 2013. - 232 p.
171. 周天勇。中国梦与中国道路。 - 社会科学文献出版社，2011。 - 443页。

172. Gerard Lemos, *The end of the Chinese dream: why Chinese people fear the future*. - New Haven, CT: Yale University Press, 2012.
173. Willy Wo-Lap Lam, *Chinese politics in the era of Xi Jinping: renaissance, reform, or retrogression?* - New York and London: Routledge, 2015. - 348 p.
174. Shi Yuzhi. *Seven major characteristics differentiating the China dream from the American dream*. - Qiushi: Comparative perspectives, 2013. - 129 p.
175. 王毅谈中国特色大国外交 // <https://www.fmprc.gov.cn/> 27.06.2017.
176. Китай неуклонно поддерживает миротворческие операции ООН и защищает мир во всем мире // <http://russian.people.com.cn/> 27.06.2017.
177. 习近平主席在世界经济论坛 2017 年年会开幕式上的主旨演讲 (ҚХР Төрағасы Си Цзиньпиннің 2017 жылы 17 қаңтарда Давос Экономикалық Форумында сөйлеген сөзі) // <http://news.xinhuanet.com/> 31.07.2017.
178. К.Сыроежкин. С.Кожирова. Эволюция внешней политики современного Китая: преемственность и новация. // *Центральная Азия и Кавказ*. – 2018. - Том 21. - Выпуск 1.
179. Далелхан А. Концепция национальной безопасности Китайской Народной Республики. // *Bulletin d’Eurotalent-Fidjip. Editions du ЛІРТО*. – 2018. - №1. - 61-64 сс.
180. Қазақстан Республикасы сыртқы саясатының 2014-2020 жылдарға арналған тұжырымдамасы // <http://mfa.gov.kz/> 25.01.2018.
181. 张宁. 《大欧亚伙伴关系》解读. 中国俄欧亚研究网 // <http://euroasia.cssn.cn/> 29.01.2018.
182. Bernardo Mariani. *China’s role and interests in Central Asia*. - Saferworld, October 2013.
183. B. Gill, *Rising Star. China’s New Security Diplomacy*. - Washington, D.C.: Brookings Institution Press, 2007.
184. Hongyi Lai, *The Domestic Sources of China’s Foreign Policy: Regimes, Leadership, Priorities and Process*. - London: Routledge, 2010.
185. Далелхан А. Мажиденова Д.М. Қытайдың Орталық Азия аймағындағы мүдделері//«Екінші халықаралық Төреқұлов оқулары» Халықаралық конференциясы. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2016. - 94-98 бб.
186. Sébastien Peyrouse, Jos Boonstra and Marlène Laruelle. *Security and development approaches to Central Asia The EU compared to China and Russia*. - EUCAM Working Paper, 2012. - No. 11.
187. 周翰博. 中国投资激活哈萨克斯坦发展潜力. 《人民日报》 2017 年 08 月 13 日. 03 版
188. Нейтен Хатсон. Проект «Один пояс, один путь» – кто в выигрыше, и насколько? // <http://russian.eurasianet.org/> 30.01.2018.
189. Далелхан А. Қазақ-қытай қарым-қатынастарының стратегиялық басым бағыттары // Мемлекеттік басқару және қызмет халықаралық ғылыми-талдау журналы. – Астана, 2016. - №2. - 81-88 бб.

190. К.Л. Сыроежкин. Казахстан – Китай: От приграничной торговли к стратегическому партнерству. Книга 3. Сборник документов. – Алматы, 2010.
191. 周翰博. 中国投资激活哈萨克斯坦发展潜力. 《人民日报》2017年08月13日. 03版
192. 张宁. 中哈经济对接合作的成果与前景 // <http://euroasia.cssn.cn/> 27.01.2018.
193. Далелхан А. Қазақ-қытай қатынастарының құқықтық негіздерінің қалыптасуы және оның даму болашағы // Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің хабаршысы. – Алматы, 2018. - №1 (56). - 141-148 бб.
194. Сотрудничество Республики Казахстан с Китайской Народной Республикой // <http://mfa.gov.kz/> 27.01.2018.
195. Дополнительное соглашение между Республикой Казахстан и Китайской Народной Республикой о казахстанско-китайской государственной границе (Алматы, 4 июля 1998 г.) // Интернет-портал «Zakon.kz». <http://base.zakon.kz/doc/lawyer/> 25.01.2018.
196. Genju zhongguo guojia anquan bu wangzhan de ziliao// Ministry of State Security // www.mps.gov.cn/ 25.01.2018.
197. Шанхайская конвенция по борьбе с терроризмом, сепаратизмом и экстремизмом // Договорная база МИД РК <http://mfa.gov.kz/> 02.02.2018.
198. Т.С.Сүлейменов, Б.Ж.Сомжүрек, Р.С.Елмурзаева. Қазақстан Республикасының сыртқы саясаты. – Алматы: Экономика, 2012. – 482 б.
199. Высший уровень приема на языке дипломатии: из 30 зарубежных лидеров только Н.Назарбаев посетил Китай с государственным визитом // <http://www.inform.kz/> 02.02.2018.
200. China's Economic Growth in 2015 Is Slowest in 25 Years // The Wall Street Journal <http://www.wsj.com/> 21.01.2018.
201. Казахстанско-китайское отношение // <http://kz.chineseembassy.org/> 21.01.2018.
202. Глава государства Нурсултан Назарбаев встретился Председателем КНР Си Цзиньпинем // <http://bnews.kz/> 02.02.2018.
203. Guanyu women, kongzi xueyuan // Guojia hanban, kongzi xueyuan zongbu. <http://www.hanban.edu.cn> 21.01.2018.
204. Қытай тілі мамандығы // <http://ff.enu.kz> 21.01.2018.
205. Елмурзаева Р.С. Ежелгі заманнан қазіргі кезеңге дейін халықаралық қатынастардың даму заңдылықтары мен негіздері: оқу құралы. – Астана: ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, 2005. – 112 б.
206. Stewart M. Patrick. Trump and World Order. The Return of Self-Help // Foreign Affairs. - March/April 2017.
207. Peter Baker. Trump Abandons Trans-Pacific Partnership, Obama's Signature Trade Deal // New York Times. - January 24, 2017. – P. A1

208. Америка Құрама Штаттарының Санақ Бюросы мәліметтері.
<https://www.census.gov> 30.07.2017.
209. Петровский В.Е.. Россия, Китай и новый мировой порядок. Теория и практика. – Москва: Весь Мир, 2016. - 304 с.
210. Dalekhan A. The struggle for the Silk Road: the future development of American and Chinese concepts // Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің хабаршысы. – Алматы, 2018. - №2(57). - 69-74 бб.
211. James N. Rosenau. Turbulence in World Politics: A Theory of Change and Continuity.- Princeton University Press, 1990. - 504 p.
212. Shoaib Ahmad Rahim. The Turkmenistan-Afghanistan-Tajikistan Railway. The largely-unheralded railroad could be the key to restoring Afghanistan's role as a regional hub // <http://thediplomat.com/> 02.08.2017.
213. Попов Д.С. Вашингтон ведёт «Новый Шёлковый путь» в обход России и Китая // <https://riss.ru/> 03.08.2017.
214. Топалов А. «Газпром» тянется к Азии.«Газпром» ведет переговоры о строительстве труб в Индию и Японию // <https://www.gazeta.ru/> 03.08.2017.
215. James Kynge. China's Belt and Road difficulties are proliferating across the world. //Financial Times. July 9, 2018
216. John Hurley, Scott Morris, and Gailyn Portelance. Examining the Debt Implications of the Belt and Road Initiative from a Policy Perspective. CGD Policy Paper 121, March 2018. - 39 p.
217. Sudha Ramachandran. The China-Maldives Connection. With a new FTA, China cements its influence in Maldives, much to India's dismay. - The Diplomat, January 25, 2018.
218. Maria Abi-Nabib. How China Got Sri Lanka to Cough Up a Port. - New York Times, June 25, 2018.
219. Абдрахманов А. Один пояс – один путь: в Астане обсудили результаты казахстанско-китайского сотрудничества. // <https://bnews.kz> 03.08.2017.
220. Joseph S. Nye, Jr. Bound to Lead: The Changing Nature of American Power. - New York: Basic Books, 1991. - 336 p.
221. Лао-цзы. Дао Дэ Цзин. - Litres, 2015. - 78 б.
222. Малявин В.В. Тридцать шесть стратагем. Китайские секреты успеха.- М.: Белые альвы, 2000. -192 б.
223. Назарбаева Д.Н. В недалеком будущем нам всем придется выучить и китайский // <http://tengrinews.kz/> 03.08.2017.
224. 根据国家留学基金管理委员会材料 // <http://www.csc.edu.cn/> 03.08.2017.
225. 国家汉办, 孔子学院总部 // <http://www.hanban.edu.cn/> 23.07.2017.
226. Жекенов Д. Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы трансшекаралық өзендердің кейбір мәселелері// ҚазҰУ хабаршысы. Халықаралық қатынастар және халқыралық құқық сериясы. – Алматы, 2009. - №1-2 (39-40). - 74-78 бб.

227. Қуанова Ә.М. Ертіс өзенінің су ресурстарын қорғау және пайдаланудың трансшекаралық мәселелері. // Вестник КазНУ Серия географическая. – Алматы, 2007. - №1(24). - 85 б.
228. Казахстанско-Китайское трансграничное водное сотрудничество. // Юридический сборник. – Ташкент, 2015. - № 36. - 69 с.
229. Frederick Taylor. The Berlin Wall: August 13, 1961 – Harper, 1989.
230. Dalelkhana A. et al. Return migration issues in Kazakh-Chinese relations: mobility and immobility in migration of Kazakh diaspora in China // Option Journal. – 2018. - Regular Issue. - Vol. 34. – Num. 85. – P. 582-604.
231. Садовская Е. Международная миграция в Казахстане в период суверенитета // Казахстан Спектр. Научный журнал. – 2016. - №1.
232. К. Сыроежкин. Синьцзян - большой вопрос для Китая и Казахстана. - Алматы: ИМЭП при Фонде Первого Президента, 2015. – 336 с.
233. Ibrahim Sirkeci, Jeffrey Cohen. Measuring impact and the most influential works in Migration Studies. - Migration Letters, 2016. –Vol. 12. – Num. 3. – P. 336 – 345.
234. E.G. Ravenstein. The laws of migration // Journal of The Statistical Society. – London, 1885.
235. Cynthia Werner & Holly R. Barcus. Mobility and Immobility in a Transnational Context: Changing Views of Migration among the Kazakh Diaspora in Mongolia. - Migration Letters, 2015. – Vol. 6. – Num. 1. - P. 49 – 62
236. За 25 лет в Казахстан прибыло более 957 тыс. оралманов // <http://www.inform.kz/> 21.03.2018.
237. Мендикулова Г. Исторические судьбы казахской диаспоры. – Алматы: Ғылым, 1997.
238. United Nations Development Programme. Status of Oralman in Kazakhstan: Overview. - 2006.
239. Токмурзиев М. Ценообразование в нефтедобывающей отрасли республики Казахстан: влияние и особенности // Молодой ученый. - 2011. - №8. - Т.1. - С. 173-177.
240. Е.Ю.Садовская. Китайская миграция в Казахстане // Демоскоп weekly. - 9-22 февраля 2015. - №629-630.
241. Хафизова К. Трансграничные отношения Синьцзян – Казахстан // Центральная Азия и Кавказ, 2000. - № 9. <http://www.ca-c.org> 21.03.2017.
242. Каламкас Есимова. Казахский китайский. О том, почему казахи в Китае сохранили родной казахский язык, но теряют его сегодня // <https://esquire.kz/> 21.03.2017.
243. Ботагоз Ракишева. Некоторые аспекты этничности казахов Китая // Центральная Азия и Кавказ. – 2015. - Том 18. - Выпуск 2.
244. Кожирова С.Б. Китайская миграция и Казахстан // Казахстан Спектр. Научный журнал. – 2016. - №1. С. 43-63.

245. Талдау. Информационно-аналитическая система. Министерство национальной экономики Республики Казахстан. Комитет по статистике // <http://taldau.stat.gov.kz/> 21.03.2017.
246. Көші-қон полициясы басқармасының 2014 жылдың қараша айындағы есебі / ҚР ІІМ. – Астана, 2014.